ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 29 желтоқсан №721 Астана қаласы

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Жалғасы. Басы 44-нөмірде)

370. «Сюжеттік бейнелер» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) сюжеттік картина: жоспарды өз бетімен ұстанып, картинаны қарайды; информативті белгілерді ажырату және ұғыну негізінде себепті-салдарлы өзара байланыстарды құрады;
2) сюжеттік картиналар сериясы: сюжеттік картиналар сериясында оқиғалардың бірізділігін орнатады, өзіндік пайымдауын негіздейді.

3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
3.1 Сюжеттік картина	0.3.1.1 сюжеттік картинаны жоспар-алгоритм бойынша екі, үш композициялық жоспармен қарастыру
	0.3.1.2 сюжетті ашатын информативті белгілерді ажырату және түсіну
	0.3.1.3 себепті-салдарлы өзара байланыстарды орнату
	0.3.1.4 бір уақытты және әрекет орнын бейнелейтін, алайда оқиғаның сипатымен айрықшаланатын картиналардың айырмашылығын табу; әртүрлі уақыт бөліктеріндегі бір оқиғалар бейнеленген картиналардың айырмашылығын табу
3.2 Сюжеттік картиналар сериясы	0.3.2.1 сюжеттік картина сериясындағы оқиғалардың бірізділігін орнату

371. «Кеңістікті қабылдау» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) кеңістіктік қатынастар: заттар арасындағы кеңістіктік қатынастарды сөйлеуде анықтайды және көрсетеді;
2) кеңістіктің тереңдігі: кеңістіктің тереңдігінің белгілерін түсінеді; шынайы кеңістікте және суреттегі заттардың арақашықтығын анықтайды.

4-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
4.1 Заттар арасындағы кеңістіктік қатынастар	0.4.1.1 микро және макро кеңістіктегі заттар арасындағы кеңістіктік қатынастарды анықтау
	0.4.1.2 екі топтағы заттардың кеңістіктік орналасуын салыстыру
4.2 Кеңістіктің тереңдігі	0.4.2.1 микро және макро кеңістіктің бір және әртүрлі бағыттарында орналасқан өзінен заттарға дейінгі арақашықтықты (алыс-жақын) саралау
	0.4.2.2 үшінші объектіге қатысты екі объектінің қашықтығын анықтау
	0.4.2.3 кеңістік тереңдігінің бейнелеуші белгілерін түсіну
	0.4.2.4 фланелеграфта кеңістіктің тереңдігін бейнелеуші құралдармен көрсету

372. «Көру-моторлы координациялар» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) сызықтарды қадағалау: көру өрісінде көру стимулын ұстап тұрады; қолымен және көздерімен сызықтарды қадағалау дағдыларын меңгерген;
2) графикалық тапсырмалар: жұмыс аумағын талдайды, графикалық элементтерді бөліп көрсетеді; үлгі және нұсқау бойынша графикалық тапсырманы орындайды.

5-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
5.1 Сызықтарды қадағалау	0.5.1.1 көру бақылауымен әртүрлі бағыттағы әртүрлі сызықтарды көрсеткіш таяқшамен қадағалау
	0.5.1.2 көру бақылауымен сызықтар жүйесін көрсеткіш таяқшамен қадағалау
	0.5.1.3 фоннан заттардың контурын бөліп көрсету және оны көру бақылауымен таяқшамен қадағалау
5.2 Графикалық іс-әрекет	0.5.2.1 берілген бастаудан берілген соңына дейін, шекаралар арасында әртүрлі бағыттағы әртүрлі сызықтарды жүргізу
	0.5.2.2 графикалық бейненің көшірмесін жасау
	0.5.2.3 қарапайым графикалық диктанттарды орындау
	0.5.2.4 графикалық суретте заңдылықты табу және оны аналогия бойынша жалғастыру

373. «Адам өміріндегі көру» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) көруді қорғау: көруді қорғау және көру гигиенасының негізгі ережелерін біледі; көрудің шаршауын төмендетуге арналған жаттығуларды орындай біледі;
2) коррекция құралдарын күтім жасау: көзілдірікті күтуге қойылатын гигиеналық талаптарды біледі және орындайды.

6-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
6.1 Көруді қорғау	0.6.1.1 адам өміріндегі көрудің рөлін түсіну
	0.6.1.2 өзіндік көру мүмкіндіктері мен қарсы көрсетілімдерді білу
	0.6.1.3 көз гигиенасының ережесін білу
	0.6.1.4 оптикалық коррекция құралдарын білу, олардың көру мүмкіндіктерін арттырудағы рөлін түсіну
	0.6.1.5 көздің шаршау белгілерін және оның алдын алу құралдарын білу, көру шаршауын төмендету бойынша жаттығу орындау
6.2 Коррекция құралдарына күтім жасау	0.6.2.1 көзілдірікті күту ережесін білу

3-параграф. Сипап-сезу және ұсақ моторика

374. Мақсаты – тактильді-қозғалыс қабылдау негізінде қоршаған әлемнің объектілері және олармен әрекет етудің компенсаторлық тәсілдері туралы ұғымдарды қалыптастыру.
375. Міндеттері:
1) мақсатты бағытталған сипап-сезу арқылы қабылдау дағдыларын қалыптастыру;
2) заттарды тану және олармен әрекет ету барысында талдау, біріктіру, жалпылау, салыстыру, жіктеудің ойлау операцияларын дамыту;
3) практикалық іс-әрекетте сипап-сезу арқылы қабылдау білімдері, біліктері мен дағдыларымен әрекет ету білігін үйрету.
376. «Сипап-сезу және ұсақ моторика» коррекциялық сабақтарының мазмұны бөлікшелерден тұратын оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған және күтілетін нәтижелер түріндегі коррекциялық оқытудың мақсаттарын қамтиды. Әрбір бөлікшенің ішінде бірізді ұйымдастырылған коррекциялық оқыту мақсаттары, педагогтарға өз жұмысын жоспарлауға, балалардың жетістіктерін бағалауға және коррекциялық әсер етудің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.
377. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:
1) объектілерді сипап-сезу арқылы зерттеуге қолдың дайындығы;
2) сипап-сезу арқылы зерттеу тәсілдері;
3) заттық-практкалық іс-әрекет;
4) тифлографика.
378. «Объектілерді сипап-сезу арқылы зерттеуге қолдың дайындығы» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) қолды сылау тәсілдері;
2) бұлшық ет тонусын қалыпқа келтіру;
3) қолдың білезіктерінің қозғалысы;
4) затты ұстап тұру тәсілдері;
5) қолдың саусақтары мен білезіктерінің статистикалық координациясы;
6) қолдың саусақтарының қозғалысының динамикалық координациясы;
7) қолдың қимылдарының алмасып қосылуы.
379. «Сипап-сезу арқылы зерттеу тәсілдері» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) заттарды зерттеу тәсілдері;
2) пішіннің сенсорлы эталондары;
3) көлемнің сенсорлы эталондары;
4) заттардың сипап-сезуші белгілері мен қасиеттері.
380. «Заттық-практикалық іс-әрекет» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) құрастыру;
2) илеу;
3) аппликациялық илеу;
4) аппликация;
5) мозаикамен жұмыс;
6) таяқшалармен жұмыс;
7) ілгектермен жұмыс;
8) жіптермен, бау жіптермен жұмыс;
9) қағазбен жұмыс;
10) кітаппен жұмыс.
381. «Тифлографика» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) рельефті бейнелерді оқу;
2) рельефті-графикалық іс-әрекет.
382. Оқыту мақсаттарының жүйесі.
383. «Объектілерді сипап-сезу арқылы зерттеуге қолдың дайындығы» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) қолды сылау тәсілдері: доптар, валиктерді, алуан түрлі тәсілдерді қолданып, қолдың саусақтары мен білезіктерімен уқалауды орындайды;
2) бұлшық ет тонусын қалпына келтіру: серпімді заттарды қолмен қысуда босаңсу мен қысымды кезектестіре біледі;
3) қол білезіктерінің қимылдары: үлгі мен нұсқау бойынша заттармен имитациялық қимылдарды әртүрлі бағытта қолдың білезіктерімен орындайды;
4) затты ұстап алу тәсілдері: әртүрлі пішіндегі және көлемдегі заттармен әрекет ету барысында алақанмен және саусақпен ұстап алудың ұтымды тәсілдерін қолданады;
5) қолдың саусақтары мен білезіктерінің қимылдарын статикалық үйлестіру: статистикалық сынақтан өтеді, қолдың саусақтарының тіркесуі мен қиылысуының алуан түрлерін орындайды, қолдың саусақтары мен білезіктерінен фигураларды құрастырады;
6) қолдың саусақтары мен білезіктерінің қимылдарын динамикалық үйлестіру: оң және сол қолдың саусақтарының бір мезгілде олардың функцияларын шектеумен үйлестірілген қимылдарды орындау дағдылары бар;
7) қолдың қимылдарының алмасып қосылуы: бір статикалық позадан басқа позаға өтуді орындайды.

7-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1.1 Қолды сылау тәсілдері	0.1.1.1 сипалау, илеу, сылау, ұрғылау, соққылау, шымшылау тәсілдерімен қолды уқалауды орындау 0.1.1.2 тығыздығы мен фактурасы әртүрлі доптар, валиктердің бетімен алақанды уқалауды орындау
1.2 Бұлшық ет тонусын қалыпқа келтіру	0.1.2.1 босаңсу мен қысымды кезектестіріп, серпімді материалдардан жасалған заттармен (екі қолмен басып-жаншу, бір қолмен қысу) жаттығу орындау
1.3 Қолдың білезіктерімен қимыл-қозғалыстар	0.1.3.1 әртүрлі бағытта қол білезіктерімен қимылдар орындау (тік, көлденең, айналмалы, толқын тәрізді, бағытты өзгертетін қимылдар)
	0.1.3.2 қол білезіктерімен заттармен имитациялық қимылдарды орындау
1.4 Затты ұстап алу тәсілдері	0.1.4.1 әртүрлі пішіндегі және көлемдегі заттармен әрекет ету барысында алақандық, саусақты ұстап алудың алуан түрлерінің жиынтығын қолдану
1.5 Қолдың саусақтары мен білезігінің қимылдарын статистикалық үйлестіру	0.1.5.1 қол саусақтарының тіркесуі мен қиылысуының алуан түрлерін орындау
	0.1.5.2 жануарларды, құстарды, жиһаз заттарын бейнелейтін пішіндерді қолдың саусақтары мен білезіктерінен құрастыру
1.6 Қолдың саусақтарының қимылдарын динамикалық үйлестіру	0.1.6.1 сығуға, созуға, босаңсытуға арналған қолдың саусақтары мен білезіктерімен қимылдар орындау 0.1.6.2 екі қолдың саусақтарымен бір мезгілде біртипті және әртипті қимылдар орындау
1.7 Қолдың қимылдарының алмасып қосылуы	0.1.7.1 бір статикалық позадан басқа позаға өтуді орындау

384. «Сипап-сезу арқылы зерттеу тәсілдері» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) заттарды зерттеу тәсілдері: заттарды сипап-сезу арқылы зерттеу алгоритмін меңгерген, үлкен объектілерді жанама зерттеу тәсілдерін біледі; қабылданатын объектінің ерекшеліктеріне қарай зерттеу тәсілдерін таңдай алады;
2) пішіннің сенсорлы эталондары: көлемді, жазық геометриялық пішіндерді сипап-сезу тәсілімен ажыратады және атайды, ұқсас пішіндерді саралайды; шынайы заттардың негізгі пішінін және бөлшектерінің пішінін анықтайды; пішіннің белгісі бойынша заттарды біріктіреді;
3) көлемнің сенсорлы эталондары: ұзындығы, биіктігі, ені, тығыздығы бойынша заттарды салыстырудың сипап-сезу тәсілдерін біледі және қолданады; көлемнің берілген параметрі бойынша заттарды біріктіреді; көлемнің берілген параметрінің азаюы және артуы ретімен заттарды қатарға жүйелейді;
4) заттардың сипап-сезуші белгілері мен қасиеттері: заттардың сипап-сезуші қасиеттерін ажырату тәсілдерін біледі және қолданады; заттардың жазықтығының, температурасының, икемділігінің, салмағының сипап-сезуші сипаттамаларын ажыратады; берілген сипап-сезу белгісі бойынша салыстыру, топтастыру, арақатынасын белгілеу барысында заттар арасындағы қатынастарды орнатады.

8-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
2.1 Заттарды зерттеу тәсілдері	0.2.1.1 заттарды сипап-сезу арқылы зерттеуді үш кезеңде орындау: бағдарлы, аналитикалық, синтетикалық.
	0.2.1.2 қабылданатын объектінің ерекшеліктеріне қарай зерттеу тәсілдерін таңдай білу
	0.2.1.3 үлкен заттарды жанама зерттеу тәсілдерін білу
2.2 Пішіннің сенсорлы эталондары	0.2.2.1 пішінді ажыратудың сипап-сезу тәсілдерін білу
	0.2.2.2 көлемді (шар, куб, цилиндр, конус) және жазық (шеңбер, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш) геометриялық фигураларды ажырату және атау
	0.2.2.3 ұқсас пішіндерді саралау
	0.2.2.4 пішіннің белгісі бойынша заттарды топтастыру
	0.2.2.5 шынайы заттардың негізгі пішінін және бөлшектердің пішінін ажыратып көрсету
2.3 Көлемнің сенсорлы эталондары	0.2.3.1 ұзындығы, биіктігі, ені, тығыздығы бойынша заттарды салыстырудың сипап-сезу тәсілдерін білу (басу, қосу, шартты шараларды қолдану)
	0.2.3.2 заттардың көлемін және тұтас заттың бөлшектерін салыстыру
	0.2.3.3 көлемнің берілген параметрі бойынша заттарды топтастыру
	0.2.3.4 көлемнің берілген параметрінің азаюы және артуы ретімен заттарды орналастыру
2.4 Заттарды сипап-сезу белгілері мен қасиеттері	0.2.4.1 заттардың жазықтығының, температурасының, икемділігінің, салмағының құрылымын сипап-сезу арқылы зерттеу тәсілдерін білу
	0.2.4.2 заттардың жазықтығының, температурасының, икемділігінің, салмағының сипап-сезуші сипаттамаларын ажырату
	0.2.4.3 материалдарды ажырату (ағаш, тері, шыны, пластмасса, металл, резеңке, қағаздың алуан түрлері)
	0.2.4.4 сипап-сезуші белгілері бойынша заттарды салыстыру
	0.2.4.5 бір немесе бірнеше сипап-сезуші белгілерді ескеріп, заттарды топтарға біріктіру

385. «Заттық-практикалық іс-әрекет» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) құрастыру: конструктордың бөлшектерін бекітудің алуан түрлі тәсілдерін қолданып, заттарды құрастыра біледі; берілген шарттарға сәйкес конструктивті тапсырманы орындау үшін шешім табады;
2) илеу: әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолдану арқылы заттарды илей алады;
3) аппликациялық илеу: рельефті суреттің бөліктерінің пішініне сәйкес бөлшектерді илеу дағдыларын меңгерген, рельефтің дайын бөлшектерін толтыра біледі;
4) аппликация: үлгі және көрсету бойынша бірнеше бөліктерден заттардың аппликациясын құрастыра біледі;
5) мозаикамен жұмыс: үлгі бойынша қарапайым өрнектер мен заттарды сала алады;
6) таяқшалармен жұмыс: таяқшалардан геометриялық фигуралардың, заттардың контурларын, қарапайым өрнектерді құрастыра алады;
7) ілгектермен жұмыс: ілгектің түрлерін біледі, ілгектердің алуан түрлерімен әрекет ету дағдыларын меңгерген;
8) жіптермен, баулармен жұмыс: жіптерден байлау, тоқу дағдыларын меңгерген;
9) қағазбен жұмыс: қағаздың бірқатар түрлері мен қасиеттерін біледі; қағазбен жұмыс істеудің тәсілдерін біледі, оларды бұйымдарды жасауда қолданады;
10) кітаппен жұмыс: рельефті-нүктелі шрифті бар кітаптың беттерін қайта парақтау дағдылары бар, беттегі мәтіннің басы мен соңын табады.

9-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
3.1 Құрастыру	0.3.1.1 конструктордың бөлшектерін бекіту тәсілдерін білу
	0.3.1.2 бөлшектерді бекіту тәсілдерін қолданып, жекеленген заттарды құрастыру және бөлшектеуді орындау
	0.3.1.3 объектілердің кеңістіктік сипаттамаларын ескеріп құрылыс жасау (биіктігі, ені, ұзындығы)
3.2 Илеу	0.3.2.1 әртүрлі тәсілдерді қолданып, пластикалық, конструктивті және құрамдастырылған әдістермен заттарды илеу
3.3 Аппликациялық илеу	0.3.3.1 белгілі пішіндегі дайын бөлшектерді илеу, оларды рельефті суреттің сәйкес бөліктеріне жапсыру, олармен рельефті толтыру
3.4 Аппликация	0.3.4.1 геометриялық фигуралардың негізінде бірнеше бөліктерден заттардың аппликациясын құрастыру
3.5 Мозаикамен жұмыс	0.3.5.1 үлгі бойынша өрнектерді, жекеленген заттарды салу
3.6 Таяқшалармен жұмыс	0.3.6.1 таяқшалардан геометриялық фигураларды, заттарды, өрнектерді құрастыру
3.7 Ілгектермен жұмыс	0.3.7.1 ілгектердің түрлерін білу (түймелер, батырмалар, ілгектер, тоғалар, сыдырмалар, жапсырмалар)
	0.3.7.2 ілгектердің алуан түрлерімен тиектеу және ағыту әрекеттерін орындау
3.8 Жіптермен, баулармен жұмыс	0.3.8.1 заттарды бауларға тізбелеу
	0.3.8.2 түйіндерді байлау және шешу
	0.3.8.3 өрімдердің, байламдардың алуан түрлерін орындау
3.9 Қағазбен жұмыс	0.3.9.1 қағаздың алуан түрлерін және қасиеттерін білу
	0.3.9.2 әртүрлі бағыттар бойынша парақ қағазын бүктеу, бүктеу сызығы, заттардың рельефті суреттерінің контуры бойынша қағазды үзу
	0.3.9.3 қолдан жасалған бұйымның элементтерін саңылауларға салумен бүктелген сызықты бүктеу және тегістеу тәсілімен қарапайым бұйымдарды жасау
3.10 Кітаппен жұмыс	0.3.10.1 басынан соңына дейін және кері ретте рельефті-нүктелі шрифтісі бар кітаптың беттерін қайта парақтау
	0.3.10.2 парақ бетінде мәтіннің басы мен соңын табу

386. «Тифлографика» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) рельефті бейнелерді оқу: рельефті сурет туралы түсініктері бар, рельефті бейнелеудің тәсілдері мен суреттің түрлерін біледі; рельефті суретті сипап-сезу арқылы зерттеу алгоритмін меңгерген; диаметрі бойынша әртүрлі және әртүрлі құрамдағы рельефті нүктелерді ажыратады; сызықтар және олардың қасиеттері туралы түсініктері бар; сызықтар негізінде олардың алуан түрлерін және күрделі емес суреттерді оқиды; форма мен контурдың өзара байланысын түсінеді; геометриялық фигуралардың бейнелерін таниды, олардың орындалу әдісін анықтайды; геометриялық пішіні бар және бірнеше геометриялық фигуралардан тұратын заттардың рельефті бейнелерін таниды; рельефті бейнені шынайы объектімен салыстырады; бірнеше бейнелерден тұратын бейнені таниды;
2) рельефті-графикалық іс-әрекет: приборды жұмысқа дайындау дағдылары бар; аспаптармен жұмыс жасау тәсілдерін біледі, грифель мен қаламды дұрыс ұстауды біледі; контурды құру дағдысы бар; жақтауларды нүктелермен түйрей біледі, әртүрлі сызықтардың суретін сала алады; трафаретті қолданып және тіректі нүктелер бойынша геометриялық фигуралардың суретін алгоритм бойынша салады; трафареттің көмегімен тіректі аппликация бойынша жолақта геометриялық фигуралардың өрнектердің суретін сала алады; трафаретті қолданып, тіректі аппликация бойынша күрделі пішіндегі заттардың суретін аяқтап салады.

10-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
4.1 Рельефті бейнелерді оқу	0.4.1.1 рельефті сурет туралы ұғымдардың болуы
	0.4.1.2 рельефті суреттердің түрлерін білу (контурлы, аппликациялық, барельефті)
	0.4.1.3 рельефті бейнелерді оқу тәсілдерін білу
	0.4.1.4 рельефті бейнелеу тәсілдерін білу (нүктелермен, тұтас сызықтармен, пунктирмен)
	0.4.1.5 әртүрлі диаметрдегі нүктелерді оқу; 1 мм қашықтықта бөлек орналасқан алты нүктеден тұратын алуан түрлі жиынтықтарды оқу
	0.4.1.6 пішіні, бағыты, ұзындығы, ені бойынша рельефті сызықтарды жіктеу, оларды әртүрлі жазықтықта оқу
	0.4.1.7 әртүрлі көлемдегі және әртүрлі кеңістіктік жағдайдағы геометриялық фигуралардың рельефті бейнелерін оқу
	0.4.1.8 әртүрлі сызықтардан құралған суреттерді оқу
	0.4.1.9 геометриялық фигуралар негізінде орындалған жолақта өрнектерді оқу
	0.4.1.10 қарапайым пішіндегі және геометриялық фигуралардың жиынтығын қамтитын заттардың суреттерін оқу
	0.4.1.11 заттың және оның бөліктерінің рельефті бейнесін шынайы затпен (модель) және оның бөліктерімен салыстыру
	0.4.1.12 көпшілік бейнелерден заттың бейнесін тану
4.2 Рельефті-графикалық іс-әрекет	0.4.2.1 рельефті сурет салу үшін приборды жұмысқа дайындау
	0.4.2.2 аспаптармен жұмыс жасау тәсілдерін білу
	0.4.2.3 контурды құру тәсілдерін білу
	0.4.2.4 қағаздағы жақтауды нүктелермен түйреу
	0.4.2.5 трафарет, тіректі нүктелер бойынша, өз бетімен әртүрлі сызықтарды жүргізу
	0.4.2.6 трафарет бойымен қоршау, жетіспейтін бөлшектерді бітіру бойынша әртүрлі сызықтардын қарапайым суреттерді орындау
	0.4.2.7 трафарет, тіректі нүктелер бойынша геометриялық фигуралардың суретін салу
	0.4.2.8 трафаретті қолданып геометриялық фигуралардан жолақта өрнектің суретін салу
	0.4.2.9 алгоритм бойынша трафаретте қарапайым геометриялық пішіндегі заттардың суретін салу
	0.4.2.10 тіректі аппликация бойынша күрделі пішіндегі заттардың суретін аяқтау

4-параграф. Кеңістікте бағдарлау

387. Мақсаты-балаларға кеңістікте еркін және өз бетімен бағдарлауға мүмкіндік беретін дағдыларды қалыптастыру.
388. Міндеттері:
1) кеңістікті меңгеруде бұзылған көруді және сақталған анализаторларды кешенді пайдалануға үйрету;
2) практикалық іс-әрекетте кеңістіктік бағдарлау білімдерімен, біліктері және дағдыларымен әрекет ету білігін үйрету.
389. «Кеңістікте бағдарлау» коррекциялық сабақтарының мазмұны бөлікшелерден тұратын оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған және күтілетін нәтижелер түріндегі коррекциялық оқытудың мақсаттарын қамтиды. Әрбір бөлікшенің ішінде бірізді ұйымдастырылған коррекциялық оқыту мақсаттары, педагогтарға өз жұмысын жоспарлауға, балалардың жетістіктерін бағалауға және коррекциялық әсер етудің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.
390. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:
1) дененің сызбасында бағдарлау;
2) өзіне және затқа қатысты бағдарлау;
3) қозғалыс барысында бағдарлау;
4) сақталған анализаторлардың көмегімен бағдарлау;
5) жабық және еркін кеңістікте бағдарлау;
6) микрожазықтықта бағдарлау;
7) кеңістіктік қатынастарды модельдеу;
8) кеңістіктің сызбасы мен жоспары бойынша бағдарлау.
391. «Дененің сызбасында бағдарлау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) өз денесінің қырлары;
2) алдында және қарама-қарсы тұрған адамның денесінің қырлары.
392. «Өзіне және затқа қатысты бағдарлау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) өзіне қатысты кеңістіктің бағыттары;
2) өзі және заттар арасындағы кеңістіктік қатынастар;
3) заттар арасындағы кеңістіктік қатынастар.
393. «Қозғалыс барысында бағдарлау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) берілген бағытта қозғалу;
2) бағдарларды қолданып қозғалу.
394. «Сақталған анализаторлардың көмегімен бағдарлау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) көрудің көмегімен бағдарлау;
2) сипап-сезудің көмегімен бағдарлау;
3) естудің көмегімен бағдарлау;
4) иіс сезудің көмегімен бағдарлау;
5) температуралық сезімталдықтың көмегімен бағдарлау;
6) барлық сенсорлы саланың көмегімен бағдарлау
395. «Жабық және еркін кеңістікте бағдарлау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) жабық кеңістікте бағдарлау;
2) еркін кеңістікте бағдарлау.
396. «Микрожазықтықта бағдарлау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) микрожазықтықтың бағыттары;
2) микрожазықтықта заттардың кеңістіктік орналасуы.
397. «Кеңістіктік қатынастарды модельдеу» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) жабық кеңістікті модельдеу;
2) еркін кеңістікті модельдеу.
398. «Кеңістіктің сызбасы мен жоспары бойынша бағдарлау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) кеңістіктің сызбасы және жоспары;
2) қозғалыс маршрутының сызбасы.
399. Оқыту мақсаттарының жүйесі.
400. «Дененің сызбасында бағдарлау» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) өз денесінің қырлары: өз денесінің бағыттарында бағдарланады;
2) алдында және қарама-қарсы тұрған адамның денесінің қырлары: алдында және қарама-қарсы тұрған адамның денесінің қырларын анықтайды, оларды өз денесінің бағыттарымен салыстырады.

11-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1.1 Өз денесінің қырлары	0.1.1.1 өз денесінің қырларын анықтау (алдыңғы, артқы, жоғарғы, төменгі, сол, оң)
1.2 Алдында және қарама-қарсы тұрған адамның денесінің қырлары	0.1.2.1 өз денесінің кеңістіктік бағыттарымен алдында және қарама-қарсы тұрған адамның бағыттарымен арақатынасты белгілеу

401. «Өзіне және затқа қатысты бағдарлау» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) өзіне қатысты кеңістіктің бағыттары: өзіне қатысты кеңістіктің бағыттарында бағдарланады;
2) өзі және заттар арасындағы кеңістіктік қатынастар: есептеудің алуан түрлі жүйесінде кеңістіктік қатынастардың салыстырмалығын түсінеді және есепке алады, өзі және заттар арасындағы кеңістіктік қатынастарды, осы жағдайда объектілердің арасындағы өзінің орнын анықтайды; көрудің көмегімен (көру мүмкіндіктеріне сәйкес) өзімен және басқа объектілермен салыстырмалы тұрғыда кеңістіктің бір және әртүрлі бағыттарында орналасқан объектілердің арақашықтығын анықтайды; заттарға дейін арақашықтықты қадаммен өлшеу тәсілін біледі;
3) заттар арасындағы кеңістіктік қатынастар: берілген есептеу нүктесімен салыстырмалы түрде заттар арасындағы кеңістіктік қатынастарды анықтайды; кеңістікте заттардың орналасуын белгілеу үшін кеңістіктік терминдерді қолданады.

12-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
2.1 Өзіне қатысты кеңістіктің бағыттары	0.2.1.1 өзіне қатысты қоршаған кеңістіктің жұпты қарама-қарсы бағыттарын анықтау
2.2 Өзі мен заттар арасындағы кеңістіктік қатынастар	0.2.2.1 бағдарлауда өзінің қалпына және есептеу нүктесін алмастыруға қарай кеңістіктік қатынастардың салыстырмалығын түсіну
	0.2.2.2 90° және 180° бұрылуда өзі мен қоршаған заттар арасындағы кеңістіктік қатынастарды анықтау
	0.2.2.3 көрудің және қадамдарды өлшеу әдісінің көмегімен кеңістіктің бір және әртүрлі бағыттарында орналасқан қашықтықты; объектілердің басқа объектілермен салыстырғандағы арақашықтығын бағалау
2.3 Заттар арасындағы кеңістіктік қатынастар	0.2.3.1 берілген есептеу нүктесімен салыстырғанда заттар арасындағы кеңістіктік қатынастарды орнату (сол, оң, жоғарғы, төменгі, алдында, артында, арасында)

402. «Қозғалыс барысында бағдарлау» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) берілген бағытта қозғалыс: нұсқау бойынша бағытты және қарқынды сақтап және өзгертіп, кеңістікте қозғалады; өзіндік қозғалысының бағытында бағдарланады;
2) бағдарларды қолданып қозғалыс: қозғалатын бағдардың артынан және рельефтің алуан түрлері бойынша кеңістікте қозғалу дағдылары бар; шектелген кеңістікте қозғалудың алуан түрлерін қолданады.

13-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
3.1 Берілген бағытта қозғалу	0.3.1.1 нұсқауларға сәйкес бағытты және қарқынды өзгертумен кеңістікте қозғалу
	0.3.1.2 өзіндік қозғалысының бағыттарын анықтау
3.2 Бағдарды қолданып қозғалу	0.3.2.1 қозғалатын бағдармен қозғалу (көру, есту)
	0.3.1.2 рельефтің алуан түрлері бойынша қозғалу (кедір-бұдырлылық, көтерілу, түсу)
	0.3.1.3 әртүрлі тәсілдермен шектелген кеңістікте қозғалу (алдымен, қырымен)

403. «Сақталған анализаторлардың көмегімен бағдарлау» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) көрудің көмегімен бағдарлау: кеңістікте объектілер-бағдарларды көру арқылы жинақтап бөледі; олардың белгілерін бөліп көрсетеді және талдайды;
2) сипап-сезудің көмегімен бағдарлау: қоршаған кеңістіктің объектілерінің сипап-сезуші белгілері мен қасиеттерін алақанмен, қолдың саусақтарымен, жалаңаяқ және аяқ киімнің табандарының көмегімен ажыратады;
3) естудің көмегімен бағдарлау: қоршаған кеңістіктің дыбыстарын таниды, оларды күші бойынша ажыратады; дыбысты оның шығу көзімен салыстырады;
4) иіс сезудің көмегімен бағдарлау: дыбыстарды нақты заттармен бөлмелермен және табиғат құбылыстарымен салыстырады; иістің шығу көзінің бағытын анықтайды;
5) температуралық сезімталдықтың көмегімен бағдарлау: жылудың шығу көзінің орнын қашықтықта анықтайды;
6) барлық сенсорлы саланың көмегімен бағдарлау: кеңістік туралы полисенсорлы ақпаратты адамдардың іс-әрекетімен және нақты объектілермен салыстырады; кеңістіктік бағдарлауда бұзылған көруді және сақталған анализаторларды кешенді қолданады.

14-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
4.1 Көрудің көмегімен бағдарлау	0.4.1.1 көру арқылы қабылданатын белгілердің ұқсастығы мен айырмашылығы бойынша қоршаған кеңістіктің объектілерін салыстыру
	0.4.1.2 кез келген жағдайда заттарға тән көру арқылы қабылданатын белгілерді бөліп көрсету
	0.4.1.3 Жабық және еркін кеңістікте объектілер-бағдарларды көру арқылы жинақтап бөлу
4.2 Сипап-сезудің көмегімен бағдарлау	0.4.2.1 қоршаған кеңістіктің заттарының бетінің қасиеттерін қолдың саусақтарымен және алақанмен сипап-сезудің көмегімен ажырату
	0.4.2.2 аяқпен сипап-сезудің көмегімен еденнің төсемін (ағаш, кафель, кілем, лнолеум, бетон), грунттың (асфальт, құм, шөп, жапырақтар, қар, жыртылған жер, тастар, ағаштың тамыры), рельефті (тегіс, тегіс емес, көлбеу) ажырату
4.3 Естудің көмегімен бағдарлау	0.4.3.1 қоршаған кеңістіктің дыбыстарын тану және жинақтап бөлу (заттар, адамдардың әрекеті, табиғат, көліктердің әрекеті)
	0.4.3.2 дыбыстың қайнар көзінің орналасқан орнының өзгеруін анықтау
	0.4.3.3 күші бойынша дыбысты ажырату (әлсіз-күшті)
4.4 Иіс сезудің көмегімен бағдарлау	0.4.4.1 қоршаған кеңістіктің иістерін ажырату (тұрмыстық, тағамдар, тірі және өлі табиғат), кеңістікте иістің шығу көзінің бағытын жинақтап бөлу
4.5 Температуралық сезімталдықтың көмегімен бағдарлау	0.4.5.1 жылу көздерінің, жылыту приборларының орнын қашықтықта анықтау
4.6 Барлық сенсорлы саланың көмегімен бағдарлау	0.4.6.1 кеңістіктің бағдарлауда кешенді бағдарларды анықтау және қолдану

404. «Жабық және еркін кеңістікте бағдарлау» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) жабық кеңістікте бағдарлау: әртүрлі бастапқы нүктелерден өз бетімен бағдарланады және таныс бөлмелердің кеңістігінде өзінің орналасқан орнын анықтайды;
2) еркін кеңістікте бағдарлау: қоршаған кеңістікте бағдарлар болып саналатын объектілерді ажыратып көрсетеді; әртүрлі бастапқы нүктелерден таныс еркін кеңістікте еркін бағдарланады.

15-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
5.1 Жабық және еркін кеңістікте бағдарлау	0.5.1.1 бағдарлар жүйесін қолданумен әртүрлі бастапқы нүктелерден бөлмелердің кеңістігінде бағдарлау, өзінің орнын анықтау
5.2 Еркін кеңістікте бағдарлау	0.5.2.1 есептеудің алуан түрлі нүктелерімен салыстырмалы еркін кеңістіктің объектілерінің орналасуын білу, бағдарлар жүйесін қолданумен әртүрлі бастапқы нүктелерде бағдарлау

405. «Микрожазықтықта бағдарлау» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) микрожазықтықтың бағыттары: микрожазықтықтың бағыттарын ажыратады және атайды (орталығы, қырлары, қырлардың ортасы, бұрыштар);
2) микрожазықтықтағы объектінің кеңістіктік орналасуы: берілген есептеу нүктесімен салыстырмалы түрде кез келген микрожазықтықта бағдарлау дағдыларын меңгерген; кеңістіктік терминдерді қолдану арқылы, микрожазықтықта объектілердің кеңістіктік қатынастарды түсіндіреді.

16-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
6.1 Микрожазықтықтың бағыттары	0.6.1.1 микрожазықтықтың бағыттарын ажырату және атау (орталығы, қырлары, қырлардың ортасы, бұрыштар)
6.2 Микрожазықтықтағы объектінің кеңістіктік орналасуы	0.6.2.1 заттардың кеңістіктік орналасуын анықтау және оларды берілген есептеу нүктесімен салыстырмалы түрде кез келген микрожазықтықта орналастыру (өзінен бастап, заттан бастап)

406. «Кеңістіктік қатынастарды модельдеу» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) жабық кеңістікті модельдеу: шынайы кеңістікті және көрсету бойынша тікелей қабылдау негізінде Жабық кеңістікті және маршруттардың үзінділерін модельдейді;
2) еркін кеңістікті модельдеу: шынайы кеңістікті және көрсету бойынша тікелей қабылдау негізінде еркін кеңістікті және маршруттардың үзінділерін модельдейді.

17-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
7.1 Жабық кеңістікті модельдеу	0.7.1.1 шынайы кеңістікті және көрсету бойынша тікелей қабылдау негізінде Жабық кеңістікті модельдеу
	0.7.1.2 Жабық кеңістіктегі маршруттардың үзінділерін модельдеу
7.2 Еркін кеңістікті модельдеу	0.7.2.1 еркін кеңістіктің аумақтарын модельдеу
	0.7.2.2 еркін кеңістікте маршруттардың үзінділерін модельдеу

407. «Кеңістіктің сызбасы мен жоспары бойынша бағдарлау» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) кеңістіктің сызбасы және жоспары: жоспардан сызбаның айырмашылығын түсінеді; шынайы кеңістікті тікелей қабылдау негізінде кеңістіктің күрделі емес сызбалары мен жоспарларын құрастырады; сызбалар мен жоспарлар бойынша бағдарланып, шынайы кеңістіктегі заттарды табады және орналастырады;
2) қозғалыс маршрутының сызбасы: маршрут сызбасындағы шартты белгілерді шынайы бағдарлармен салыстырады; сызба бойынша бағдарланып, маршрутты жүріп өтеді.

18-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
8.1 Кеңістіктің сызбасы мен жоспары	0.8.1.1 кеңістіктің сызбасының оның жоспарынан айырмашылығын түсіну
	0.8.1.2 Жабық және еркін кеңістіктің аумақтарының сызбасы мен жоспарларын құрастыру
	0.8.1.3 кеңістіктің сызбалары мен жоспарлары бойынша бағдарлау
8.2 Қозғалыс маршрутының сызбасы	0.8.2.1 шынайы кеңістікті тікелей қабылдау негізінде еркін кеңістіктің аумақтарында және бөлмелерде қозғалыс маршрутының қарапайым сызбаларын құрастыру
	0.8.2.1 шынайы кеңістіктегі бағдарлардың орналасуын сызбалармен салыстыру, маршруттың сызбасы бойынша бағдарланып кеңістікте қозғалу

5-параграф. «Әлеумет» білім беру саласы

408. «Әлеумет» білім беру саласының базалық мазмұны әлеуметтік-тұрмыстық бағдар арнайы түзеу оқу қызметінде жүзеге асырылады.
409. Мақсаты-әлеуметтендірудің табысты болуын қамтамасыз ететін және мектепте оқыту жағдайында дербес іс-әрекеттің негізі болып саналатын әлеуметтік-адаптивті біліктер мен дағдыларды қалыптастыру және дамыту.
410. Міндеттері:
1) адамның тұрмыстық және әлеуметтік өмірінің салалары туралы ұғымдарын дамыту;
2) қоғамдық өмірдің нормалары мен ережелері туралы ұғымдарды дамыту;
3) коммуникативті іс-әрекеттің вербальды және вербальды емес құралдарын дамыту;
4) практикалық іс-әрекетте әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау.
411. «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдар» коррекциялық сабақтарының мазмұны бөлікшелерден тұратын оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған және күтілетін нәтижелер түріндегі коррекциялық оқытудың мақсаттарын қамтиды. Әрбір бөлікшенің ішінде бірізді ұйымдастырылған коррекциялық оқыту мақсаттары, педагогтарға өз жұмысын жоспарлауға, балалардың жетістіктерін бағалауға және коррекциялық әсер етудің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.
412. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:
1) бала және оның отбасы;
2) жеке гигиена;
3) заттық әлем;
4) мінез-құлық және қарым-қатынас мәдениеті;
5) адамның тұрғын үйі;
6) әлеуметтік-тұрмыстық сфера;
7) ересектердің еңбегі;
8) көшедегі мінез-құлық ережесі.
413. «Бала және оның отбасы» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) өзі туралы ұғымдар;
2) отбасы.
414. «Жеке гигиена» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) жеке гигиена заттары;
2) гигиеналық процедуралар.
415. «Заттық әлем» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) тұрмыстық заттар;
2) заттық-практикалық іс-әрекет.
416. «Мінез-құлық және қарым-қатынас мәдениеті» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) мінез-құлық мәдениеті;
2) қарым-қатынастың вербальды емес құралдары.
417. «Адамның тұрғын үйі» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) тұрғын үй бөлмелері;
2) тұрғын үй бөлмелерінің гигиенасы.

(Жалғасы 14-бетте)

(Жалғасы. Басы 13-бетте)

418. «Әлеуметтік-тұрмыстық сфера» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) қоғамдық-тұрмыстық мекемелер;
2) қоғамдық орындағы мінез-құлық ережесі.
419. «Ересектердің еңбегі» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) кәсіптер;
2) үй еңбегі.
420. «Көшедегі мінез-құлық ережесі» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережесі;
2) көлік.
421. Оқыту мақсаттарының жүйесі. «Бала және оның отбасы» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) өзі туралы ұғымдары: өз ағзасының бірқатар ерекшеліктерін біледі, өзінің сенсорлы мүмкіндіктерін түсінеді; сырт бейнесі мен мінезінің белгілері бар тұлға ретінде өзі туралы ұғымдары бар;
2) отбасы: туыстық қатынастарды түсінеді, отбасы мүшелерінің есімдері мен әкесінің атын атайды; олардың отбасындағы міндеттерін біледі.

19-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1.1 Өзі туралы түсініктері	0.1.1.1 өзінің есімін, тегін, әкесінің атын, жасын, жынысын, мекен-жайын білу
	0.1.1.2 өз ағзасы мен денсаулығының бірқатар ерекшеліктерін түсіну
	0.1.1.3 өзінің сенсорлы мүмкіндіктерін, шынайы және ықтимал жетістіктерін түсіну
	0.1.1.4 өзінің сырт бейнесінің, мінезінің ерекшеліктерін білу
1.2 Отбасы	0.1.2.1 отбасы мүшелерін атау, туыстық қатынастарды түсіну, отбасылық міндеттердің бөлінуін, ата-аналардың жұмыс орнын, отбасылық дәстүрлерді білу

422. «Жеке гигиена» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) жеке гигиена заттары: жеке гигиена заттарының қызметін біледі; басқа заттардың арасынан жеке қолданыстағы заттарды таниды;
2) гигиеналық процедуралар: тұрақты гигиеналық дағдылары бар; гигиена ережелерін орындауда өзіндік бақылау тәсілдерін біледі және қолданады.

20-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
2.1 Жеке гигиена заттары	0.2.1.1 жеке гигиена заттарын, олардың қызметін және сақтау ережесін білу
	0.2.1.2 көру және сақталған анализаторлардың көмегімен басқа заттардың арасынан сипаттамалық белгілері бойынша жеке қолданыстағы заттарды тану
2.2 Гигиеналық процедуралар	0.2.2.1 жеке гигиенаның маңызын түсіну
	0.2.2.2 гигиеналық процедураларды орындаудың мазмұны мен бірізділігін білу
	0.2.2.3 гигиеналық процедараларды және өзінің сырт бейнесін күтуде өзіндік бақылауды көрсету

423. «Заттық әлем» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) тұрмыстық заттар: тұрмыстық заттардың алуан түрлілігінде еркін бағдарланады; заттарды салыстыру, жалпылау, жіктеу дағдылары бар;
2) заттық-практикалық іс-әрекет: таныс заттарды қолдануда заттық-практикалық іс-әрекет тәсілдерін меңгерген; заттармен әрекет етудің меңгерген тәсілдерін жаңа жағдайларға ауыстыруда өзбетінділік танытады.

21-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
3.1 Тұрмыстық заттар	0.3.1.1 тұрмыста қажетті заттарды және олардың қызметін білу
	0.3.1.2 полсенсорлы негізде заттардың қасиеттерін ажырату
	0.3.1.3 заттың қызметі мен құрылысы, жасалған материалы арасындағы байланысты орнату
	0.3.1.4 сипаттамалық белгілері бойынша заттарды салыстыру және жалпылау
	0.3.1.5 функционалды қызметі бойынша бір түрдегі заттардың ішінде жіктеу
3.2 Заттық-практикалық іс-әрекет	0.3.2.1 заттардың қызметіне сәйкес олармен әрекет ету тәсілдерін білу және орындау
	0.3.2.2 заттармен әрекет етудің меңгерген тәсілдерін жаңа жағдайларға ауыстыру

424. «Мінез-құлық және қарым-қатынас мәдениеті» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) мінез-құлық ережесі: мәдени мінез-құлық ережесін біледі; қабылданған нормаларға сәйкес өзінің мінез-құлқын өзіндік бақылау және өзіндік реттеу дағдылары бар;
2) қарым-қатынастың вербальды емес құралдары: адам өміріндегі және бейнелердегі эмоционалды күйлерді ажыратады; олардың мимикасын, қол қимылын, позаларын көрсете біледі.

22-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
4.1 Мінез-құлық ережесі	4.1.1.1 әртүрлі жағдайларда ересектермен және қатарластармен қарым-қатынастың және мәдени мінез-құлықтың ережелерін білу
	4.1.1.2 өзінің мінез-құлқында қарапайым өзіндік бақылауда бағдарлану
4.2 Қарым-қатынастың вербальды емес құралдары	4.2.1.1 қарым-қатынастың тілдік емес құралдарының маңызын түсіну
	4.2.1.2 негізгі эмоционалды күйлерді сырттай көрсетудің сипаттамалық ерекшеліктерін түсіну
	4.2.1.3 адамның өмірдегі, бейнелердің әртүрлі типіндегі (пиктограмма, сурет, фото) эмоционалды күйлерді анықтау
	4.2.1.4 эмоционалды күйлерді модельдеу
	4.2.1.5 практикалық іс-әрекетте қарым-қатынастың тілдік емес құралдарын қайта жаңғырту

425. «Адамның тұрғын үйі» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) тұрғын үйлер: тұрғын үйлер мен олардың кеңістігін толтыратын заттардың функционалды қызметі туралы ұғымдары бар;
2) тұрғын үйлердің гигиенасы: тұрғын үйлерге қойылатын негізгі гигиеналық талаптарды, тазалықты ұстау тәсілдерін біледі.

23-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
5.1 Тұрғын үйлер	0.5.1.1 тұрғын үйлердің түрлерін білу
	0.5.1.2 тұрғын үйлердің атауын, функционалды қызметін және затпен толтыруды білу
5.2 Тұрғын үйлердің гигиенасы	0.5.2.1 тұрғын үйде тазалық пен тәртіптің адам үшін маңызын түсіну
	0.5.2.2 бөлмелерде тазалықты ұстау тәсілдерін білу

426. «Әлеуметтік-тұрмыстық сфера» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) қоғамдық-тұрмыстық мекемелер: қоғамдық-тұрмыстық мекемелердің бірқатар түрлерінің қызметін түсінеді;
2) қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережесі: мекеме қызметкерлеріне өтінішпен, мәселелермен мәдени қатынастың формалары мен қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережесін біледі.

24-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
6.1 Қоғамдық-тұрмыстық мекемелер	0.6.1.1 қоғамдық-тұрмыстық мекемелердің бірқатар түрлерін (дүкен, емхана, дәріхана, пошта, кинотеатр, кітапхана), олардың қызметін білу
	0.6.1.2 адамның социумдағы орнын түсіну (кинотетарда – көрермен, дүкенде – сатып алушы)
6.2 Қоғамдық орындағы мінез-құлық ережесі	0.6.2.1 қоғамдық орындарда мінез-құлық ережесін білу
	0.6.2.1 мекеме қызметкерлерімен мәдени өзара әрекеттестік формаларын білу

427. «Ересектердің еңбегі» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) кәсіптер: әртүрлі кәсіптегі адамдардың еңбегінің мазмұны туралы ұғымдары бар; олардың еңбегінің маңызын түсінеді;
2) үй еңбегі: үй еңбегінің түрлері, мазмұны және маңызы туралы ұғымдары бар; үй еңбегінің бірқатар түрлерін орындау тәсілдері мен тәртібін біледі.

25-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
7.1 Кәсіптер	0.7.1.1 кәсіптердің алуан түрлілігі, әртүрлі кәсіптегі адамдардың еңбегінің мазмұны мен маңызы туралы ұғымдардың болуы
	0.7.1.1 сюжеттік картина бойынша еңбек әрекеттерін тану және сипаттау
7.2 Үй еңбегі	0.7.2.1 ересектердің үй шаруашылық іс-әрекетінің түрлері туралы ұғымдардың болуы
	0.7.2.2 үй еңбегінің маңызын түсіну
	0.7.2.3 адамның тұрмыстағы еңбегін жеңілдететін заттарды білу
	0.7.2.4 үй еңбегінің нақты түрлерін орындау тәсілдерін білу (шаң сүрту, еден жуу)

428. «Көшедегі мінез-құлық ережесі» бөлімі келесі күтілетін нәтижелерді қарастырады:
1) жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережесі: көшеден өту ережесін біледі; бірқатар жол белгілерінің маңызын түсінеді;
2) көлік: жолаушылар көлігінің алуан түрлерін біледі, оның адамдар өміріндегі маңызын түсінеді; көлік қозғалысының дыбыстық сипаттамасына бағдарланады; қоғамдық көліктегі мінез-құлық ережесін біледі.

26-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
8.1 Жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережесі	0.8.1.1 жүргіншілер бөлігі мен тротуарды ажырату
	0.8.1.2 көшеде қауіп көздері туралы ұғымдардың болуы
	0.8.1.3 көшеден өту ережесін білу
	0.8.1.4 «жаяу жүргіншілер жолы», «жерасты жолы» жол белгілерінің маңызын түсіну
8.2 Көлік	0.8.2.1 жолаушылар көлігінің түрлерін ажырату және атау
	0.8.2.2 жолаушылар көлігінде қозғалыс ережесін білу (маршруттар, аялдамалар)
	0.8.2.3 дыбыстық сипаттамасы бойынша көліктің қозғалыс жылдамдығын, оның жақындауы мен алыстауын, аялдаманы, есіктердің ашылуы мен жабылуын ажырату
	0.8.2.4 қоғамдық көліктегі мінез-құлық ережесін білу

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №721 бұйрығына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына 4-қосымша

Есту қабілеті бұзылған балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Түсіндірме жазба

1. Есту қабілеті бұзылғанбалаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 және 14-баптарына сәйкес әзірленді.
2. Бағдарлама мақсаты: мектеп жасына дейінгі есту қабілеті бұзылған балалардың типологиялық, жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес рухани-адамгершілік құндылықтарын,білім, білік, дағдыларын қалыптастыру.
3. Бағдарлама міндеттері:
1) есту қабілеті бұзылған балаларды түзету-дамыту көмегін көрсетуде педагогтарға көмек беру;
2) есту қабілеті бұзылғанбаланың жалпы дамуын жетілдіру;
3) есту қабілеті бұзылған балаларды мектепке даярлау;
4) білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, баланың зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық дамуы үшін білім беру салаларын кіріктіру,
5) тәрбиелік, дамытушылық және оқыту міндеттерінің бірлестігін, мектеп, балаларды тәрбиелеуде мектепке дейінгі ұйым мен отбасының ынтымақтастығын қамтамасыз ету.
4. Бағдарлама балалардың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал етеді.
5. Әр саладағы күтілетін нәтижелер оқыту мақсаттарының жүйесі арқылы беріледі.
6. Бағдарлама мазмұны балалардың психологиялық-физиологиялық даму кезеңдерін қамтиды:
1) бірінші кіші топ (2 – 3 жастағы балалар);
2) екінші кіші топ (3 – 4 жастағы балалар);
3) ортаңғы топ (4 – жастағы балалар);
4) мектепке дейінгі ұйымдағы ересектер тобы (5 – 6 жастағы балалар);
5) жалпы білім беретін мектептегі, лицейдегі, гимназиядағы мектепалды даярлық сыныбы (6 – 7 жастағы балалар).

2-тарау. Бірінші кіші топ (2-3 жастағы балалар)

1-параграф. «Коммуникация» білім беру саласы

7. «Коммуникация» білім беру саласының базалық мазмұны – тіл дамыту, есту арқылы қабылдау мен айтуды қалыптастыруды дамыту арнайы түзеу оқу қызметінде іске асырылады.

2-параграф. Тіл дамыту

8. «Тіл дамыту» арнайы түзеу оқу қызметінің базалық мазмұны – мектеп жасына дейінгі есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстарын жеңуге, тәжірибе жүзінде толыққанды қарым-қатынас жасау және қоғамға кіріктіру үшін коммуникациялық дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді.
9. Мақсаты ақыл-ой мен коммуникативті қызметтің негізгі компоненттерінің бірі ретінде сөйлеу тілін дамыту; тілдің базалық құндылықтарын игеру; мәдени-әлеуметтік өзара қатынас және қоршаған ортамен вербальді (ауызша) және вербальді емес (ауызша емес) құралдардың көмегімен қарым-қатынас жасауды қалыптастыруға дайындау болып табылады.
10. Міндеттер:
1) ересектер және құрдастарымен тілдесуде сөйлеу тілінің вербалды және вербалды емес түрлерін дамыту;
2) нақты сөйлеу жағдайында әр түрлі қарым-қатынас құралдарын қолдана білуді дамыту;
3) сөйлеу әрекетінің түрлерін дамыту (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым, дактилдеу, естіп-көру түйсігі);
4) сөйлеу тілі арқылы өз әрекеті мен мінез-құлқын реттеу біліктерін қалыптастыру;
5) күнделікті қарым-қатынаста және арнайы ұйымдастырылған сабақтарда тіл мәдениетіне тәрбиелеу;
6) тілдік қабілеттерін дамыту: ауызша сөйлеу тілін қабылдаудың сенсорлық негіздері,ересектердің заттық және сөйлеу іс-әрекеттеріне еліктеу,тілдік қатынаста кез келген игерілген сөйлеу әрекеті мен құралдарды қолдана білу,мағынасы белгілі сөздерді ауызша, жазбаша, дактильмен сәйкестендіру,сөйлеу түрлерінің ұқсас тұстарын таңдап қолдана білу.
11. Тіл дамыту бағдарламасы келесі бөлімдерді қамтиды:
1) қатынас;
2) қабылдау /сөйлеу тілін түсіну;
3) айтылым;
4) оқылым.

3-параграф. 1-жартыжылдық

12. Ұйымдастырылған оқу қызметінің бірінші жартыжылдығында «Тіл дамыту» жұмыстарының негізгі міндеті қоршаған адамдармен өзара қарым-қатынас процесінде, ауызша сөйлеу тілінің мәнін түсіну, әрі қатынас тәсілдерін және оның процесін бақылау біліктерін дамыту болып табылады. Есту қабілеті бұзылған балалар тиісті есту бейнелер негізінде, әртүрлі тілдік бірліктерді бөліп және ажыратуды үйренеді.
13. Қатынас:
1) қарапайым тапсырмаларды орындау;
2) ауызша амандасу, өтініш, тілек білдіру (шамамен);
3) заттарға деген өзінің қатынасын көрсету;
4) қатынасқа түсу мақсатында вокализацияларды,дыбыс тіркесімдерін, дыбыстық еліктеуді, былдыр сөздерді тілдік емес құралдармен сәйкес пайдалану: табиғи ым-ишара, тілдесу бағытына қатысы бар түрлі типтегі көзқарастар, заттарды көрсету, мимикалық экспрессия;
5) заттармен әрекеттерді бақылау;
6) әртүрлі жағдайда қатынас (коммуникация) процесін бақылау;
7) қатынас (коммуникация) процесін бақылау: мимика (бет қимылы), пантомимика, артикуляция аппаратының қозғалысы, көзқарас арқылы білдіру, заттық әрекет, дене қалпын өзгерту;
8) сәлемдесу және қоштасу;
9) еліктеудегі белсенділік, бірлескен әрекет ету барысында тілдесуге деген қызығушылық, ересектермен байланыс жасауға ынталандыру;
10) айналасындағылардың сөйлеу тілін мұқият тыңдау, сөйлеп тұрған адамның жүзіне тұра қарау.
14. Қабылдау /сөйлеу тілін түсіну:
1) енжар сөздік қорын толықтыру, айналасындағы заттарды, дене мүшелері мен адамның бет-келбетін білдіретін сөздерді меңгеру;
2) енжар сөздік қорын толықтыру, қарапайым ойын және тұрмыстық әрекеттерді білдіретін сөздерді меңгеру;
3) дидактикалық ойындарда кестеге тіркелген тиістісөзге қатыстытаныс заттарды табу (есту-көру арқылы);
4) табиғи және арнайы жасалған қатынас жағдайында кестеге тіркелген тиістісөзге қатысты таныс заттарды табу.
15. Айтылым:
1) айналасындағылардың артикуляциясына, мимикасына және пантомимикасына еліктеу;
2) сөздерді шамамен жақын көрсетілген түрде айту;
3) сөздерді шамамен жақын ұштасқан түрде айту;
4) заттардың аттарын айту, адамдардың есімін фонетикалық ырғақпен айту;
5) фотосуреттерден ата-аналары мен жақын туыстарын тану, ым-ишара білдіру;
6) ата-аналары мен туыстарын, үй жануарларын бейнелеп, байланыстырып шамалап айту;
7) таныс заттарды атау (шамамен).
16. Оқылым және жазылым:
1) тиісті затқа байланысты кестелерді (табличкаларды) іріктеу;
2) сөздерді (таңбалық) белгілеуде кестенің атқаратын қызметін түсіну;
3) затты атағанда кестелермен бірге көрсету (қостау).
17. Күтілетін нәтижелер:
1) қарапайым тапсырмаларды орындайды;
2) тілдік қатынасқа түсу мақсатында тілдік құралдарды пайдаланады;
3) заттың қимылын бақылайды;
4) тілдесім (коммуникация) процесін бақылайды;
5) таныс заттарды және іс-әрекеттерді атайды (шамамен);
6) фотосуреттерден ата-аналары мен жақын туыстарын атайды;
7) сөзбен айтылған таныс заттарды көрсетеді;
8) фотосуреттерден жақындарын, туыстарын тауып, ыммен көрсетеді;
9) затқа сәйкес кестелерді іріктеп, таңдап алады;
10) айналасындағылардың мимикасына (бет қимылы), пантомимикасына, артикуляциясына еліктейді;
11) ауызша сәлемдеседі (шамамен);
12) айналасындағылардың сөйлеу тіліне құлақ түріп, тыңдайды;
13) ауызша өтінішін білдіреді (шамамен);
14) сөйлеп тұрған адамның жүзіне тұра қарайды.

4-параграф. 2-жартыжылдық

18. Екінші жарты жылдықта белсенді сөйлеу тілін дамытуға баса назар аударылады. Есту қабілеті бұзылған балалар айналасындағы адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін пайдалануды; қатынас барысында қарапайым сөйлеу тілін қолдана білуді үйренулері керек. Балаларды жазбаша сөйлеу тілімен таныстырады.
19. Қатынас:
1) қатынас процесінің ерекшеліктерін бөліп көрсету: көзқарас арқылы білдіру (көз контактісі); мақұлдап немесе қарсы бас изеу; жымию, бас изеу, қолмен тиісті қимыл жасау; дауыстық реакция, сөйлеу тіліне еліктеу, дыбыс үйлестігі, дыбыс ұқсастығы, аморфты және былдыр сөздер,қарапайым сөздер;
2) ауызша-жазбаша қойылған сұрақтарға жауап беру;
3) заттарды қатыстырмай тапсырмаларды орындау;
4) заттарды қатыстырып тапсырмаларды орындау;
5) қанағаттанғанын, қанағаттанбағанын, қалау-қаламауын мимикамен, ым-ишарамен, сөзбен жеткізу;
6) ауызша амандасу, өтініш, тілек білдіру;
7) ауызша-жазбаша немесе ауызша-дактилді формада өтініш, тілектері туралы хабарлау;
8) келісу-келіспеудімимикамен, ым-ишарамен көрсету, сөзбен жеткізу;
9) қатынасқа түсу барысында дауыс белгілерін, қатысты, қатысы жоқ былдырды, сөздердің кескінін көрсету әрекеттерін қолдану;
10) заттық әрекеттерді бақылау, заттарды атау және оларға деген өзінің қатысын білдіру;
11) түрлі жағдайда тілдесім процесін бақылау;
12) қаратпа сөздерге жауап реакциялары: көзқарас арқылы білдіру (көз контактісі); ым-ишара, пантомимика; заттық әрекет, дене қалпын өзгерту; артикуляциялық аппараттың қозғалысы; дауысты қосу;
13) ауызша және ауызша-жазбаша қойылған сұрақтарға жауап беру;
14) ойын барысында ауызша сөйлеу тілін қолдану;
15) бірлескен әрекет ету барысында тілдесуге деген қызығушылық, ересектермен байланыс жасауға ынталандыру;
16) құрдастарымен тілік қатынас жасауға ынталандыру;
17) айналадағылардың сөйлеу тілін мұқият тыңдау, сөйлеп тұрған адамның жүзіне тұра қарау.
20. Қабылдау /сөйлеу тілін түсіну:
1) енжар сөздік қорын етістіктермен толықтыру, қарапайым ойын, тұрмыстық әрекеттерді және тапсырмаларды білдіретін сөздерді меңгеру;
2) енжар сөздік қорын зат есіммен толықтыру: айналасындағы нысандардың, жануарлардың, дене мүшелерінің, адамның бет-әлпетін білдіретін сөздер;
3) айтқанды түсіну және сұрақтарға жауап беру (ым-ишарамен,дауыс реакцияларымен, сөзбен, суреттінемесе заттарды көрсетумен);
4) сұрақтардың мағынасын түсіну;
5)ұғымдардың мәнін түсіну: дәмді, дәмсіз, болады, болмайды;
6) түрлі дыбыстық сигналдарды естіп, тану;
7) заттардың қасиеттерін білдіретін сөздерді түсіну;
8) ауызша және ауызша-дактилді белгілері бойынша объектілерді табу;
9) тек есту арқылы объектілерді табу;
10) тек жазбаша белгілері(кесте) бойынша объектілерді таба білу.
21. Айтылым:
1) қоршаған ортада заттардың орналуына қатысты бөліп айту;
2) орындайтын іс-әрекеттерді атау;
3) бақыланатын іс-қимылдарды атау;
4) сурет, мультфильмдер, фильмдер көрген кездегі іс-қимылдарды атау;
5) сөздер мен дыбыстық еліктеудің көмегімен жануарларды атау;
6) орындайтын іс-әрекеттерді қысқа сөйлемдермен айту;
7) әңгімелесушілердің артикуляциясына, мимикасына және пантомимикасына еліктеу;
8) сөздер мен сөз тіркестерін шамамен жақын көрсетілген түрде айту;
9) сөздер мен сөз тіркестерін шамамен жақын ұштасқан түрде айту;
10) тұрмыстық іс-әрекеттер мен ойынды сөйлеу тілімен ұштастыру;
11) қоршаған ортадағы іс-әрекеттерді, нысандарды сәйкестендіру білігі, оларды тілдік белгілеріне байланысты атау.
22. Оқылым:
1) танып оқу әртүрлі тақырыптық топтамалардан заттардың атын айту;
2) өз бетінше таңдаған кесте бойынша затты көрсету;
3) 2 заттан біреуін таңдау үшін кестелерді іріктеу;
4) кестеге сәйкес сыңарын табу (екеуі бірдей).
23. Күтілетін нәтижелер:
1) қарапайым тапсырмаларды заттармен, заттарсыз,орындайды;
2) келісу-келіспеуді мимикамен, ым-ишарамен білдіреді;
3) 2-3 заттан біреуін таңдау үшін кестелерді іріктейді;
4) қаратпа сөздерге жауап реакцияларын білдіреді;
5) кейбір сөздердің орнына дыбыстық еліктеуді қолданады;
6) түрлі жағдайда тілдесім процесін бақылайды;
7) заттарды іс-әрекетті атайды;
8) тек ауызша немесе жазбаша белгілері бойынша объектілерді табады;
9) ауызша-жазбаша қойылған сұрақтарға жауап береді;
10) айналасындағылардың мимикасына (бет қимылы), пантомимикасына, артикуляциясына еліктейді;
11) қойылған сұрақтардың мағынасын түсініп, сұрақтарға жауап береді;
12) сөздер мен сөз тіркестерін шамамен жақын көрсетілген және жақын ұштасқан түрде айтады;
13) амандасады;
14) кестені көрсетіп ауызшасұрайды;
15) заттардың сапасын, қасиеттерінбілдіретін сөздерді ажыратады;
16) айналадағылардың сөйлеу тілін тыңдайды, сөйлеп тұрған адамның жүзіне тұра қарайды;
17) қоршаған ортадағы іс-әрекеттерді, нысандарды сәйкестендіреді, оларды тілдік белгілеріне байланысты атайды;
18) ойын, әрекет барысында ауызша сөйлеу тілін қолданады;
19) қоршаған ортадағы түрлі дыбыстық сигналдарды таниды.

5-параграф. Есту арқылы қабылдау мен айтуды қалыптастыруды дамыту

24. Мақсаты есту қабілеті зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардың естіп қабылдау дағдыларын (есту-көру және есту негізінде) және ауызша сөйлеу тілінің айтылу тараптарын дамыту болып табылады.
25. Міндеттері:
1) есту қызметін дамыту (жетілдіру) және қалыптастыру;
2) тілдік және тілдік емес дыбыстардың табиғаты туралы көзқарастарын байыту;
3) ауызша сөйлеу тілін қабылдаудың сенсорлық негіздерін дамыту;
4) есту зейінін (түйсігін) дамыту;
5) анық, нақты табиғи сөйлеуді қалыптастыру;
26. Жартыжылдыққа бағдарламалық талаптардың көлемін баланың естіп қабылдауы мен сөйлеу тілінің даму деңгейіне және түзете оқыту процесіндегі жетістіктеріне байланысты сурдопедагог өз бетінше таңдайды. Бағдарламалық талаптар әліпбилік реттілікпен көрсетілген. Олардың мақсатқа сәйкестілігін сурдопедагог дербес орналастырады.
27. Бір жыл бойы балалар күнігe дыбыс күшейткіш құралдармен пайдаланулы, сабақта сапқа тұруды, серуендеу уақытында дыбыстық, дауыстық белгіге сурдопедагогқа немесе тәрбиешіге жақындауды үйренуі керек.
28. Дыбыстықынталандырулар дыбыс күшейткіштермен және таза есту арқылы қабылдау үшін беріледі. Баланың естіп қабылдауы мен сөйлеу тілінің даму деңгейіне қарай материал естіп-көру, есту, есту арқылы ауызша, ауызша-жазбаша, ауызша-дактилді түрде қабылдау үшін беріледі. 2-3 дыбыстауды айыру заттар мен бейнелері бар суреттерге сүйене отырып, жүзеге асырылады. Тілдік және тілдік емес дыбыстарды қабылдау, дыбыстау көзінен ара қашықтығы тұрақты арттырып отырып жүзеге асырылады.
29. Оқудың бірінші жылында бала дыбыстар әлемімен, қатынас жағдайларымен танысады, жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру және қарым-қатынасқа түсу үшін, ауызша сөйлеу тілінің қажеттілігін түсіне бастайды.

6-параграф. 1-жартыжылдық

30. Тілдік емес дыбыстау:
1) дыбысты оқшаулау және оның көзін, орналасқан жерін сөзбен атау немесе оны сұқ саусағымен ымдап көрсету;
2) ойыншықтардың дыбысталуын есту арқылы ажырату;
3) қарама-қарсы сипаты бойынша ойыншықтардың дыбысталуын есту арқылы ажырату;
4) есту-көру арқылы ұсынылған тілдік емес дыбыстауды ажырату;
5) ара қашықтығы тұрақты арттырылған дыбыстауға деген реакциясы;
6) тілдік емес дыбыстауға деген реакциясы: шу және қоршаған ортағы дыбыстар, музыка, ән шырқау, жануарлар дауыстары;
7) музыкалық ойыншықтармен ұсынылған дыбыстық ынталандыруларға деген реакциясы, ойыншықтардың дыбысталуына тиісті қозғалыстармен дыбыс тіркестерін айту;
8) музыкалық ойыншықтармен ұсынылған дыбыстық ынталандыруларды, ойыншықтардың дыбысталуына тиісті қозғалыс ырғағымен дыбыс тіркестерін дәл айту;
9) тілдік емес дыбыстауға шартты-қозғалыс реакциясы.
31. Тілдік дыбыстау:
1) естіп-көру жәнеесту арқылы ұсынылған қарапайым нұсқаулар мен тапсырмаларды орындау;
2) есту арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстарды айыру және дәл айту;
3) дыбысқа еліктеулерді дәл көрсету, естіп-көру жәнеесту арқылы айыру;
4) естужәне естіп-көру арқылы былдыр және толық сөздерді айыру;
5) ара қашықтығы тұрақты арттырылған тілдік дыбыстауға деген реакциясы(дыбыс күшейткішпен және жалаң құлаққа);
6) тілдік дыбыстауға шартты-қозғалыс реакциясы.
32. Ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру:
1) дыбыстарды, буындарды және қысқа сөздерді артикуляциялау және қимыл-қоғалыспен қайталау;
2) дыбысқа еліктеулер, былдыр сөздер мен дыбыстарды дәл айту (шамамен, дыбыстық алмастыруларды пайдалану арқылы);
3) дауысты және дауыссыз дыбыстарды қоюда қолдануға болатын фонетикалық ырғақтық қимыл-қозғалыстары пайдалану;
4) дыбыстар мен буындарды қысқа және ұзақ айту;
5) фонетикалық ырғақтықтың көмегімен буындарды айту темпін өзгерту;
6) сөйлеудегі тыныс алуды және ұзақ ауызбен дем шығаруды бақылау;
7) фонетикалық ырғақтықтың көмегімен дауысты және дауыссыз дыбыстарды айту;
8) ауызша сөйлеу (айту) мүмкіндіктерінің деңгейіне қарай ауызша сөйлесу.
33. Күтілетін нәтижелер:
1) дыбыстарды, дыбысқа еліктеуді, былдыр мен толық сөздерді, дәл айтады;
2) естіп-көру жәнеесту арқылы ұсынылған қарапайым нұсқаулар мен тапсырмаларды орындайды;
3) тыңдау реакциясын көрсетеді;
4) фонетикалық ырғақтықтың көмегімен тілдік емес және тілдік дыбыстау темпін өзгертеді;
5) дыбыстау көзін, орналасқан жерін табады;
6) ауызша айту мүмкіндіктерінің деңгейіне қарай ауызша сөйлеседі;
7) дыбысқа еліктеулер, былдыр сөздерді таниды;
8) фонетикалық ырғақтықтың көмегімен дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтады;
9) естіп-көру жәнеесту арқылыбылдырды, толық сөздерді айырады, ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады;
10) ара қашықтығы тұрақты арттырылған тілдік емес және тілдік дыбыстауларға реакция білдіреді;
11) тұрмыстық дыбыстарды, қалалық және табиғи шуларды таниды.

7-параграф. 2-жартыжылдық

34. Тілдік емес дыбыстау:
1) дыбысты оқшаулау және оның көзін, орналасқан жерін сөзбен атау немесе оны сұқ саусағымен ымдап көрсету;
2) есту арқылы дыбысталу ұзақтығын ажырату;
3) есту арқылы дыбысталу темпін ажырату;
4) қоршаған ортағы шынайы дыбыстарға деген реакциясы;
5) ара қашықтығы тұрақты арттырылған тілдік емес дыбыстауға деген реакциясы;
6) ұсынылған тілдік емес дыбыстық ынталандыруларға, тиісті қимыл-қозғалыс, дауыссыз және дауыс реакцияларын білдіру;
7) есту арқылы таңдау бойынша 3-4 музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажырату.
35.Тілдік дыбыстау:
1) ұсынылған тілдік ынталандырулардың сипаттамасын сөздермен, дыбыс тіркестерімен, дауыспен дәл айту, көрсету;
2) дыбысқа еліктеулер, былдыр сөздерді тану;
3) дауыс шыққан жаққа бас немесе денені бұру;
4) былдырды, толық сөздерді, дыбысқа еліктеулерді естіп-көру және есту арқылы айыру;
5) естіп-көру және есту арқылы дауыстың қарқындылығын ажырату;
6) естіп-көру және есту арқылы дауыстың ұзақтығын ажырату;
7) ара қашықтығы тұрақты арттырылған (дербес) тілдік дыбыстауға деген реакциясы;
8) таныстарының, жақындарының дауыстырын тану.
36. Ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру:
1) дыбыстарды, буындар мен қысқа сөздерді артикуляциялау және оны қимыл-қоғалыспен қайталау;
2) әртүрлі қарқынмен, түрлі қимылдардың сүйемелдеуімен буындарды айту;
3) толық сөздерді дәл айту (шамамен, дыбыстық алмастыруларды пайдалану арқылы);
4) екі сөзден тұратын сөз тіркестерін дәл айту (толық, толық емес, былдыр, дыбысқа еліктеу);
5) фонетикалық ырғақтықтың көмегімен буындарды айту темпін өзгерту;
6) фонетикалық ырғақтықтың көмегімен дауыс күшін өзгерту;
7) фонетикалық ырғақтықтың көмегімен бір буындық қатардан, екінші буындық қатарды бөліп, айыру;
8) кемінде 3 дауысты дыбысты айту;
9) кемінде 3 дауыссыз дыбысты айту;
10) фонетикалық ырғақтықтың көмегімен буындарды бірге қосып айту.
37.Күтілетін нәтижелер:
1) ұсынылған ынталандырулардың сипаттамасын дәл айтады, көрсетеді;
2) толық сөздерді әр түрлі тәсілдермен дәл айтады;
3) екі сөзден тұратын сөз тіркестерін дәл айтады;
4) фонетикалық ырғақтықтың көмегімен дауыс күшін өзгертеді;
5) фонетикалық ырғақтықтың көмегімен буындарды айту темпін өзгертеді;
6) есту арқылы дыбысқа еліктеулер, былдыр сөздерді таниды;
7) фонетикалық ырғақтықтың көмегімен бір буындық қатарды, екінші буындық қатардан бөліп, айырады;
8) дауыс шыққан жаққа бұрылады;
9) кемінде 3 дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады;
10) есту арқылы дыбысталу ұзақтығын ажыратады;
11) есту арқылы таңдау бойынша 3-4 музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады;
12) есту арқылы дыбысталу темпін ажыратады;
13) естіп-көру және есту арқылы былдырды, толық сөздерді, дыбысқа еліктеулерді ажыратады;
14) естіп-көру және есту арқылы дауыстың қарқындылығын ажыратады;
15) таныстарының, жақындарының дауыстырын таниды.

3-тарау. Екінші кіші топ (3-4 жастағы балалар)

1-параграф. «Коммуникация» білім беру саласы

38. «Коммуникация» білім беру саласының базалық мазмұны – тіл дамыту, есту арқылы қабылдау мен айтуды қалыптастыруды дамыту арнайы түзеу оқу қызметінде іске асырылады.

2-параграф. Тіл дамыту

39. Екінші оқу жылында, егер балаларды оқытуды 2 жастан басталса,оларды кестеде жазылған сөздерді танып оқуға, педагогтар айтатын сөздер мен сөйлемшелерді естіп-көріп қабылдауға, нақты сөйлеу жағдайларда ұсынылатын тілдік материалдыөз бетінше шамамен жақын көрсетілген және жақын ұштасқан түрде айтуға үйретеді.Дактиль сөздерді меңгеруге дайындық жұмыстары жүргізіледі.
40.Егер балаларды оқыту 3 жастан басталса,онда бағдарламаның бірінші оқу жылыныңмазмұнынжоспарлау кезінде тіл дамыту жұмыстары жүзеге асырылады және 2-ші оқу жылындабалалардың есту, сөйлеу және интеллектуалды даму деңгейі ескеріледі.
41.Тақырыптық топтамалар бойынша сөздік іс-қимыл, қасиеттері, сапа, кеңістікте орналасқан заттардыңатауларыныңсанын ұлғайту есебінен кеңейеді (сын есім, үстеу, етістіктің түрлері).

3-параграф. 1-жартыжылдық

42. Қатынас:
1) заттың қимылын бақылау, заттарға деген өзінің қатынасын білдіру;
2) қатынас (коммуникация) процесін бақылау: мимика (бет қимылы), пантомимика, артикуляциялық аппаратының қозғалысы, көзқарас арқылы білдіру, заттық әрекет, дене қалпын өзгерту;
3) «сөйлейтін», «дыбысталатын» ойыншықтарға қызығушылығын ояту, мультфильмдер көрсету, әндер мен әуендерді тыңдау;
4) бірлескен әрекет ету барысында тілдесуге деген қызығушылық, ересектермен байланыс жасауға ынталандыру;
5) құрдастарымен қатынас жасауға ынталандыру, ойын барысында ауызша сөйлеу тілін қолдану;
6) айналадағылардың сөйлеу тілін мұқият тыңдау, сөйлеп тұрған адамның жүзіне тұра қарау;
7) сөйлесу барысында көрсетілетін жауап реакциялары: мақұлдап немесе қарсы бас изеу; қолмен тиісті қимыл жасау; дауыстық реакция, сөйлеу тіліне еліктеу, дауысты дыбыстарды айту, жекелеген дыбыстарды ұштастыру;
43. Қабылдау /сөйлеу тілін түсіну:
1) есту арқылы ауызша, ауызша-жазбаша түрде тапсырмаларды орындау;
2) енжар сөздік қорын зат есімдермен толықтыру, айналасындағы заттарды атау;
3) енжар сөздік қорын етістіктермен сын есімдермен толықтыру;
4) енжар сөздік қорын есімдіктермен толықтыру;
5) үстеудің, септеуліктердің, сын есімдердің мәнін түсіну;
6) уақытты және кеңістіктікті білдіретін сөздердің мәнін түсіну;
7) бүтін сөйлемшелердің мәнін түсіну;
8) сұрақтардың мағынасын түсіну, сұрақтарға жауап беру (қысқаша, толық жауаптар);
9) сұрақтарды түсіну және есту арқылы ауызша, ауызша-жазбаша түрде сұрақтарға жауап беру;
10) сабақта орындалған тапсырмаларды есту арқылы ажырату (балалардың есту мүмкіндіктерін, жеке дара ерекшеліктерін ескеру);
11) есту-көру және есту арқылы таныс сөздер мен қарапайым сөйлемдердіажырату (тапсырма, сұрақтар);
12) есту-көрутүйсігі арқылы тілдік қатынас құралдарын қабылдау;
13) тиісті кестеге сәйкес заттар немесе суреттерді ауызша айту арқылы тану; тек ауызша айту немесе кесте бойынша тану;
14) тек ауызша белгілері бойынша нысанды табу білігі;
15) жекеше және көпше түрдегі зат есімдерді сәйкестендіру, салыстыру.
44. Айтылым:
1) тиісті 2-4 кестеден көрсету арқылы өтініш, тілектері, хабарлама, сұрақтары туралы (шамамен) ауызша жеткізу;
2) сөйлеу тілінде сын есімдер мен үстеуді пайдалану;
3) затты атағанда сөзнемесе қысқа сөз тіркестерібаспа әріптермен жазылған кестелермен бірге көрсетіп айту;
4) заттардың сапасын, қасиеттерін білдіретін сөздерді, іс-әрекеттерді атайды (сын есім, үстеу);
5) сөздерді шамамен жақын көрсетілген түрде фонетикалық ырғақ арқылы айту;
6) айналасындағылардың мимикасына (бет қимылы), пантомимикасына, артикуляциясына еліктеу;
7) сөздер мен сөз тіркестерін шамамен жақын көрсетілген түрде және шамамен жақын ұштасқан түрде айту;
8) тұрмыстық іс-әрекеттерді сөйлеу тілімен сүйемелдеу(ұштастыру);
9) сөздерді шамамен жақын ұштасқан түрде фонетикалық ырғақ арқылы айту;
10) «сөйлейтін» ойыншықтарға қызығушылығын ояту;
11) адамдардың, жануарлардың, заттардың, бейнелерінен тану, айту;
12) саусақтарға арналған жаттығулар орындау (дактилемалардың үйлесімі);
13) кестелердің көмегімен ауызша, ауызша-дактилді заттарды, іс-әрекеттерді атау.
45. Оқылым:
1) үлгі бойынша дактилемаларды еске түсіріп көрсету;
2) қол саусақтары, білезігіне арналған жаттығулар мен заттық әрекеттерді орындау (дактилге дайындау);
3) танып оқу (кестеде жазылған сөздерді танып, көрсету): Әртүрлі тақырыптық топтамалардан заттарды көрсету; іс-әрекет, сұрақтар;
4) қазақ әліппиіндегі әріптермен танысу;
5) заттарға немесе суреттерге қатысты табличкаларды іріктеп, сәйкестендіру, оқу (танып оқу);
6) кітаптағы иллюстрацияларды көрсету;
7) өз бетінше қарапайым фразалар мен сөздерді дактилдеу;
8) үлгі бойынша қима әліппиден сөздер құрастыру;
9) тек ауызша немесе жазбаша белгілері бойынша объектіні (затты) табу білігі (кестеге қарап).
46. Күтілетін нәтижелер:
1) үлгі бойынша сөздерді дактилдің көмегімен көрсетеді;
2) сөйлеу тілін қолдану арқылы ересектермен, құрдастарымен қатынас жасайды;
3) есту арқылы ауызша, ауызша-жазбаша түрде тапсырмаларды орындайды;
4) тиісті 2-4 кестеден көрсету арқылы өтініш, тілектері, хабарлама, сұрақтары туралы (шамамен) ауызша жеткізеді;
5) қазақ әліппиіндегі әріптерді таниды;
6) сөйлеу тілінде сын есімдер мен үстеуді пайдаланады;
7) сөздер мен сөйлемшелерді баспа әріптермен жазылған тиісті кестені көрсету арқылы айтады;
8) үндеуге әртүрлі тәсілдермен жауап береді;
9) айналасындағылардың мимикасына (бет қимылы), пантомимикасына, артикуляциясына еліктейді;
10) қойылған сұрақтардың мағынасын түсініп, сұрақтарға ауызша, ауызша-жазбаша түрде жауап береді;
11) маңызы бар 2-3 сөзден тұратын сөйлемшелердің мағынасын түсінеді;
12) өз бетінше қарапайым фразалар мен сөздерді дактилдейді;
13) тұрмыстық іс-әрекеттерді шынайы, эмоционалды көркемдеп айтады (хабарлама, сұрақ, түрткі);
14) үлгі бойынша қима әліппиден сөздер құрастырады;
15) айналасындағы объекті (затты) бейнесі бойынша таниды, айтады.

4-параграф. 2 -жартыжылдық

47. Қатынас:
1) тілдік қатынасқа деген қажеттілікті сөйлеу тілі арқылы білдіру;
2) сөйлесу барысында көрсетілетін жауап реакциялары: мақұлдап немесе қарсы бас изеу, қолмен тиісті қимыл жасау, дауыстық реакция, сөйлеу тіліне еліктеу, дауысты дыбыстарды айту, жекелеген дыбыстарды ұштастыру;
3) тілдесім (коммуникация) процесін бақылау: мимика (бет қимылы), пантомимика, артикуляциялық аппаратының қозғалысы, көзқарас арқылы білдіру, заттық әрекет, дене қалпын өзгерту;
4) бірлескен әрекет ету барысында тілдесуге деген қызығушылық, ересектермен байланыс жасауға ынталандыру;
5) құрдастарымен тілік қатынас жасауға ынталандыру;
6) ойын барысында ауызша сөйлеу тілін қолдан;
7) айналадағылардың сөйлеу тілін мұқият тыңдау, сөйлеп тұрған адамның жүзіне тұра қарау;
8) сұрақ қою біліктілігі;
9) затпен және заттарды қатыстырмай тапсырмаларды орындау білу;
10) қарапайым тапсырмаларды жеткізе білу.
48. Қабылдау /сөйлеу тілін түсіну:
1) енжар сөздік қорын сан есімдермен үстеу, есімдік, сан есім, септеуліктермен толықтыру;
2) ашық райдағы етістіктерді түсіну;
3) жіктеу есімдігін (мен), тәуелдеу есімдігін (менің) түсіну;
4) жекеше және көпше түрдегі зат есімдердің мағынасын түсіну;
5) жалпылама сөздердің мәнін, заттардың бөлікшетерін білдіретін сөздердің мағынасын түсіну;
6) оқиғалар,қалайтын іс-әрекеттері, отбасы туралы сұрақтардың мағынасын түсіну,сұрақтарға жауап беру;
7) 2-4 сөзден тұратын сөйлемшелердің мәнін түсіну;
8) дыбыс, графема, артикулемалардың байланысын түсіну;
9) есту-көру және есту арқылы таныс сөздер мен сөз тіркестерін ажырату;
10) әуен, ән тыңдауға,мультфильмдер көруге деген қызығушылығын ынталандыру;
11) сөздегі бастапқы дауысты дыбысты табу білігі.
49. Айтылым:
1) тиісті 2-3 кестеден көрсету арқылы өтініш, тілектері, хабарлама, сұрақтары туралы (шамамен) ауызша жеткізеді;
2) заттарды атауларына байланысты топтау (жалпылау);
3) заттардың сапасын, қасиеттерін іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді, есімдіктерді,септеуліктерді атайды;
4) сұрақтардың көмегімен заттарды немесе суреттерді суреттеу;
5) кестелердің көмегімен заттарды немесе суреттерді суреттеу;
6) айналасындағылардың артикуляциясына, мимикасына и пантомимикасына еліктеу;
7) шамамен сөздер мен фразаларды байланыстырып, біріктіріп айту;
8) шамамен сөздер мен фразаларды бейнелі көрсетіп айту;
9) тұрмыстық іс-әрекеттерді шынайы, эмоционалды көркемдеп айту;
10) толықтауышы бар жайылма сөйлем құрастыру;
11) сұрақтардың көмегімен сөйлемше құрастыру (кестеде, тақтаға жазылған сөздер арқылы);
12) адамдардың бір-бірімен заттарды, құбылыстарды іс-әрекетерді салыстыру білігі;
13) ауызша белгілері немесе кестелер бойынша заттар мен бейнелерді тану;
14) сұраулы сөйлемдерді қолдану;
15) сөйлеуде бұйрық райда етістіктерді енгізе отырып, жекеше, көпше түрде қолдана білу.

(Жалғасы 15-бетте)

(Жалғасы. Басы 13-14-беттерде)

50. Оқылым және жазылым:
1) кітаптағы білетін сөздер мен фразаларды танып оқу;
2) танып оқу (кестеде жазылған сөздерді танып, көрсету): Әртүрлі тақырыптық топтамалардан заттарды көрсету; іс-әрекет, сұрақтар;
3) жазылған суреттерге қарап білетін сөздерді танып оқу;
4) қазақ әліппиіндегі әріптермен танысу;
5) ауада, тақтаға, қағазға баспа әріптермен балалардың аттарын жазу;
6) заттарға немесе суреттерге қатысты табличкаларды іріктеп, сәйкестендіру, оқу (танып оқу);
7) қима әріптерден балалардың аттарын құрастырып жазу;
8) үлгі бойынша қима әріптерден сөздер құрастыру;
9) кестеде берілген сөздерді таңдап суретке сәйкестендіріп құрау;
10) 2-3 қатардағы дауыстылардан бірізділікпен дауысты дыбыстарды атау білігі;
11) қолды жазуға дайындауға арналған жаттығулар;
12) өз бетінше фразалар мен сөздерді ауызша-дактилді формада айту.
51. Күтілетін нәтижелер:
1) сөздің дыбыстық құрылымын талдайды;
2) тиісті 2-3 кестеден көрсету арқылы өтініш, тілектері, хабарлама, сұрақтары туралы (шамамен) ауызша жеткізеді;
3) әртүрлі тақырыптық топтамалардан заттардың атын танып оқиды, іс-әрекетке, суретке қатысты сұрақтар;
4) заттарды атауларына байланысты топтайды (жалпылау);
5) қазақ әліппиіндегі әріптерді таниыйды;
6) табличкалар мен сұрақтардың көмегімен заттарды немесе суреттерді суреттейді;
7) қойылған сұраққа жауап береді;
8) тапсырманы айтып жеткізеді;
9) ауада, тақтаға, қағазға баспа әріптермен балалардың аттарын жазады;
10) айналасындағылардың артикуляциясына, мимикасына и пантомимикасына еліктейді;
11) ашық райда етістіктерді енгізе отырып, жекеше, көпше түрде қолдана білуді түсінеді;
12) жекеше және көпше түрдегі зат есімдердің мағынасын түсінеді;
13) есімдік, шылау, заттардың сапасын, қасиеттерін білдіретін сөздерді, іс-әрекеттерді түсініп, қолданады;
14) ауызша белгілері бойынша 2-3 сөзден тұратын сөз тікестері мен фразаларды түсініп айтады;
15) қима әріптерден сөздерді құрастырып жазады;
16) тұрмыстық іс-әрекеттерді шынайы, эмоционалды көркемдеп айтады;
17) сұрақтардың көмегімен сөйлемшелер құрастырады;
18) кестеден 100 сөзге дейін (зат есім, етістік, сын есім, үстеу, сан есім), 20-25 тапсырма, сұрақ, хабарламаны таниды;
19) ауызша белгілері немесе кестелер бойынша заттар мен бейнелерді таниды.

5-параграф. Есту арқылы қабылдау мен айтуды қалыптастыруды дамыту

52. Сөздік екпінді бөлу үшін әр түрлі жаттығулар өткізіледі, оны орындау барысында балалар буындарды айта отырып, шапалақ ұрады, ритмді қағады, дирижерлік етеді.
53. Есту қабілетінің елеулі төмендеуі бар балалардың ауызша сөйлеу тілі бір саздылығымен, ырғақсыздығымен ерекшеленеді, сондықтан оқудың екінші жылында сөйлеу тілінің ырғақ қатарымен жұмысты ең алдымен табиғи, сондай-ақ арнайы ұйымдастырылған жағдайды пайдалана отырып, еліктеу негізінде мақсатты түрде басталады.

6-параграф. 1-жартыжылдық

54. Тілдік емес дыбыстау:
1) екі буынды ырғақтарды дәл айту;
2) есту және естіп-көру негізінде 3-4 дыбыстаулардың санын анықтау;
3) есту арқылы таңдау бойынша музыкалық ойыншықтардың дыбыстауларын ажырату;
4) есту арқылы дыбысталу темпін ажырату;
5) ара қашықтығы тұрақты арттырылған тілдік емес дыбыстауға деген реакциясы (жалаң құлаққа);
6) баланың немесе педагогтің дауыспен, қимыл – қозғалысымен нені бейнелеп, көрсеткенін табу.
55. Тілдік дыбыстау:
1) дыбыс қатарынан дауысты дыбыстарды бөлу;
2) дыбыс қатарынан дауыссыз дыбыстарды бөлу;
3) есту арқылы тапсырмалар мен нұсқауларды орындау;
4) есту арқылы толық сөздерді тану;
5) есту арқылы сөз тіркестерін тану;
6) есту арқылы дыбысқа еліктеулерді, былдыр сөздерді тану;
7) қарама-қарсылық принципі бойынша дауысты дыбыстарды ажырату;
8) артикуляциялануы бойынша ұқсас дауысты дыбыстарды ажырату;
9) есту арқылыдыбысқа еліктеулерді, былдыр және толық сөздерді айыру (2-3 таңдау бойынша);
10) есту арқылы 2 таңдау бойынша қысқа сөз тіркестерін табу;
11) ашық буында артикуляциялануы бойынша ерекшеленетін дауыссыз дыбыстарды ажырату;
12) дыбыстың шығу орнынан ара қашықтығы тұрақты арттырылған тілдік сигналға деген реакциясы (жалаң құлаққа);
13) буынды бірқатардан бір буынды бөлу.
56. Ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру:
1) буындар мен сөздер материалында дауысты дыбыстарды машықтандыру (автоматтандыру);
2) буындар мен сөздер материалында дауыссыз дыбыстарды машықтандыру (автоматтандыру);
3) дыбыстарды, буындарды және қысқа сөздерді артикуляциялау және қимыл-қоғалыспен қайталау;
4) буын, сөз, (сөздің бөлшегі) ұғымдарын меңгеру және осы түсініктерді пайдалану білігі;
5) әр түрлі темпен, түрлі қимылдардың сүйемелдеуімен буындарды айту.
6) буындар мен сөздер материалында дауысты дыбыстарды айыру (дифференциациялау);
7) еліктеу арқылы дауыс биіктігін өзгерту;
8) эмоциялық жай-күйлерді, адамдарға тән мінездерді, жануарлардың қылықтарын ұқсатырып көрсету;
9) әр түрлі сезімдерді тек дауыспен емес, ым-ишаратпен, дене қимылымен, табиғи ым-ишаралармен көрсету;
10) еліктеу арқылы қалыпты, жоғары, төмен дауыс биіктігімен дауысты дыбыстар мен буындарды айту;
11) І концентр бойынша дауысты, дауыссыз дыбыстарды айту;
12) фонетикалық ырғақтықтың көмегімен айту темпін өзгертіп қалыпты, тез және баяу қарқынмен буындарды айту;
13) екі сөзден тұратын сөз тіркестерін айту;
14) фонетикалық ырғақтықтың көмегімен буындарды бірге қосып айту;
15) сөздік екпінді сақтау;
16) көру арқылы екі, үшбуынды ашық буындардан тұратын сөздерге ырғақтық сипаттама беру білігі;
17) берілген дыбысқа сөздер таңдау білігі.
57. Күтілетін нәтижелер:
1) екі буынды ырғақтарды дәл айтады;
2) әртүрлі темпен, түрлі қимылдардың сүйемелдеуімен буындарды айтады;
3) сөздегі екпінді буынды сақтап айтады;
4) есту және естіп-көру арқылы тапсырмалар мен нұсқауларды орындайды;
5) дауыс биіктігін өзгертеді;
6) эмоционалдық жай-күйлерді, адамдарға тән мінездерді, жануарлардың қылықтарын ұқсатып көрсетеді;
7) әртүрлі сезімдерді көрсетеді;
8) қоршаған ортағы дыбыстарды таниды;
9) алаң құлақпен);
10) есту арқылы толық сөздерді, сөз тіркестерін таниды;
11) есту және естіп-көру негізінде шамамен 3дыбыстаудың санын анықтайды;
12) бір дем шығаруда 2-3 толық сөздерден тұратын сөз тіркестерін айтады;
13) есту арқылыдыбысқа еліктеулерді, былдыр және толық сөздерді ажыратады (2-3 таңдау бойынша);
14) есту арқылы 3-4-тен таңдау бойынша музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады (дыбыс күшейткіш құралмен және жалаң құлақпен);
15) есту арқылы 2-ден таңдау бойынша қысқа сөз тіркестерін ажыратады (дыбыс күшейткіш құралмен және жалаң құлақпен);
16) есту арқылы дыбысталу темпін ажыратады (дыбыс күшейткіш құралмен және жалаң құлақпен);
17) баланың немесе педагогтің дауыспен, қимыл – қозғалысымен нені бейнелеп, көрсеткенін табады.

7-параграф. 2-жартыжылдық

58. Тілдік емес дыбыстау:
1) дыбыстаудың сипатын айтады;
2) есту және естіп-көру негізінде 4 дыбыстаулардың санын анықтау;
3) жануарлардың дауыстарын ажырату;
4) есту арқылы 4-тен таңдау бойынша музыкалық ойыншықтардың дыбыстауларын ажырату;
5) әртүрлі дыбыстаулардың сипатын ажырату (темпі, биіктігі, ұзақтығы, күші, саны);
6) таныс әндерді тану.
59. Тілдік дыбыстау:
1) есту арқылы тапсырмалар мен нұсқауларды орындау;
2) есту арқылы қысқа сөз тіркестерін тану;
3) есту арқылы толық сөздер мен сөз тіркестерін тану;
4) ересектер мен балалардың дауыстарын тану;
5) дыбыстың шығу орнынан ара қашықтығы тұрақты арттырылған тілдік материалды тану, ажырату (дыбыс күшейткіш құралмен және жалаң құлақпен);
6) есту арқылы 2-ден таңдау бойынша қысқа сөз тіркестерін ажырату;
7) буынды бірқатардан бір буынды бөлу.
60. Ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру:
1) буындар мен сөздер материалында дауысты дыбыстарды машықтандыру (автоматтандыру);
2) буындар мен сөздер материалында дауыссыз дыбыстарды машықтандыру (автоматтандыру);
3) жағдаятты, дауысты дыбыстар, қарапайым буындармен қоса дене қимылымен, мимикамен, табиғи ым-ишаралармен көрсету;
4) буындар мен сөздер материалында дауысты дыбыстарды айыру (дифференциациялау);
5) 4-тен кем емес дауысты дыбыстарды айту;
6) 7-ден кем емес дауыссыз дыбыстарды айту;
7) сөздерді айту (толық, жақын және толық емес);
8) сөйлеудегі тыныс алуды және ұзақ ауызбен дем шығаруды бақылау;
9) сөздік екпінді сақтау;
10) көру арқылы бірбуынды сөздерге ырғақтық сипаттама беру білігі.
61. Күтілетін нәтижелер:
1) дыбыстаудың сипатын айтады;
2) есту арқылы нұсқаулар мен тапсырмаларды орындайды;
3) жағдаятты дене қимылымен, мимикамен, табиғи ым-ишаралармен көрсетеді;
4) есту арқылы толық сөздерді, сөз тіркестерін қысқа сөйлемшелерді ажыратады;
5) есту және естіп-көру негізінде 4 дыбыстаулардың санын анықтайды;
6) кемінде 4 дауысты, 7дауыссыз дыбыстарды айтады;
7) сөздерді толық, жақын айтады;
8) ересектердің, балалардың, жануарлардың дауыстарын ажыратады;
9) тұрақты ара қашықтығы арттырылған тілдік дыбыстауларға реакция білдіреді;
10) есту арқылы таңдау бойынша 4-тен музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады;
11) есту арқылы 2-ден таңдау бойынша қысқа сөз тіркестерін айтады;
12) әртүрлі дыбыстаулардың сипатын ажыратады (қарқыны/темпі, биіктігі, ұзақтығы, күші, саны);
13) сөздегі екпінді сақтап айтады;
14) таныс әндердітаниды.

4-тарау.Ортаңғы топ (4-5 жастағы балалар)

1-параграф. «Коммуникация» білім беру саласы

62. «Коммуникация» білім беру саласының базалық мазмұны – тіл дамыту, есту арқылы қабылдау мен айтуды қалыптастыруды дамыту арнайы түзеу оқу қызметінде іске асырылады.

2-параграф. Тіл дамыту

63. Оқытудың 3-жылында балаларды: кітапта, тақтада, қағазда, кестеде баспа әріптермен жазылған сөздерді дактилді талдап оқуға; меңгерілген тілдік материалдың дыбыстық-әріптік белгілерінің құрамынбекіту үшін ауызша-дактилдеп айтуға; ауызша сөйлеу тілін қолдануғаүйретеді.
64. Нашар еститін балаларға арналған топтарда сөйлеу тілінің дактилді түрі талдап оқуды меңгеру процесіндегі сөздің дыбыстық-әріптік құрамын нақтылау үшін,көмекші құрал ретінде пайдаланылады.
65. Тақырыптық топтамалар бойынша сөздік іс-қимыл, қасиеттері, сапа, кеңістікте орналасқан заттардың атауларының санын ұлғайту есебінен кеңейеді (сын есім, үстеу, етістіктің түрлері). Сөздіктің көлемін ұлғайту жекелеген іс-әрекеттерді нақтылау, талдау есебінен жүргізіледі.

3-параграф. 1-жартыжылдық

66. Қатынас:
1) әңгімелесушіні мұқият тыңдайды;
2) сөйлеу этикетінің ережелерінбіледі;
3) бейтаныс адамдармен сөйлесу;
4) бейтаныс еститін балалармен тілдесу;
5) заттарды, суреттерді, топтағы құрдастарымен болған оқиғаларды талқылау (табличкалар, педагогтың көмегімен);
6) дербес сәлемдесу және әр түрлі жағдайларда қоштасу;
7) әңгіме барысында кезектілік сақтау немесе сөйлеу үшін төзімділік танытып, өз кезегін күту;
8) ауызша немесе ауызша-дактилді формада жасаған әрекеті туралы хабарлау;
9) ауызша сөйлеу тілі арқылы қатынасқа түсуге тырысады;
10) ойын жағдайын «сөйлету» білігі және осы негізде сөйлеу тілінің коммуникативтік қызметін дамыту;
11) сұрақтарға қысқаша және толық жауап беруді білу, сұрақтар қою, диалог жүргізу, бір-бірін соңына дейін тыңдау;
12) танысу-әңгімеге қатысу.
67. Қабылдау /сөйлеу тілін түсіну:
1) үлгі бойынша етістіктерді қолданып бейнелік, заттық әрекеттерді орындау;
2) ауызша нұсқау бойынша бейнелік, заттық әрекеттерді (бұйрық райда) орындау;
3) тапсырмаларды орындау;
4) заттарды, суреттерді атауы, дыбысталуы бойынша топтастыру;
5) ауызша немесе ауызша-дактилді формадасұрақтарға жауап беру;
6) жалпылама сөздердің мағынасын түсінеді;
7) етістіктерді қарама-қарсы мәні бойынша ажырату;
8) сын есімдерді, қарама-қарсы мәні бойынша ажырату;
9) 3-4 сөзден тұратын сөйлемшелердің мәнін түсіну;
10) сұраулы, мақұлданған, лепті интонацияларды түсіну, ажырату;
11) мәтіндегі себеп-салдарлық байланыстарды түсіну, сұрақтарға жауап беру;
12) етістіктің осы және өткен шақтағы мәндерін ажырату;
13) сөздердің жекеше, көпше түрдегі мәндерін ажырату;
14) ертегілер, әңгімелер, өлеңдер тыңдау;
15) етістіктің жекеше, көпше түрін осы және өткен шақта зат есіммен үйлестіру;
16) жіктеу есімдігін түсіну;
17) тәуелдеу есімдігін түсіну;
18) тәуелдеу есімдіктерді түсіну;
19) септеу сұрақтарын түсіну.
68. Айтылым:
1) жалпы топтан берілген заттар мен олардың суреттерін тауып айтылған орынға орналастыру;
2) жалпылама қолданылатын сөйлеу түрлерінде қарапайым сөздерді және дыбыстық еліктеулерді алмастыру;
3) қысқа мәтінді, өлең шумақтарын жатқа оқу;
4) жіктеу және тәуелдеу есімдігін қолдану;
5) енжар сөздік қорынан заттың атын, іс-әрекетін білдіретін жаңа сөздерді қолдану;
6) тәуелдеу есімдігін қолдану;
7) сөйлемнің әртүрлі типтерін қолдану;
8) тілдік қатынаста өз қалауын білдіру үшін ауызша, ауызша-дактилді, жазбаша сөйлеу тілін қолдану (сұрақтар, түрткі салу, хабарлама, келіспеу);
9) іс-әрекетін, қасиеттері мен сапасын, есімдерін, септеуліктерін, санын білдіретін таныс заттарды атау;
10) заттардың атын оларға кестеде жазылған сөздер мен қысқа фразаларды қою арқылы атау;
11) бірнеше сөйлемді біріктіріп, қысқа әңгіме құрау;
12) сұрақтар бойынша заттар мен суреттерді ересектердің көмегімен суреттеу;
13) заттар мен суреттегі заттардың бейнесін, іс-қимылды суреттеу;
14) сюжетті суреттерді сипаттау;
15) сөйлеуде жеке сөздерге бөлмей толық фразаларды қолданып жауап беру (сұрақ-жауап);
16) тапсырманы орындау туралы есеп беру;
17) таныс заттар мен суреттерге кестені сәйкестендіріп шамалап айту;
18) сөздерді, фразаларды байланыстырып, біріктіріп сөздерді бейнелі көрсетіп шамалап айту;
19) үйде, серуенде, топтағы жағдаяттар туралы әңгімелеу (3-4 сөйлем);
20) тұрмыстық іс-әрекеттерді шынайы, эмоционалды көркемдеп айту (хабарлама, сұрақтар, түрткі салу);
21) суреттер, сұрақтар, іс-әрекеттер бойынша көмекші сөздер (жанында, қасында, астында, үстінде) көмегімен жалаң және жайылма сөйлем құрау;
22) сөйлеуде жалпылама сөздерді қолдану;
23) етістікті ашық райда осы және өткен шақта қолдану;
24) зат есімді жекеше, көпше түрде қолдану.
69. Оқылым және жазылым:
1) фразаларды, сөз тіркестерін, сөздерді талдап (дактилдеп) оқу (кестеде жазылған сөздер);
2) қысқа әңгімелерді драмалау (3-4 сөйлеммен);
3) сөздерді дыбыстық талдау-жинақтау;
4) берілген мәтінге байланысты сұрақтарға жауап беру;
5) өзі туралы мәліметтерді баспа әріптермен жазу;
6) оқылған мәтінге қатысты суреттерді таңдау (3-4 сөйлем);
7) өз бетінше қысқа сөздерді талдап (дактилдеп) оқу;
8) заттық немесе ілеспе суреттерге қарап 2-3 сөйлемнен тұратын мәтін құрау және оқу (кестенің көмегімен берілген сұрақтар бойынша);
9) ілеспе суреттер бойынша (3-4 сөйлем) әңгіме құрау (таныс сөздер беріледі);
10) қима әріптерден сөздер құрастыру;
11) кітаптағы жазылған суреттерге қарап білетін 2-4 сөздерді, фразаларды тану;
12) кітаптан мәтін оқу, оқыған мәтінді драмалау, суреттерді таңдау (3–4 сөйлем).
70. Күтілетін нәтижелер:
1) бейтаныс ересек адамдармен, балалармен сөйлеседі;
2) мәтіндегі себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсетеді, сұрақтарға жауап береді;
3) тапсырманы орындайды, есеп береді;
4) үлкендердің көмегімен қысқа әңгімелерді драмалайды (3-4 сөйлеммен);
5) іс-әрекетін, қасиеттері мен сапасын, есімдерін, септеуліктерін, санын білдіретін таныс заттарды атайды;
6) топтағы құрдастарымен болған оқиғаларды талқылайды;
7) сұрақтар бойынша заттар мен суреттерді ересектердің көмегімен сөз тізбесімен суреттейді;
8) сөйлеуде жеке сөздерге бөлмей толық фразаларды қолданып жауап береді;
9) өзі туралы мәліметтерді баспа әріптермен жазады;
10) оқылған мәтінге қатысты суреттерді таңдайды;
11) жалпылама сөздердің, 3-4 сөзден тұратын фразалардың мағынасын түсінеді;
12) сұраулы, мақұлданған, лепті интонацияларды ажыратады;
13) үйде, серуенде, топтағы жағдаяттар туралы әңгімелейді;
14) өз бетінше қысқа сөздерді талдап (дактилдеп) оқиды;
15) дербес сәлемдеседі, қоштасады;
16) ертегі, өлең, әңгімелерді тыңдайды;
17) ауызша немесе дактилді формада жасаған әрекеті туралы хабарлайды;
18) суретке қима әріптерден сөздер құрастырады;
19) заттық немесе ілеспе (сюжетті) суреттерге қарап 2-3 сөйлемнен тұратын мәтін құрайды;
20) сөйлеуде жалпылама сөздерді қолданады;
21) етістікті ашық райда осы және өткен шақта қолданады;
22) зат есімді жекеше, көпше түрде қолданады;
23) танысу-әңгімеге қатысады;
24) қысқа мәтіндерді талдап (дактилдеп) оқиды.

4-параграф. 2-жартыжылдық

71. Қатынас:
1) екі құрамдас тапсырмаларды орындау (бұйрық райда етістіктерді енгізе отырып);
2) ауызша, ауызша-дактилді, жазбаша сөйлеу түрлерін түрлі коммуникативтік қажеттілік үшін қолдану (сұрақтар, түрткі салу, хабарлама, теріске шығару);
3) бір-біріне тапсырма беру;
4) өзі туралы әңгімелеу;
5) сұрақ қою біліктілігі;
6) ойын жағдайын «сөйлету» білігі және осы негізде сөйлеу тілінің коммуникативтік қызметін дамыту.
72. Қабылдау /сөйлеу тілін түсіну:
1) мазмұны бойынша қысқа әңгімелерді, өлеңдерді қабылдау;
2) жекеше және көпше түрдегі сөздердің мағынасын түсіну;
3) мазмұны бойынша қысқа әңгімелерді, өлеңдерді түсіну;
4) заттардың тәуелді тиістілігіне байланысты түсіну;
5) кішірейту, еркелету сөздерінің мәнін түсіну;
6) жеке-жеке сөздерге бөлмей толық сөйлемшелерді түсіну;
7) кеңістіктік қатынастарды білдіретін үстеу және септеуліктерді түсіну;
8) жекеше және көпше түрдегі зат есімдерді ажырату;
9) өз бетінше оқиғалар, жаңалықтар туралы хабарлау;
10) 3-4 сөйлемшеден тұратын байланыстырып әңгімелеуді естіп-көріп қабылдау (суреттерге сүйеніп, сөздерді таңдау бойынша дактилдеу);
11) шығарма кейіпкелерімен бірге әсерлену, олардың әрекеттеріне қатынасын білдіру;
12) заттарды сипаттау бойынша тану (2-4 сөйлем).
73. Айтылым:
1) зат есімнің көпше түрін қолдану;
2) сөзжасамның кейбір тәсілдерін қолдану;
3) енжар сөздік қорынан заттың атын, іс әрекетін, құрамын, сапасын, санын, есімін, орнын білдіретін жаңа сөздерді қолдану;
4) сөйлемнің әртүрлі типтерін қолдану;
5) тілдік жаттығуларды, дидактикалық ойындарды өткізу барысында тілдік қатынаста өз қалауын білдіру үшін (сұрақтар, түрткі салу, хабарлама, келіспеу) ауызша, ауызша-дактилді, жазбаша сөйлеу тілін қолдану;
6) заттардың атын атау және олардың бейнесін сипаттау, кестемен сәйкестендіру;
7) сюжетті суреттерді 2-3 сөз тізбегімен сипаттау;
8) сұрақтарға 2-3 сөзден тұратын сөз тізбегімен жауап беру;
9) тәжірибеде сөзді өзгерту, сөзжасам, сөйлем құрау үлгілерімен танысу;
10) заттарды, суреттерді толық сипаттау;
11) өз бетімен сұрақ қою;
12) белгілі тақырыпта әңгімелесу барысында қолдау білігі (2-3 тақырыпқа байланысты сұрақтар);
13) зат есім мен етістікті, зат есім мен сын есімді жалғау арқылы тіркестендіру;
14) сұраулы сөйлемдерді әңгімелесу барысында қолдану;
15) сыпайы сөздерді қолдану;
16) сөйлемнің құрылымына мән бермей 1, 2, 3 жақтағы зат есімдерді атау септігінен басқа септіктерде қолдану.
74. Оқылым / жазылым:
1) кітаптан таныс сөздерді, фразаларды талдап оқу;
2) ересектердің өлең, әңгіме оқығанына, ертегі айтқанына, кітаптан көрсеткеніне қызығушылық таныту;
3) ата-анасының, балалардың аты жөнін баспа әріптермен жазу;
4) бір тақырыптық топтамадан заттардың атын жазу. (5-6 сөз);
5) өзі туралы мәліметтерді баспа әріптермен жазу (жасы, тегі, аты, мекен-жайы);
6) ілеспе суреттерге қарап сөйлемдерді (3-4 сөйлем) іріктеу (кестенің көмегімен);
7) қима әріптерден балалардың аттарын құрастырып жазу;
8) үйде, серуенде, топтағы жағдаяттарға байланысты қысқа әңгімелер құрастыру (3-4 сөйлем);
9) тікелей буындарды дауысты әріпке бағыттап түрлі түсті фишкалардан, әріптерден тізбектеп біріктіріп оқу;
10) қысқа әңгіме оқу (танып оқу);
11) кітаптан мәтін оқу, оқыған мәтінді драмалау, суреттерді таңдау (мәтін мөлшері 3-4 сөйлем).
75. Күтілетін нәтижелер:
1) екі құрамдас тапсырмаларды орындайды;
2) өз бетімен сұрақ қояды;
3) ересектердің оқығанын тыңдайды, кітапқа қызығушылық танытады;
4) зат есімнің көпше түрін сын есіммен қиыстырып қолданады;
5) сөйлеу түрлерін түрлі коммуникативтік қажеттілік үшін қолданады;
6) сюжетті суреттерді 2-3 сөз тізбегімен сипаттайды;
7) сұрақтарға 2-3 сөзден тұратын сөз тізбегімен жауап береді;
8) тапсырманы үшінші жаққа жеткізеді;
9) 3-4 ілеспе суреттерге сөйлемшелерді таңдайды (кесте);
10) берілген тақырыптағы әңгімені сұрақ-жауап түрінде жалғастырады;
11) қысқа өлең, әңгімелерде не туралы айтылатынын түсінеді;
12) өзі туралы әңгімелейді;
13) мәтінге қатысты суреттер таңдайды, өзі салады;
14) өз бетінше жағдайды, жаңалықтарды ақпараттандырады, хабарлайды;
15) қима әріптерден балалардың аты-жөнін, тегін, өзінің мекен-жайын, таныс заттардың аттарын құрастырып жазады;
16) шығарма кейіпкелерімен бірге әсерленеді, олардың әрекеттеріне қатынасын білдіреді;
17) үйде, серуенде, топтағы жағдаяттарға байланысты қысқа әңгімелер құрастырады (3-4 сөйлем);
18) заттарды сипаттау бойынша таниды (2-4 сөйлем);
19) өз бетінше оқиға желісін суреттейді, оқығаны бойынша сахыналық қойылымдарға қатысады;
20) қысқа әңгіме оқиды (аналитикалық оқу).

5-параграф. Есту арқылы қабылдау мен айтуды қалыптастыруды дамыту

76. Бір жыл бойы балалар дыбыс күшейткіш жеке есту аппараттарын өз бетімен киіп, шешуді, оларды қосып, өшіруді, жұмыс істейтін, істемейтінін тексеруді үйренеді; аппараттарындағы дыбыс реттегіштерін орнатуды; кохлеарлы имплантпен қолдануды үйренеді; есту аппараттары мен кохлеарлы имплантардың нашар естіліп тұрғандығы туралы хабарлайдые.
77. Оқудың үшінші жылында ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру; сөздің дыбыстық-буындық құрылымын сақтап айту жұмыстары жалғасады; Балаларға сөздерді дәлме-дәл немесе шамалап айту ұсынылады. Балалар 2-4 таныс сөзден құралған сөзді тіркестіреді.

6-параграф. 1-жартыжылдық

78. Тілдік емес дыбыстау:
1) есту арқылы дыбыс бағытын анықтау;
2) есту және естіп-көру негізінде 5-тен дыбыстаулардың санын анықтау;
3) есту және естіп-көру арқылы үш буынды ырғақтарды дәл айту;
4) жануарлардың дауыстарын ажырату (4-тен таңдау бойынша);
5) есту арқылы үш буынды ырғақтарды тану, дәл айту;
6) ара қашықтығы тұрақты арттырылған тілдік емес дыбыстауға деген реакциясы (жалаң құлақпен).
79. Тілдік дыбыстау:
1) естіп-көру және есту арқылы екі буынды нұсқаулықтар мен тапсырмаларды орындау;
2) есту арқылы сабақты, тұрмыс жағдайын ұйымдастыруға қатысты тілдік материалды тану;
3) есту арқылы үш буынды ырғақтарды дәл айту;
4) есту арқылы сабақты, тұрмыс жағдайын ұйымдастыруға қатысты тілдік материалдыажырату;
5) ара қашықтығы тұрақты арттырылған тілдік дыбыстауға деген реакциясы (жалаң құлақпен);
6) топтағы балалардың дауыстарын тану;
7) екпіні, дауыс ырғағы өзгертілген буындардың тізбегін есте сақтау, айту білігі;
8) еркін ойын және сөйлеу әрекетінде есту арқылы дыбыс, буын, сөз, сөйлемдегі артикуляциялануы бойынша ұқсас дауыссыз дыбыстарды ажырату.
80. Ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру:
1) буындар мен сөздер материалында дауысты дыбыстарды машықтандыру (автоматтандыру);
2) буындар мен сөздер материалында дауыссыз дыбыстарды машықтандыру (автоматтандыру);
3) сөздердің дыбыстық-буындық құрамын бұзбай айту;
4) жағдаятты, былдыр, толық сөздермен қоса дене қимылымен, мимикамен, табиғи ым-ишаралармен көрсету;
5) буындар мен сөздер материалында дауыссыз дыбыстарды айыру (дифференциациялау);
6) дауыс биіктігін өзгерту: ақырын, қатты, қаттырақ;
7) қалыпты биіктіктегі дауысты қолдану;
8) өз дауысынының күші мен биіктігін бақылау, қадағалау;
9) сөздермен сөз тіркестерін қалыпты, жоғары, төмен биіктіктегі дауыспен айту;
10) қалыпты, жылдам, баяу темппен әртүрлі дауысты, дауыссыз дыбыстармен буындарды айту;
11) тілдік материалды бірге, айқын екпінмен, артық дыбыссыз, бір қарқынмен, шынайы дыбыстауға жақын айту;
12) 1-концентр бойынша дауысты, дауыссыз дыбыстарды айту;
13) сөздер мен қысқа сөз тіркестерін қалыпты, баяу, жылдам темппен айту;
14) әртүрлі буындық күрделі сөздерді айту;
15) буындарды біртіндеп жылдамдатып, баяулатып айту;
16) таныс 2-4 сөздің ішінен сөз тіркестерін біріктіріп айту;
17) сөзделогикалық екпінді сақтау;
18) сөйлеуде қалыпты қарқынды сақтау (еліктеу арқылы);
19) жаттығулар, өлеңдер, күлдіргі әңгімеде ересектердің сөздерін, сөз тіркестерін сөйлемдерін аяқтау біледі;
20) екі буынды ашық буындардан тұратын сөздерді бөлу;
21) көру арқылы екі буыннан тұратын сөздердегі дауыссыз дыбыстарға дыбыстық толықтырулар мен ырғақтық сипаттама беру білігі.
81. Күтілетін нәтижелер:
1) сөздердің дыбыстық-буындық құрамын бұзбай айтады;
2) естіп-көру және есту арқылы екібунды нұсқаулықтар мен тапсырмаларды орындайды;
3) жағдаятты, былдыр, толық сөздермен қоса дене қимылымен, мимикамен, табиғи ым-ишаралармен көрсетеді;
4) дауыстың күші, қарқыны, биіктігін өзгертеді;
5) есту арқылы сабақ, балалардың тұрмыс жағдайын ұйымдастыруға қатысты тілдік материалды таниды;
6) есту арқылы 5 дыбыстаулардың санын, дыбыс бағытын анықтайды;
7) қалыпты, жылдам, баяу қарқынмен сөздерді толық, жақын айтады;
8) есту арқылы сабақты, тұрмыс жағдайын ұйымдастыруға қатысты тілдік материалды ажыратады;
9) жануарлардың дауыстарын ажыратады (4-тен таңдау бойынша);
10) есту арқылы үш буынды ырғақты таниды;
11) дыбыстың шығу орнынан ара қашықтығы тұрақты арттырылған тілдік сигналға деген реакциясын білдіреді (жалаң құлаққа);
12) сөйлемшедегі логикалықекпінді сақтайды;
13) топтағы балалардың дауыстарын таниды.

7-параграф. 2-жартыжылдық

82. Тілдік емес дыбыстау:
1) есту арқылы 5-6 дыбыстаулардың санын анықтау;
2) есту арқылы қоршаған орта дыбыстарын, тұрмыстық шуларды тану;
3) есту арқылы вальс, марш, полькаңы тану;
4) есту арқылы бірге және үзік-үзік дыбысталуларды тану;
5) дыбыс бағытын анықтау (алдынан – артынан – оң жақта – сол жақта).
83. Тілдік дыбыстау:
1) сөйлеу тіліне деген белсенді ырықты зейін;
2) есту арқылы үш буынды ырғақтарды ажырату;
3) есту арқылы дыбыс бағытын анықтау (оң жақта – сол жақта);
4) сабақты ұйымдастыруға қатысты тілдік материалды тану;
5) дыбыс бағытын анықтау (алдынан – артынан – оң жақта – сол жақта).
84. Ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру:
1) буындар мен сөздер материалында дауысты дыбыстарды машықтандыру (автоматтандыру);
2) буындар мен сөздер материалында дауыссыз дыбыстарды машықтандыру (автоматтандыру);
3) айталанатын ырғақты дәл айту;
4) жағдаятты, толық сөздер мен сөз тіркестерімен қоса дене қимылымен, мимикамен, табиғи ым-ишаралармен көрсету;
5) буындар мен сөздер материалында дауысты, дауыссыз дыбыстарды айыру (дифференциациялау);
6) сөйлеу тіл ырғақтылығы мен интонациясын, дауыс модуляциясын бақылау;
7) ырғақ бойынша сөздерді таңдау;
8) дауысты дыбыстарды немесе буындарды айтуда дауысты біртебірте күшейту не азайту;
9) өтініш, шаттық, ауырсыну, айыптау, түрткі салу,сұрақ қою ырғағымен дауысты дыбыстарды айту;
10) 14-ден кем емес дауыссыз дыбыстарды айту;
11) 8-тен кем емес дауысты дыбыстарды айту;
12) сөздерді айту (бірге, екпінді қойып, қалыпты қарқынмен, толық, шамалап);
13) сөзде логикалық екпінді бөліп көрсету;
14) суреттегі бейнеленген жағдайды эмоционалды бағалау.
85. Күтілетін нәтижелер:
1) қайталанатын ырғақты дәл айтады;
2) жағдаятты, толық сөздер мен сөз тіркестерімен қоса дене қимылымен, мимикамен, табиғи ым-ишаралармен көрсетеді;
3) есту арқылы (2-3) балаларға таныс тақпақтар мен өлеңдерді таниды;
4) басқа сабақтардың тілдік материалдарын таниды;
5) есту арқылы дыбыс бағытын анықтайды (алдынан – артынан – оң жақта – сол жақта);
6) ырғақ бойынша сөздерді таниды;
7) өтініш, шаттық, ауырсыну, айыптау, түрткі салу,сұрақ қою ырғағымен айтып жеткізеді;
8) кемінде 14 дауыссыз,кемінде 8 дауысты дыбыстарды айтады;
9) сөздерді екпінді қойып, қалыпты қарқынмен, толық, шамалап бірге айтады;
10) есту арқылы қоршаған орта дыбыстарын, тұрмыстық шуларды таниды, ажыратады;
11) есту арқылы 5-6 дыбыстаулардың санын анықтайды;
12) есту арқылы вальс, марш, польканы ажыратады;
13) есту арқылы бірге және үзік-үзік дыбысталуларды ажыратады;
14) есту арқылы үш буынды ырғақтарды ажыратады;
15) кемінде 8 дауысты,кемінде 14 дауыссыз дыбыстарды айтады;
16) сөйлемшеден логикалық екпінді бөліп көрсетеді.

5-тарау. Ересектер тобы (5-6 жастағы балалар)

1-параграф. «Коммуникация» білім беру саласы

86. «Коммуникация» білім беру саласының базалық мазмұны – тіл дамыту, есту арқылы қабылдау мен айтуды қалыптастыруды дамыту арнайы түзеу оқу қызметінде іске асырылады.

2-параграф. Тіл дамыту

87. Ересектер тобында сөйлеу тілінқалыптастыру жұмыстары, олардың қызмет атқару жағдайына сәйкес түрлі формада жүргізіледі. Оқытудың барлық жылдарында дактилология қосалқы, көмекші құрал ретінде қолданылады (саналы сөйлеу, жазу, оқуды игеру үшін).
88. Тақырыптық топтамалар бойынша сөздік іс-қимыл, қасиеттері, сапа, кеңістікте орналасқан заттардың атауларының санын ұлғайту есебінен кеңейеді (сын есім, үстеу, етістіктің түрлері).

3-параграф. 1-жартыжылдық

89. Қатынас:
1) тапсырмаға, оқиғаға, ойынға деген қатынасын білдіру;
2) сөйлеуде сұраулы, бұйрық сөйлемдерді қатынас міндеттерімен сәйкес қолдану;
3) өзі, өзінің отбасы, мүдделері, тілектері туралы ақпарат алмасу;
4) ақпаратты нақтылауға бағытталған сұрақтарға жауап беру;
5) балалар жасаған бұйымдарды, тапсырмаларды орындауды бағалау;
6) жағдайға байланысты сөйлеу этикет ережелерін сақтау;
7) болғаніс-әрекет, оқиға. туралы хабарлау.
90. Қабылдау /сөйлеу тілін түсіну:
1) бөлшектелген тапсырмаларды орындау;
2) екі-үш құрамды тапсырмаларды жеткізу, орындау;
3) жұмбақтарды шешу;
4) антонимдердің,септеуліктердіңмәнін түсіну;
5) «дыбыс», «әріп», «сөз», «буын» сөздерінің мәнін түсіну;
6) синонимдердің мәнін түсіну, сөздерді алмастыру;
7) балалардың айналасында орын алып жатқан жағдайды түсініп, бағалау;
8) зат есімнің көпше, жекеше түрде септік жалғауларыныңбарыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септігінде мәнін түсіну;
9) қалжың сөйлеуді түсіну;
10) өтінішті қайталау, түсіндіру, негіздеу;
11) сөздердің мағыналық реңкін ажырату;
12) жіктеу есімдігінің септіктерін тану;
13) заттарды танып, сипаттау.
91. Айтылым:
1) топтағы балалар алдында хабарлама жасау;
2) өлеңді мәнерлеп оқу;
3) зат есімді септеу;
4) сөйлеуде жалпылама сөздерді қолдану; сөйлеуде жеке сөздерге бөлмей толық фразаларды қолдану;
5) сөзжасам тәсілдерінің кейбірін қолдану;
6) сезімді білдіретін сөздерді қолдану;
7) өткен шақта етістіктің жекеше, көпше түрлерін қолдану;
8) қысқа және толық жауаптар;
9) заттардың бөліктерін, жануарлардың дене мүшелерін атау;
10) қосымшаларды жалғау арқылы сөзжасау;
11) ойын барысында фильм,мультфильм, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін көрсету, шығарманың атын айту;
12) есімдіктерді дұрыс қолдану (мен, маған, менде);
13) сөзді өзгерту (түрлендіру), сөзжасам, сөйлем жиілілік моделдерімен тәжірибе жүзінде танысу;
14) фразаны толықтыруды ойластыру;
15) өз бетінше сөйлеу барысында қажетті жағдайға қатысты пікір айту түрлерін қолдану (сұрақтар, түрткі салу, хабарлама, келіспеу);
16) атау септікте зат есімнің жекеше, көпше түрін сын есіммен қиыстырып қолдану;
17) тәуелдеу есімдігін зат есіммен, сөздерді шақ, септіктермен қиыстырып қолдану;
18) сюжетті суреттер (сериясы) бойынша қысқа әңгіме құрастыру;
19) сюжетті суреттерге сипаттама беру(5–6 сөйлем);
20) кестеде көрсетілген сұрақтар көмегімен берілген тақырып бойынша ілеспе (сюжетті) суреттерге қарап 5–6 сөйлемнен тұратын әңгіме құрау;
21) берілген тақырып бойынша мәтіндегі шашылған сөздерден әңгіме құрастыру (5-6 сөйлем);
22) адамдардың бір-бірімен заттарды, құбылыстарды іс-әрекетерді салыстыру білігі;
23) сөздердің антонимін табу білігі;
24) сөздердің синонимін табу білігі;
25) «бір» сан есімін атау септігінде жекеше, көпше түрде зат есіммен тіркестіру білігі;
26) атау септігінен басқа септіктерде зат есімдердің мәнін ашатын көмекші сөздерді қолданып берілген конструкциялар құру.
92. Оқылым және жазылым:
1) кітаптан қысқа мәтіндерді талдап (дактильдеп) оқу (жазылған суреттер);
2) тақырыптық топтамалардан суреттерге қатысты жазбаларды қима әріптерден құрастыру;
3) тақырыптық топтамалардан сөздерді сөздікке жазу;
4) мәтіннің мазмұны бойынша сурет салу;
5) өзі туралы мәліметтерді баспа әріптермен жазу (жасы, тегі, аты, мекен-жайы);
6) баспа әріптермен сұрақтарға жауап жазу;
7) оқылған мәтінге қатысты суреттерді таңдау (3–4 сөйлем);
8) берілген әріпке байланысты сөздерді таңдау;
9) қысқа өлең шумақтарын жатқа оқу (ауызша сөйлеу тіліне қойылатын барлық талаптарға сай);
10) оқылған мәтін бойынша қойылымдарға қатысу (әңгіме, ертегі бойынша).
93. Күтілетін нәтижелер:
1) қима әріптерден сөздер мен сөйлемшелер құрастырады;
2) екі-үш құрамдас тапсырмаларды орындайды;
3) тапсырмаға, оқиғаға, ойынға, адамға және олардың әрекеттеріне деген қатынасын білдіреді;
4) өлеңді мәнерлеп оқиды;
5) сөздікке сөздерді тақырыптық топтама бойынша жазады;
6) зат есімдерді септейді;
7) мәтінді суреттеп, сипаттайды;
8) жалпылау сөздерді қолданады;
9) жеке сөздерге бөлмей толық фразаларды қолданады;
10) заттардың бөлшектерін, бөлімдерін атайды;
11) өзі, өзінің отбасы, мүдделері, тілектері туралы ақпаратпен алмасады;
12) жағдаяттарға байланысты қысқа, толық жауап береді;
13) ақпаратты нақтылауға бағытталған сұрақтарға жауап береді;
14) жұмбақтарды шешеді;
15) өзі туралы мәліметтерді баспа әріптермен жазады;
16) синонимдердің мәнін түсінеді, сөздерді алмастырады;
17) қалжың сөйлегенді түсінеді;
18) фразаны толықтыруды ойластырады;
19) өтінішті қайталауды, түсіндіруді, негіздеуді сұрайды;
20) шығарманың тақырыбын, кейіпкелерін атайды, мультфильм, фильм, ертегі желісін ойнатады;
21) өз бетінше сөйлеу барысында қажетті жағдайға қатысты пікір айтады;
22) жағдайға байланысты сөйлеу этикет ережелерін сақтауды біледі;
23) сөздерді септікте, жекеше, көпше түрде жіктейді;
24) берілген тақырыпта сюжетті суреттер, сюжетті суреттер сериясын суреттейді, әңгіме құрастырады;
25) заттарды, құбылыстарды, іс-әрекеттерді адамдарды бірімен-бірін салыстырады;
26) заттарды сипаттау бойынша таниды;
27) кітаптан, тақтадан, қағаз беттерінен мәтіндерді оқиды (жазылған суреттер).

4-параграф. 2-жартыжылдық

94. Қатынас:
1) болып жатқан жағдайға өз көзқарасын білдіру;
2) сөйлеу этикетінің ережелерін сақтау;
3) әңгімелесу, сұхбатты қолдау сондай-ақ бейтаныс адамдармен де;
4) мәтінге байланысты сұрақтар қоя білу және жауап беру.
95. Қабылдау /сөйлеу тілін түсіну:
1) өзінің сөзіндегі қателердітүзету;
2) «дыбыс», «әріп», «сөз», «буын», «дауысты дыбыс», «дауыссыз дыбыс» сөздерінің мәнін түсіну;
3) педагогтың белгілі бір тақырып бойынша байланыстырып айтқан әңгімесін түсіну (естіп-көру арқылы);
4) қалжың сөйлегенді түсінеді;
5) заттарды, адамдарды сипаттау бойынша тану;
6) қаратып айтқан сөздерерді түсінеді, сұхбатты жалғастыру, әңгімелесушіні тыңдай білу;
7) зат есімнің көпше түрін меңгеру.
96. Айтылым:
1) есімдіктерді қолдану;
2) айналасындағылармен қарым-қатынас орнату және өтініш білдіру үшін қажетті сөздерді қолдану;
3) объектілер мен заттардың бөлшектерін, мағызды белгілерін білдіретін сөздерді қолдану;
4) заттың сапасын білдіретін сөздерді сипаттауда үстеу, сын есімді қолдану (түсі, пішіні, көлемі, материалы, сапасы);
5) әңгіме, ертегінің мазмұнын айту;
6) кеңістікте орналасуын, қолданылу бағыттарының мәнін ашатын үстеуді қолданып берілген конструкциялар құру;
7) тәжірибе жүзінде сөзді өзгерту (түрлендіру), сөзжасам, сөйлем құрау үлгілерімен танысу;
8) тәжірибеде сөзді өзгерту (жақ, жалғау, септік, шақ);
9) оқиғалар, жаңалықтар туралы әңгімелеу (сұрақтар, тірек сызбалардың көмегімен, өз бетінше);
10) сан есімді зат есіммен қиыстыру білігі (жалғау, септік);
11) қалауынша суретке негізелген ертегі бойынша қысқаша әңгімелеу;
12) өз бетінше оқыған журнал, кітап, көрген телебағдарлама, фильм, мультфильм, серуендеу барысындағы жағдай мен құбылыстардағы таныс заттарды тану, атау;
13) жайылма сөйлемді қолдану білігі;
14) сан есімді зат есіммен қиыстыру білігі;
15) диалог құру білігі;
16) сөйлегенде сұрақтарды қолдану;
17) әртүрлі септікте сөйлем құрамында зат есімнің жекеше, көпше түрін сын есіммен қиыстырып қолдану;
18) зат есімді үстеумен қиыстырып қолдану.
97. Оқылым және жазылым:
1) кітаптан әңгіме кейіпкерін бөле отырып, мәтінді оқу;
2) кітаптан мәтін оқу, оқыған мәтінді драмалау, суреттерді таңдау;
3) таныс сөздер мен сөз тіркестерін педагогтің айтуы бойынша жазу.
98. Күтілетін нәтижелер:
1) заттың сапасын білдіретін сөздерді сипаттауда сын есімді үстеу, сан есімді қолданады;
2) айналасындағылармен қарым-қатынас орнату және өтініш білдіру үшін қажетті сөздерді қолданады;
3) өзінің сөзіндегі қателерді түзетеді;
4) әңгіме, ертегілерді әңгімелейді, мазмұнын айтады;
5) таныс сөздерді педагогтің айтуы бойынша жатқа жазады;
6) әңгімелесушілердің сөзін түсінеді, талқылау тақырыбын бөліп көрсетеді, сөзге қосылады;
7) оқиғалар, жаңалықтар туралы әңгімелейді;

(Жалғасы 16-бетте)

(Жалғасы. Басы 13-15-беттерде)

8) сөйлеу этикетінің ережелерінсақтайды;
9) қалауынша суретке негізелген ертегі, әңгіме құрастырады;
10) оқыған журнал, кітап, көрген телебағдарлама, фильм, мультфильм көру, серуендеу барысындағы жағдай мен құбылыстардағы заттарды таниды, сипаттайды, атайды;
11) әңгімені, сұхбатты қолдауды біледі;
12) жіктелген сөздердің мағынасын түсінеді, сөздерді септікте түрлендіріп сөйлеуде қолданады;
13) мәтінді оқиды, оқиға желісін талқылайды, басты кейіпкелерді бөліп көрсетеді, оқыған мәтінді драмалайды, соған сәйкес сурет салады.

5-параграф. Есту арқылы қабылдау мен айтуды қалыптастыруды дамыту

99. Қандай да бір дыбысты үйрету 1-2 апта ішінде жүргізіледі. Егер бұл уақытта дыбыс пайда болмаса, онда келесі дыбысқа көшеді, ал біраз уақыттан кейін балалар әлі айтып үйренбеген дыбысқа қайтадан оралады.
100. Оқудың төртінші жылында сөйлеу тілінің фонетикалық жағы нақтыланады; сөзді дәлме-дәл айту дағдылары қалыптасады; фразалық сөйлеу тілі дамиды.
101. Дыбысталудың сандарын дәл айту тәсілі: тиісті санды саусақтарымен және сандармен көрсету, атау, буындарды айта отырып, шапалақ ұру, дыбысталу санын тарсылдату, дыбысталатын ойыншықтарда ойнау.

6-параграф. 1-жартыжылдық

102. Тілдік емес дыбыстау:
1) дыбысты оқшаулау және оның көзін, шыққан жерін сөзбен атау (жоғарыда, төменде);
2) есту арқылы 6-7 дыбыстаулардың санын ажыратып, айту;
3) есту арқылы жоғары, төмен дыбыстауларды ажырату;
4) есту арқылы сөйлеу тілін, вокалды, аспаптық музыканы ажырату;
5) есту арқылы ерлер, әйелдер және балалар дауыстарын ажырату;
6) есту арқылы оркестрлік, хормен және жеке орындауды ажырату;
7) дыбыстың шығу орнынан ара қашықтығы тұрақты арттырылған тілдік емес сигналға деген реакциясын білдіру (жалаң құлаққа);
8) 3-4 буындық ырғақты ажыратып, айту;
9) есту арқылы жануарлар мен құстардың дауыстарын ажырату (3-4-тен таңдау кезінде).
103. Тілдік дыбыстау:
1) сөйлеу тіліне деген белсенді ырықты зейіннің болуы, қаратып айтылған сөзді тыңдау, әрі оның мазмұнын түсіну;
2) сөздердің, сөз тіркестерінің, сөйлемшелердің айтылу қарқыны бойынша айту;
3) естіп-көру арқылы үш буынды нұсқаулықтар мен тапсырмаларды орындау;
4) есту арқылы балаларға арналған өлеңдер мен әндерді тану;
5) есту арқылы «Қоршаған ортамен танысу» тақырыптары бойынша тілдік материалды тану;
6) есту арқылы «Тіл дамыту» тақырыптары бойынша тілдік материалды тану;
7) есту арқылы «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру» тақырыптар бойынша тілдік материалды тану;
8) естіп-көру және есту арқылы ұсынылған сұрақтарға жауап беру;
9) есту арқылы таныс фразаларды ажырату;
10) дыбыстың шығу орнынан ара қашықтығы тұрақты арттырылған тілдік сигналға деген реакциясын білдіреді (жалаң құлаққа).
104. Ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру:
1) сөздер мен сөз тіркестерінің қарқыны мен ырғағын өзгерту (үлгі бойынша, сызба бойынша);
2) бір дем шығаруда дауысты бірте-бірте арттыру және төмендету арқылы буындарды айту;
3) қалыпты, тез және баяу қарқынмен таныс сөздердің атауларын айт;
4) сөздер мен сөз тіркестерін әр түрлі күштегі дауыспен айту;
5) тілдік материалды бірге, айқын екпінмен, артық дыбыссыз, орфоэпия нормаларын сақтап, бір қарқынмен, шынайы дыбыстауға жақын айту;
6) суреттегі немесе сюжетті суреттерде бейнеленген сол немесе өзге жағдайға сәйкес түрлі интонациямен сөз тіркестерін айту;
7) сөзде логикалық екпінді бөліп көрсету;
8) сөздік екпінді сақтау білігі;
9) сөйлеуде барлық дауысты және негізгі дауыссыз дыбыстарды қолдану.
105. Күтілетін нәтижелер:
1) сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемшелерді айтылу қарқыны бойынша айтады;
2) естіп-көру арқылы үш буынды нұсқаулықтар мен тапсырмаларды орындайды;
3) қалыпты, тез және баяу қарқынмен таныс сөздердің атауларын айтады;
4) суреттегі немесе сюжетті суреттерде бейнеленген сол немесе өзге жағдайға сәйкес түрлі интонациямен сөз тіркестерін айтады;
5) сөзді айқын екпінмен, артық дыбыссыз, орфоэпия нормаларын сақтап, бір қарқынмен, шынайы дыбыстауға жақын айтады;
6) сөздердің, сөз тіркестерінің айтылу қарқыны мен ырғағын өзгертеді;
7) есту арқылы «Қоршаған ортамен танысу», «Тіл дамыту», «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру» және т.б. тақырыптар бойынша тілдік материалды таниды;
8) естіп-көру арқылы балаларға арналған өлеңдер мен әндерді таниды;
9) дыбысты оқшаулау және оның шыққан жерін анықтайды (жоғарыда, төменде);
10) естіп-көру және есту арқылы ұсынылған сұрақтарға жауап береді;
11) 3-4 буындық ырғақты ажыратып, айтады;
12) есту арқылы 6-7 дыбыстаулардың санын ажыратады;
13) есту арқылы жоғары, төмен дыбыстауларды ажыратады;
14) есту арқылы жануарлар мен құстардың дауыстарын ажыратады (3-4- тен таңдау кезінде);
15) есту арқылы сөйлеу тілін, вокалды, аспаптық музыканы ажыратады;
16) есту арқылы ерлер, әйелдер және балалар дауыстарын ажыратады;
17) есту арқылы оркестрлік, хормен және жеке орындауды ажыратады;
18) есту арқылы таныс фразаларды ажыратады;
19) дыбыстың шығу орнынан ара қашықтығы тұрақты арттырылған сигналға реакциясын білдіреді (жалаң құлаққа);
20) сөйлеуде сөздік және логикалық екпінді сақтайды;
21) сөйлеуде барлық дауысты және негізгі дауыссыз дыбыстарды қолданады.

7-параграф. 2 -жартыжылдық

106. Тілдік емес дыбыстау:
1) дыбысты оқшаулау және оның көзін, шыққан жерін сөзбен атау (алдыңғы – артқы, алдыңғы – артқы және оң жақ – сол жақта);
2) 3-4 күрделі буындық ырғақты ажыратып, айту;
3) есту арқылы 7-8 дыбыстаулардың санын ажыратып, айту;
4) есту арқылы жоғары, төмен дыбыстауларды ажырату;
5) есту арқылы жануарлар мен құстардың дауыстарын ажырату (4-тен таңдау кезінде);
6) есту арқылы сөйлеу тілін, вокалды, аспаптық музыканы ажырату;
7) есту арқылы оркестрлік, хормен және жеке орындауды ажырату;
8) есту арқылы қайталанатын екі буынды ырғақты дәл айту;
9) дыбыстың шығу орнынан ара қашықтығы тұрақты арттырылған тілдік емес сигналға деген реакциясын білдіру (жалаң құлаққа).
107. Тілдік дыбыстау:
1) сөйлеу тіліне деген белсенді ырықты зейіннің болуы, қаратып айтылған сөзді тыңдау, әрі оның мазмұнын түсіну, өзінің және өзгелердің сөйлеу тіліндегі қателерді есту;
2) есту арқылы «Қоршаған ортамен танысу» тақырыптары бойынша тілдік материалды тану;
3) есту арқылы «Тіл дамыту» тақырыптары бойынша тілдік материалды тану;
4) есту арқылы «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру» тақырыптары бойынша тілдік материалды тану;
5) есту арқылы «Мен және менің отбасым» тақырыптар бойынша тілдік материалды тану;
6) есту арқылы ерлер мен әйелдер дауыстарын ажырату;
7) дыбысталуы бойынша ұқсас сөздерді ажырату білігін қалыптастыру.
108. Ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру:
1) Г дыбысын В дыбысымен алмастыру;
2) қалыпты, жоғары, төмен дауысты дауыс тембрін өрескел бұрмалаусыз пайдалану;
3) қатаң дауыссыздардың алдында, сөздердің соңындағы ұяң дауыссыздарды бітеу;
4) А – Ә дыбыстарының айырым белгілері, олардың жуан-жіңішке екендігін ажырату;
5) өтініш, шаттық, түрткі салу, сұрақ қою сөздерін ырғағымен айтып жеткізу;
6) қалыпты, тез және баяу қарқынмен таныс сөздерді атау;
7) айта алмайтын (шақырылмаған) дыбыстарды түсіріп айту;
8) сөйлемдерді шынайы дыбыстауға жақын қарқынмен бірге қосып айту, синтагмаларға жіктеу;
9) сөйлеу тілінді орфоэпияның кейбір нормаларын ұстану;
10) сөзде логикалық екпінді бөліп көрсету;
11) дактилдің сүйемелдеуінсіз дауыссыз дыбыстар ағымында артық қоспа дыбыссыз, орфоэпияның кейбір нормаларын сақтап, айқын екпінмен кем дегенде ауызша 200 сөзді бірге қосып айту;
12) сөйлеу барысында кем дегенде 20-дан астам дыбыстарды пайдалану.
109. Күтілетін нәтижелер:
1) сөздік және логикалық екпінді бөліп көрсетеді;
2) қалыпты, тез және баяу қарқынмен таныс сөздерді айтады;
3) сөйлемдерді шынайы дыбыстауға жақын қарқынмен бірге қосып айтады, синтагмаларға жіктейді;
4) дауыс тембрін өрескел бұрмалаусыз дауыстың қалыпты биіктігін, күшін пайдалану;
5) есту арқылы 7-8 дыбыстаулардың санын ажыратып, айтады;
6) өтініш, шаттық, түрткі салу, сұрақ қою сөздерін ырғағымен айтып жеткізеді;
7) 3-4 күрделі буындық ырғақты ажыратып, айтады;
8) есту арқылы жоғары, төмен дыбыстауларды ажыратады;
9) есту арқылы жануарлар мен құстардың дауыстарын ажыратады (4- тен таңдау кезінде);
10) есту арқылы сөйлеу тілін, вокалды, аспаптық музыканы ажыратады;
11) есту арқылы ерлер, әйелдер және балалардың дауыстарын ажыратады;
12) есту арқылы оркестрлік, хормен және жеке орындауды ажыратады;
13) есту арқылы қайталанатын екі буынды ырғақты ажыратады;
14) есту арқылы «Қоршаған ортамен танысу», «Тіл дамыту», «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру»тақырыптар бойынша тілдік материалды ажыратады;
15) дыбыстың шығу орнынан ара қашықтығы тұрақты арттырылған сигналға реакциясын білдіреді (жалаң құлаққа);
16) орфоэпияның кейбір нормаларын ұстанады;
17) орфоэпия ережелерін сақтайды;
18) сөйлеу барысында кем дегенде 20-дан астам дыбыстарды пайдаланады.

6-тарау. Жапы білім беретін мектептегі, лицейдегі, гимназиядағы мектепалды даярлық сыныбы (6-7жастағы балалар)

1-параграф. «Коммуникация» білім беру саласы

110. «Коммуникация» білім беру саласының базалық мазмұны – тіл дамыту, есту арқылы қабылдау мен айтуды қалыптастыруды дамыту арнайы түзеу оқу қызметінде іске асырылады.

2-параграф. Тіл дамыту

111. Тақырыптық топтамалар бойынша сөздік іс-қимыл, қасиеттері, сапа, кеңістікте орналасқан заттардың атауларының санын ұлғайту есебінен кеңейеді (сын есім, үстеу, етістіктің түрлері).
112. Дактилология қосалқы, көмекші құрал ретінде қолданылады (саналы сөйлеу, жазу, оқуды игеру үшін).

3-параграф. 1-жартыжылдық

113. Қатынас:
1) ойынға, тапсырмаға, адамға, болып жатқан жағдайға деген қатынасын білдіру;
2) жағдайға, таныстық деңгейіне қатысты сөйлесу стилінің өзгеруі;
3) жақсы меңгерілген сөйлеу материалы негізінде тікелей қарым-қатынаста ауызша сөйлеу тілін пайдалану;
4) ауызша сөйлеу тілінің көмегімен құрдастарымен ақпарат алмасу;
5) ересек адамдар мен бейтаныс адамдарға «сіз» деп сөйлеу;
6) топтағы басқа балалардың орындаған тапсырмаларын бағалау;
7) кіші жастағы балалар мен құрдастарын қолдау, жұбату, мақтау;
8) қатынастық дағдыларды тәжірибеде пайдалану: сәлемдесу; кешіру; жолдау; қолдауды өтіну; көмек сұрау; қолдау; көмек; қызмет көрсету; алғыс айту, қабыл алмау, кешіру;
9) алғыс айтуды білу, ыңғайсыз жағдай үшін кешірім сұрау.
114. Қабылдау /сөйлеу тілін түсіну:
1) сөйлеу барысында өзге тілді таныс емес сөздерді бөлу;
2) «дыбыс», «әріп», «сөз», «буын», «дауысты дыбыс», «дауыссыз дыбыс», «жіңішкелік белгісі», «жуандық белгісі» сөздерінің мәнін түсіну;
3) дыбысталуы бойынша жақын сөздердің мағынасын ажырату;
4) таныс өлеңдер, әуен, ертегілерді бірінші сөйлемінен тану;
5) мақал-мәтелдердің ауыспалы мағынасының түсіну.
115. Айтылым:
1) құрылымы бойынша күрделі жаңа сөздерді айтып қолдануда ауызша-дактилдісөйлеу тілін қалауынша пайдалану;
2) жұмбақ, жаңылтпаштарды, өлең шумақтарын жатқа, мәнерлеп оқу;
3) өлеңді мәнерлеп оқу;
4) сөйлеу тілінің әртүрлі түрлерін қолдану;
5) есімдіктерді қолданып, зат есімдерді септік, жіктік, көптік, тәуелдік жалғауларында түрлендіру;
6) сын есімдерді септік, жіктік, көптікжалғаулармен түрленген зат есімдермен қолдану;
7) айналасындағы заттарды сипаттау (гүлдер, ағаштар, құстар, жануарлар);
8) заттардың және кейіпкелердің реттілігін сақтап, сюжетті суреттерді сипаттау (10 сөйлемге дейін);
9) тәрбиешінің сұрақтарының көмегімен немесе өз бетімен дауыстап оқылған қысқа мәтіндер мен ертегілерді бірізділікпен, кідірмей мазмұндау;
10) заттардың сапасы толық айтылған сөздермен сөзік қорды толықтыру (материалдар, пішін, түстері, көлемі);
11) сөзді өзгерту (түрлендіру), сөзжасам, сөйлем құрау жиілілік моделдерімен тәжірибе жүзінде танысу;
12) жетекші сұрақтардың көмегімен кеңейтілген пікір айту;
13) берілген тақырыпқа сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрау (10 сөйлемге дейін);
14) оқиғанын толықтырып, сурет, суреттер топтамасы бойынша;
15) қарапайым жоспарды сақтай отырып, сюжетті суреттерге сипаттама беру;
16) объектілердің елеулі белгілерін тауып, заттарды салыстыру;
17) келеңсіз жағдайда және құрдастарының іс-әркетіне шағымдана білу;
18) бірізділікпен қисынды байланыстырып, өз өміріндегі қарапайым жағдайларды әңгімелеу;
19) зат есімді сын есіммен, есімдікпен әртүрлі септікте, жекеше, көпше түрін қиыстырып қолдану;
20) зат есімді сын есіммен, сан есіммен әртүрлі септікте, жекеше, көпше түрде қиыстырып қолдану және бірыңғай зат есімге қатысты анықтауышты табу;
21) сөздердің белгілі бір грамматикалық формасын қолдану икемділігі (зат есімнің септелуі, жекеше және көпше түрлері);
22) сөз арасында сұрақтар, ниеттер, хабарламалар, теріске шығаруларды қолдану;
23) етістікті өткен, осы, келер шақта қолдану;
24) сөздердің мағналарын олардыңның салыстыру процесінде анықтау.
116. Оқылым және жазылым:
1) жазба нұсқаулық бойынша түрлі тапсырмалар орындау;
2) тақырыптық топтамалардан сөздерді сөздікке жазу;
3) үйде, серуенде, топтағы балалардың өміріндегі жағдаяттарды суреттеу (балама сұрақтар қою, сурет салу, жағдайды көрсету арқылы);
4) өз бетінше журнал, кітап, интернет-ресурстарын оқу;
5) хат және құттықтау қағаздарын жазу;
6) сөзден дауысты (екпінді) дыбысты табу;
7) дағдыларды меңгеру: сөздерді бөлек жазу, адам аттары, жануарлардың лақап аттарын бас әріптен жазу;
8) сөздерді буынға бөлу, бір буынды, екі буынды сөздердің буындық сұлбасын құру;
9) кітаптан мәтін оқу, оқыған мәтінді драмалау, соған сәйкес суреттерді таңдау, мазмұнға сәйкес сурет салу;
10) жіктеу есімдігін зат есіммен алмастырып немесе керісінше мәтінді оқу.
117. Күтілетін нәтижелер:
1) құрылымы бойынша күрделі жаңа сөздерді айтып қолдануда ауызша-дактилді сөйлеу тілін пайдаланады;
2) сөйлеу барысында өзге тілді таныс емес сөздерді ажыратады;
3) тапсырмаға, болып жатқан оқиғаларға, ойынға, адамға деген қатынасын білдіреді;
4) құрдастарының жағымсыз әрекеттеріне шағымданады;
5) жіктеу есімдігін зат есіммен алмастырады немесе керісінше;
6) тақырыптық топтамалар бойынша сөздерді сөздікке жазады;
7) жағдайға, таныстық деңгейіне қатысты сөйлесу стилін өзгертеді;
8) зат есімді сын есіммен әртүрлі септікте, жекеше, көпше түрін қиыстырып қолданады;
9) зат есімді сан есіммен әртүрлі септікте, жекеше, көпше түрін қиыстырып қолданады;
10) кешірім сұрайды, ыңғайсыздық үшін кешірім сұрайды;
11) берілген тақырып бойынша сюжетті суреттерді, үйдегі жағдайды әңгімелейді;
12) өз бетінше хат және құттықтау қағаздарын жазады;
13) өз бетінше журнал, кітап, интернет-ресурстарын оқиды;
14) таныс көркем шығармаларды бірінші сөйлемінен таниды;
15) сөздердің белгілі бір грамматикалық формасын қолданады;
16) мәтінді оқиды, безендіреді, суреттейді, оқыған мәтінді драмалайды.

4-параграф. 2-жартыжылдық

118. Қатынас:
1) педагогпен ұсынылған іс-әрекет алгоритмін орындау;
2) сөйлеу барысында синонимдер мен антонимдерді пайдалану;
3) қатынастық міндеттерге сәйкес сөйлеудің барлық түрлерінпайдалану;
4) сөйлеу этикет түрлерін пайдалану;
5) өзінің және бөгде біреудің сөйлеу тілінің сапасын бағалау;
6) педагогтың көмегімен, топпен және дербес, әңгіменің жалғасын ойлап табу және оны аяқтау.
119. Айтылым:
1) сөздерді (зат есім, етістік, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, жалғаулық, шылау) алмаспайтын 25 тақырып бойынша қолдану;
2) мультфильм, ертігілер желісін қысқа әңгімелеу;
3) байланыстырып әңгімелеу түрде сұрақтарға жауап беру;
4) бақылаған құбылыстар, ертегілер жөнінде қысқаша мазмұндау;
5) сөзді өзгерту, сөзжасам, сөйлем құрау жиілілік моделдерімен тәжірибе жүзінде танысу;
6) сөздерді септікте, жекеше, көпше түрде қиыстыру;
7) айтатын сөздерінің жоспарын құру;
8) берілген тақырыпқа байланысты далада, үйде, серуенде, топтағы жағдаяттарға байланысты өзінің қалауымен безендірген әңгіме құрастыру;
9) шығарманың мазмұнына қатысты сұраулы, мақұлданған, лепті интонацияларды жеткізу білу;
10) отбасы, тұрмыстық жағдай, ұлттық дәстүр, өз қаласы жайында әңгімелеу (өлкесі, ауылы).
120. Оқылым және жазылым:
1) баспа әріптермен мәтін жазу, сұрақтарға жауап жазу;
2) оқыған мәтіннің мазмұнын түсіндірмелермен айту;
3) болған және болатын жағдаяттарды қосып толық әңгімелеу;
4) өз бетімен кітап оқу;
5) жолақша мен фишкалардан сөздің сұлбасын құру білігі;
6) талдаудан кейін және алдын-ала талдаусыз қима әріптерден 3-4 сөзден тұратын сөйлем құрау білігі;
7) сөз, сөйлемді дұрыс құрау дағдыларын меңгеру: сөзде әріптер қатар жазылады; сөздерді бөлек жазу,сөйлемнің соңында нүкте қойылады,адам аттары, жануарлардың лақап аттарын бас әріптен жазу.
121. Күтілетін нәтижелер:
1) педагог ұсынған іс-әрекет алгоритмін орындайды;
2) өзі өзінің отбасы, достары, өз мүддесіне қатысты, өзінің қаласы (кент, ауылы) туралы ақпаратпен бөліседі;
3) қатынастық міндеттерге сәйкес сөйлеудің барлық түрлерін пайдаланады;
4) сөздіктегі зат есім, етістік, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, жалғаулық, шылаусөздерді алмаспайтын 25 тақырып бойынша қолданады;
5) сөйлеу этикет түрлерін пайдаланады;
6) белсенді және енжар сөздік қорының көлемі шамамен 1200-1500 сөз;
7) байланыстырып әңгімелеу түрде сұрақтарға жауап береді;
8) өзінің және бөгде адамның сөйлеу тілінің сапасын бағалайды;
9) болған және болатын жағдайларды түсініктемесімен қоса отырып, мәтіндердің мазмұнын айтады;
10) педагогтың көмегімен, топпен және дербес, әңгіменің жалғасын ойлап табады, аяқтайды;
11) сөздерді септікте, жекеше, көпше түрде жіктейді;
12) берілген тақырыпқа байланысты далада, үйде, серуенде, топтағы жағдаяттарға байланысты жоспар бойынша және өзінің қалауымен безендірген әңгіме құрастырады.

5-параграф. Есту арқылы қабылдау мен айтуды қалыптастыруды дамыту

122. Оқыту процесінде сөйлеу тілінің үш түрі (ауызша, ауызша-дактилді, жазбаша) пайдаланылады. Ауызша сөйлеу тілі тиянақтымеңгерілген сөйлеу материалы негізінде тікелей қарым-қатынаста қолданылады. Ауызша-дактилді сөйлеу тілі көлемді әңгімелеуде және құрылымы бойынша күрделі сөздерді тұтынуда қолданылады. Жазбаша сөйлеу тілі – жаңа пікірлер мен сөздерді жазу мақсатында, әңгімелерді жазу кезінде қолданылады.
123. Балалардың қабылдауы үшін төмендегідей дыбысталу көздерін ұсынады: дауыс, дабыл, дауылпаз, металлофон, күйсандық, сыбызғы. Балалар келесі тәсілдердің көмегімен жауап береді): дирижерлау, шапалақ ұру, тарсылдату, буындап айта отырып дыбысталатын ойыншықтарда ойнау; дауыстық реакция; геометриялық формалар, фишкалар, қағаздар жолақтардың көмегімен ритмді қою.
124. Оқудың бесінші жылында сөйлеу тілінің фонетикалық жағын нақтылау жалғасады; сөзді дәлме-дәл айту дағдылары жетілдіріледі; фразалық сөйлеу тілі дамиды, өз бетінше ауызша қарым-қатынас жандандырылады.

Параграф 6. 1-жартыжылдық

125. Тілдік емес дыбыстау:
1) есту арқылы сөйлеу тілін, вокалды, аспаптық музыканы ажырату;
2) оркестрлік, хормен және жеке орындауды ажырату;
3) есту арқылы қазақтың ұлттық әуендерін, әндерін ажырату;
4) есту арқылы қайталанатын 2-3 буынды ырғақты ажырату;
5) жануарлар мен құстардың дауыстарын ажырату (4-5тен таңдау бойынша).
126. Тілдік дыбыстау:
1) сөйлеу тіліне деген белсенді ырықты зейіннің болуы, қаратып айтылған сөзді тыңдау, әрі оның мазмұнын түсіну, өзінің және өзгелердің сөйлеу тіліндегі қателерді есту;
2) есту арқылы екі буынды тапсырмаларды нұсқау бойынша орындау;
3) естіп-көріп қабылдау арқылы екі буынды тапсырмаларды нұсқау бойынша орындау;
4) өлеңдер мен мәтіндерді тану;
5) сабақ, балалардың іс-әрекеті, есепті ұйымдастыруға қатысты тілдік материалды тану;
6) балаларға арналған таныс өлеңдер мен әндерді тану;
7) педагогтің сөйлеу тілінің дыбыс күшін, биіктігін, қарқынын анықтау;
8) мәтіннің мазбұны бойынша сұрақтарға жауап беру;
9) есту арқылы ерлер, әйелдер және балалардың дауыстарын ажырату;
10) сабақ, балалардың іс-әрекеті, есепті ұйымдастыруға қатысты тілдік материалды ажырату;
11) телехабарлар, мультфильмдер көруде, экскурсия барысында сөйлеу материалын тану.
127.Ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру:
1) сөздер мен сөз тіркестері материалында дауысты дыбыстарды машықтандыру (автоматтандыру);
2) сөздер мен сөз тіркестері материалында дауыссыз дыбыстарды машықтандыру (автоматтандыру);
3) сөздер мен сөз тіркестері материалында дауысты, дауыссыз дыбыстарды айыру (дифференциациялау);
4) әр түрлі ұйқастағы өлең, тақпақтардың айтылу қарқынын өзгерту;
5) қатты дауысты бірте-бірте сыбдырға дейін әлсірету;
6) сыбдырды бірте-бірте өте қатты дауысқа дейін күшейту;
7) дұрыс айтылатын дыбыстардан тұратын құрылымы бойынша күрделі сөздерді айтудағы қиындықтарды жеңу;
8) жаңылтпаштардың айтылу қарқынын өзгертіп айту;
9) өтініш, шаттық, таң қалу, ауырсыну, айыптау, түрткі салу, сұрақ қоюмен байланысты сөз тіркестерін интонациямен айту;
10) дауысты дыбыстарды, буындарды ақырын, өте ақырын, сыбырлап айту;
11) сөйлеуде диафрагмалды тыныс алуды және ауызбен ұзақ дем шығаруды дербес бақылау;
12) сөзде логикалық екпінді бөліп көрсету;
13) дербес сөйлеу тілінде меңгерілген дағдыларды қолдану білігі;
14) сөздер мен сөз тіркестерін әр түрлі күштегі дауыспен айту.
128. Күтілетін нәтижелер:
1) есту арқылы екі буынды тапсырмаларды нұсқау бойынша орындайды;
2) өтініш, шаттық, таң қалу, ауырсыну, айыптау, түрткі салу, сұрақ қоюмен байланысты сөз тіркестерін интонациямен айтады;
3) айтылу қарқынын, күшін өзгертеді;
4) балаларға арналған таныс өлеңдер мен әндерді таниды;
5) сабақ, балалардың іс-әрекеті, есепті ұйымдастыруға қатысты тілдік материалды таниды;
6) естіп-көру арқылы таныс өлеңдер мен мәтіндерді таниды;
7) сөйлеу тілінің дыбыс күшін, биіктігін, қарқынын таниды;
8) мәтіннің мазбұны бойынша сұрақтарға жауап береді;
9) жаңылтпаштарды айтады;
10) дұрыс айтылатын дыбыстардан тұратын құрылымы бойынша күрделі сөздерді айтады;
11) қайталанатын 2-3 буынды ырғақты ажыратады;
12) жануарлар мен құстардың дауыстарын ажыратады (4-5тен таңдау бойынша);
13) ерлер, әйелдер және балалардың дауыстарын ажыратады;
14) сөйлеу тілін, вокалды, аспаптық музыканы ажыратады;
15) оркестрлік, хормен және жеке орындауды ажыратады;
16) сабақ, балалардың іс-әрекеті, есепті ұйымдастыруға қатысты тілдік материалды ажыратады;
17) сөздік және логикалық екпінді сақтайды.

7-параграф. 2-жартыжылдық

129. Тілдік емес дыбыстау:
1) есту арқылы жануарлардың дауыстарын ажырату;
2) музыкалық шығармаларды танып, ажырату;
3) есту арқылы күрделі ырғақты, әуеннің ырғағын тану;
4) таныс әндерді тану, қосылып айту.
130. Тілдік дыбыстау:
1) нұсқаулықтар мен тапсырмаларды орындау;
2) «мен және менің отбасым» тақырыбы бойынша тілдік материалды тану;
3) сабақ, балалардың іс-әрекеті, есепті (шот) ұйымдастыруға қатысты тілдік материалды тану;
4) сурет, ертегі, үйдегі оқиғаларға байланысты мәтіндер бойынша сұраққа жауап беру;
5) ерлер, әйелдер және балалардың дауыстарын ажырату;
6) сабақ, балалардың іс-әрекеті, есепті (шот) ұйымдастыруға қатысты тілдік материалды ажырату;
7) таныс өлеңдер мен мәтіндерді тану;
8) есту арқылы таныс мәтіндерді тану;
9) мәтін бойынша сұраққа жауап беру (есту арқылы);
10) есту арқылы таныс өлеңдер мен мәтіндерді тану;
11) есту арқылы 2-3 сөйлемнен тұратын мәтінді ажырату.
131. Ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру:
1) сөздер мен сөз тіркестері материалында дыбыстарды машықтандыру (автоматтандыру);
2) сөздер мен сөз тіркестері материалында дауысты, дауыссыз дыбыстарды айыру (дифференциациялау);
3) әртүрлі ұйқастағы өлең, тақпақтардың айтылу қарқынын өзгерту;
4) дауыстың күші, қарқыны, биіктігін өзгерту;
5) сөздер мен сөйлемдерді орфоэпияның нормаларын саптап, шынайы дыбыстауға жақын қарқынмен бірге қосып айту;
6) сөйлеуде сөздік және логикалық екпінді сақтау;
7) дербес сөйлеу тілінде меңгерілген дағдыларды қолдану білігі;
8) сөйлеу тілінде барлық дауысты, дауыссыз дыбыстарды пайдалану (жіңішкелікті және аффрикаттарды қоспағанда), дифтонгтар.
132. Күтілетін нәтижелер:
1) есту арқылы нұсқаулықтар мен тапсырмаларды орындайды;
2) сөздер мен сөйлемдерді орфоэпияның нормаларын сақтап, шынайы дыбыстауға жақын қарқынмен бірге қосып айтады;
3) таныс өлеңдер мен әндерді таниды;
4) есту арқылы таныс өлеңдер мен әндерді таниды;
5) есту арқылы 2-3 сөйлемнен тұратын мәтінді ажыратады;
6) сабақ, балалардың іс-әрекеті, есепті (шот) ұйымдастыруға қатысты тілдік материалды ажыратады;
7) сурет, ертегі, үйдегі оқиғаларға байланысты мәтіндер бойынша сұраққа жауап береді;
8) дауыстың күші, қарқыны, биіктігін өзгертуді біледі;
9) тілдік материалды бірге, айқын екпінмен, артық дыбыссыз, бір қарқынмен, орфоэпияның нормаларын сақтап, шынайы дыбыстауға жақын айтады;
10) ерлер, әйелдер және балалардың дауыстарын ажыратады;
11) жануарлардың дауыстарын таниды, ажыратады;
12) есту арқылы таныс мәтіндерді ажыратады;
13) есту арқылы күрделі ырғақты, әуеннің ырғағын ажыратады;
14) таныс әндерді таниды, қосылып айтады;
15) дербес сөйлеу тілінде меңгерілген дағдыларды еркін қолданады;
16) сөйлеуде барлық дауысты, дауыссыз дыбыстарды қолданады (жіңішкелікті және аффрикаттарды қоспағанда), дифтонгтар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №721 бұйрығына 4-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына 5-қосымша

Зерде бұзылысы бар балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Түсіндірме жазба

1. Зерде бұзылған балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 және 14-баптарына сәйкес әзірленді.
2. Бағдарлама мақсаты: зерде бұзылысы бар балалардың эмоционалды, зияткерлік және әлеуметтік дамуы үшін жағымды жағдай жасау және олардың тұлғалық оң қасиеттерін қалыптастыру.
3. Бағдарлама міндеттері:
1) бала өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-әрекеттік даму ортасын құру;
2) бала бойында адамдармен және қоршаған орта заттарымен әрекеттесу сияқты әлеуметтік тәжірибені меңгеру тәсілдерін қалыптастыру;
3) балаларда қоршаған орта туралы білім жүйесі мен жалпылама түсініктерін қалыптастыру, танымдық белсенділігін дамыту;
4) әрбір жасерекшелік кезеңге тән балалар іс-әрекетінің барлық түрлерін қалыптастыру;
5) баланың жеке ерекшелігі мен мүмкіндіктерін ескере отырып, мектепте оқуға дайындау.
4. Бағдарлама мектепке дейінгі жастағы баланың дене және психикалық денсаулығын нығайтуға, оқытудың тәрбиелік, түзетушілік және білім беру міндеттерінің тұтастығын қамтамасыз етеді.
5. Оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған.
6. Бағдарлама мазмұны балалардың психологиялық-физиологиялық даму кезеңдерін қамтиды:
1) бірінші кіші топ (2 – 3 жастағы балалар);
2) екінші кіші топ (3 – 4 жастағы балалар);
3) ортаңғы топ (4– жастағы балалар);
4) мектепке дейінгі ұйымдағы ересектер тобы (5–6 жастағы балалар);
5) жалпы білім беретін мектептегі, лицейдегі, гимназиядағы мектепалды даярлық сыныбы(6 –7 (8) жастағы балалар).
7. Бағдарлама зерде бұзылысы бар балаларға арналған арнайы мектепке дейінгі ұйымдар үшін ұсынылады.

2-тарау. Бірінші кіші топ (2-3 жастағы балалар)

1-параграф. «Денсаулық» білім беру саласы

8. «Денсаулық» білім беру саласының базалық мазмұны – дене шынықтыру, мәдени-тазалық дағдылары ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.
9. Мақсаты дененің қалыпты өсуін, баланың жеке типологиялық ерекшеліктеріне қарай омыртқасын және толыққанды денесін дамытатын жағдайлармен қамтамасыз ету, жеке гигиеналық бастапқы дағдыларды қалыптастыру болып табылады.
10. Міндеттер:
1) жалпы қимылдық икемділіктерді, еркін түзімдегі, берілген бағыттағы жүру мен жүгіру дағдыларын қалыптастыру;
2) шапшаң қимылды ойындарға және ойын жаттығуларына қатысуға эмоциялық әсер мен ынтасын шақыру;
3) өзінің қимылын үйлестіруге, әрекеттің бағыты мен сипатын тәрбиешінің сигналы мен командасына сәйкес өзгертуге үйрету;
4) ептілікті дамыту, мүсінді қалыптастыру;
5) тамақтану және қарапайым гигиеналық процедураларға баланың қатысуын ынталандыру(ересек адамның көмегімен);
6) өзіне-өзі қызмет ету барысында қарапайым қарым-қатынас әрекетін қалыптастыру.

2-параграф. 1-жартыжылдық

11. Дене шынықтыру негізгі қимылдарды қамтиды:
1) жүру: тәрбиешінің артынан және тәрбиешіге қарай топ болып жүру; арқан бойымен тәрбиешінің артынан бірінің соңынан бірі және арқанды қолымен ұстап өздігінен жүру, арқаннан жасалған түзу жол бойымен жүру;
2) жүгіру: тәрбиешінің артынан топ болып жүгіру, «аюдан» қашу, «қоянға» қарай жүгіру; бетін залға қаратып қабырға бойы тұрған бастапқы қалыптан зал бойымен қарама-қарсы қабырғаға қарай топтасып жүгіру;
3) секіру: ересекпен бірге тізесін ырғақты бүгуді орындау; педагогтың, бірі бірінің қолынан ұстап аяқтың ұшымен секіру;
4) лақтыру, қағып алу, дәлдеп лақтыру; тұрған және отырған қалыпта допты екі қолымен домалату (0,5-1 метр қашықтықта); допты тәрбиешіге лақтыру; ойыншыққа, бір-біріне лақтыру; допты екі қолымен ұстау, құлап қалған допты көтеру, үлкен, кіші доптарды еңістен домалату;
5) еңбектеу, өрмелеу; ойыншыққа қарай түзу сызық бойымен еңбектеу; еденге салынған (ені 30-35 см.) кілем, тақтайша бойымен еңбектеу; лентаның, доғаның (биіктігі 70 см.) астымен еңбектеп өту; жерде жатқан заттардан (бөренеден) өрмелеп өту;
6) тепе-теңдік сақтау: шектелген кеңістік бойымен, бір ұшы еденнен 15-20 см. биіктікке көтерілген (ұзындығы 1,5-2м., ені 20-25 см.) еңіс тақтай бойымен жүру және онымен төмен түсу; ішінен бүйіріне, арқасына, арқасынан бүйіріне, ішіне қарай аударылу;
7) жалпы дамытушы жаттығулар: жаттығуларды педагогпен бірге орындау: бас қимылы – бұрылу (оңға-солға), алға-артқа шалқаю; қол қимылы – алға, жан-жағына, алға, иыққа, белге қою, кеуде тұсында айқастыру, жанына қарай созу, кеуде тұсында, бастан асыра шапалақтау; бүгу және жазу, саусақтарды жұдырыққа түю және жазу; қолды белге қойып, бір аяқты топылдату; екі аяқты топылдату.
12. Күтілетін нәтижелер:
1) дене жаттығуларын орындауға ынта білдіреді;
2) жаттығуларды педагогтың әрекетіне еліктей отырып орындайды;
3) тәрбиешінің артынан топтасып жүреді;
4) допты лақтырады;
5) жол бойымен және ізін баса жүреді;
6) кілем, тақтай бойымен еңбектейді;
7) арқанның, орындықтың астынан өрмелеп өтеді;
8) ішінен бүйіріне, арқасына, арқасынан бүйіріне, ішіне қарай аударылады.
13. Мәдени-гигиеналық дағдылары:
1) тамақтану дағдыларын қалыптастыру: үстел басында өз орнымен танысу және оны есте сақтау; қажет болған жағдайда тамақтануға арналған арнайы алжапқыштарды киюін үйрету; тостағанды ұстай алу білігін қалыптастыру, арнайы екі тұтқасы бар тостағандар қолданылады; балаларда өздігінен тамақ қабылдауды, өздігінен қасық ұстаудыниеттендіру; тамақ ішіп болған соң үстел басынан тұруды балаларға үйрету;
2) тазалық дағдыларын қалыптастыру: балаларды гигиена заттарымен сабын, орамал, тарақ, бет орамалы және оларды қолдану мүмкіндіктерімен таныстыру; ересек адамның көмегімен қол жууды үйрету (алақанды бір-біріне үйкелеу);
3) ұқыптылық дағдыларын қалыптастыру: өзінің киімін сақтау орнымен, киімге арналған шкафпентанысу; тамақ ішер алдында және дәретханаға барған соң ересектің бақылауында міндетті түрде қол жуу дағдысын қалыптастыру; ересек адамның көмегімен қолды орамалмен сүрте білуін үйрету; баланың түбекке сұрану дағдысын бекіту;
4) киіну және шешіну дағдыларын қалыптастыру: балаларды киіндіру және шешіндіруге қатыса білуін үйрету: қолды алға созу және көтеру, аяқты түсіру және көтеру.
14. Күтілетін нәтижелер:
1) үстел басында өз орнын есте сақтауды;
2) ересектің бақылауымен және жартылай көмегімен үстел басына отыра және шыға алады;
3) гигиенаның негізгі заттарын: сабынды, орамалды, тарақты сәйкестендіре алады;
4) ересек адамның көмегімен қарапайым жуыну әрекеттерін орындайды(алақанды бір-біріне уқалайды);
5) ересектің көмегімен қолды орамалға сүрте алады;
6) тамақтанудың қарапайым әрекетін орындайды: ересектің көмегімен тостағанды ұстайды,қасықты қолдануға тырысады;
7) киіндіруге және шешіндіруге қатысады;
8) қажеттілігі бойынша түбекке сұрана алады.

3-параграф. 2-жартыжылдық

15. Дене шынықтыру негізгі қимылдарды қамтиды:
1) жүру: зал бойымен топтасыпқарама-қарсы қабырғаға дейін жүруге; арқаннан және биік емес заттардан (биіктігі 5 см) аттай жүруге; еденге қойылған арқан бойымен бірінің соңынан бірі жүруге, еденге қойылған баудың бойымен түзу жол бойынша жүруге; еденге жайылған мата (ені 30 см) үстімен жүруге үйрету;
2) жүгіру: зал бойымен қарама-қарсы қабырғаға қарай топтасып жүгіруге; бір-бірінің артынан көрсетілген бағыт бойынша жүгіруге; тәрбиешінің артынан бір-бірден, топтасып жүгіруге үйрету;
3) секіру: педагогтың, бірінің бірі қолынан ұстап, аяқтың ұшымен секіруге үйрету;
4) лақтыру, қағып алу, дәлдеп лақтыру: допты тәрбиешіге, бір-біріне лақтыруға; шарларды (0,5-1 м қашықтықта) бір-біріне сырғытуға; әуе шарын лақтыруға және ұстап алуға; допты екі қолымен шеңберге лақтыруға үйрету;
5) еңбектеу, өрмелеу: гимнастикалық қабырға бойымен еркін тәсілмен өрмелеуге; түсті сызықтар арасындағы жол бойымен кедергілерден өте еңбектеуге; еден бойымен еңбектеуге; арқанның астымен өрмелеп өтуге үйрету;
6) тепе-теңдік сақтау: шектелген кеңістік бойымен, бір ұшы еденнен 15-20 см биіктікке көтерілген (ұзындығы 1,5-2,0 м, ені 20-25 см) еңіс тақтай бойымен жүруге және ересектің көмегімен онымен төмен түсуге; ішінен бүйіріне, арқасына, арқасынан бүйіріне, ішіне қарай аударылуға үйрету;
7) жалпы дамытушы жаттығулар: жаттығуларды педагогпен бірге орындау: бас қимылы – оңға-солға бұру, алға-артқа иілу; қол қимылы – алға, жан-жағына, жоғарыға, иыққа, белге қою, кеуде тұсында айқастыру, жанына қарай созу; кеуде тұсында, бастан асыра шапалақтау; бүгу және жазу; саусақтарды жұдырыққа түю және жазу; қолды белге қойып, бір аяқты топылдату; екі аяқты топылдату.
16. Күтілетін нәтижелер:
1) дене жаттығуларын орындауға ынта білдіреді;
2) жаттығуларды педагогтың әрекетіне еліктей отырып орындайды;
3) тәрбиешінің артынан топтасып жүреді, жүгіреді;
4) бірінің артынан бірі көрсетілген бағыт бойынша жүгіреді;
5) допты лақтырады;
6) жол бойымен және ізін баса жүреді;
7) тақтайдан секіреді;
8) педагогтың қолынан ұстап аяғының ұшымен секіреді;
9) кілем, тақтай бойымен еңбектейді;
10) арқанның, орындықтың астынан өрмелеп өтеді.
17. Мәдени-тазалық дағдылары:
1) тамақтану дағдыларын қалыптастыру: өздігінен орындыққа (өз орнына) отыру және тұра білуін қалыптастыру; тостаған, қасық ұстай алуы дағдысын жетілдіру;
2) тазалық дағдыларын қалыптастыру: санитария және тазалық заттарын тани алуын қалыптастыру; ересек адамның бақылауымен қол жууға ағып жатқан суға қолын тосуға, алақанды бір-біріне үйкелеуге үйрету; ересек адаммен ұсынылған ашылған беторамалына сүртіне алуын үйрету; балада түбекке сұрана алуын, өз түбегінің тұрған орнын білуін, өз түбегіне ғана отыруын бекіту;
3) ұқыптылық дағдыларын қалыптастыру: балаға ересектің көмегімен сурет бойынша өз шкафын таба алуын үйрету; ересектің көмегімен дәретханаға барған соң,тамақтанар алдында және кір болуына қарай қол жуу дағдысын бекіту;
4) киіну және шешіну дағдысын қалыптастыру.
18. Күтілетін нәтижелер:
1) өздігінен және ересектің көмегімен үстел басынан тұрып кете және отыра алады;
2) ересек адамның көмегімен жуынудың қарапайым әрекеттерін орындайды, аққан суға қолын тосады, алақанды бір-біріне үйкелейді;
3) ересектің бақылауымен тостаған мен қасықты ұстай алады;
4) өз түбегінің орнын біледі және тек қана өз түбегіне отырады;
5) ересектің көмегімен сурет бойынша өз шкафын таба алады;
6) ересектің көмегімен киімін шеше алады.

4-параграф. «Коммуникация» білім беру саласы

19. «Коммуникация» білім беру саласының базалық мазмұны сөйлеу тілін дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған оқу қызметіндеіске асырылады.
20. Мақсаты жақын және таныс адамдармен сөзсіз және сөзбен қарым-қатынас жасауға ынталандыруды қалыптастыру, тыңдау мәдениет дағдыларын, қарапайым ертегілерді және тақпақтарды қабылдауын қалыптастыру, балалар көркем әдебиет шығармаларына және халық ауыз әдебиетіне эмоционалды ілтипатын дамыту.
21. Міндеттері:
1) балалардың сөйлеу тілін дамытуға алдын ала жағдай жасау және тілдік қабілеттіліктерін қалыптастыру;
2) балаларды өзі және жақын ортасы жөнінде қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету;
3) халық ауыз әдебиетінің түрлерімен: ертегілермен, тақпақтармен, өлеңдерментаныстыру, ертегілерді, тақпақтарды тыңдауға және қабылдауға үйрету;
4) халық ауыз әдебиеті шығармаларының интонациялық мәнерлігін қабылдауын дамыту, сөйлеу тіліне еліктеуін белсендіру;
5) халық ауыз әдебиетіне және көркем шығармаларға қызығушылығын қалыптастыру.

5-параграф. 1-жартыжылдық

22. Сөйлеу тілін дамыту:
1) балаларда сөзсіз қарым-қатынас нысандарын дамыту: серіктестің бетіне көз қырын салу икемі, қарым-қатынас жасау кезінде серіктестің көзіне қарау, көз бен қолдың қимылдарын келістіріп, сілтеу ымын пайдалану;
2) педагогтің нұсқауы бойынша заттарды, ойыншықтарды, дене мүшелерін табу, тану және көрсету білігін үйрету;
3) қарапайым нұсқауларды түсіну және орындау біліктерін қалыптастыру;
4) балаларды «бер», «ал», «бар», «отыр» сөздерін түсіну білігіне үйрету;
5) біржақты диалогты жүргізу икемін бекіту (педагог сюжеттік суреттің мазмұны бойынша сұрақ қояды, ал бала оған ыммен жауап береді);
6) ата-анасын, жақын туыстарын (ана, әке, әже) атау икемін дамыту;
7) сұрақтарға жауап беру икеміне үйрету.
23. Күтілетін нәтижелер:
1) сөзсіз қарым-қатынас нысандарын пайдаланады;
2) ересек адамдардың сөз сөйлеулерін, әңгімелерін, өлеңдерін, тақпақтарын, әндерін тыңдайды және қызығушылық танытады;
3) таныс дауыстарға және былдыр сөздерге еліктеуді жүзеге асырады.
24. Көркем әдебиет:
1) тыңдау және түсіну: мазмұны қолжетімді ертегілерді, өлеңдерді, тақпақтарды тыңдауға, қабылдауға үйрету; оқу кезінде ойыншықтарды, суреттерді (фланелеграфта), үстел үсті театры және саусақ қуыршақтарын қоса көрсету; көркем шығарманың иллюстрацияларымен таныстыру, суреттерді қарауға үйрету;
2) шығарманың интонациялық ырғағын қабылдау: сөйлеу тілінің мәнерлілігін: көркем шығарманың мазмұнына қатысты сұраулы интонацияны қабылдауға үйрету; ертегілердің, ойын-өлеңдердің ырғағына және әуезділігіне қарай эмоциональді әрекет етуге үйрету;
3) әңгімелеу және жаттау: оқу кезінде ақындық шығармаларды кішігірім ойын іс-әрекеттерімен қостау; шығармаларды оқу кезінде еліктеу әрекетін орындауға үйрету, дыбыстық жесттерді қайталауға ынталандыру.
25. Күтілетін нәтижелер:
1) қысқа, қарапайым ертегілерді, тақпақтарды тыңдайды;
2) көркем шығармалардың сұраулы интонациясын қабылдайды;
3) кішігірім ертегілерге, өлеңдерге, тақпақтарға эмоциональді әрекет етеді.

6-параграф. 2-жартыжылдық

26. Сөйлеу тіліндамыту:
1) қаратпа сөйлеу тіліне зейін салып тыңдау икемін дамыту;
2) белгілі заттарды көрсету икеміне үйрету; осы сөздермен алғашқы сөйлемдерді құрастыру икемін қалыптастыру;
3) балаларды «бер», «ал», «бар» сөздерімен фразаларды құрастыру икеміне үйрету; балаларды ойыншықтармен әрекет жасау нәтижелері бойынша сөз сөйлеуге талаптандыру;
4) достарының, қуыршақтардың есімдерін атау икеміне үйрету;
5) дене мүшелерідің және киімдердің атауларын түсінуді қалыптастыру;
6) қоршаған әлеммен, таныс тұрмыстық немесе ойын жағдайымен байланысты әрекеттерді көрсету және орындау икемдеріне үйрету;
7) суретте бейнеленген қарапайым әрекеттерді түсіну икемін дамыту.
27. Күтілетін нәтижелер:
1) сөйлеу тілінде айналадағы заттардың атауларын және олармен жасайтын әрекеттерді түсінеді және ажыратады;
2) кейбір дене мүшелері мен киімдердің атауларын түсінеді;
3) ересектердің көмегімен қарапайым сөйлемдерді қолданады;

(Жалғасы 17-бетте)

(Жалғасы. Басы 13-16-беттерде)

4) қарапайым сұрақтарға бір сөзбен, ым-ишаратпен немесе дыбыстар кешенімен жауап береді.

28. Көркем әдебиет:

1) тыңдау және түсіну: мазмұны қолжетімді өлеңдерді, тақпақтарды, ертегілерді тыңдауға, қабылдауға үйрету; оқу кезінде ойыншықтарды, үстел үсті театры, саусақ қуыршақтарын, суреттерді (фланелеграфта) қоса көрсету; көркем шығарманың иллюстрацияларымен таныстыру, суреттерді қарауға үйрету;

2) шығарманың интонациялық ырғағын қабылдау: өлең-тақпақтардың интонациясын эмоциональді қабылдауға үйрету, сөйлеу тілінің мәнерлігін: көркем шығарманың мазмұнына қатысты сұраулы интонацияны қабылдауға үйрету; өлеңдердің, тақпақтардың ырғағына және әуезділігіне әрекет ету білігін қалыптастыру; қимыл-қозғалыс пен фонация үйлесімділігінің негізіндеырғақ қатарын құру білігін қалыптастыру;

3) әңгімелеу және жаттау: оқу кезінде кішігірім ақындық шығармаларды ойын әрекеттерімен қостау; шығармаларды оқу кезінде еліктеу әрекетін орындауға үйрету, дыбыстық ым-ишараттарды қайталауға ынталандыру.

29. Күтілетін нәтижелер:

1) қысқа ертегілерді, тақпақтарды тыңдайды;

2) көркем шығармалардың мазмұнындағы сұраулы интонацияны қабылдайды;

3) кішігірім ертегілерге, өлеңдерге, тақпақтарға эмоциональді әрекет етеді.

7-параграф. «Таным» білім беру саласы

30. «Таным» білім беру саласының базалық мазмұны сенсорика, құрастыру ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

31. Мақсаты заттардың қасиеттері мен сапаларын ойын және өнімді әрекетте қабылдауға жағдай жасау, құрастыру процесіне, құрылыс материалдарымен ойынғаоң қарым-қатынасты және қызығушылықты қалыптастыру болып табылады.

32. Міндеттері:

1) көріп, естіп, тактильдік-қимылдық қабылдауын және зейіндідамыту;

2) перцептивтік әрекеттерді қалыптастыру (қарастыру, сипау, суыру, салу);

3) заттардың оңай ерекшеленетін қасиеттерін көру, тактильді-қимыл, есту және дәм сезу арқылы саралауға үйрету;

4) бағдарлаудың іздеу тәсілдерін қалыптастыру;

5) қолдың көру-қимылдық үйлесімділігін дамыту;

6) еліктеу бойынша әрекеттенудің қарапайым дағдыларына үйрету;

7) құрастыру әрекетіне эмоциональді әсер ету және қызығушылық тудыру;

8) құрастыруға арналған әртүрлі материалдармен таныстыру;

9) ересекпен бірге құрылыс материалынан қарапайым құрылыстарды орындауға; ересектің іс-әрекетіне еліктеу бойынша құрылыстармен ойнауға үйрету.

8-параграф. 1-жартыжылдық

33. Сенсорика:

1) көріп қабылдау мен зейінді дамыту: жеке заттарды қабылдау, оларды ортадан ерекшелеу; шымылдықтың алдымен бір жерінен, содан кейін белгілі бір екі жерінен бірізділікпен пайда болатын қуыршақты күту, зейінді қалыптастыру; ересектің әрекетін алдымен затсыз, содан кейін затпен (ойыншықтармен) шығару; таныс заттарды тану (өзінің ойыншығын табу);

2) естіп қабылдау мен зейінді дамыту: белгілі бір аспаптың дыбысталуына әсерін әрекетпен білдіре отырып, екі музыкалық аспаптың (дағыра-сыбызғы) дыбысталуын ажырату; дыбысқа еліктеуге құлақ түріп, дыбысталудың сәйкес ойыншыққа қатысын анықтау;

3) тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: геометриялық пішіндерді (шар, текше) сипау арқылы қабылдау; ересектің әрекетіне еліктеу, үлкен заттарды екі қолымен, кіші заттарды бір қолымен алу; өзара байланысты тура және кері әрекеттерді орындауға үйрету (жаю-жинау, алу-салу, бірінен алып, екіншіге қою).

34. Күтілетін нәтижелер:

1) заттарды сезімталдықтың әртүрлі түрлерін тексеруге қатыстыра отырып қарастырады;

2) жақын ортадағы заттарды көру арқылы таниды;

3) геометриялық пішіндерді (шар, текше) сипау арқылы ажыратады;

4) ересектің әрекетін заттармен (ойыншықтармен) шығарады;

5) әрекеттерді ойыншықтармен (жаяды-жинайды, алады-салады, апарып қояды) орындайды;

6) екі музыкалық апспаптың дыбысталуын ажыратады.

35. Құрастыру:

1) балалардың көзінше орындалатын құрастыру әрекеті процесінде ересектің әрекетін бақылауға; балаларды ересек адамның жасаған әртүрлі құрылыстарымен ойнауға; құрылыс материалдардың қасиеттерімен (ағаштан, пластмассадан жасалған конструкторлар, жұмсақ модульдер) және бөліктерімен таныстыруға; көлемді пішінді заттарды екі қолымен зерделеу (заттарды сипап сезу) арқылы қабылдауға; құрылыс материалдармен жұмыстың қарапайым ережелеріне үйрету;

2) құрылыс материалдарынан құрастыру: педагогпен бірлесіп құрылыс конструкторынан қарапайым құрылыстар жасау, оларды ойында пайдалану; конструкцияның құлап қалуына адекватты әсері болу, ойынды жалғастыру үшін оны қалпына келтірүгеұмтылу; ойында құрылыс жиынтықтарының элементтеріналмастырушы заттар ретінде қолдану;

3) заттық емес құрастыру: еліктеу бойынша топ бөлмесінің кеңістігінде құрылыс конструкторының бір элементінің орнын ауыстыру;

4) құрамалы-жиналмалы ойыншықтарды құрастыру: 2 бөліктен құралатын нысандарды біріктіру және ажырату;

5) конструктор бөліктерін ұстап алу, ұстап тұру, орнын ауыстыру; затты екі қолымен зерделеу (затты сипап сезу)дағдыларын қалыптастыру.

36. Күтілетін нәтижелер:

1) құрылыс конструкторымен ойынға деген әсері жағымды;

2) конструктор бөліктерін ұстап алады, ұстап тұрады, ауыстырып қояды;

3) 2 бөлікті ойыншықтарды біріктіреді және ажыратады;

4) педагогпен бірге құрылыс конструкторынан қарапайым құрылыстар құрастырады.

9-параграф. 2-жартыжылдық

37. Сенсорика:

1) көріп қабылдау мен зейінді дамыту: жеке заттарды қабылдау, оларды ортадан ерекшелеу; шымылдықтың алдымен бір жерінен, содан кейін белгілі бір екі жерінен бірізділікпен пайда болатын қуыршақты күту, зейінді қалыптастыру; ересектің әрекетін алдымен затсыз, содан кейін затпен (ойыншықтармен) шығару; таныс заттарды тану (өзінің ойыншығын табу), педагог атаған ойыншықты ерекшелеу; «осындай», «ондай емес» салыстыру тәсілдерімен түстердің біртектілігі немесе біртекті еместігіне бағдарлай отырып, түстерді ажырату; таныс ойыншықтарды олардың бейнелерімен сәйкестендіру;

2) естіп қабылдау мен зейінді дамыту: есту тітіркендіргіштеріне әсері болуы; белгілі бір аспаптың дыбысталуына әсерін әрекетпен білдіре отырып, екі-үш музыкалық аспаптың дыбысталуын ажырату; дыбысқа еліктеуді ажырату, дыбысталудың сәйкес ойыншыққа қатысын анықтау; дыбыстарды тану және нақты бейнелермен сәйкестендіру;

3) тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: көлемді пішіндерді (шар, текше) еліктеу бойынша практикалық әрекеттер арқылыажырату; ересектің әрекетіне еліктеу, үлкен заттарды екі қолымен, кіші заттарды бір қолымен алу; заттардың көлемін (үлкен, кіші) ұстау арқылы қабылдау; өзара байланысты тура және кері әрекеттерді орындауға үйрету (жаю-жинау, алу-салу, апарып қою).

38. Күтілетін нәтижелер:

1) түстерді салыстырады;

2) заттардың көлемін (үлкен, кіші) ажыратады;

3) геометриялық пішіндерді (шар, текше) сипау арқылы ажыратады;

4) заттарды сезімталдықтың әртүрлі түрлерін тексеруге қатыстыра отырып қарастырады;

5) жақын ортадағы заттарды көру арқылы таниды;

6) таныс ойыншығының бейнесін затпен сәйкестендіреді;

7) екі-үш музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажыратады;

8) ойыншықтармен әрекеттерді (жаяды-жинайды, алады-салады, апарып қояды) орындайды.

39. Құрастыру:

1) балалардың көзінше орындалатын құрастыру әрекеті процесінде ересектің әрекетін бақылауға; еліктеу бойынша практикалық әрекеттер арқылы заттарды көлемі (кіші, үлкен) бойынша салыстыруға;

2) құрылыс материалдарынан құрастыру: педагогпен бірлесіп құрылыс конструкторынан қарапайым құрылыстар жасау, оларды ойында пайдалану; ойында құрылыс жиынтығының элементтерін заттармен алмастырушы ретінде қолдану;

3) заттық емес құрастыру: еліктеу бойынша топ бөлмесінің кеңістігінде құрылыс конструкторының бір элементінің орнын ауыстыру; көрсету бойынша сатымен қозғалу (жоғары-төмен), топ бөлмесі кеңістігінде (орындықта тұру, жерге түсу: жоғарыда-төменде) қозғалу;

4) таяқшалардан құрастыру: таяқшалардан қаланған пішіндерден таныс заттардытану;

5) құрамалы-жиналмалы ойыншықтарды құрастыру: сынған ойыншықты «жөндеу» ынтасын шақыру; ойыншықты жинастыру, бөліктерден бүтін құрау;

6) конструктор бөліктерін ұстап алу, ұстап тұру, орнын ауыстыру; затты екі қолымен зерделеу (затты сипап сезу) дағдыларын қалыптастыру.

40. Күтілетін нәтижелер:

1) құрылыс конструкторымен ойынға жағымды әсері;

2) конструтор бөліктерін ұстап алады, ұстап тұрады, ауыстырып қояды;

3) педагогпен бірлесіп құрылыс конструкторынан қарапайым құрылыстар құрастырады;

4) бөліктерден бүтін құрастырады, ойыншықты жинастырады;

5) еліктеу бойынша құрылыс конструкторының элементтерінің топ бөлмесі кеңістігіндегі орындарын ауыстырады.

10-параграф. «Шығармашылық» білім беру саласы

41. «Шығармашылық» білім беру саласының базалық мазмұны сурет салу, мүсіндеу, аппликация, музыка ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

42. Мақсаты бейнелеу әрекетіне қызығушылығын қалыптастыру, кезкелген қолжетімді құралдармен сурет салу, мүсіндеу қалауын қалыптастыру болып табылады.

43. Міндеттері:

1)бейнелеу әрекетіне жағымды эмоционалды әсерді туындату;

2) ересек адамның әрекетін бақылауға, еліктеу бойынша орындауға үйрету;

3) қолдың көру-қимыл координациясын дамыту;

4) түсті, мөлшерін, пішінін көру арқылы қабылдауын қалыптастыру;

5)әртүрлі сурет салу, мүсіндеу, жапсыру құралдарыментаныстыру;

6) еліктеу бойынша сурет салудың, мүсіндеудің қарапайым дағдыларына үйрету;

7)жапсырмалаусыз жапсырма жасауды үйрету;

8)түрлі материалдармен жұмыс істеудің қарапайым ережелерін таныстыру;

9) музыкалық аспаптарға қызығушылықты дамыту және музыкалық туындыларға эмоционалды ықыластықты тәрбиелеу.

11-параграф. 1-жартыжылдық

44. Сурет салу:

1) балаларды ересектің сурет салу процесін бақылауға балаларды үйрету; ересектің сурет салуға деген ұсынысына эмоционалды жағымды жауап беру; ересекпен бірге пішіні әртүрлі заттарды зерделеу (нобайы бойымен жүргізу); қағаздың қасиеттерімен, әртүрлі сурет салу құралдарымен: бояу, қарындаш, фломастер, бор, гуашь танысу танысу;

2) дағдыларды қалыптастыру: сурет салу кезінде үстелде дұрыс отыру; ересек адамның көмегімен қарындашты ұстау және көрінетін із салу мақсатында қарындашпен қағаз бетінде жүргізу; ересек адаммен бірге қағаз бетіне әртүрлі құралдармен (саусақпен, қолмен, мақта таяқшамен, қарындашпен, қылқаламмен) дақ, жағу, сызықтың суретін салу; қағаз сүлгіні пайдалану.

45. Күтілетін нәтижелер:

1)әртүрлі жағындыларды, шимайларды сала алады;

2)сурет салудың әртүрлі құралдары туралы түсінігі болады;

3)сурет салғанда үстелде отырады.

46. Мүсіндеу:

1) балаларды ермексаздан, саздан, түсті қамырдан әртүрлі пішіндерді, ыдыс заттарын, ойыншықтарды мүсіндеу процесіндегі ересектің әрекетін бақылауға үйрету; балаларды ересек адамның жасаған бұйымдарымен ойнату; созылымды материалдың қасиеттерімен таныстыру: илеу, кесектерді үзіп алу, біріктіру, бөліктерін жұлу, тура және айналдыра қимылдау арқылы жаю, жалпайту; мүсіндеу алдында зерделеу (заттарды сипап сезу) арқылы көлемді пішінді заттарды қабылдау;

2) дағдыларды қалыптастыру: сазды, қамырды, ермексазды жұмсарту; саздың, қамырдың, ермексаздың үлкен бөлігінен кіші бөлігін үзіп алу, оларды үлкен кесекке біріктіру; сазды, қамырды, ермексазды алақандар арасында домалақтау;

3) созылымды материалмен жұмыстың қарапайым ережелерімен таныстыру.

47. Күтілетін нәтижелер:

1) педагогпен бірге және еліктеу бойынша созылымды материалдармен әрекеттерді (умаждайды, үлкен кесектен үзіп алады, оларды үлкен кесекке біріктіреді) орындайды;

2) еліктеу бойынша сазды, қамырды, ермексазды алақандар арасында тура қимылдармен жаяды;

3) үстелде жеңін түріп, дұрыс отырады;

4) жұмыс процесінде эмоциясын байқатады.

48. Аппликация:

1) балаларды оқыту: аппликация орындап отырған ересектің әрекеттерін бақылау; таныс ойыншықтарды, заттарды олардың бейнелерімен сәйкестендіру; еліктеу бойынша практикалық іс-әрекет арқылы көлемді пішіндерді (шар, текше) ажырату; еліктеу бойынша практикалық әрекет арқылы заттарды мөлшері (кіші, үлкен) бойынша салыстыру;

2) фланелеграфтағы жұмысдағдыларын қалыптастыру: педагогтың көмегімен қарапайым пішіндерді салу; фланелеграфтағы жұмыс: педагогтың көмегімен қарапайым композиция құрастыру; педагогтың көмегімен қарапайым пішіндерді қағаз бетіне орналастыру.

49. Күтілетін нәтижелер:

1) аппликацияны орындауға берілген ұсынысты жағымды қабылдайды;

2) дайын пішіндерді фланелеграфта, қағаз бетінде орналастырады;

3) орындалған жұмысқа қуанады.

50. Музыка:

1) музыканы тыңдау: әртүрлі сипаттағы (байыпты, көңілді, шапшаң қимылды, сергек) музыкаға деген эмоционалды үн қатуға тәрбиелеу; өлеңнен үзіндіні тыңдай білуді дамыту;

2) ән айту: өлең сөздерін тыңдай білуді қалыптастыру; қосылып айтуды және музыканың сүйемелдеуімен дыбысқа еліктей білуді қалыптастыру;

3) музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: музыкаға деген әсерін құлақ түруімен және ырғақты қимылмен білдіру; зал кеңістігінде бағдарлау, музыканың сүйемелдеуімен жүру; ересектердің көрсеткен қарапайым қимыл дағдыларын (қол шапалақтау, аяғын тыпырлату) қалыптастыру;

4) музыкалық-дидактикалық ойындар: музыкалық құралдармен: бубенмен, сылдырмақпен танысу.

51. Күтілетін нәтижелер:

1) музыкалық шығарма сипатын (байыпты және көңілді) ажыратады;

2) өлеңді дыбысқа еліктеу арқылы айтады (ересектермен бірге);

3) ересектер көрсеткен қарапайым қимылдарды орындайды;

4) кейбір музыкалық құралдарды (бубен, сылдырмақ) таниды.

12-параграф. 2-жартыжылдық

52. Сурет салу:

1) балаларды ересектің сурет салу процесін бақылауға үйрету; ересектің сурет салуға деген ұсынысына эмоционалды жағымды жауап беру; ересекпен бірге пішіні әртүрлі заттарды зерделеу, нобайы бойымен жүргізу; қағаздың қасиеттерімен танысу; сурет салудың әртүрлі құралдарымен: қарындаштармен, бояулармен, фломастерлермен, борлармен, гуашьпен танысу;

2) негізгі түстер туралы білімдерін қалыптастыру, негізгі түстерді қызыл, сары сәйкестендіру; заттардың көлемі (үлкен-кіші) туралы; қолдың қарындашпен, қылқаламмен әрекетінің нәтижесі ретіндегі пайда болатын іздерді байқауға үйрету;

3) сурет салу кезінде үстелде дұрыс отырудағдыларын дамыту; қолына қарындашты ұстау және көрінетін ізді алу үшін онымен қағаз бетінде жүргізу; еліктеу бойынша жағындылардың суретін салу, қағаз бетін толтыру үшін оларды бірнеше рет ырғақты қайталау; түзу үзік сызықтардың суретін салу; ересектің көрсетуі бойынша суретте қарапайым заттар мен құбылыстарды (жаңбыр жауады, жылға ағады) жеткізе білу; қағаз сүлгіні пайдалану.

53. Күтілетін нәтижелер:

1) заттардың көлемі (үлкен-кіші) туралы түсініктері бар;

2) негізгі түстер: қызыл, сары туралы түсініктері бар;

3) әртүрлі жағындының, нүктенің, сызықтардың суретін салады;

4) сурет салғанда үстелде дұрыс отырады.

54. Мүсіндеу:

1) балаларды ермексаздан, саздан, түсті қамырдан әртүрлі пішіндерді, ыдыс заттарын, ойыншықтарды мүсіндеу процесіндегі ересектің әрекетін бақылауға үйрету; балаларды ересек адамның жасаған бұйымдарымен ойнату; созылымды материалдың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру: илеу, кесектерді үзіп алу, біріктіру, бөліктерін жұлу, тура және айналдыра қимылдау арқылы жаю, жалпайтуға; мүсіндеу алдында зерделеу (заттарды сипап сезу) арқылы көлемді пішінді заттарды қабылдауға үйрету;

2) дағдыларды дамыту: сазды, қамырды, ермексазды жұмсарту; саздың, қамырдың, ермексаздың үлкен кесегінен кіші кесекті үзіп алу; пішін жасау қимылы – жаю; сазды, қамырды, ермексазды алақандар арасында домалақтау, цилиндр пішінді заттарды: таяқшаны, шұжықты мүсіндеу;

3) созылымды материалмен жұмыстың қарапайым: үстелде дұрыс отыру, жеңді түру, мүсіндеуден кейін қолды жуу ережелерімен таныстыруды жалғастыру.

55. Күтілетін нәтижелер:

1) созылымды материалдармен әрекеттерді (умаждайды, үлкен кесектен үзіп алады, оларды үлкен кесекке біріктіреді) орындайды;

2) пішін жасау қимылын орындайды-педагогпен бірге және еліктеу бойынша жаяды;

3) цилиндр пішінді заттарды (таяқша, шұжық) педагогпен бірге және еліктеу бойынша мүсіндейді;

4) үстелде жеңін түріп, дұрыс отырады, мүсіндегеннен кейін педагогтың көмегімен қолын жуады;

5) жұмыс процесінде эмоциясын байқатады.

56. Аппликация:

1) балаларды аппликация орындап отырған ересектің әрекеттерін бақылауға балаларды үйрету; еліктеу бойынша практикалық әрекет арқылы көлемді пішіндерді (шар,текше) ажырату; таныс ойнышықтарды, заттарды олардың бейнелерімен сәйкестендіру; еліктеу бойынша практикалық әрекет арқылызаттарды мөлшері (кіші, үлкен) бойынша салыстыру; түстерді ажырату (қызыл, сары); жазық геометриялық пішіндермен (дөңгелек, шаршы) танысу; қағаздың мүмкіндігі: жыртылуы, оңай умаждалуы туралы түсінікті қалыптастыру;

2) фланелеграфтағы жұмысдағдыларын қалыптастыру: педагогтың көмегімен қарапайым пішіндерді (шар, доп, текше) салу; педагогтың көмегімен қарапайым композиция («күн мен шырша», «үй мен дуал») құрастыру; педагогтың көмегімен дайын әртүрлі: қызыл, сары түстегі пішіндерді фланелеграфта орналастыру; педагогтың көмегімен таныс пішіндерді қағаз бетіне орналастыру.

57. Күтілетін нәтижелер:

1) аппликацияны орындауға берілген ұсынысты жағымды қабылдайды;

2) дайын пішіндерді фланелеграфта, қағаз бетінде орналастырады;

3) заттардың мөлшері (кіші, үлкен) туралы түсінігі бар;

4) заттардың негізгі түстері: қызыл, сары туралы түсінігі бар;

5) заттардың пішіні (дөңгелек, шаршы) туралы түсінігі бар;

6)орындалған жұмысқа қуанады.

58. Музыка:

1) музыканы тыңдау: музыканы аяғына дейін тыңдай білуді қалыптастыру; музыкаға деген қызығушылықты тәрбиелеу;

2) ән айту: әнге қосылу және өлең соңында қайталанатын дыбысқа еліктей білуді қалыптастыру; ересек адаммен бірге өлең айтуды дамыту;

3) музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: музыканың сүйемелдеуімен қарапайым ырғақты қимылды қалыптастыру; музыканың сүйемелдеуімен зал ішінде жүру және жүгіру дағдыларын жетілдіру; қарапайым қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау дағдыларын қалыптастыру;

4) музыкалық-дидактикалық ойындар: музыкалық құралдармен: қоңыраумен, бубенмен, сылдырмақпен танысу.

59. Күтілетін нәтижелер:

1) таныс өлеңдерді таниды;

2) өлеңде қайталанылатын сөздерге қосылады;

3) қарапайым қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындайды;

4) шеңберде орындалатын қарапайым би қимылдарын музыканың сүйемелдеуімен немесе педагогпен бірлесе орындаған өлеңнің мазмұнына сәйкес қайталайды;

5) музыкалық құралдарды (қоңырау, бубен, сылдырмақ) көрсетеді.

3-тарау. Екінші кіші топ (3-4 жастағы балалар)

1-параграф. «Денсаулық» білім беру саласы

60. «Денсаулық» білім беру саласының базалық мазмұны – дене шынықтыру,мәдени-тазалық дағдылары ұйымдастырылған оқуқызметінде іске асырылады.

61. Мақсаты дененің қалыпты өсуін, баланың жеке типологиялық ерекшеліктеріне қарай омыртқасын дамыту және оның денесін дұрыс қалыптастыру үшін жағымды физиологиялық жағдайлармен қамтамасыз ету, қарапайым мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

62. Міндеттер:

1) жалпы қимылдық икемділіктерді, еркін түзімдегі, берілген бағыттағы жүру мен жүгіру дағдыларын қалыптастыру;

2) шапшаң қимылды ойындарға және ойын жаттығуларына қатысуға эмоциялық әсер мен ынтасын шақыру;

3) өзінің қимылын үйлестіруге, тәрбиешінің сигналы мен командасына сәйкес іс-әрекет бағыты мен сипатын өзгертуге үйрету;

4) ептілікті дамыту, мүсінді қалыптастыру;

5) балада тамақтану және жуынудың қарапайым дағдыларын дамыту;

6) киіну және шешінудің бастапқы дағдыларын қалыптастыру;

7) өзіне-өзі қызмет ету процесінде құралдармен қарапайым іс-әрекеттерді қалыптастыру.

2-параграф. 1-жартыжылдық

63. Дене шынықтыру төмендегідей негізгі қимылдардықамтиды:

1) жүру: қолдарынан ұстасып, сигнал бойынша тоқтап, шеңбер бойымен жүруге; қол белде, аяқтың ұшымен жүруге; арқаннан жасалған түзу жол бойымен, шеңбер бойымен жүруге; тақтай (ені 30 см, ұзындығы 1,5 м) бойымен жүруге үйрету;

2) жүгіру: зал бойымен қарама-қарсы қабырғаға қарай топтасып жүгіруге; бір-бірінің артынан көрсетілген бағыт бойынша жүгіруге; жол бойымен (ені 30-40 см, ұзындығы 7 м) жүгіруге; тәрбиешінің сигналы бойынша бір-бірден, топтасып жүгіруге үйрету;

3) секіру: педагогтың, бірінің бірі қолынан ұстап секіруге; тәрбиешінің сақтандыруымен және көмегімен тақтайдан (биіктігі 10 см) секіруге үйрету;

4) лақтыру, қағып алу, дәлдеп лақтыру: әрекетті доппен орындау – көлемі мен материалы әртүрлі (үлкен және кіші, үрленген, матадан жасалған, сырты тегіс және бұдыр) доптарды екі қолмен педагогқа, біріне лақтыру; допты екі қолымен тұрған және отырған қалыпта қақпа арқылы (қашықтық – 2 м) домалату;

5) еңбектеу, өрмелеу: ересектің қолдауымен төбешікке шығу және өздігінен түсу; кілем бойымен еңбектеу, бөрене арқылы өрмелеп өту; педагогтың көмегімен гимнастикалық қабырға бойымен өрмелеу және түсу;

6) тепе-теңдік сақтау: шектелген кеңістік бойымен, бір ұшы еденнен 15-20 см биіктікке көтерілген (ұзындығы 1,5-2 м, ені 20-25 см) еңіс тақтай бойымен жүруге және оның бойымен төмен түсуге (ересектің сақтандыруымен және көмегімен орындалады); тәрбиешінің қолынан ұстап ұзын орындық бойымен (биіктігі 20-25 см) жүруге үйрету;

7) сапқа тұру: сапта еркін тұру; арқанды қолымен ұстап тұрып,еденге түзу салынған арқан бойымен тұру;

8) жалпы дамытушы жаттығулар: жаттығуларды педагогпен бірге орындау: бас қимылы – бұру (оңға, солға), алға қарай иілу, артқа қарай шалқаю; қол қимылы – алға, жан-жағына, жоғарыға, иыққа, белге қою, қолдарын кеуде тұсында айқастыру, жанына қарай созу, кеуде тұсында, бастан асыра шапалақтау; бүгу және жазу; саусақтарды жұдырыққа түю және жазу; қолды белге қойып, бір аяқты топылдату; екі аяғын топылдату; тұрған және отырған қалыпта оңға және солға бұрылу, бір-біріне зат беру, алға еңкею және түзулену, қолдаумен тізесін бүгу, секіру.

64. Күтілетін нәтижелер:

1) дене жаттығуларын орындауға ынта білдіреді;

2) жаттығуларды педагогтың әрекетіне еліктей отырып орындайды;

3) тәрбиешінің артынан топтасып жүреді, жүгіреді;

4) жол бойымен және ізінен жүреді;

5) қол ұстасып шеңбер құрап жүреді; қол белде, аяқ ұшымен жүреді;

6) жол бойымен көрсетілген бағытта бірінің артынан бірі жүгіреді;

7) допты екі қолымен лақтырады;

8) тұрған және отырған қалыпта допты екі қолымен ұстап, қақпа арқылы домалатады;

9) тәрбиешінің көмегімен тақтайдан секіреді;

10) педагогтың қолынан ұстап аяғының ұшымен секіреді;

11) кілем, тақтай бойымен еңбектейді;

12) арқанның, орындықтың астынан өрмелеп өтеді.

65. Мәдени-тазалық дағдылары:

1) мәдени-тазалық дағдыларын дамыту білік пен дағдыларды қалыптастыратын ойындар барысында қамтамасыз етіледі: тамақтану дағдыларын қалыптастыру; тамақтану үшін қажет заттар мен азық-түлікті ажырата алуын үйрету; балаларды қасық және тостағанды сәйкестендіре білуін қалыптастыру; асхана аспаптарын ұстау алу дағдысын дамыту (тостаған, қасық);

2) тазалық дағдыларын қалыптастыру: жуыну алдында бірнеше әрекеттер жолымен киімнің жеңін бүктеу керектігін; ересек адамның көмегімен шүмекті ашуға және жабуға; ересектің көмегі арқылы тамақтанар алдында және дәретханадан кейін қол жуу керектігін, алақанымен беттің төменгі бөлігін жуу керектігін үйрету (қолды сулау, алақанды бір-біріне үйкелеу, сабын көбігін сумен шаю); ересек адамның көмегімен қол және бетті сүрте білуін үйрету; ересектердің көмегімен айна алдында шаш тарай ала білуін үйрету; өздігінен шалбарды шешу және түбекке отыру білігін қалыптастыру; балаларға дәретхана қағазын қолдануды үйрету (ересектің бақылауымен);

3) ұқыптылық дағдыларын қалыптастыру: балалардың өзінің киімі тұратын шкафты, үстел басындағы орнын, киімін сақтауға арналған шкафты білуін бекіту (ересектің бақылауымен); тамақ ішіп боған соң «рақмет» айтуды үйрету; дәретхананы дер кезінде қолдана білуін қалыптастыру (ересектің ескертуі және дәретханаға апаруы бойынша);

4) киіну және шешіну дағдыларын қалыптастыру: балаларды сурет бойынша өз шкафын таба алуына үйрету (ересектің көмегімен, көрсету немесе ауызша нұсқаулық бойынша); балаларды киіндіру және шешіндіруге қатыса білуін үйрету: ересекпен (ересектің көмегімен) ағытылған (байланған) киімді шешу, оны орындыққа бүктеп қою.

66. Күтілетін нәтижелер:

1) тамақтану үшін қажетті заттар мен азық-түлікті ажырата алады (жеуге жарамды және жарамсызын);

2) ересек адамның көмегімен шүмекті аша және жаба алады;

3) өзінің киімі тұратын шкафты, үстел басындағы орнын, киімін сақтайтын орынды таниды (ересектің бақылауымен);

4) ересектердің көмегімен айна алдында шаш тарау бойынша бірлескен әрекет жасайды;

5) ересектің ескертуі және дәретханаға апарумен дәретхананы дер кезінде қолданады.

3-параграф. 2-жартыжылдық

67. Дене шынықтыру төмендегідей негізгі қимылдарды қамтиды:

1) жүру: қолдарынан ұстасып, сигнал бойынша тоқтап, шеңбер бойымен жүру; қол белде, аяқтың ұшымен жүру; арқаннан жасалған түзу жол бойымен жүру; бір-бірден, шағын топпен және барлығы түзу бағытта жұптасып, қол ұстасып жүру;

2) жүгіру: зал бойымен қарама-қарсы қабырғаға қарай топтасып жүгіру; бір-бірінің артынан көрсетілген бағыт бойынша жүгіруге; жол бойымен (ені 30-40 см, ұзындығы 7 м) жүгіру; жан-жаққа шашырап жүгіруге, түзу бағытта бір-бірден, топтасып жүгіруге; шеңбер (еденге салынған арқан) бойымен жүгіруге үйрету;

3) секіру: педагогтың, бірінің қолынан біріұстап секіру; тәрбиешінің сақтандыруымен және көмегімен тақтайдан (биіктігі 10 см) секіру; тіректен ұстанып, тұрған орнында секіру дағдыларын қалыптастыру;

4) лақтыру, қағып алу, дәлдеп лақтыру: доптарды (көлемі және фактурасы әртүрлі) екі және бір қолымен шеңберге лақтыру; допты 1,5-2 м қашықтықтағы қақпаға домалату; допты тәрбиешіге 50 см қашықтықтан лақтыру; көлемі кіші матадан тігілген доптарды 50 см қашықтықтан себетке лақтыру;

5) еңбектеу, өрмелеу: ересектің қолдауымен төбешікке шығу және өздігінен түсу; еденде жатқан тақтай (ені 30 см, ұзындығы 1,5 м) бойымен еңбектеу; бөрене арқылы өрмелеп өту; гимнастикалық қабырға бойымен еркін тәсілмен өрмелеу және түсу; көрсету бойынша үлкен шеңберден (түзу) еңбектеп өту;

6) тепе-теңдік сақтау: шектелген кеңістік бойымен, бір ұшы еденнен 15-20 см биіктікке көтерілген (ұзындығы 1,5-2 м, ені 20-25 см) еңіс тақтай бойымен жүру және оның бойымен төмен түсу (ересектің сақтандыруымен және көмегімен); гимнастикалық орындық бойымен жүру және тақтай ұшынан секіру; аяғын дұрыс қоя отырып, бір орнында тұрып айналу;

7) сапқа тұру: сапта еркін тұру; еденге түзу етіп салынған арқан бойымен тұру, арқанды қолымен ұстап тұру; арқанның немесе жіптің бойымен бірінің артынан бірі сапқа тұру;

8) жалпы дамытушы жаттығулар (затпен және затсыз): жаттығуларды педагогпен бірге орындау: бас қимылы – бұру (оңға, солға), алға иілу, артқа шалқаю; қол қимылы – алға, жан-жағына, жоғарыға, иыққа, белге қою, қолдарын кеуде тұсында айқастыру және жанына созу; кеуде тұсында, бастан асыра шапалақтау; бүгу және жазу; саусақтарды жұдырыққа түю және жазу; қолды белге қойып, бір аяқты топылдату; екі аяғын топылдату; тұрған және отырған қалыпта оңға және солға бұрылу, бір-біріне зат беру, алға еңкею және түзулену, қолдаумен тізесін бүгу, секіру;

9) тәрбиешінің әрекетіне еліктеу бойынша шапшаң қимылды ойындар.

68. Күтілетін нәтижелер:

1) дене жаттығуларын орындауға ынта білдіреді;

2) жаттығуларды педагогтың әрекетіне еліктей отырып орындайды;

3) тура бағытта жүреді, жүгіреді;

4) шеңбер бойымен қол ұстасып жүреді; қол белде, аяқ ұшымен жүреді;

5) сигнал бойынша тоқтайды, жол бойымен көрсетілген бағытта бірінің артынан бірі жүгіреді;

6) шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді;

7) допты бір және екі қолымен лақтырады;

8) тұрған және отырған қалыпта допты екі қолымен ұстап, қақпа арқылы домалатады;

9) тәрбиешінің көмегімен тақтайдан секіреді;

10) тіректен ұстап бір орнында тұрып секіреді;

11) тақтай бойымен еңбектейді;

12) арқанның, орындықтың астынан өрмелеп өтеді;

13) гимнастикалық қабырғаға шығады және түседі;

14) бір орнында тұрып айналады.

69. Мәдени-тазалық дағдылары:

1) тамақтану дағдыларын қалыптастыру: қасық және тостағанды қолдана отырып, ересектің бақылауымен тамақтана алуды қалыптастыру; балаларды төгіп алмай тостағаннан дұрыс ішуге үйрету;

2) гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: ересектің бақылауында шүмекті ашуға және жабуға; ересек адамның көмегімен және көрсету бойынша жуынар алдында жеңінтүру керектігін; сурет бойынша өз орамалын таба білуді балаларға үйрету (ересектің көмегімен, көрсету немесе ауызша нұсқаулық бойынша); санитария және гигиена заттарын (сабын салғыш, тіс щеткасы, тіс пастасы)тани алуын және ажыратуын қалыптастыру; тіс пастасын тіс щеткасына жаға отырып, тіс тазалау, ауыз шаю дағдыларына үйрету (бірлескен әрекет); жуынып болған соң қол және бетті сүрту үшін жайылған орамалмен сүртіну керектігін үйрету; автоматты қол кептіргіш көмегімен қолды кептіру; ересектердің көмегімен айна алдында шаш тарай білуін қалыптастыру (еліктеу бойынша); ересектің көмегімен дәретхана қағазын қолдана білуге үйрету;

3) ұқыптылық дағдыларын қалыптастыру: тамақтан кейін майлықты қолдана білуге,тамақтанып болған соң алғыс білдіруге үйрету; ересектің бақылауымен және көмегімен орындыққа киімді дұрыстап бүктеуді қалыптастыру; дәретханамен дер кезінде қолдану керектігін бекіту (ересектің ескертуі және дәретханаға апаруы бойынша);

4) киіну және шешіну дағдысын қалыптастыру: балаларды сурет бойынша өз шкафын таба алуына үйрету(ересектің көмегі арқылы, көрсету немес ауызша нұсқаулық бойынша); ересектің көмегімен өз киімін сәйкестендіре білуін қалыптастыру; жабысқақ түймелегіштерді (ересектің жартылай көмегімен) шеше алуды қалыптастыру; жабысқақтар көмегімен түймелейтін, ағытатын, біріктіретіндағдыларды қалыптастыру үшін түрлі ойын модульдері бар жаттығулар.

70. Күтілетін нәтижелер:

1) қасық және тостағанмен қолдана отырып, ересектің бақылауымен тамақтана алады;

2) тостағаннан төгіп алмай ішеді;

3) ересектің бірлескен әрекеттерімен ауыз шаю және тіс тазалау процесіне қатысады;

4) автоматты қол кептіргіш көмегімен қолды кептіре алады;

5) ересектің көмегі арқылы өз киімін сәйкестендіре біледі;

6) ересектердің көмегімен айна алдында шаш тарау дағдысына ие болады (еліктеу бойынша);

7) ересектің көмегімен дәретхана қағазын қолдана біледі;

8) жабысқақ түймелегіштерді ересектің жартылай көмегімен шеше алады.

4-параграф. «Коммуникация» білім беру саласы

71. «Коммуникация» білім беру саласының базалық мазмұны – сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

72. Мақсаты балаларда сөйлеу белсенділігін ояту үшін жағдайларды жасау,сөйлеу тілін тыңдау және қабылдау біліктілігін қалыптастыру.

73. Міндеттері:

1) қаратпа сөйлеу тілін зейін салып тыңдау икемін дамыту;

2) балаларға тұрмыста жиі кездесетін заттарды, іс-әрекеттерді, кейбір белгілерді атауды үйрету (ересек адаммен бірлесіп және еліктеу бойынша);

3) сөйлеу тілінің көмегімен өз қажеттіліктерін айта білуін қалыптастыру;

4) балаларды екі-үш сөздерден тұратын қарапайым фразаларды белсенді сөйлеу тілінде қолдануға үйрету;

5) ертегілерді, қарапайым әңгімелерді, өлеңдерді, жұмбақтарды тыңдауға және қабылдауға үйрету;

6) ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және оқиға барысын қадағалауға үйрету;

7) халық ауыз әдебиет шығармаларындағы мәнерлі интонацияны қабылдау біліктілігін дамыту, сөйлеу тіліне еліктеуін белсендірту.

5-параграф. 1-жартыжылдық

74. Сөйлеу тілін дамыту:

1) суретте бейнеленген іс-әрекеттерді түсіну білігіне үйрету;

2) ойыншықпен әрекет жасау бойынша екі сөзден фразаны құрастыру икемділігін дамыту; өз қажеттіліктерін сөйлеу арқылы білдіру икемділіктеріне үйрету;

3) тұрмыстағы заттарды, әрекеттерді, кейбір белгілерді білдіретін бір, екі, үш буыннан тұратын сөздерді атау икеміне үйрету;

4) балалардың өмірімен және практикалық тәжірибесімен байланысты сұрақтарға жауап беру икеміне үйрету;

5) балалармен тақпақтарды, өлеңдерді, санамақтарды жаттау;

6) бейімделген мәтіндерді тыңдау және олардың суреттерін қарау икемділігіне үйрету.

75. Күтілетін нәтижелер:

1) өз қажеттіліктерін қарапайым сөйлеу тілінде білдіреді;

2) кейіпкерлердің әрекеттерін суреттер бойынша таниды;

3) ересек адамның көмегімен бір немесе екі құрамды сөздердің буындық құрылымын қайталайды;

4) екі сөзден тұратын сөз тіркесін құрастырады;

5) бейімделген мәтіндерді тыңдайды және олардың суреттерін қарайды.

76. Көркем әдебиет:

1) тыңдау және түсіну: ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын тыңдай және қабылдай білуге үйрету; сөйлеу тілінің мүмкіндіктеріне сәйкес қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету; кітаптағы суреттерді қарауға баулу, таныс заттарды атауға, педагогтың сұрауы бойынша көрсетуге ынталандыру;

2) шығарманың интонациялық ырғағын қабылдау: ертегі мазмұнындағы сұраулы интонацияны, тақпақтардың, өлеңдердің ырғақтылығын қабылдауға үйрету, «кап-кап», «тық-тық» дыбыстық ымдарды қайталауға ынталандыру;

3) әңгімелеу және жаттау: таныс тақпақтардағы негізгі (қайталанатын) сөздерді қайталауға, таныс өлеңдерді,тақпақтарды оқу кезінде сөздерді жалғастырып айтуға үйрету (сөйлеу тілінің мүмкіндіктеріне қарай);

4) лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорын толықтыру; кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын жаңғырту (балапандар жем шоқиды, қоян секіреді).

77. Күтілетін нәтижелер:

1) қысқа ертегілерді, жай әңгімелерді, тақпақтарды, жұмбақтарды тыңдайды және қабылдайды;

2) көркем шығарма мазмұнындағы сұраулы сөйлем интонациясын қабылдайды және түсінеді;

3) ертегі кейіпкерлерінің әрекеттеріне және дыбыстауына еліктейді;

4) шығарма мазмұнын эмоциональді қабылдайды және оған ынтасын байқатады.

6-параграф. 2- жартыжылдық

78. Сөйлеу тілін дамыту:

1) балаларды суреттерге қарап екі сөзден тұратын фразаларды құрастыру икеміне үйрету;

2) қимылдарды көрсету және іс-әрекетті бейнелейтін суреттер бойынша сипаттау икеміне үйрету (ересек адамның көмегімен екі-үш сөзден тұратын фразаны құрастыру);

3) топтағы балалардың өміріндегі шынайы жағдайлар нәтижелері бойынша құрастырылған қарапайым әңгімелерді түсіну икеміне үйрету;

4) ересек адамдардың көмегімен заттардың кеңістіктегі орналасуын анықтаумен байланысты нұсқауларды орындау икеміне үйрету;

5) жіктеу есімдіктерін етістіктермен сәйкестендірудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру (мен отырмын, сен отырсың, ол отыр).

79. Күтілетін нәтижелер:

1) ересек адамның көмегімен заттардың кеңістіктегі орналасуын анықтаумен байланысты нұсқауларды орындайды;

2) жіктеу есімдіктерінің етістіктермен сәйкестендірудің алғашқы дағдылары бар;

3) қарапайым сөйлеу нұсқаулары бойынша іс-әрекеттерді орындайды, өзі және жақын ортасы жайында қарапайым сұрақтарға жауап береді.

80. Көркем әдебиет:

1) тыңдау және түсіну: ертегілердің, әңгімелердің, өлеңдердің мазмұнын тыңдай білуге үйрету, ертегілердің мазмұны бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету (қуыршақ қолғаптарды, ойыншықтарды қолдана отырып); кітаптағы суреттерді қарауға баулу, таныс заттарды атауға, педагогтың сұрауы бойынша көрсетуге ынталандыру;

2) шығарманың интонациялық ырғағын қабылдау: шығармадағы бұйыру интонациясын қабылдауға үйрету; халық ауыз әдебиетінен өлеңдерді ырғағы мен әуезділігі бойынша тануға үйрету; кейіпкерлердің қимыл-қозғалысына, дыбыстауына еліктеуге үйрету;

3) әңгімелеу және жаттау: таныс тақпақтарды қайталауға, таныс туындыларды айтуға қажетті күрделі емес сөздерді жалғастырып айтуға (сөйлеу тілінің мүмкіндіктерін ескеріп), қысқа өлеңдерді жаттауға үйрету.

81. Күтілетін нәтижелер:

1) ертегілердің, өлеңдердің, тақпақтардың мазмұнын тыңдайды және қабылдайды;

2) кішігірім тақпақтарды, өлеңдерді жатқа біледі;

3) кейіпкерлердің қимылдарына және дыбыстауына еліктейді;

4) шығарма мазмұнына эмоциональді түрде ілтипатын көрсетеді.

7-параграф. «Таным» білім беру саласы

82. «Таным» білім беру саласының базалық мазмұны –математикалық ұғымдарды қалыптастыру, сенсорика, құрастыру, жаратылыстану ұйымдастырылған оқу қызметіндеіске асырылады.

83. Мақсаты заттардың қасиеттері мен сапасын ойын және өнімді әрекетте қабылдауға жағдай жасау, сәйкестендіруге, салыстыруға, әртүрлі көптіктер мен көптіктердің элементтері арасындағы сәйкестікті жасауға үйрету, құрастыру процесіне жағымды қатынасты және қызығушылығын қалыптастыру, қоршаған әлем туралы қарапайым білімдерінқалыптастыру болып табылады.

84. Міндеттері:

1) балалардың әртүрлі көптіктермен практикалық әрекеттер тәжерибесін жинауына жағдай жасау;

2) заттармен және үздіксіз көптіктермен белсенді әрекеттену негізінде қабылдауды (көру, есту, тактильдік-қимылдық) дамыту;

3) қоғамдық тәжірибені (еліктеу бойынша, үлгі бойынша әрекеттер) меңгеру тәсілдерін қалыптастыру;

4) бағдарлаудың практикалық тәсілдерін (байқап көру, өлшеп көру) қалыптастыру;

5) заттарды берілген белгі бойынша ерекшелеуге және топтастыруға үйрету;

6) әртүрлі талдауыштармен санамай-ақ қабылданатынкөптіктердің санын салыстыруға үйрету;

7) геометриялық пішіндер туралы түсініктерді қалыптастыру;

8) заттардың шамасы туралы түсініктерді қалыптастыру;

9) ересектермен бірге және үлгі бойынша құрылыс материалынан қарапайым құрылыстарды орындауға үйрету;

10) тірі және өлі табиғат, табиғаттағы тәртіп ережелері және қарапайым өзара байланыстар туралы білімдерін қалыптастыру;

11) практикалық әрекет процесінде көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін қалыптастыру.

8-параграф. 1-жартыжылдық

85. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру:

1) сандық түсініктерді қалыптастыру: дискретті көптіктермен (заттармен, ойыншықтармен) практикалық әрекеттер; үздіксіз көптіктермен (су, құм, жарма, сусымалы заттар) практикалық әрекеттер; біртекті заттардан көптік құрастыру және көптіктерді жеке заттарға бөлу (педагог «тағы», «көп», «барлығы», сөздерін пайдалана отырып, балалардың әрекеттерін айтып тұрады), еліктеу бойынша топтан «бір және көп»; заттарды бөлу;

2) дискретті және үздіксіз көптіктерді саны бойынша ажырату: «көп-аз»; үздіксіз көптіктердің санын «бос-толық» анықтау;

3) сөзбен («көп», «аз», «біреу») немесе сөзсіз (сәйкес ым-ишараттың көмегімен) жауап бере отырып, «қанша?» сұрағын түсінуге үйрету;

4) екі тең (тең емес) топ заттарын салыстыру; еліктеу бойынша бір текті көптіктен 1, 2 затты ерекшелеу;

5) көлем: заттың көлемін анықтау және бірін біріне салу және жанына қою тәсілдерін пайдаланып көлемі бойынша заттарды салыстыру (үлкен, кіші);

6) геометриялық фигуралар: дөңгелек пішінді заттарды анықтау; заттарды пішініне (шар) қарай топтастыру;

7) кеңістікте бағдарлау: берілген бағыт бойынша: алға, артқа, солға, оңға (ересек адамның көмегімен) қозғалу; нұсқау бойынша заттың орналасу орнын анықтау.

86. Күтілетін нәтижелер:

1) еліктеу немесе үлгі бойынша бір текті немесе әртүрлі элементтерден көптік құрайды;

2) топтан «бір», «көп» заттарды ерекшелейді;

3) үздіксіз көптіктің санын: «бос-толық» анықтайды;

4) дискретті және үздіксіз көптіктерді саны бойынша: «көп-аз» ажыратады;

5) еліктеу бойынша бір текті заттар көптігінен 1, 2 затты ерекшелейді;

6) геометриялық фигураны: дөңгелекті ажыратады;

7) берілген бағыт бойынша: алға, артқа, солға, оңға қозғалады(ересек адамның көмегімен);

8) ересек адамның ұйымдастырушы және бағыттаушы көмегімен жұптық сәйкестікті анықтау тәсілімен элементтерінің саны бойынша тең көптіктерді құрайды.

87. Сенсорика:

1) көріп қабылдау мен зейінді дамыту: ұсынылған 2-3 үлгінің шегінде заттарды олардың бейнелерімен сәйкестендіру; ойын бөлмесінің әртүрлі жерлерінде орналасқан жұп заттарды табу; педагогтың үстеліндегі екі ойыншықтың ішінен таңдау арқылы ойыншықтарды қабылдау; көлемдері бірдей, бірақ пішіндері әртүрлі (дөңгелек, шаршы) қораптарға қақпақтаңдау, байқау арқылы қақпақтың пішінінің қорап пішініне қатысын сәйкестендіру; түстерді (қызыл, сары) ажырату;

2) естіп қабылдау мен зейінді дамыту: еліктеу бойынша әртүрлі музыкалық аспаптардың дыбысталуына (дағараның дыбысы бойынша жүру, бубеннің дыбысына қол шапалақтау) жауап ретінде әртүрлі қимыл реакцияларын шығару; дыбысқа еліктеуді оларға сәйкес 2-3 суреттердің ішінен таңдай отырып, сәйкестендіру арқылы жіктеу; ойыншықты оған сәйкес дыбысқа еліктеумен сәйкестендіру; фонетикалық талдаусыз буын құрамы әртүрлі сөздерді ажырату;

3) тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: таныс ойыншықтарды үлгісін көрсетпей-ақ сөз бойынша сипап сезіптаңдау, 2 заттан таңдау; көлемді пішіндерді (шар, текше) ажырату, үлгісін көрсете отырып, көру арқылы 2 шардан (үлкен, кіші) таңдау жасау; заттарды сипап сезіп, ажырату (үлкен, кіші), заттар мен нысандарды «дымқыл»-«құрғақ» (сүлгі, ыдыс, шөп, жер) белгілері бойынша жіктеу; заттар мен нысандардың температурасын «ыстық»-«суық» (ыдыс, су, құм) белгілері бойынша ажырату;

4) дәм сезуді дамыту: ыстық және суық тамақ туралы түсінікті қалыптастыру; ыстық және суық сусындарды (шай, шырын) жіктеу.

88. Күтілетін нәтижелер:

1) түстерді (қызыл, сары) сәйкестендіреді;

2) заттардың көлемін (үлкен, кіші) ажыратады;

3) геометриялық пішіндерді (шар, текше) сипап сезу арқылы ажыратады;

4) заттарды сезімталдықтың әртүрлі түрлерін тексеруге қатыстыра отырып қарастырады;

5) жақын ортадағы заттарды көру арқылы таниды;

6) таныс ойыншығының бейнесін затпен сәйкестендіреді;

7) екі-үш музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажыратады;

8) ойыншықтарды сәйкес дыбысқа еліктеумен сәйкестендіреді;

9) «ыстық-суық» белгілері бойынша тамақты, сусынды ажыратады;

10) заттарды және нысандарды «дымқыл-құрғақ», «ыстық-суық» белгілері бойынша ажыратады.

89. Құрастыру:

1) балалардың көзінше орындалатын құрастыру әрекеті процесіндегі ересектің әрекетін бақылауға; ересектің көмегімен құрылыс материалынан қарапайым құрылыстарды орындауғаүйрету; ересек адам жасаған әртүрлі құрылыстармен ойнауға; көлемді пішінді заттарды, конструктор бөліктерін екі қолымен сипап сезіп зерделеу арқылы қабылдауға; еліктеу бойынша практикалық әрекеттер арқылы заттарды көлемі (кіші, үлкен) бойынша салыстыруға үйрету;

2) құрылыс материалдарынан құрастыру: құрылыс материалдарының бөліктерімен, оларды құрастыру мүмкіндіктерімен (текше) таныстыру; еліктеу бойынша «Мен сияқты істе» тәсілін пайдалана отырып, 2-3 текшеден мұнара құрастыру; ойында құрылыс жиынтығының элементтерін зат алмастырушысы ретінде пайдалану;

3) заттық емес құрастыру: бөліктерден бүтін құрай отырып,ойыншықты жинастыру; кеңістікте өзінің орналасу жағдайы туралы түсінікті (жоғарыда-төменде) қалыптастыру; еліктеу бойынша топ бөлмесінің кеңістігінде құрылыс конструкторының бір элементінің орнын ауыстыру білігін бекіту («Мен сияқты қой»);

4) таяқшалардан құрастыру: таяқшаларды пішіннің (үй, жалауша) суретінің үстіне қою;

5) құрамалы-жиналмалы ойыншықтарды құрастыру: үлгі бойынша ойыншықты жинастыру, бөліктерден бүтін құрау; қуыршақтың бет-әлпетін және дене мүшелерін көрсету;

(Жалғасы 18-бетте)

(Жалғасы. Басы 13-17-беттерде)

6) дағдыларды қалыптастыру: конструктор бөліктерін ұстап алу, ұстап тұру, орнын ауыстыру; бөліктерді бірін біріне орналастыру; затты екі қолымен зерделеу (затты сипау); құрылыс жиынтығының элементтерін көлемі бойынша (үлкен, кіші) салыстыру.

90. Күтілетін нәтижелер:
1) құрастыру процесіне және нәтижесіне деген әсері жағымды;
2) құрылыс материалынан және таяқшалардан қарапайым құрылыстар құрастырады;
3) ойыншықты жинастырады, бөліктерден бүтін құрастырады;
4) таныс құрылыстарды таниды;
5) бұйымдар мен құрылымдарды әр түрлі бағытта орналастырады;
6) таныс құрылыстарды пайдалана отырып ойнайды.

91. Жаратылыстану:
1) табиғат құбылыстары: қоршаған әлем нысандары мен субъектілеріне деген қызығушылықты қалыптастыру;
2) өсімдіктер әлемі: практикалық әрекет үдерісінде көкөністер (қызанақ) мен жемістер (алма, алмұрт) туралы түсініктерді қалыптастыру;
3) жануарлар әлемі: үй жануарлары (мысық) туралы түсініктерді қалыптастыру; жабайы жануарлар (аю) туралы түсініктерді қалыптастыру.

92. Күтілетін нәтижелер:
1) қоршаған әлем нысандары мен субъектілеріне деген қызығушылығын байқатады;
2) таныс көкөністер мен жемістерді көрсетеді;
3) таныс үй және жабайы жануарларды көрсетеді.

9-параграф. 2-жартыжылдық

93. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру:
1) сандық түсініктерді қалыптастыру: біртекті заттардан көптік құрау және көптіктерді жеке заттарға бөлу (педагог «тағы», «көп», «барлығы», сөздерін пайдалана отырып, балалардың әрекеттерін айтып тұрады); жазықтықта әртүрлі орналасқан заттық көптіктердің құралуы (тігінен, көлденеңінен, үйме); топтардан біртекті заттарды: «көп», «аз», «біреу» (еліктеу бойынша) ерекшелеу («көп»затты ерекшелегенде заттарды екі қолмен, ал «аз» заттарды бір қолмен, «біреуді» оң қолдың екі саусағымен алу);
2) қолдың қимылын ілестіріп, қорытынды санды атай отырып, екі сан көлеміндегі заттарды санау; екі заттан құрылған көптікті санамай-ақ тану: «Екі саңырауқұлақ қайда, көрсет»; түске, пішінге, көлемге бағдарлай отырып, заттарды әртүрлі көптіктерге біріктіру; «көп»,арнайы ұйымдастырылған және қоршаған ортадан 1, 2 затты табу;
3) шама: заттың шамасын анықтау және бірін біріне салу және жанына қою тәсілдерін пайдаланып, көлемі бойынша(үлкен, кіші)салыстыру; заттарды көлемі(үлкен, кіші) бойынша топтастыру;
4) геометриялық фигуралар: дөңгелек, шаршы пішінді заттарды анықтау; заттарды пішіндері бойынша: шар, текше топтастыру; геометриялық пішіндерібойынша: дөңгелек, шаршы ажырату;
5) кеңістікте бағдарлау: берілген бағыт бойынша: алға, артқа, соға, оңға(ересек адамның көмегімен) қозғалу; өз дене мүшелерінде бағдарлау: бас, қолдары, аяқтары, кеудесі.

94. Күтілетін нәтижелер:
1) еліктеу немесе үлгі бойынша бір текті немесе әр түрлі текті элементтерден көптік құрайды;
2) топтан «бір», «көп», 1, 2 заттарды ерекшелейді;
3) 2 көлеміндегі заттарды санайды, қорытынды санды атайды немесе саусақпен көрсетеді;
4) ересек адамның ұйымдастырушы және бағыттаушы көмегімен жұптық сәйкестікті анықтау тәсілімен элементтерінің саны тең көптіктерді құрайды;
5) заттарды көлемі бойынша бірін біріне салу және жанына қою тәсілдерін пайдаланып (үлкен, кіші) салыстырады;
6) геометриялық пішіндерді: дөңгелек, шаршы ажыратады;
7) заттарды пішіндерібойынша: шарларды, текшелерді топтастырады;
8) өз дене мүшелерінде (бас, қолдар, аяқтар, кеуде) бағдарлайды.

95. Сенсорика:
1) көріп қабылдау мен зейінді дамыту: ұсынылған 2-3 үлгінің шамасында заттарды олардың бейнелерімен салыстыру; көлемді геометриялық пішіндерді (текше, шар, кірпіш) қораптың сәйкес келетін ойығына байқап көру тәсілімен итеру; көлемдері бірдей, бірақ пішіндері әртүрлі (дөңгелек, шаршы) қораптарға қақпақ таңдау, байқау арқылы қақпақтың пішінінің қорап пішініне қатысын анықтау; педагогтың әрекетіне еліктеу жағдайында (қуыршаққа киімдерді түсіне қарай таңдау) түстерді (қызыл, сары, жасыл) ажырату; 2 бөліктен тұратын кесінді суретті жинастыру;
2) естіп қабылдау мен зейінді дамыту: белгілі бір аспаптардың (дағыра, пианино, бубен үшеуінен таңдау) дыбыстарын жіктей отырып әсерін білдіру; ойыншықты оған сәйкес дыбысқа еліктеумен сәйкестендіру; суретті тірек ете отырып, есту арқылы үш сөздіажырату; фонетикалық талдаусыз буын құрамы әртүрлі сөздерді есту арқылы ажырату;
3) тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: заттарды сөз бойынша («Маған үлкен допты бер, кіші допты бер») және сипап сезе отырып, пішіні мен көлемі бойынша таңдау; үлгі бойынша көлемі мен пішіні бойынша таңдау; заттарды пішіні, түсі, көлемі бойынша топтастыру; заттар мен нысандарды «дымқыл»-«құрғақ» (сүлгі, тас) белгілері бойынша жіктеу; заттар мен нысандардың температурасын «ыстық»-«суық» (ыдыс, су, құм) белгілері бойынша ажырату;
4) дәм сезуді дамыту: ыстық және суық тамақ туралы түсінікті қалыптастыру; ыстық және суық сусындарды (шай, шырын) жіктеу; әртүрлі дәмдік сезім «тәтті-ащы» туралы түсініктерін қалыптастыру; тамақты «тәтті-ащы» дәмі бойынша анықтау.

96. Күтілетін нәтижелер:
1) таныс заттарды олардың бейнесімен сәйкестендіреді;
2) түстерді (қызыл, сары, жасыл) сәйкестендіреді;
3) заттардың көлемін (үлкен, кіші) ажыратады;
4) геометриялық пішіндерді (шар, текше, кірпіш) сипап сезіп ажыратады;
5) жақын ортадағы заттарды көру арқылы таниды;
6) 2 бөліктен құралатын заттық кесінді суретті құрастырады;
7) әртүрлі буындардан құралған сөздерді естіп ажыратады;
8) тамақты, сусынды «ыстық-суық», «тәтті-ащы» белгілері бойынша ажыратады;
9) заттарды және нысандарды «дымқыл-құрғақ», «ыстық-суық» белгілері бойынша ажыратады.

97. Құрастыру:
1) балалардың көзінше орындалатын құрастыру әрекеті процесіндегі ересектің әрекетін бақылауға; өзінің жасаған құрылысымен ойнауға; ересектің көмегімен қарапайым құрылыстарды орындауға; көлемді пішінді заттарды, конструктор бөліктерін зерделеу: екі қолымен сипай ұстау, нобайы бойымен қолымен жүргізуарқылы қабылдауға; еліктеу бойынша практикалық әрекеттер арқылы заттарды көлемі бойынша (үлкен, кіші) салыстыруға үйрету;
2) негізгі түстер туралы білімдерін қалыптастыру, түстерді: қызыл, сарысәйкестендіру; заттардың көлемі: үлкен, кіші туралы білімдерін қалыптастыру; заттардың пішіні: текше, кірпіш туралыбілімдерін қалыптастыру;
3) құрылыс материалдарынан құрастыру: құрылыс материалының бөліктерімен, оларды құрастыру мүмкіндіктерімен (текше, кірпіш) таныстыру; үлгі бойынша кезең-кезеңмен құрастыру тәсілін пайдалана отырып, 2-3 текшеден мұнара құрастыру; еліктеу бойынша кірпіштерден мұнара қалау; еліктеу бойынша ені тар ұзын жол салу; ойында құрылыс жиынтығының элементтерін зат алмастырушы ретінде пайдалану;
4) заттық емес құрастыру: ойыншықты жинастыру, бөліктерден бүтін құрау; еліктеу бойынша топ бөлмесінің кеңістігінде құрылыс конструкторының бір элементінің орнын ауыстыру («Мен сияқты қой»); көлемдік үлгілер бойынша кеңістіктік қатынасты үлгілеу (әрекетті көлемді модульдермен орындау) дағдыларына үйрету;
5) таяқшалардан құрастыру: таяқшаларды пішіннің суретінің үстіне қою тәсілімен қарапайым пішіндерді салу;
6) құрамалы-жиналмалы ойыншықтарды құрастыру: еліктеу бойынша ойыншықты жинастыру, бөліктерден бүтін құрау; қуыршақтың бет-әлпетін және дене мүшелерін, ойыншық жануарлардың дене мүшелерін көрсету;
7) дағдыларды қалыптастыру: конструктор бөліктерін ұстап алу, ұстап тұру, орнын ауыстыру; бөліктерді бірін біріне орналастыру; затты екі қолымен зерделеу (затты сипап сезу); құрылыс жиынтығының элементтерін көлемі бойынша (үлкен, кіші) салыстыру; кірпішті тар қысқа қырынан қою.

98. Күтілетін нәтижелер:
1) құрылыстарды салуға және олармен бірге ойнауға деген қызығушылық танытады;
2) құрылыс материалдарынан және таяқшалардан қарапайым құрылыстар салады;
3) таныс құрылыстарды таниды;
4) үлгі бойынша құрамалы-жиналмалы ойыншықтарды жинастырады;
5) бұйымдар мен құрылымдарды әртүрлі бағытта орналастырады;
6) ойында құрылыстарды пайдаланады.

99. Жаратылыстану:
1) табиғат құбылыстары: қыс және оның қарапайым белгілері (суық, қар) туралы түсініктерді қалыптастыру; жаз және оның қарапайым белгілері (ыстық, күн қыздырады) туралы түсініктерді қалыптастыру;
2) өсімдіктер әлемі: практикалық әрекет процесінде көкөністермен (қияр) және жемістермен(банан) таныстыру; өсімдіктер әлемі: ағаш, шөп туралы түсініктерін қалыптастыру;
3) жануарлар әлемі: үй жануарымен (ит) танысу; тірі табиғат нысандарына деген қайырымдылық сезімін тәрбиелеу.

100.Күтілетін нәтижелер:
1) педагогтың көмегімен иллюстрациялардан қыс пен жазды көрсетеді;
2) таныс көкөністер мен жемістерді көрсетеді;
3) таныс үй жануарларын көрсетеді.

10-параграф. «Шығармашылық» білім беру саласы

101. «Шығармашылық» білім беру саласының базалық мазмұны – сурет салу, мүсіндеу, аппликация, музыка ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

102. Мақсаты бейнелеу әрекетіне деген қызығушылықты қалыптастыру, шынайы нысандардың бейнесітуралы түсінікті қалыптастыру болып табылады.

103. Міндеттері:
1) бейнелеуге деген қызығушылықты шақыру;
2) қолдың көру-қимыл үйлесімділігін дамыту;
3) түсті, көлемді, пішінді көру арқылы қабылдауды қалыптастыру;
4) бейнелеудің әртүрлі құралдарымен таныстыруды жалғастыру;
5) ересектің әрекетін бақылауға және әрекетті еліктеу бойынша орындауға үйрету;
6) созылымды материалдарды пайдаланудың бастапқы икемділіктерін қалыптастыру және олардан пішіндер құру;
7) еліктеу бойынша қарапайым заттар мен құбылыстардың суретін салуға үйрету;
8) аппликацияны педагогтың көмегімен және үлгі бойынша орындауға үйрету;
9) музыканы мұқият тыңдау икемі арқылы естіп қабылдауын дамыту;
10) балалардың музыкалық-сенсорлық қабілетін дамыту.

11-параграф. 1-жартыжылдық

104. Сурет салу:
1) балаларды ересектің сурет салуға деген ұсынысына эмоционалды жағымды жауап беруге үйрету; ересекпен бірге пішіні әртүрлі заттарды зерделеу, нобайы бойымен жүргізуге үйрету; штрихтар мен сызықтарды қисындыру арқылы әртүрлі заттар мен құбылыстарды бейнелеуге болатындығын түсінуді қалыптастыру; дайын бейненің жетіспейтін жеке бөліктерінің суретін салу; жұмыс процесінде эмоцияны байқату, өзінің шығармашылық әрекетінің нәтижелерін бір-біріне көрсету;
2) негізгі түстер, негізгі түстерді: қызыл, сары, көк сәйкестендіру; заттардың көлемі (үлкен, кіші) туралы; заттардың пішіні: дөңгелек туралы білімдерін қалыптастыру;
3) дағдыларды қалыптастыру: үстелде дұрыс отыру; оң қолмен сурет салу, сол қолмен парақты ұстау; педагогтың көмегімен қарындашты, қылқаламды дұрыс (үш саусақпен) ұстау; педагогтың көмегімен қылқаламды бояуға батыру, құтының шетіне тигізу арқылы артық тамшыны алып тастау; бояумен жіңішке және жуан жолақтарды (қылқаламның ұшымен және жалпағынан) жүргізу; сызықты әртүрлі бағытта жүргізу, бейнені бүкіл парақтың бетіне орналастыру; қағаз сүлгіні пайдалану;
4) ересектің көрсетуі бойынша суретте қарапайым заттар мен құбылыстарды (жаңбыр жауады, жылға ағады) салу.

105. Күтілетін нәтижелер:
1) жағынды сала біледі, әртүрлі сызықтарды жүргізеді;
2) дайын бейненің жетіспейтін жеке бөліктерінің суретін салады;
3) геометриялық пішіндер: дөңгелек туралы түсінігі бар;
4) негізгі түстер: қызыл, сары, көк туралы түсініктері бар;
5) заттардың көлемі (үлкен-кіші) туралы түсініктері бар;
6) педагогтың көмегімен қарындашты, қылқаламды үш саусақпен ұстайды;
7) сурет салғанда үстелде дұрыс отырады.

106. Мүсіндеу:
1) балаларды оқыту: ермексаздан, саздан, түсті қамырдан әртүрлі пішіндерді, ыдыс заттарын, ойыншықтарды мүсіндеу процесіндегі ересектің әрекетін бақылау; балаларды ересек адамның жасаған бұйымдарымен ойнату; созылымды материалдың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру: илеу, кесектерді үзіп алу, біріктіру, бөліктерін жұлу, тура және айналдыра қимылдау арқылы жаю, жалпайту; мүсіндеу алдында зерделе: заттарды сипап сезу, негізгі бөліктерін ерекшелеу арқылы көлемді пішінді заттарды қабылдау; заттың көлемді пішінін ерекшелеу және тану;
2) дағдыларды дамыту: сазды, қамырды, ермексазды жұмсарту; саздың, қамырдың, ермексаздың үлкен кесегінен кіші кесекті үзіп алу; пішін жасау қимылы – жаю;
3) цилиндр пішінді заттарды: таяқшаны, шұжықты мүсіндеу; цилиндр пішінді бөліктерді бір-біріне жабыстыра отырып, біріктіру;
4) сазды (қамырды, ермексазды) алақан арасында домалақтап, жалпайту арқылы дөңгелек пішінді заттарды илеп: шелпек, құймақ жасау;
5) созылымды материалдармен жұмыстың қарапайым ережелерімен (жұмысты арнайы тақтайшада ғана орындау, жеңді түру, сазды (қамырды, ермексазды) шашпау, мүсіндеуден кейін қолды жуу) таныстыруды жалғастыру.

107. Күтілетін нәтижелер:
1) созылымды материалдармен әрекеттерді (умаждайды, үлкен кесектен үзіп алады, оларды үлкен кесекке біріктіреді) орындайды;
2) педагогпен бірге және еліктеу бойынша пішін жасау қимылын орындайды, жаяды;
3) педагогпен бірге және еліктеу бойынша цилиндр пішінді заттарды: таяқшаны, шұжықты мүсіндейді;
4) цилиндр пішінді бөліктерді: сақина, қалаш етіп біріктіреді;
5) сазды (қамырды, ермексазды) алақан арасында домалатып, жалпайту арқылы дөңгелек пішінді заттарды: шелпекті, құймақты илеп жасайды;
6) үстелде жеңін түріп, дұрыс отырады, жұмысты тақтайша үстінде орындайды, мүсіндегеннен кейін педагогтың көмегімен қолын жуады;
7) жұмыс процесінде эмоциясын байқатады.

108. Аппликация:
1) балаларды ересектің аппликацияны орындау процесін бақылауға үйрету; ересектің аппликация құруға деген ұсынысына эмоционалды жағымды жауап беру; ересекпен бірлескен әрекетпен пішіні (нобай бойымен жүргізу) әртүрлі заттарды зерделеу;
2) қағаздың: жырту, умаждау, бүктеумүмкіндіктерінпайдалану; қағазды текстурасы бойынша(барқыт, жылтыр, тегіс) ажыратуға; аппликацияны шынайы нысандармен сәйкестендіруге үйрету;
3) негізгі түстер: қызыл, сары туралы; заттардың мөлшері (үлкен, кіші) туралы; заттардың пішіні: дөңгелек туралыбілімдерін қалыптастыру;
4) дағдыларды қалыптастыру: сабақ уақытында үстелде дұрыс отыру; ересектің көмегімен қылқаламды дұрыс пайдалану; ересектің көмегімен дайындамаға клейстерді жағу, дайындаманы аудару; ересекпен бірге қағаз бетіне бір бөліктен тұратын дайын дайындамаларды (алма, алмұрт, лимон) жапсыру; артық клейстерді алып тастау үшінқағаз сүлгіні пайдалану.

109. Күтілетін нәтижелер:
1) аппликацияны орындауға берілген ұсынысты жағымды қабылдайды;
2) ерсекпен бірге қағаз бетіне аппликацияны жапсырады;
3) заттардың мөлшері (үлкен, кіші) туралы түсінігі бар;
4) негізгі түстер: қызыл, сары туралы түсінігі бар;
5) заттардың пішіні (дөңгелек) туралы түсінігі бар;
6) орындалған жұмысқа қуанады;
7) аппликация жұмысы кезінде үстелде отырады.

110. Музыка:
1) музыканы тыңдау: әртүрлі сипаттағы (байыпты, көңілді, шапшаң қимылды) музыканы тануды қалыптастыру; әлеңді тыңдауын қалыптастыру;
2) ән айту: әнге және дыбысқа, қайталанылатын музыкалық тіркестің интонациясына еліктеуді қалыптастыру; қосылып ән айту дағдысын дамыту;
3) музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: музыканың сүйемелдеуімен қарапайым ырғақты қимылдау; зал ішінде жүру және жүгіру, музыкалық сигнал бойынша шашырау және бірге жиналу дағдысын қалыптастыру; музыканың сүйемелдеуімен қарапайым: заттармен ырғақты қимылдарды орындау, алақанын соққылау (тәрбиешінің көмегімен және көрсетуімен), мерекелік ертеңгіліктер мен ойын-сауықтарда ересектермен бірге таныс қимылдарды және әрекеттерді орындауқимылдарын қалыптастыру;
4) музыкалық-дидактикалық ойындар: дыбыс динамикасы (қатты-ақырын) арқылы естіп қабылдауын дамыту; әртүрлі қарқындағы (жылдам, баяу) ойындар арқылы сенсорлық қабылдауын дамыту.

111. Күтілетін нәтижелер:
1) таныс әндерді таниды;
2) ересекпен бірлесіп қарапайым әндерді айтуға ынтасын білдіреді;
3) ересекпен бірлескен әрекеттер арқылы музыканың сүйемелдеуімен қарапайым би қимылдарын орындайды;
4) музыкалық аспаптарда (сылдырмақ, бубен, қоңырау, сыбызғы) ойнаудың қарапайым тәсілдері туралы түсінігі бар.

12-параграф. 2-жартыжылдық

112. Сурет салу:
1) балаларды ересектің сурет салуға деген ұсынысына эмоционалды жағымды жауап беруге; өз бетінше пішіні әртүрлі заттарды зерделеуге, нобайы бойымен жүргізуге; суретті шынайы затпен сәйкестендіруге үйрету;
2) әртүрлі тік, көлденең, түзу сызықтардың, нүктенің суретін салу; бейнені бүкіл парақтың бетіне толтыра орналастыру; дайын бейненің жетіспейтін жеке бөліктерінің суретін салу; трафаретпен салынған заттардың суретін бояу; жұмыс процесінде эмоцияны байқату, өзінің шығармашылық әрекетінің нәтижелерін бір-біріне көрсету; штрихтар мен сызықтарды қисындыру арқылы әртүрлі заттар мен құбылыстарды бейнелеуге болатындығын түсінуді қалыптастыру;
3) негізгі түстер, негізгі түстерді: қызыл, сары, көк, жасыл сәйкестендіру туралы; заттардың көлемі (үлкен-кіші) туралы; заттардың пішіні: дөңгелек, шаршы туралыбілімдерін қалыптастыру;
4) үстелде дұрыс отыру; оң қолмен сурет салу, сол қолмен парақты ұстау; қарындашты, қылқаламды дұрыс (үш саусақпен) ұстау; қылқаламды бояуға батыру, құтының шетіне тигізу арқылы артық тамшыны алып тастау; майлық қағазды пайдаланудағдыларын қалыптастыру.

113. Күтілетін нәтижелер:
1) затты бейнелемес бұрын оның пішінін зерделейді (нобайы бойынша жүргізеді);
2) әртүрлі тік, көлденең, түзу сызықтардың, нүктенің суретін салады;
3) дайын бейненің жетіспейтін жеке бөліктерінің суретін салады;
4) геометриялық пішіндер: дөңгелек, шаршы туралы түсінігі бар;
5) негізгі түстер: қызыл, сары, көк, жасыл туралы түсініктері бар;
6) заттардың көлемі (үлкен-кіші) туралы түсініктері бар;
7) қарындашты (үш саусақпен) дұрыс ұстайды;
8) қылқаламды дұрыс ұстайды, қылқаламмен бояуды алады, қылқаламды суда жуады;
9) жұмыс процесінде эмоциясын байқатады, өзінің шығармашылық әрекетінің нәтижесін көрсетеді.

114. Мүсіндеу:
1) балаларды ермексаздан, саздан, түсті қамырдан әртүрлі пішіндерді, ыдыс заттарын, ойыншықтарды мүсіндеу процесіндегі ересектің әрекетін бақылауға үйрету; балаларды ересек адамның жасаған бұйымдарымен ойнату;
2) созылымды материалдың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру: илеу, кесектерді үзіп алу, біріктіру, бөліктерін жұлу, тура және айналдыра қимылдау арқылы жаю, жалпайту;
3) мүсіндеу алдында зерделеу: заттарды сипап сезу, негізгі бөліктерін ерекшелеу арқылы көлемді пішінді заттарды қабылдау; заттың көлемді пішінін ерекшелеу және тану; сопақша пішінді заттарды зерделеу;
4) негізгі түстер, негізгі түстерді: қызыл, сарысәйкестендіру туралы; заттардың көлемі (үлкен-кіші) туралы; заттардың пішіні: дөңгелек туралыбілімдерін қалыптастыру;
5) сазды, қамырды, ермексазды жұмсарту; саздың, қамырдың, ермексаздың үлкен кесегінен кіші кесекті үзіп алу; пішін жасау қимылы – жаю; сазды, қамырды, ермексазды алақан арасында домалақтау, цилиндр пішінді заттарды: таяқшаны, шұжықты мүсіндеу; цилиндр пішінді бөліктерді бір-біріне жабыстыра отырып, біріктірудағдыларынқалыптастыру;
6) домалақ пішінді заттарды: доп, бауырсақ мүсіндеу; сазды (қамырды, ермексазды) алақан арасында домалақтап, жалпайту арқылы дөңгелек пішінді заттарды: шелпекті, құймақты илеп жасау; басу тәсілін (еліктеу бойынша) пайдалана отырып, домалақ пішінді заттарды: алманы, қызанақты мүсіндеу;
7) созылымды материалмен жұмыстың қарапайым ережелерімен (жұмысты тақтайшада ғана орындау, жеңді түру, сазды (қамырды, ермексазды) шашпау, мүсіндеуден кейін қолды жуу) таныстыруды жалғастыру.

115. Күтілетін нәтижелер:
1) созылымды материалдармен әрекеттерді (умаждайды, үлкен кесектен үзіп алады, оларды үлкен кесекке біріктіреді) орындайды;
2) пішін жасау қимылын орындайды, педагогпен бірге және еліктеу бойынша жаяды;
3)педагогпен бірге және еліктеу бойынша цилиндр пішінді заттарды: таяқшаны, шұжықты мүсіндейді;
4)цилиндр пішінді бөліктерді: сақинаны, қалашты біріктіреді;
5)педагогпен бірге және еліктеу бойынша басу тәсілін пайдалана отырып, домалақ пішінді заттарды мүсіндейді;
6)үстелде дұрыс отырады, жеңін түріп, жұмысты арнайы тақтайша үстінде орындайды, мүсіндегеннен кейін педагогтың көмегімен қолын жуады;
7) жұмыс процесінде эмоциясын байқатады.

116. Аппликация:
1) балаларды ересектің аппликация құрау процесін бақылауға; ересектің аппликация құруға деген ұсынысына эмоционалды жағымды жауап беруге; ересекпен бірлескен әрекетпен пішіні, мөлшері, түсі әртүрлі заттарды зерделеуге үйрету;
2) қағаздың мүмкіндіктерін (жырту, умаждау, бүктеу)пайдалану; қағазды текстурасыбойынша(барқыт, жылтыр, тегіс)ажырату; аппликацияны шынайы нысандармен сәйкестендіруге үйрету;
3) негізгі түстер, негізгі түстерді: қызыл, сары, көк сәйкестендіру туралы; заттардың мөлшері (үлкен, кіші) туралы; заттардың пішіні: дөңгелек, шаршы туралыбілімдерін қалыптастыру;
4) сабақ уақытында үстелде дұрыс отыру; қылқаламды пайдалану; дайындамаға клейстерді жағу, дайындаманы аудару; артық клейстерді алып тастау үшін майлықты пайдалану; қағаз бетіне 1-2 бөліктен тұратын қарапайым дайындамаларды (доп, қызанақ, саңырауқұлақ, үй) жапсырудағдыларын қалыптастыру.

117. Күтілетін нәтижелер:
1) аппликацияны орындауға берілген ұсынысты жағымды қабылдайды;
2) еліктеу бойынша қағаз бетіне 2 бөліктен құралатын дайын пішіндерді жапсырады;
3) заттардың көлемі(үлкен-кіші) туралы түсінігі бар;
4) негізгі түстер: қызыл, сары, көк туралы түсінігі бар;
5) заттардың пішіні (дөңгелек, шаршы) туралы түсінігі бар;
6) қылқаламды пайдаланады, артық клейстерді алып тастау үшін майлықты пайдаланады;
7) орындалған жұмысқа қуанады;
8) аппликация жұмысы кезінде үстелде отырады.

118. Музыка:
1) музыканы тыңдау: әртүрлі сипаттағы (байыпты, көңілді, шапшаң, баяу) музыканы тануды қалыптастыру; әндерді тыңдай білуінқалыптастыру;
2) ән айту: әнге және дыбысқа, қайталанылатын музыкалық тіркестің интонациясына еліктеуді қалыптастыру; қосылып өлең айту дағдысын дамыту;
3) музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: музыканың сүйемелдеуімен қарапайым ырғақты қимылдау; зал ішінде жүру және жүгіру, музыкалық сигнал бойынша шашырау және бірге жиналу дағдысын қалыптастыру; музыканың сүйемелдеуімен қарапайым қимылдарды қалыптастыру: заттармен ырғақты қимылдарды орындау, алақанын соққылау (тәрбиешінің көмегімен және көрсетуімен), мерекелік ертеңгіліктер мен ойын-сауықтарда ересектермен бірге таныс қимылдарды және әрекеттерді орындау;
4) музыкалық-дидактикалық ойындар: дыбыс динамикасы (қатты-ақырын) арқылы есту зейінін дамыту; ересек адамға еліктеу бойынша қатты және ақырын дыбыстарды шығару; әртүрлі қарқындағы (жылдам, баяу) ойындар арқылы сенсорлық қабылдауын дамыту; аспаптардың (бубен, сылдырмақ, қоңырау) дыбысталу тембрін байқау.

119. Күтілетін нәтижелер:
1) педагогтың көмегімен музыка сипатын ажыратады;
2) педагогпен бірге шағын фразаларды әндете айтады;
3) бірлескен әрекет арқылы музыканың сүйемелдеуімен қарапайым би қимылдарын орындайды;
4) музыканың сүйемелдеуімен заттарды ұстап қозғала алады;
5) музыкалық аспаптарда (бубен, сылдырмақ, қоңырау, сыбызғы) ойнайды.

4-тарау. Ортаңғы топ (4-5 жастағы балалар)

1-параграф. «Денсаулық» білім беру саласы

120. «Денсаулық» білім беру саласының базалық мазмұны – дене шынықтыру, мәдени-гигиеналық дағдыларды ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады.

121. Мақсаты-денсаулықсақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың қимылдық белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру.

122. Міндеттер:
1) өзінің әрекетін өзгелердің қимылымен үйлестіру: жаттығуды бір мезгілде бастау және аяқтау, ұсынылған қарқынды сақтау;
2) сигналға жауап беру және соларға сәйкес әрекеттену;
3) қарапайым сапқа тұру мен қайтадан сапқа тұруды орындау;
4) дене жаттығуларын тәрбиешінің нұсқауларына сәйкес орындау;
5)шапшаң қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты қалыптастыру, шапшаң қимылды ойындар ережесіне үйрету;
6) ертеде меңгерілген дағдыларды бекіту және олардың орындалуын жоғарылату;
7) өзіне-өзі қызмет ету барысында қарапайым қарым-қатынас әрекеттерін дамыту;
8) ұқыптылықтың алғашқы дағдыларын баулу.

2-параграф. 1-жартыжылдық

123. Дене шынықтыру төмендегідей негізгі қимылдарды қамтиды:
1) жүру: бір бірінің артынан қолдарына жалауша ұстап жүруге, тар жол бойымен (ені 25 см) жүруге, топтасып залдың қарама-қарсы қабырғасына қарай жүруге; көрсету немесе еліктеу бойынша қолдарын басының артына қойып, жол бойымен жүруге; қол белде, аяқтың ұшымен жүруге; шеңбер бойымен (арқан бойымен) жүруге; қолдарын басының артына қойып,өкшемен жүруге үйрету;
2) жүгіру: қол ұстасып, жұптасып жүгіруге, берілген сигнал бойынша тоқтап бір-бірінің артынан жүгіруге; арқанды ұстап, бірінің артынан бірі жүгіруге; шеңбер (еденге салынған арқан) бойымен жүгіруге үйрету;
3) секіру: бір орнында тұрып секіруге; тәрбиешінің қолынан ұстап арқан, бау арқылы секіруге; тақтай бойымен жүріп, көтерілген ұшынан (биіктігі 10-15 см), тәрбиешінің қолынан ұстап, орындықтан тізесін бүгіп секіруге үйрету;
4) лақтыру, қағып алу, дәлдеп лақтыру: доптарды бір-біріне екі қолымен төменнен лақтыруға; допты нысанаға торлы себетке (50 см) лақтыруға; допты қағып алуға; допты және шарларды еңіс тақтай бойымен домалатуға; допты қақпаға (ені 50-60 см), шеңберге қарай домалатуға үйрету;
5) еңбектеу, өрмелеу: кілемде, орындықта еңбектеуге; қатарлас тұрған (қашықтығы 1,5-2 м) гимнастикалық екі орындықтан өрмелеп өтуге; гимнастикалық қабырға бойымен еркін тәсілмен өрмелеуге; тақтай бойымен (ені 30 см.) еңбектеуге үйрету;
6) тепе-теңдік сақтау: тепе-теңдігін сақтай отырып, (тәрбиешінің көмегімен) көлбеу тақтай бойымен (20-30 см), соңында секіру қажет болатын гимнастикалық орындық бойымен жүруге; қол жағдайын (жоғары көтерілген, белде) өзгерте отырып, бірінің артынан бірі аяғының ұшымен жүруге; басты оңға-солға бұруға, алға июге, артқа шалқайтуға; бір орында тұрып аяғын кезектестіре басып айналуға, дыбыстық сигнал бойынша тізесін бүге айналуға үйрету;
7) сапқа тұру: сапта еркін тұруға; арқан бойымен тұруға, бірінің артынан бірі сапқа және шеңбер құрап тұруға үйрету;
8) жалпы дамытушы жаттығулар (затпен және затсыз): жаттығуларды педагогпен бірге орындау: бас қимылы – бұру (оңға, солға), алға ию, артқа шалқаю; қол қимылы – алға, жан-жағына, алға, иыққа, белге қою, кеуде тұсында айқастыру, жанына қарай созу, кеуде тұсында, бастан асыра шапалақтау; бүгу және жазу; қол белде, аяқ иық ендігінде бастапқы қалыпта денені оңға және солға қарай бұру; қолды еркін жіберіп жүрелеп отыру; қолды жоғары қарай түзулеп жүрелеп отыру; қолдаумен жүрелеп отырып, қол белде, тұрған орнында аяқ ұшымен секіру; қол белде, аяқты дұрыс басып айналу; қол қимылдары: айналдыру, бұлғау, шапалақтау; қол қалпын өзгерте отырып қимылдау (жоғары, алға, жанына); саусақтарды жұдырыққа түю және саусақтарды жазу;
9) тәрбиешінің әрекетіне еліктеу бойынша шапшаң қимылды ойындар;
10) спорттық жаттығулар: биік емес төбеден ересектің көмегімен шанамен сырғанау; ересектердің көмегімен мұзды жолдармен сырғанау.

124. Күтілетін нәтижелер:
1) дене жаттығуларына қимылдық белсенділік пен қызығушылық байқатады;
2) жаттығуларды педагогтың әрекеттеріне еліктей отырып орындайды;
3) шеңбер бойымен, жол бойымен қол ұстасып бірінің артынан бірі жүреді; қол белде, аяқ ұшымен жүреді;
4) жол бойымен, шеңбер бойымен, көрсетілген бағытта бірінің артынан бірі жүгіреді;
5) допты шеңберге лақтырады;
6) тұрған және отырған қалыпта допты екі қолымен ұстап, қақпа арқылы домалатады;
7) тақтайдан секіреді;
8) тіректен ұстап бір орнында тұрып секіреді;
9) тақтай бойымен еңбектейді;
10) арқанның, орындықтың астынан өрмелеп өтеді;
11) гимнастикалық қабырғаға шығады және түседі;
12) педагогтың қолынан ұстап бау арқылы секіреді;
13) аттап өте отырып, бір орнында тұрып айналады.

125. Мәдени-тазалық дағдылары:
1) тамақтану дағдыларын қалыптастыру: тамақ ішу үшін қажетзаттарды сәйкестендіре білуді қалыптастыру (қасық, шанышқы, тәрелке, тостаған, майлық); балаларды ас қасық және шай қасығымен қолдануға үйрету; ұқыпты тамақтанудың қарапайым дағдыларын тәрбиелеу (төгіп-шашпай жеу); балаларды ересектің бақылауында тамақты ұқыпты ішуге үйрету;
2) гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: балалардан және ересектен көмек сұрау, бір-біріне көмек көрсету, ересектің ауызша өтініші бойынша және ересек адамның көмегімен жуынар алдында киімнің жеңін түру керектігін бекіту; қажеттілігі бойынша және ересек адамның көмегімен шүмекті аша және жаба білуге үйрету; балаларды бет пен қолдыбірізділікпен жуу қажеттілігіне үйрету; тіс пастасы салынған сықпаны ашу және жабудағдысын қалыптастыру; балаларғатіс пастасын тіс щеткасына жаға отыра, тіс тазалауды, ауыз шаюды үйрету (үлгі бойынша); балаларда қол мен бетті орамалмен құрғатып сүрту дағдысын қалыптастыру; ересектердің көмегімен жуғаннан кейін аяғын сүртуге үйрету;
3) ұқыптылық дағдыларын қалыптастыру: ересектердің бақылауымен тісті таңертен және кешке тазалауға дағдыландыру; дәретханаға дер кезінде бару дағдысын қалыптастыру (ересектің ауызша нұсқаулығы және өзінің қажеттілігі бойынша); өздігінен және ересектің көмегі арқылы мұрнынбет орамалымен сүрте білуін, оны қалтасынан алужәне қайта салу икемділігін қалыптастыру;
4) киіну және шешіну дағдысын қалыптастыру: ересек адамның көмегі арқылы оң және сол жақ аяқ киімді ажырата білуге үйрету; өздігінен және ересектің жарым-жартылай көмегі арқылы «жабысқақ» және «сыдырма ілгекті» түймелегіштерді ағыта алуын қалыптастыру; ересектің сәл көмегі арқылы «жабысқақ» және «сыдырма ілгекті» түймелегіштерді түймелей алуын қалыптастыру; сыдырма ілгектер көмегімен біріктіретін, түймелейтін, ағытатын дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік беретінтүрлі ойын модульдері бар жаттығулар.

126. Күтілетін нәтижелер:
1) ересек адамның көмегімен киім жеңінің түре алады;
2) қажеттілігі бойынша және ересек адамның көмегімен шүмекті аша және жаба алады;
3) үлгі бойынша тіс пастасын тіс щеткасына жаға отыра, тіс тазалау, ауыз шаю әрекетін орындай алады;
4) ерекестердің көмегімен қол мен бетін сүлгімен құрғатып сүртеді;
5) ересектің ауызша нұсқауы және өзінің қажеттілігі бойынша дәретханаға дер кезінде барады;
6) ересек адамның көмегі арқылы оң және сол аяқ киімді ажырата біледі;
7) ересектің жарым-жартылай көмегі арқылы сыдырма ілгекті түймелегіштерді ағыта алады;
8) ересектің жарым-жартылай көмегі арқылы «жабысқыш» және «сыдырма ілгекті» түймелегіштерді түймелеудің қарапайым дағдыларына ие болады.

3-параграф. 2-жартыжылдық

127. Дене шынықтыру төмендегідей негізгі қимылдарды қамтиды:
1) жүру: бір бірінің артынан қолдарына жалауша ұстап жүру; топтасып залдың қарама-қарсы қабырғасына қарай жүру; көрсету немесе еліктеу бойынша қолды бастан жоғары ұстап, жол бойымен жүру; қол белде аяқтың ұшымен жүру; шеңбер бойымен (арқан бойымен) жүру; қолды жоғары ұстап өкшемен жүру; бөлменің қабырғасының бойымен, алаң шетімен жұптасып жүру; педагогтың сөздік нұсқауы бойынша бағытты өзгерте отырып, бір-бірлеп жүру;
2) жүгіру: қол ұстасып, жұптасып жүгіру, берілген сигнал бойынша тоқтап, бір-бірінің артынан жүру; арқанды ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру; сигнал бойынша жүгіру (жеке), бірінің артынан бірі шеңбер (еденде жатқан арқан) бойымен жүгіру;
3) секіру: бір орнында тұрып аяқ ұшымен секіру, алға қарай қозғала отырып, аяқ ұшымен секіру; тәрбиешінің қолынан ұстап арқан, бау арқылы секіру; тақтай бойымен жүріп, көтерілген ұшынан (биіктігі 10-15 см) секіру; орындықтан тізесін бүге секіру;
4) лақтыру, қағып алу, дәлдеп лақтыру: допты қақпаға (ені 50-60 см), шеңберге қарай домалату; допты екі қолымен торлы себетке (50 см) лақтыру; допты бір-біріне екі қолымен төменнен лақтыру; допты және шариктерді еңіс тақтай бойымен домалату; допты лақтыру және қуып жету, оны басынан асыра көтеру, шеңберге тұрып, допты тәрбиешіге лақтыру шеңберді еркін домалату;
5) еңбектеу, өрмелеу: қатарлас тұрған (қашықтығы 1,5 м) гимнастикалық екі орындықтан өрмелеп өту; гимнастикалық қабырға бойымен еркін тәсілмен өрмелеу; тақтай бойымен (ені 30 см) еңбектеу; шеңберден тура және бүйірлеп өрмелеп өту; арқанның астынан (биіктігі 40 см) өрмелеп өту;
6) тепе-теңдік сақтау: тепе-теңдігін сақтай отырып, көлбеу тақтай бойымен (20-30 см), соңында секіру қажет болатын гимнастикалық орындық бойымен жүру; қол жағдайын (жоғары көтерілген, белде) өзгерте отырып, бірінің артынан бірі аяғының ұшымен жүру; басты оңға-солға бұру, алға қарай ию, артқа қарай шалқайту; бір орында тұрып аяғын дұрыс басып айналу, дыбыстық сигнал бойынша тізесін бүге айналу;
7) сапқа тұру: еркін тұру; арқан бойымен тұру, бірінің артынан бірі сапқа және шеңбер құрап тұру; тәрбиешінің артынан сапқа тұру;
8) жалпы дамытушы жаттығулар (затпен және затсыз): жаттығуларды педагогпен бірге орындау: бас қимылы – бұру (оңға, солға), алға ию, артқа шалқаю; қол қимылы – алға, жан-жағына, алға, иыққа, белге қою, кеуде тұсында айқастыру, жанына қарай созу, кеуде тұсында, бастан асыра шапалақтау; бүгу және жазу; қол белде, аяқ иық ендігінде бастапқы қалыпта денені оңға және солға бұру; қолды еркін жіберіп жүрелеп отыру; қолды жоғары қарай түзулеп жүрелеп отыру; қолдаумен жүрелеп отырып, қол белде, тұрған орнында аяқ ұшымен секіру; қол белде, аяқты дұрыс басып айналу; қол қимылдары: айналдыру, бұлғау, шапалақтау; қол қалпын өзгерте отырып қимылдау (жоғары, алға, жанына); саусақтарын жұдырыққа түю және саусақтарды жазу;
9) тәрбиешінің әрекетіне еліктеу бойынша шапшаң қимылды ойындар;
10) спорттық жаттығулар: биік емес төбеден ересектің көмегімен шанамен сырғанау; ересектердің көмегімен мұзды жолда сырғанау.

128. Күтілетін нәтижелер:
1) дене жаттығуларына қимылдық белсенділік пен қызығушылық байқатады;
2) қимыл үйлесімділігінің бастапқы дағдылары бар;
3) жаттығуларды педагогтың әрекетіне еліктей отырып орындайды;
4) шеңбер бойымен, жол бойымен қол ұстасып жүреді; қол белде, аяқ ұшымен жүреді;
5) жол бойымен, шеңбер бойымен, көрсетілген бағытта бірінің артынан бірі жүгіреді;
6) допты шеңберге лақтырады;
7) тұрған және отырған қалыпта допты екі қолымен ұстап, қақпа арқылы домалатады;
8) тақтайдан секіреді;
9) тіректен ұстап бір орнында тұрып секіреді;
10) тақтай бойымен еңбектейді;
11) арқанның, орындықтың астынан өрмелеп өтеді;
12) гимнастикалық қабырғаға шығады және түседі;
13) педагогтың қолынан ұстап бау арқылы секіреді;
14) бір орнында тұрып айналады.

129. Мәдени-тазалық дағдылары:
1) тамақтану дағдыларын қалыптастыру: тамаққа арналған арнайы алжапқыштарды өздігінен (қажеттілік кезінде) киюлерін қалыптастыру, қасыққа қажетті көлемдегі тамақты алуды, тамақтану кезінде және тамақ ішіп болған соң майлықты қолдануды қалыптастыру;
2) гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: тіс тазалау барысында тіс щеткасына тіс пастасын жаға білуін қалыптастыру, белгіленген символға бағдарлана отырып, тарақтар тұратын орында өз тарағын таба алуды қалыптастыру, айна алдында жеке тарақпен өздігінен шаш тарауға үйрету; ересектердің көмегі арқылы қағаз орамалдарымен қолдануды үйрету (жырту, қол сүрту, қоқыс салатын себетке тастау); ересек адамның ауызша өтініші және өздігінен шүмекті аша және жаба алуды үйрету; ересектің бақылауымен жуыну барысында жеке гигиена заттарымен (қатты сабын, мөлшерлеуіші бар ыдыстағы сұйық сабын, орамал) қолдана білуді қалыптастыру; ересектің бақылауымен аяқты жууға үйрету; серуендеу алдында, сабақ алдында дәретханаға бару керектігін үйрету (қажеттілігі бойынша), өздігінен және ересектің жарым-жартылай көмегімен беторамалына сіңбіруді, оны қайта қалтаға салуды үйрету;
3) ұқыптылық дағдыларын қалыптастыру: өз шкафын тәртіпте ұстау қажеттігін балаларға үйрету (киімдерді белгілі орындарға қою); ересектің көмегі арқылы сілекей аққан кезде бетoрамалдарымен, арнайы майлықтармен қолдануды үйрету; балаларды өзінің сырт келбетіне: айнада өзіне, бір-біріне, ересектерге қарауға көңіл бөлуге тарту;
4) киіну және шешіну дағдысын қалыптастыру: сілтеуші ым бойынша, ересектің көмегімен белгілі бірізділікте киіну және шешіну тәртібіне балаларды үйрету; ересектің жартылай көмегімен түймедегі ілгектердің ағыта білуін қалыптастыру; түрлі көлемдегі түймелер көмегімен біріктіретін, түймелейтін, ағытатын дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін,түрлі ойын модульдері бар жаттығулар, киімді атау және көрсете білуді қалыптастыру (өзінің үстіндегі, шкафтағы, орындықтың үстінде бүктелген); ересек адамның көмегімен бауларды шеше алуға үйрету.

130. Күтілетін нәтижелер:
1) ересектің бақылауымен және өздігінен жуыну барысында жеке гигиена заттарымен қолдана алады;
2) қасыққа қажетті көлемдегі тамақты ала алады;
3) тамақтану кезінде және тамақ ішіп болған соң майлықты қолданады;
4) ересектердің көмегімен айна алдында тарақпен шашын тарай алады;
5) ересектердің көмегі арқылы қағаз орамалдарымен қолдана алады;
6) ересектің жартылай көмегімен және өздігінен бетoрамалымен қолдана алады;
7) ересектің жартылай көмегімен түймедегі ілгектерді ағыта алады;
8) ересектің көмегімен бауларды шеше алады.

4-параграф. «Коммуникация» білім беру саласы

131. «Коммуникация» білім беру саласының базалық мазмұны – сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

132. Мақсаты балаларда ересек адамдар мен құрдастарымен қарым-қатынас жасау кезіндегі сөз сөйлеу қажеттілігін қалыптастыруды; балалардың көркем әдебиет және халық ауыз әдебиет шығармаларына эмоциональді ілтипат білдіруін дамыту болып табылады.

133. Міндеттері:
1) балаларда ересек адамдар мен құрдастарымен қарым-қатынас жасаудың тілдік нысандарын дамыту;
2) балаларда сөз сөйлеуде өздерінің тілектері мен эмоционалды толқуларын таныту қажеттілігін тәрбиелеу;
3) ертегілерді, әңгімелерді тыңдай білуін дамыту,
4) ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және ондағы оқиға желісін қадағалауға үйрету;
5) мәтін бойынша қойылған қарапайым сұрақтарға жауап беру;
6) көркем шығарма кейіпкерінің эмоциональді қалпын қабылдауға үйрету;
7) көркем әдебиетті оқуға қызығушылығын қалыптастыру.

5-параграф. 1-жартыжылдық

134. Сөйлеуді дамыту:
1) балаларды тәулік бөлімдерін түсіну және ересек адамның көмегімен атау икеміне үйрету; балаларды суреттер бойынша кейіпкерлердің қарапайым қимыл-әрекеттерін тану және атау икеміне үйрету;
2) балаларда сөйлеу кезінде жіктеу есімдіктерінпайдалану дағдысын қалыптастыру;
3) балаларда ересек адамның бақылауымен заттардың кеңістіктегі орналасуын анықтаумен байланысты сөздерді пайдалану икемін дамыту;
4) балаларды сөйлеуде сапалық сын есімдерін пайдалану дағдысына үйрету;
5) суретте бейнеленген кейіпкерлердің бейненуі мен қимыл-әрекеттерін түсіну, көрсеткен суреттер бойынша сұрақтарға жауап беру икеміне үйрету;
6) балаларды сөз жасаудың алғашқы дағдыларына үйрету: кішірейткіш-еркелету мәніндегі зат есімдерді құрастыру;
7) балаларды ересек адамның көмегімен негізгі түстердің атауларын түсіну мен пайдалану икеміне үйрету; сөздердің жалпылау мәнін түсінуді қалыптастыру.

135. Күтілетін нәтижелер:
1) екі-үш сөзден тұратын фразаны құрастырады;
2) ересек адамның бақылауында кішірейткіш-еркелету мәніндегі зат есімдерді құрастыра алады;
3) сөйлеу кезінде сапалық сын есімдерді пайдаланады (ересек адамның бақылауында);
4) ересек адамның бақылауында заттардың кеңістіктегі орналасуымен байланысты сөздерді естуде жіктейді.

136. Көркем әдебиет:
1) тыңдау және түсіну: ертегілерді, әңгімелерді, тақпақтарды мұқият тыңдай білуге және түсінуге, мазмұны бойынша қойылған жай сұрақтарға жауап беруге үйрету, «Бұл кім (не)» сұрағын қоюға дағдыландыру. Көрнекілікке сүйене отырып, сипаттау жұмбақтарын шешуге үйрету;
2) шығарманың интонациялық ырғағын қабылдау: интонацияны қабылдауға үйрету, шығарма кейіпкерлерінің мінез-құлқы мен әрекеттерін талдау арқылы мейірімділікті танып білуге үйрету;
3) әңгімелеу және түсіну: көрнекілікке сүйене отырып, сипаттау жұмбақтарды шешуге, қысқа тақпақтарды жатқа оқуға үйрету; лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорын толықтыру және белсендіру; ойыншықтарды қолдана отырып, күрделі емес сюжеттер бойынша сахналау ойынына қатысуға баулу.

137. Күтілетін нәтижелер:
1) таныс шығармаларды эмоциональді түрде қабылдайды және түсінеді;
2) шығарма мазмұнына эмоциональді түрде әрекет етеді;
3) кішігірім тақпақтарды, өлеңдерді жатқа біледі;
4) шығарма мазмұнына қатысты қарапайым сұрақтарға жауап береді (сөйлеу мүмкіндіктеріне қарай).

6-параграф. 2-жартыжылдық

138. Сөйлеуді дамыту:
1) етістіктерді зат есімдермен келістіру икемін қалыптастыру;
2) балаларды жекеше және көпше түрдегі етістіктерді пайдалану икеміне үйрету;
3) балаларды сөйлеу кезінде жеке сан есімдерді (бір, екі, көп) пайдалану және ересек адамның көмегімен оларды зат есімдермен келістіру икеміне үйрету;
4) сын есімдерді зат есімдермен келістіру икемін қалыптастыру;
5) топтағы өмірге, табиғаттағы бақылауларға қатысты сұрақтарға жауап беруге үйрету;
6) сөз таптарын, ыдыстардың, киімдердің, жиһаздардың зат атауын және күнделікті өмірде олармен жасайтын әрекеттерді білдіретін сөздерді пайдалану икеміне үйрету;
7) қарапайым сұрақтарға жауап беру икеміне үйрету;
8) жанды-жансыз санаты бойынша заттардың атауларын жіктеу дағдыларына үйрету;
9) сөздерді тілектері мен сезімдерін білдіру үшін пайдалану икемдерін дамыту: ыңғайсыздыққа (шаршадым, ыстық) және құрдастардың іс-әрекеттеріне (ойыншықты бермейді);
10) ересек адамның көмегімен қарапайым геометриялық пішіндердің атауларын пайдалану икемін дамыту.

139. Күтілетін нәтижелер:
1) сөйлеу кезінде жіктеу есімдіктерін пайдаланады;
2) сөйлеу кезінде жеке реттік сан есімдерін пайдаланады;
3) сын есімдерді зат есіммен келістіре алады (ересек адамның көмегімен);
4) топтағы өмірге, табиғаттағы бақылауларға қатысты сұрақтарға жауап бере алады.

140. Көркем әдебиет:
1) тыңдау және түсіну: көрнекілікке сүйене отырып, сипаттау жұмбақтарды шешуге, кейіпкерлердің қарапайым өзара қатынасын анықтауға, оларға жай сипаттама (жақсы-жаман) беруге үйрету; «Бұл кім (не)?», «Не істеді?» сұрақтарын қою біліктілігін дамыту; лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорын толықтыру және белсендірту;
2) шығарманың интонациялық ырғағын қабылдау: интонацияны қабылдауға үйрету, шығарма кейіпкерлерінің мінез-құлқы мен әрекеттерін талдау арқылы мейірімділікті танып білуге үйрету;
3) әңгімелеу және түсіну: қуыршақ қолғаптарын, үстел үсті театрын қолдана отырып, таныс ертегілерді әңгімелеуге, қысқа тақпақтарды жатқа айтуға үйрету (сөйлеу мүмкіндіктеріне қарай); ойыншықтарды, бетперделерді қолдана отырып, күрделі емес сюжеттер бойынша сахналау ойынына қатысуға баулу.

141. Күтілетін нәтижелер:
1) кішігірім тақпақтарды, өлеңдерді жатқа біледі;
2) мазмұны бойынша қарапайым сұрақтарға жауап береді;
3) шығарма мазмұнына эмоциональді түрде әрекет етеді;
4) педагогтың көмегімен шығарма кейіпкерлеріне жай сипаттама (жақсы-жаман) береді.

7-параграф. «Таным» білім беру саласы

142. «Таным» білім беру саласының базалық мазмұны – қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, сенсорика, құрастыру, жаратылыстану ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

143. Мақсаты ойын және өнімді әрекет барысында заттардың қасиеттері мен сапасын қабылдау үшін балаларды әртүрлі көптіктер мен көптіктердің элементтерінің арасындағы сәйкестіктерді табуға, салыстыру, сәйкестендіру икемділіктеріне, әртүрлі көптіктер мен көптіктердің элементтері арасындағы сәйкестікті табуға үйрету; құрастыру процесіне, құрылыс материалдарымен ойнауға жағымды қатынас пен қызығушылықты қалыптастыру; қоршаған болмысқа эмоционалдық-танымдық қызығушылықты дамыту болып табылады.

(Жалғасы 19-бетте)

(Жалғасы. Басы 13-18-беттерде)

144. Міндеттері:
1) әртүрлі заттармен және үздіксіз көптіктермен балардың тәжірибелік іс-әрекетін ұйымдастыруды жалғастыру;
2) зерттеушілік бағдарлау тәсілдерін қалыптастыру;
3) теңдік немесе теңсіздікті орната отырып, көптіктерді саны бойынша салыстыруға үйрету;
4) көптіктерді салыстыру және түрлендіру үшін салыстырудың практикалық тәсілдерін (үстіне салу, қабаттастырып қою) пайдалануға үйрету;
5) заттарды санауға және үш көлеміндегі көптіктермен әртүрлі операцияларды (салыстыру, біріктіру және ажырату) орындауға үйрету;
6) геометриялық фигуралар туралы түсініктерді қалыптастыру;
7) заттардың көлемі туралы түсініктерді қалыптастыру;
8) кеңістіктік және мезгілдік түсініктерді қалыптастыру;
9) көру, есту, тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту;
10) жеке заттарды жалпы ортадан ерекшелей отырып қабылдауға үйрету;
11) үлгі бойынша қарапайым құрылыстарды орындауды, ересектің әрекетіне еліктеу бойынша құрылыстармен ойнауға үйрету;
12)құрылыстарды тануға және шынайы нысандармен салыстыруға үйрету;
13) табиғатта құбылыстары,жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру;
14) көкөністер, жемістер, ағаштар, жануарлар, құстар туралы білімдерін қалыптастыру.

8-параграф. 1-жартыжылдық

145. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру:
1) сандық түсініктер және санау: дискретті және үздіксіз көптіктермен заттық-практикалық әрекеттерде «көп», «аз», «бос», «толық», 1, 2 саны туралы түсінікті бекіту; элементтерінің сандары 2 көлеміндегі көптікті әрекеттің санымен салыстыру: үстел үстінде неше матрешка болса, алақанды сонша рет шапалақта;
2) үздіксіз көптіктерді саны бойынша салыстыру: «көп»-«аз», «артық»-«кем»; үстіне салу және қабаттастырып қою тәсілдерін пайдалана отырып, қандай заттардың артық, кем екенін анықтап, сандары бойынша тең емес екі топты салыстыру;
3) екі көлеміндегі көптіктерді біріктіру және ажырату операцияларын орындау; заттар мен дыбыстарды, заттар мен қимылдарды, дыбыстар мен қимылдарды саны бойынша салыстыру: көп, 1, 2;
4) екі көлеміндегі заттарды санау, заттардың санын саусақтар санымен сәйкестендіру;
5) үздіксіз көптікті саны бойынша салыстыру (үлкен шелекте құм көп, кіші шелекте құм аз); еліктеу бойынша дискретті және үздіксіз көптіктерді түрлендіру (арттыру, кеміту);
6) көлем: заттарды бір-біріне қабаттастыра қою тәсілін пайдалана отырып, биіктігі (биік-аласа) бойынша салыстыру; салыстырылатын екі заттың қайсысының биік (аласа) екенін тану және көрсету; үш заттың арасындағы көлемдік арақатынасты (үлкен-кіші-ең кіші) табу;
7) геометриялық финуралар: геометриялық фигураларды: дөңгелекті, шаршыны, үшбұрышты ажырату; геометриялық фигураларды пішіні, түсі бойынша біріктіру; көлемді геометриялық фигураларды ажырату;
8) кеңістікте бағдарлау: берілген бағыт бойынша: алға, артқа, солға, оңға қозғалу; өз дене мүшелерінде бағдарлау: жоғарыда – бас, мойын, кеуде, төменде – аяқ, алдында – бет, іш, артында – арқа, сол, оң қол;
9) мезгілдік бағдарлау: жыл мезгілдері: күз, қыс; тәулік бөліктері: түн, күн.
146. Күтілетін нәтижелер:
1) дискретті және үздіксіз көптіктермен заттық-практикалық әрекеттерде «көп», «аз», «бос», «толық», 1, 2 саны туралы түсінігі бар;
2) үздіксіз көптіктерді саны бойынша «көп»-«аз», «артық»-«кем» салыстырады;
3) сандары бойынша тең емес екі заттық топты салыстырады;
4) үлгінің негізінде заттарды сандық белгілері бойынша топтастыруды жүзеге асырады;
5) дискретті және үздіксіз көптіктерді түрлендіреді (арттыру, кеміту);
6) 2-3 затты көлемі, биіктігі бойынша салыстырады;
7) геометриялық пішіндерді: дөңгелекті, шаршыны, үшбұрышты ажыратады;
8) көлемді геометриялық пішіндерді ажыратады;
9) берілген бағытта: алға, артқа, солға, оңға қозғалады;
10) өз дене мүшелерінде бағдарлайды;
11) жыл мезгілдері: күз, қыс туралы түсінігі бар;
12) тәулік бөліктері (түн, күн) туралы түсінігі бар.
147. Сенсорика:
1) көріп қабылдау мен зейінді дамыту: суретте бейнеленген әрекеттерді өз әрекеттерімен сәйкестендіру, суреттегі әрекеттерді бейнелеу; ересектің әрекетіне еліктеу бойынша 3 элементтен құрастыру процесінде пішіндерді (шар, текше, үшбұрышты призма) ажырату; ойын барысында практикалық байқап көру тәсілдерін пайдалана отырып, көлемді пішіндерді (текше, шар, кірпіш, үшбұрышты призма) жіктеу; көлемдерді қабылдау: кіші, үлкен, өте үлкен; қызыл, сары, көк, жасыл түстерді салыстыру, түстерді үлгі бойынша ерекшелеу;
2) үшқұрамды пирамиданы көлемін ескере отырып, тәжірибелікөлшеп көру тәсілі арқылы құрастыру; 3 бөліктен тұратын кесінді суретті жинастыру;
3) естіп қабылдау мен зейінді дамыту: дыбысталудың белгілі бір әрекетпен өзгеруіне әсерін білдіре отырып, музыкалық үш аспаптың (дағыра, металлофон, сыбызғы) дыбысталуын жіктеу; 2-3 музыкалық аспаптың дыбысталу дәйектілігін анықтау; қандай да бір аспаптың қатты және ақырын дыбысталуын ажырату;
4) тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: ересектің сөздік тапсырмасы бойынша ойыншықтарды сипай отырып таңдау (үш ойыншықтың ішінен); геометриялық фигураларды (шар, текше, үшбұрышты призма) және заттардың көлемін (үлкен, кіші, өте үлкен) сипай отырып қабылдау; заттарды белгілері бойынша ерекшелей отырып, сипап көру; қатты және жұмсақ нысандарды және 2 көлеміндегі заттарды қабылдау және жіктеу;
5) дәм сезуді дамыту: тамақты температуралық белгісі бойынша (ыстық, суық, жылы) жіктеу; әртүрлі дәмдік сезімдер «тәтті-ащы», «тәтті-қышқыл» туралы түсінікті қалыптастыру; қышқыл дәмі бар тағам өнімдерімен (лимон, қараөрік) таныстыру; тамақты дәмі «тәтті-ащы», «тәтті-қышқыл» бойынша анықтау.
148. Күтілетін нәтижелер:
1) негізгі түстерді (қызыл, сары, жасыл, көк) сәйкестендіреді;
2) көлемді пішіндерді (шар, текше, кірпіш, үшбұрышты призма) ажыратады;
3) берілген сенсорлық белгілері бар нысандарды көптіктің ішінен ерекшелейді;
4) үшқұрамды пирамидканы құрастырады;
5) 3 бөліктен құралатын заттық кесінді суретті құрастырады;
6) геометриялық пішіндерді (шар, текше, үшбұрышты призма) және заттардың көлемін (үлкен, кіші, өте үлкен) сипай отырып жіктейді;
7) сипай отырып заттың жұмсақ, қатты екенін ажыратады;
8) 2-3 музыкалық аспаптың дыбысталу дәйектілігін анықтайды;
9) қандай да бір аспаптың қатты және ақырын дыбысталуын ажыратады.
149. Құрастыру:
1) көлемді пішінді заттарды, конструктор бөліктерін зерделеу: екі қолымен сипай ұстау, нобайы бойымен қолымен жүргізуарқылы қабылдауға; еліктеу бойынша практикалық әрекеттер арқылы заттарды көлемі (кіші, үлкен) бойынша салыстыруға; құрылыстарды шынайы нысандармен және олардың суреттегі бейнелерімен сәйкестендіруге, салған құрылыстарын ойында пайдалануға үйрету;
2) білімді қалыптастыру: негізгі түстертуралы, түстерді: қызыл, сары, көк сәйкестендіру; заттардың көлемі: үлкен, кіші, орташа туралы; заттардың пішіні (текше, кірпіш, пластина) туралы; ағаштан, пластмассадан жасалған құрылыс материалдарының қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру;
3) құрылыс материалдарынан құрастыру: құрылыс материалдарының бөліктерін (текше, кірпіш, пластина) түсі, көлемі, пішіні бойынша ажырату; қандай да бір құрылыс үшін әртүрлі құрылыс материалын пайдалана отырып, үлгі бойынша қарапайым құрылыстарды салу; пішінді үстел жазықтығының жағдайына (тұр, жатыр) тәуелсіз тану; 2-5 текшеден мұнара құрастыру; үлгі бойынша мәшинеге арналған кең жол салу; қарапайым құрылымдарды салу;
4) заттық емес құрастыру: ойыншықты жинастыру, бөліктерден бүтін құрау; «жоғарыда», «төменде» кеңістіктік қатынастарды (сатыдағы, топ бөлмесіндегі жаттығулар) үлгілеу; практикалық әрекеттер барысында өз денесінде бағдарлау: «Ойыншықты сол (оң) қолыңда ұста», «Сол аяғыңды, оң аяғыңды бас»;
5) таяқшалардан құрастыру: үлгі бойынша таяқшалардан геометриялық фигураларды салу; үлгі бойынша таяқшалардан қарапайым құрылыстарды (жол, дуал, жалауша) салу;
6) құрамалы-жиналмалы ойыншықтарды құрастыру: заттарды оның бейнесінің сұлбасымен сәйкестендіру; трафареттің сұлбасын саусақпен жүргізу арқылы жазық пішінді ерекшелеу;
7) дағдыларды қалыптастыру: конструктор бөліктерін ұстап алу, ұстап тұру, орнын ауыстыру; затты екі қолымен зерделеу (затты сипау); құрылыс жиынтығының элементтерінің көлемін, пішінін бір-бірінің үстіне қою, қатарластырып қою тәсілдерінің көмегімен салыстыру; кірпішті қысқа қырымен, ұзын қырымен қою.
150. Күтілетін нәтижелер:
1) құрылыстарды салуға және олармен бірге ойнауға деген қызығушылық танытады;
2) құрылыс материалдарынан және таяқшалардан қарапайым құрылыстар салады;
3) таныс құрылыстарды таниды және көрсетеді;
4) үлгі бойынша құрамалы-жиналмалы ойыншықтарды жинастырады;
5) үлгі бойынша таяқшалардан геометриялық пішіндерді салады;
6) затты оның сұлбасымен және бейнесімен салыстырады;
7) кеңістіктік қатынастарды: жоғарыда, төменде ажыратады;
8) ойында құрылыстарды пайдаланады.
151. Жаратылыстану:
1) табиғат құбылыстары: қоршаған әлемде болып жатқан өзгерістер; табиғат құбылыстары (жаңбыр, бұлт және жел); күз бен қыс туралы түсініктерді қалыптастыру; экологиялық мәдениет негіздерін: табиғатқа ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
2) өсімдіктер әлемі: көкөністер (пияз, қырыққабат) туралы білімді кеңейту; жемістер (алма, алмұрт, қараөрік) туралы білімдерін кеңейту; ағаштармен (қайың) таныстыру;
3) жануарлар әлемі: жануарлармен (мысық, ит, түлкі) танысу; оларды дауыстары (дыбысқа еліктеу) бойынша тану; жабайы құстармен (торғай) танысу.
152. Күтілетін нәтижелер:
1) педагогтің көмегімен табиғаттағы мезгілдік өзгерістерді анықтайды;
2) иллюстрациядан күз бен қыстың қарапайым белгілерін көрсетеді;
3) кейбір көкөністер мен жемістерді ажыратады;
4) иллюстрациядағы қайыңды атайды немесе көрсетеді;
5) кейбір үй және жабайы жануарларды біледі;
6) иллюстрациядағы торғайды атайды немесе көрсетеді.

9-параграф. 2-жартыжылдық

153. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру:
1) сандықтар ұғымдар: теңдік немесе теңсіздікті ажырату арқылы: «тең-тең емес», «соншама-соншама емес»дискретті көптіктерді саны бойынша салыстыру; үш көлеміндегі көптік элементтерін, есту арқылы дыбыстарды, сипау арқылы заттарды, қимылдарды санау; заттар мен дыбыстарды, заттар мен қимылдарды, дыбыстар мен қимылдарды саны бойынша салыстыру: көп, 1, 2, 3; 3 саны көлеміндегі заттарды санау, қорытынды санды атай отырып, таяқшалардың, саусақтардың санымен сәйкестендіру; еліктеу, үлгі және сөздік нұсқау бойынша көптіктен 3 затты ерекшелеу; санауды тексеру тәсілі ретінде пайдалана отырып, 3 затты немесе бейнені санамай-ақ тану; 3 саны көлеміндегі заттар тобын салыстыру: артық немесе кем, артық немесе жетіспейтін элемент;
2) санау: үш көлеміндегі ашық нәтижелі біріктіру және ажырату әрекеттері, нәтижені санау арқылы анықтау; 3 саны көлеміндегі кеңістікте әртүрлі орналасқан, түсі, көлемі әртүрлі заттарды санау; жетіспейтін элементті қосу, артығын алып тастау тәсілімен заттардың екі тобын саны жағынан теңестіру;
3) көлем: заттарды бір-біріне қабаттастыра қою тәсілін пайдалана отырып, биіктігі (биік-аласа) бойынша салыстыру; салыстырылатын екі заттың қайсысының биік (аласа) екенін тану және көрсету; бірінің үстіне бірін қою тәсілімен заттардың енін (енсіз-жалпақ) салыстыру; салыстырылатын екі заттың қайсысының енсіз (жалпақ) екенін тану және көрсету; үш заттың арасындағы көлемдік арақатынасты (үлкен-кіші-ең кіші) табу;
4) геометриялық фигуралар: геометриялық фигураларды: дөңгелекті, шаршыны, үшбұрышты ажыратуға; геометриялық фигураларды пішіні, түсі бойынша біріктіруге; көлемді геометриялық фигураларды ажыратуға; жазық геометриялық фигураларды ажыратуға; үлгі бойынша геометриялық фигураларды белгілі бір дәйектілікпен орналастыруға; геометриялық фигураларды қоршаған заттар сұлбасынан тануға үйрету;
5) кеңістікте бағдарлау: өз дене мүшелерінде бағдарлау: жоғарыда – бас, мойын, кеуде, төменде – аяқ, алдында – бет, іш, артында – арқа, сол, оң қол; педагогтың көрсетуі бойынша заттарды өзіне қатысты орналастыру: алыс-жақын, жанында, онда, мұнда;
6) мезгілдік бағдарлау: жыл мезгілдері (күз, қыс, көктем, жаз); қозғалыс жылдамдығы (жылдам, ақырын); тәулік бөліктері (түн, таңертең, күндіз, кешке).
154. Күтілетін нәтижелер:
1) 3 саны көлеміндегі заттарды санайды, қорытынды санды атайды немесе көрсетеді;
2) үлгі бойынша бір текті және әртүрлі текті көптіктерден 3 көлемінде (1, 2, 3) берілген сандағы заттарды ерекшелейді;
3) үлгінің негізінде заттарды сандық белгілері бойынша топтастыруды жүзеге асырады;
4) дискретті және үздіксіз көптіктерді түрлендіреді (арттырады, кемітеді);
5) үш саны көлеміндегі көптіктерді біріктіру және ажырату әрекеттерін орындайды, нәтижені санау арқылы анықтайды;
6) жетіспейтін элементті қосу, артығын алып тастау тәсілімен заттардың екі тобын саны жағынан теңестіреді;
7) 2-3 затты көлемі, биіктігі бойынша салыстырады;
8) қағаз бетінде (жоғары, төмен, ортасында) бағдарлайды;
9) геометриялық пішіндерді: дөңгелекті, шаршыны, үшбұрышты ажыратады;
10) жыл мезгілдері: күз, қыс, көктем, жаз туралы түсінігі бар;
11) өз дене мүшелерінде бағдарлайды;
12) қозғалыс жылдамдығы (жылдам, ақырын) туралы түсінігі бар;
13) тәулік бөліктері (түн, таңертең, күндіз, кешке) туралы түсінігі бар.
155. Сенсорика:
1) көріп қабылдау мен зейінді дамыту: ересектің әрекетіне еліктеу бойынша 4 элементтен құрастыру процесінде пішіндерді (шар, текше, кірпіш, үшбұрышты призма) ажырату; үлгі бойынша пішіні ерекшеленетін пішінді (дөңгелек, шаршы, тікбұрыш, сопақша) таңдау; бір пішінді басқасына қою тәсілін пайдалана отырып, жазық пішіндерді сәйкестендіру; заттарды берілген бір белгі (пішін, көлем немесе түс) бойынша топтастыру; көлемдерді қабылдауға үйрету: кіші, үлкен, өте үлкен; заттың қолданысынан тыс, пішінді белгі ретінде ерекшелеу («Қорапқа барлық дөңгелектерді жинаймыз»); заттың қолданысынан тыс, түсті белгі ретінде ерекшелеу («Жасыл мәшинеге жасыл текшені сал»); практикалық өлшеу тәсілін пайдалана отырып, көлемін ескеріп 3-4 сақиналы пирамидканы, матрешканы жинастыру; 4 бөліктен тұратын кесінді суретті жинастыру; заттар арасындағы кеңістіктік қатынастармен (жоғарыда, төменде) практикалық таныстыру;
2) естіп қабылдау мен зейінді дамыту: дыбысқа еліктеуді 2-3 ұсынылғанның ішінен таңдап жіктеу; дыбысталуы жағынан жақын дыбысқа еліктеулерді жіктеу; суреттерді пайдалана отырып, буындық құрылымы әртүрлі сөздерді жіктеу; қандай да бір аспаптың қатты және ақырын дыбысталуын ажырату;
3) тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: ересектің сөздік тапсырмасы бойынша ойыншықтарды сипай отырып таңдау (үш ойыншықтың ішінен); заттардың пішіні мен көлемін сипай отырып қабылдау; ересектің сөздік тапсырмасы бойынша заттарды сипай отырып, көлемі бойынша таңдау; заттарды зерделеу, оларға тән белгілерді ерекшелеу; 2 саны көлеміндегі қатты және жұмсақ заттар мен нысандарды қабылдау және жіктеу; материалдың сыртқы беттерінің әртүрлі сапаларымен (темір – суық, ағаш – жылы) таныстыру;
4) дәм сезуді дамыту: тамақты температуралық белгісі бойынша (ыстық, суық, жылы) жіктеу; тамақты әр түрлі дәмдік белгілер («тәтті-ащы», «тәтті-қышқыл») бойынша жіктеу; тамақты дәмдік белгісі («тәтті-тұзды») бойынша жіктеу; қышқыл, тәтті, тұзды дәмі бар тағам өнімдерімен таныстыру; тамақты дәмі «тәтті-ащы-қышқыл-тұзды» бойынша анықтау; ұсынылған тамақтардың ішінен тәтті-ащы-қышқыл-тұзды тағамдарды таңдау.
156. Күтілетін нәтижелер:
1) негізгі түстерді (қызыл, сары, жасыл, көк) сәйкестендіреді;
2) көлемді пішіндерді (шар, текше, кірпіш, үшбұрышты призма) ажыратады;
3) берілген сенсорлық белгілері бар нысандарды көптіктің ішінен ерекшелейді;
4) 3-4 құрамды пирамидканы жинастырады;
5) 3-4 бөліктен тұратын матрешканы жинастырады;
6) 4 бөліктен құралатын заттық кесінді суретті құрастырады;
7) заттардың пішіні мен көлемін сипай отырып жіктейді;
8) сипай отырып қатты және жұмсақ нысандарды ажыратады;
9) дыбысталуы жағынан ұқсас дыбысқа еліктеуді жіктейді;
10) музыкалық аспаптың қатты және ақырын дыбысталуын ажыратады;
11) тамақты температуралық белгісі бойынша (ыстық, суық, жылы) жіктейді;
12) тамақтың «тәтті-ащы-қышқыл-тұзды» дәмін анықтайды.
157. Құрастыру:
1) балаларды үлгі бойынша заттарды көлемі, пішіні, түсі бойынша практикалық әрекет арқылы салыстыруға; құрылыстарды шынайы нысандармен және олардың суреттегі бейнелерімен сәйкестендіруге, салған құрылыстарын ойын барысында пайдалануға үйрету;
2) негізгі түстер (қызыл, сары, көк, жасыл) туралы, түстерді сәйкестендіру; заттардың көлемі (үлкен, кіші, бірдей) туралы; заттардың пішіні (текше, кірпіш, пластина, призма) туралы; ағаштан, пластмассадан жасалған құрылыс материалдарының қасиеттері туралыбілімдерін қалыптастыру;
3) құрылыс материалдарынан құрастыру: құрылыс материалдарының бөліктерін (текше, кірпіш, пластина, призма) түсі, көлемі, пішіні бойынша салыстыру; қандай да бір құрылыс үшін әртүрлі құрылыс материалын пайдалана отырып, үлгі бойынша қарапайым құрылыстарды салу; пішінді үстел жазықтығының жағдайына (тұр, жатыр) тәуелсіз тану; үлгі бойынша қуыршақ үшін тар жол, мәшинеге арналған кең жол салу; үлгі бойынша құрылыстарды призманы пайдаланып (үй, шырша, қала көшесі) салу; үлгі бойынша қарапайым құрылымдарды (жиһаз – үстел, орындық, кереует, диван) салу; құрылымдарды әртүрлі жағдайларда (үстелде, еденде) құру;
4) заттық емес құрастыру: ойыншықты жинастыру, бөліктерден бүтін құрау; 2 элементтердің арасындағы өзгеріп тұратын кеңістіктік қатынастарды «жоғарыда-төменде», «алдында-артында» үлгілеу; практикалық әрекеттер барысында өз денесінде бағдарлау: «Ойыншықты сол (оң) қолыңда ұста», «Сол аяғыңды, оң аяғыңды бас»; құрылыс жиынтығының элементтерін олардың графикалық бейнелерімен сәйкестендіру;
5) таяқшалардан құрастыру: үлгі бойынша таяқшалардан геометриялық фигураларды салу; үлгі бойынша таяқшалардан қарапайым құрылыстарды (шырша, үй, қайық) салу;
6) құрамалы-жиналмалы ойыншықтарды құрастыру: заттарды оның бейнесінің сұлбасымен салыстыру; трафареттің сұлбасын саусақпен жүргізу арқылы жазық пішінді ерекшелеу; заттың бүтін бейнесін жетіспейтін бөліктерін таңдай отырып толықтыру;
7) дағдыларды қалыптастыру: бірін-бірінің үстіне қою, қатарластырып қою тәсілдерін пайдалану; кірпіштерді жіңішке қырымен қатарластырып бір-біріне тығыздап қою; текшені кірпішке қою; текшені пластинаға қою; екі бөлікті үшіншісімен біріктіріп, қарапайым жабын жасау.
158. Күтілетін нәтижелер:
1) құрылыстарды салуға және олармен бірге ойнауға деген қызығушылық танытады;
2) алған дағдыларды пайдалана отырып, құрылыс материалдарынан және таяқшалардан қарапайым құрылыстар салады;
3) таныс құрылыстарды таниды және көрсетеді;
4) үлгі бойынша құрамалы-жиналмалы ойыншықтарды жинастырады;
5) үлгі бойынша таяқшалардан геометриялық пішіндерді салады;
6) құрылыс жиынтығының элементтерін олардың графикалық бейнесімен салыстырады;
7) кеңістіктік қатынастарды (жоғарыда-төменде, алдында-артында) ажыратады;
8) ойында құрылыстарды пайдаланады.
159. Жаратылыстану:
1) табиғат құбылыстары: жыл мезгілдері (көктем, жаз) туралы түсініктерді қалыптастыру;
2) өсімдіктер әлемі: көкөністер (картоп, сәбіз); жемістер (апельсин, шие, жүзім) туралы білімдерін кеңейту; ағаштармен (шырша) таныстыру; гүлдер (қызғалдақ) туралы түсініктерін қалыптастыру;
3) жануарлар әлемі: жануарлармен (сиыр, жылқы, мысық, ит, түлкі, қоян) және олардың дене құрылысымен танысу; таныс жануарларды, олардың дауыстарын (дыбысқа еліктеу) тану арқылы естіп қабылдауын дамыту; жануарлардың төлдерімен (бұзау, құлын, марғау, күшік, түлкішек, көжек) танысу; үй құстарымен (әтеш, тауық, шөжелер) танысу. жабайы құстармен (қарға) танысу.
160. Күтілетін нәтижелер:
1) педагогтың көмегімен табиғаттағы мезгілдік өзгерістерді анықтайды;
2) иллюстрациядан көктем мен жаздың қарапайым белгілерін көрсетеді;
3) кейбір көкөністер мен жемістерді ажыратады;
4) иллюстрациядағы шыршаны атайды немесе көрсетеді;
5) иллюстрациядағы қызғалдақты атайды немесе көрсетеді;
6) кейбір үй және жабайы жануарларды және олардың төлдерін біледі;
7) жануарлардың дене мүшелерін атайды немесе көрсетеді;
8) үй құстарын атайды немесе көрсетеді;
9) иллюстрациядағы қарғаны атайды немесе көрсетеді.

10-параграф. «Шығармашылық» білім беру саласы

161. «Шығармашылық» білім беру саласының базалық мазмұны ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады – сурет салу, мүсіндеу, аппликация, музыка.
162. Мақсаты бейнелеу әрекетіне деген қызығушылықты қалыптастыру, қоршаған заттарды, табиғат нысандарын эстетикалық тұрғыда қабылдауды дамыту болып табылады.
163. Міндеттері:
1) бейнелеу әрекетіне эмоционалдық әсер мен қызығушылық тудыру;
2) қолдың көру-қимыл үйлесімділігін дамыту;
3) қарапайым заттар мен құбылыстардың түсі мен пішінін бере отырып бейнелеу, мүсіндеу дағдысы мен икемділігін қалыптастыру;
4) кеңістіктік түсініктерді қалыптастыру;
5) суреттерді шынайы нысандарымен салыстыруға үйрету;
6) сурет салу, мүсіндеу, аппликация жасау барысында түрлі тәсілдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;
7) өзінің және құрдастарының жұмыстарын бағалай білуге, дайын жұмыстарын үлгімен салыстыра білуге үйрету;
8) музыканы тыңдай білуін дамыту;
9) әншілік интонацияларды қалыптастыру;
10) бейнелі қимылдарды меңгерген кезде қимылдар мен музыканың сәйкестілігін дамыту.

11-параграф. 1-жартыжылдық

164. Сурет салу:
1) көлем, түс, нысан: заттарды көлемі, пішіні, түсі бойынша салыстыру және жіктеу; түстерді көңіл күйді беру құралы ретінде пайдалану; қағаз бетінде бағдарлау: жоғары, төмен, ортасында; сурет салар алдында заттарды белгілі бір дәйектілікте (ересектің көмегімен) зерделеу;
2) заттық сурет салу: әр түрлі бағыттағы түзу, толқынды және үзік сызықтардың суретін салу, оларды қиыстыру (лента, жолақтар, дуал); қимылды бір бағытта айналдыра жүргізу; алдын ала белдеулеу қимылын пайдалана отырып, дөңгелек пішінді заттардың (шар, доп, алма, қызанақ) суретін салу; бірнеше бөліктен құралатын пішіндері бірдей заттардың (құламайтын ойыншық) суретін салу; суреттердің жетіспейтін элементтерін салып бітіру;
3) сюжеттік сурет салу: күрделі емес сюжеттік композициялардың суретін салу; бейнені бүкіл парақ бетіне орналастыру;
4) сәндік сурет салу: сәндік өрнектерді құрастыру, жолақта қайталанатын элементтерді белгілі бір дәйектілікпен орналастыра отырып, өрнек құрау; қайталану және кезектесу (нүкте, жағынды, дөңгелек, крест, толқынды сызықтар) ырғағын беруге арналған жаттығулар; сәндік ойыншықтарды қарау, қазақ оюларының, хохлома суретінің негізгі элементтерімен таныстыру;
5) негізгі түстер туралы білімді қалыптастыру, негізгі түстерді салыстыру: қызыл, сары, көк, жасыл, қара; заттардың көлемі туралы (үлкен-кіші), заттардың пішіндері (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) туралы білімді қалыптастыру;
6) дағдыларды қалыптастыру: үстелде дұрыс отыру; оң қолмен сурет салу, сол қолмен парақты ұстау; қарындашты, қылқаламды дұрыс (үш саусақпен) ұстау; басу күшін реттеу; қылқаламды бояуға батыру, құтының шетіндегі артық тамшыны сүрту; майлық қағазды пайдалану.
165. Күтілетін нәтижелер:
1) заттың негізгі қасиеттері (түсі, пішіні, көлемі) туралы түсінігі бар;
2) дөңгелек пішінді заттардың суретін салады;
3) суретте заттардың қасиеттері мен сапасын бере біледі: түсі, пішіні, көлемі;
4) педагогтіңкөмегімен қағаз бетінде (жоғары, төмен, ортасында) бағдарлайды;
5) қайталанатын элементтерден сәндік өрнектерді құрастыра біледі;
6) үстелде дұрыс отырады;
7) оң қолмен сурет салады, сол қолмен парақты ұстайды;
8) педагогтің көмегімен қарындашты, қылқаламды дұрыс (үш саусақпен) ұстайды.
166. Мүсіндеу:
1) балаларды ересек адамның жасаған түрлі бұйымдарымен ойнату; мүсіндеу алдында зерделеу арқылы (заттарды сипау, негізгі бөліктерін ерекшелеу) көлемді пішінді заттарды аңғару; домалақ, сопақша пішінді заттарды зерделеу; бұйымды үлгімен салыстыруарқылы(педагогтың көмегімен); кеңістікте бағдарлау: жоғарыда, төменде;
2) негізгі түстер туралы білімді қалыптастыру: негізгі түстерді (қызыл, сары) салыстыру; заттардың көлемі (үлкен-кіші) туралы, заттардың пішіндері (дөңгелек, сопақша) туралы білімді қалыптастыру;
3) дағдыларды дамыту: пішін жасау қимылын – жаю, созу; оқтаумен жұмыс жасау және оны ұқсатып қолдану;
4) созу тәсілін пайдалана отырып, сопақша пішінді заттарды (қияр, қараөрік) мүсіндеу; басу тәсілін (еліктеу бойынша) пайдалана отырып, домалақ пішінді заттарды (алма, қызанақ) мүсіндеу; үлгі бойынша ермексаздың екі кесегімен мүсіндеу (үлкен және кішкенитай доп); үлгі бойынша мөлшері бірдей, домалақ пішінді екі бөліктен тұратын заттарды бір-біріне жапсыру жолымен мүсіндеу (құламайтын ойыншық, моншақ);
5) созылымды материалмен жұмыс жасаудың қарапайым ережелерімен таныстыруды жалғастыру: жұмысты тақтайшада ғана орындау, жеңді түру, пластилинді (қамырды, сазды) шашпау, мүсіндеуден кейін қолды жуу.
167. Күтілетін нәтижелер:
1) көлемді пішіндерді ажыратады: шар, сопақша;
2) заттарды көлемі бойынша ажыратады: үлкен-кіші;
3) негізгі түстерді ажыратады: қызыл, сары;
4) педагогпен бірге және еліктеу бойынша басу тәсілін пайдалана отырып, домалақ пішінді заттарды мүсіндейді;
5) педагогпен бірге және еліктеу бойынша созу тәсілін пайдалана отырып, сопақша пішінді заттарды мүсіндейді;
6) педагогпен бірге және еліктеу бойынша мөлшері бірдей, домалақ пішінді екі бөліктен құралатын заттарды бір-біріне жапсыру жолымен мүсіндейді;
7) педагогпен бірге мүсінделіп жасалған бұйымдармен ойнайды;
8) үстелде дұрыс отырады, жұмысты арнайы тақтайша үстіндежеңін түріп орындайды, мүсіндегеннен кейін педагогтың көмегімен қолын жуады;
9) жұмыс процесінде эмоциясын байқатады.
168. Аппликация:
1) ересектің аппликация құруға деген ұсынысына эмоционалды жағымды жауап беруге балаларды үйрету; пішіні, мөлшері, түсі әр түрлі заттарды зерделеу; қағаздың мүмкіндіктерін пайдалану: жырту, умаждау, бүктеу; қағазды текстурасы бойынша ажырату (барқыт, жылтыр, тегіс); аппликацияны шынайы нысандармен салыстыру; өзінің және басқаның жұмысын дұрыс бағалай білу, үлгімен салыстыру; бір-біріне бөгет жасамай, бірге жұмыс істей білу;
2) негізгі түстер туралы білімді қалыптастыру, негізгі түстерді салыстыру: қызыл, сары, көк, жасыл; заттардың көлемі (үлкен-кіші, орташа) туралы, заттардың пішіндері (дөңгелек, сопақша, тікбұрышты) туралыбілімді қалыптастыру;
3) заттық аппликация: қағаз бетіне қарапайым заттардың (алма, лимон, жапырақ) дайындамаларын орналастыру және желімдеу; қағаз бетіне 2-3 бөліктен құралатын таныс заттардың (машина, шырша) дайындамаларын орналастыру және жапсыру; көрсету бойынша қарапайым заттарды («Әуе шарлары», «Қуыршақтарға арналған текшелер») қағаз бетінің барлық кеңістігіне орналастыру және жапсыру;
4) сабақ уақытында үстелде дұрыс отыру дағдыларды қалыптастыру; қылқаламды пайдалану; дайындамағажелім жағу, дайындаманы аудару; артық желімді алып тастау үшін майлықты пайдалану; қағаз бетіне дайындамаларды орналастыру және жапсыру.
169. Күтілетін нәтижелер:
1) аппликацияны орындауға берілген ұсынысты жағымды қабылдайды;
2) еліктеу бойынша қағаз бетіне 2-3 бөліктен құралатын дайын пішіндерді жапсырады;
3) көрсету бойынша қарапайым заттарды қағаз бетінің барлық кеңістігіне жапсырады;
4) заттардың мөлшері (кіші, үлкен, орташа) туралы түсінігі бар;
5) негізгі түстер (қызыл, сары, көк, жасыл) туралы түсінігі бар;
6) заттардың пішіні (дөңгелек, шаршы, тікбұрыш) туралы түсінігі бар;
7) қылқаламды пайдаланады, артық желімді алып тастау үшін майлықты қолданады;
8) орындалған жұмысқа қуанады;
9) аппликация жұмысы кезінде үстелде дұрыс отырады.
170. Музыка:
1) музыканы тыңдау: байыпты, көңілді музыканы мұқият тыңдай білуді қалыптастыру;
2) ән айту: таныс дыбысқа еліктеуді пайдалана отырып, ересек адамға қосылып әндету және мүмкіндігіне қарай ән салу; музыканың сүйемелдеуімен ересек адамның интонациясына еліктей, созып, көңілді әндету;
3) музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: дағдыларды қалыптастыру: музыканың ерекшеленген ашық сипатына сәйкес қимыл, қимылды музыканың басталуымен бастау және аяқталуына қарай аяқтау; шеңбер бойымен қол ұстасып жүру; музыканың сүйемелдеуімен би қимылдарын орындау; өлең және қол ұстасып шеңбер құрап жүру кезіндегі өлең мәтініне сәйкес қимылдау; алақан соғу, аяқтарын кезекпен тыпырлату және бір аяқпен нық басу, жүрелеп отыру, жалғыз және жұптасып тұрған орнында айналу;
4) музыкалық-дидактикалық ойындар: дыбыстардың дыбысталу күшіне қарай өзгеруімен танысу, балаларға арналған музыкалық құралдарды (бубен, сылдырмақ, қоңырау, дағыра) тану; өлеңді оның мәнтініне сәйкес ойын қимылдарын қоса отырып орындай білуді, шеңбер бойымен қол ұстасып жүруді, қимылды педагогпен бірге музыкалық фразаға сәйкес өзгерте білуді қалыптастыру.
171. Күтілетін нәтижелер:
1) таныс өлеңдерді әуені бойынша таниды;
2) ересекке еліктей отырып, өлеңдерді әндете, көңілді айтады;
3) ересекпен бірге қарапайым би қимылдарын орындайды;
4) қимылды және шеңбер бойымен қол ұстасып жүруді ересекпен бірге өлең мәтіні бойынша орындайды;
5) музыкалық аспаптарды (бубен, сылдырмақ, қоңырау, даңғыра) таниды.

12-параграф. 2-жартыжылдық

172. Сурет салу:
1) балаларды заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру және жіктеуге оқыту: түсі, пішіні, көлемі; түстерді бекіту және жіктеу, түсті көңіл күйді беру құралы ретінде пайдалану; сурет салар алдында заттарды белгілі бір дәйектілікте (ересектің көмегімен) зерделеу; қағаз бетінде бағдарлау: жоғары, төмен, ортасында; өзінің және басқаның өнімін дұрыс бағалай білу; бір-біріне бөгет жасамай, қатар отырып жұмыс істей білуге үйрету;
2) заттық сурет салу: қағаз бетін ары қарай аппликацияны немесе суретті орындау үшін жалпақтығы әртүрлі қылқаламдармен, поролоннан жасалған тампонмен, губкамен айналдыра, тік, көлденең қимылдармен бояу; дөңгелек пішінді заттардың суретін салу; бұрышты пішінді заттардың (жалауша, текше) суретін салу; пішіні бірдей, бірақ көлемі әртүрлі бөліктерден құралған заттардың суретін салу; таныс заттарды алдын ала көру-қимыл тәсілімен зерделеуден кейін оның суретін салу; бояумен «сулау» және қылқаламның ұшын тигізу тәсілдерімен сурет салу;
3) сюжеттік сурет салу: бір заттың бейнесін қайталай отырып («үлескедегі шыршалар»), күрделі емес сюжеттік композициялардың суретін салу; бейнені бүкіл парақ бетіне орналастыруға үйрету; бір суретте ортақ мазмұнмен біріктірілген бірнеше заттардың бейнелерін біріктіру;
4) сәндік сурет салу: сәндік өрнектерді құрастыру, элементтерін белгілі бір дәйектілікпен жолақта орналастыра отырып, өрнек (қазақ оюы, хохлома суретінің элементтері) құрай білу; дөңгелекке, шаршыда өрнек элементтерін симметриялық орналастыру ережелерімен таныстыру;
5) негізгі түстертуралы, негізгі түстерді (қызыл, сары, көк, жасыл, қара, ақ) салыстыру туралы; заттардың көлемі (үлкен-кіші) туралы; заттардың пішіндері (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, тікбұрыш) туралы білімдерді қалыптастыру;
6) үстелде дұрыс отыру; оң қолмен сурет салу, сол қолмен парақты ұстау; қарындашты, қылқаламды дұрыс (үш саусақпен) ұстау; басу күшін реттеу; қылқаламды бояуға батыру, құтының шетіне тигізу арқылы артық тамшыны сүрту; майлық қағазды пайдаланудағдыларын қалыптастыру.
173. Күтілетін нәтижелер:
1) заттың негізгі қасиеттері туралы түсінігі бар;
2) дөңгелек және бұрышты пішінді заттардың суретін салады;
3) суретте заттардың қасиеттері мен сапасын бере біледі: түсі, пішіні, көлемі;
4) қағаз бетінде бағдарлайды (жоғары, төмен, ортасында);
5) қазақ оюы, хохлома суретінің элементтерін пайдалана отырып, сәндік өрнектерді құрастыра біледі;
6 дөңгелекке, шаршыда) өрнек элементтерін симметриялық орналастыру ережелерін біледі;
7) педагогтың көмегімен өзінің және басқалардың өнімін дұрыс бағалай біледі.
174. Мүсіндеу:
1) балаларды ересек адамның жасаған бұйымдарымен ойнату; мүсіндеу алдында зерделеу (заттарды сипау, негізгі бөліктерін ерекшелеу) арқылы көлемді пішінді заттарды қабылдау; домалақ, сопақша пішінді заттарды зерделеу; педагогтың көмегімен бұйымды үлгімен салыстыруға үйрету; мүсіндегенде заттардың негізгі белгілерін (пішін, көлем, түс) бере білу; мүсінделген заттарды бір қарапайым сюжетке біріктіру; саздан, қамырдан жаслаған бұйымдарды бояу үшін бояу түстерін таңдау; кеңістікте бағдарлау: жоғарыда, төменде, сол жақ, оң жақ;
2) негізгі түстер, негізгі түстерді (қызыл, сары, көк) салыстыру туралы; заттардың көлемі (үлкен-кіші) туралы; заттардың пішіндері (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш) туралыбілімді қалыптастыру;
3) пішін жасау қимылы – жаю, созу, басу, жапсыру, тегістеу; оқтаумен жұмыс жасау және оны еліктеу бойынша қолдану дағдыларын дамыту;
4) заттық мүсіндеу: созу тәсілін пайдалана отырып, сопақша пішінді заттарды (жұмыртқа) мүсіндеу; еліктеу бойынша шардың, цилиндрдің ортасын басу арқылы қуыс жасап, домалақ пішінді заттарды мүсіндеу; үлгі бойынша мөлшері бірдей, домалақ пішінді екі бөліктен тұратын заттарды бір-біріне жапсыру жолымен мүсіндеу (аққала); үлгі бойынша бір бөлікті басқасына қыса, саусақтардың көмегімен кейбір бөліктерді соза (құс) отырып бұйым бөліктерін біріктіру; мүсінделген заттардың пішіндерінің үстіңгі жағын саусақпен тегістеу;
5) созылымды материалмен жұмыстың қарапайым ережелерімен таныстыруды жалғастыру: жұмысты тақтайшада ғана орындау, жеңді түру, пластилинді (қамырды, сазды) шашпау, мүсіндеуден кейін қолды жуу.
175. Күтілетін нәтижелер:
1) көлемді пішіндерді (шар, сопақша, үшбұрыш) ажыратады;
2) заттарды көлемі бойынша (үлкен, кіші) ажыратады;
3) негізгі түстерді (қызыл, сары, көк) ажыратады;
4) еліктеу бойынша басу тәсілін пайдалана отырып, домалақ пішінді заттарды мүсіндейді;
5) педагогпен бірге, еліктеу бойынша созу тәсілін пайдалана отырып, сопақша пішінді заттарды мүсіндейді;
6) еліктеу бойынша көлемі әр түрлі, домалақ пішінді екі бөліктен құралатын заттарды бір-біріне жапсыру жолымен мүсіндейді;
7) бүтін кесектен басу тәсілін пайдалана отырып, іші қуыс шар тәріздес және цилиндр пішіндерді мүсіндейді;
8) педагогпен бірге мүсінделіп жасалған бұйымдармен ойнайды;
9) педагогпен бірге бұйымдарды үлгімен салыстырады;
10) үстелде жеңін түріп, дұрыс отырады, жұмысты тақтайша үстінде орындайды, мүсіндегеннен кейін педагогтың көмегімен қолын жуады;
11) жұмыс процесінде эмоциясын байқатады.
176. Аппликация:
1) ересектің аппликация құруға деген ұсынысына эмоционалды жағымды жауап беруге; пішіні, мөлшері, түсі әртүрлі заттарды зерделеуге; қағаздың мүмкіндіктерін пайдалануға; қағазды текстурасы бойынша ажыратуға; аппликацияны шынайы нысандармен салыстыруға; өзінің және басқаның жұмысын дұрыс бағалай білуге, үлгімен салыстыруға; бір-біріне бөгет жасамай, бірге жұмыс істей білуге балаларды үйрету;
2) негізгі түстер (қызыл, сары, көк, жасыл) туралы; заттардың мөлшері (үлкен, кіші, орташа) туралы; заттардың пішіні (дөңгелек, шаршы, тікбұрыш, сопақша) туралы білімдерін қалыптастыру;
3) заттық аппликация: қағаз бетіне қарапайым заттардың (қияр, үлкен және кіші алма) дайындамаларын орналастыру және желімдеу; қағаз бетіне 2-3 бөліктен құралатын таныс заттардың (үш қабатты үй, пирамида) дайындамаларын орналастыру және жапсыру; үлгі бойынша заттарды түсі, пішіні, мөлшері бойынша кезектестіре отырып, өрнек құрау; аппликацияны бейнеленген заттың сұлбасына жапсыру;
4) сюжеттік аппликация: көрсету бойынша заттарды алдын ала дайындалған сюжетке жапсыру; ұжымдық аппликацияны орындау;
5) дағдыларды қалыптастыру: сабақ уақытында үстелде дұрыс отыру; қылқаламды пайдалану; дайындамаға желім жағу, дайындаманы аудару; артық желімді алып тастау үшін майлықты пайдалану; қағаз бетіне дайындамаларды орналастыру және жапсыру.
177. Күтілетін нәтижелер:
1) аппликацияны орындауға берілген ұсынысты жағымды қабылдайды;
2) еліктеу бойынша қағаз бетіне 2-3 бөліктен құралатын дайын пішіндерді жапсырады;
3) көрсету бойынша қарапайым заттарды қағаз бетінің барлық кеңістігіне жапсырады;
4) аппликацияны бейнеленген заттың нобайына жапсырады;
5) көрсету бойынша заттарды алдын ала дайындалған сюжетке жапсырады;
6) ұжымдық аппликацияны орындауға қатысады;
7) заттардың мөлшері (кіші, үлкен, орташа) туралы түсінігі бар;
8) негізгі түстер (қызыл, сары, көк, жасыл) туралы түсінігі бар;
9) заттардың пішіні (дөңгелек, шаршы, тікбұрыш, сопақша) туралы түсінігі бар;
10) қылқаламды пайдаланады, артық клейстерді алып тастау үшін майлықты пайдаланады;
11) аппликация жұмысы кезінде үстелде дұрыс отырады.
178. Музыка:
1) музыканы тыңдау икемділігін қалыптастыру: музыкалық шығарманы аяғына дейін тыңдау; таныс әуендерді жануарлардың бейнесімен (қоян, аю, жылқы) байланыстыру; жоғары және төмен дыбыстарды ажырату;
2) ән салу икемділігін қалыптастыру: таныс дыбысқа еліктеуді пайдалана отырып, ересекпен қосылып әндету; фортепианоның сүйемелдеуімен ересектің интонациясына еліктей көңілді, сергек, еркелей ән салу; оңай өлеңдерді айту, педагогтың көмегімен шағын фразаларды әндете айту;
3) музыкалық-ырғақтық қимылдау дағдыларын қалыптастыру: қарапайым би элементтерін орындау: жеңіл жүгіріс, аяғын тыпырлату, алақан соғу, айналу, еліктеу немесе бірлесе әрекеттену бойынша шеңбер бойымен қол ұстаса жүру; педагогтың көмегімен жұптасып билеу қимылдарын орындау; қимылды және шеңбер бойымен қол ұстасып жүруді ересекпен бірге өлең мәтіні бойынша орындау; зал бойымен бағдарлау икемділігін қалыптастыру;
4) музыкалық-дидактикалық ойындар: музыкалық аспаптарды (бубен, сылдырмақ, қоңырау, дағыра) тани білуді қалыптастыру; музыкалық аспаптарда ойнау арқылы есту зейінін дамыту.
179. Күтілетін нәтижелер:
1) дыбыстардың динамикасын (ақырын-қатты) ажыратады;
2) таныс әуендерді жануарлардың бейнесімен (қоян, аю, жылқы) байланыстырады;
3) педагогтің көмегімен оңай өлеңдерді айтады;
4) педагогтің көмегімен қарапайым би қимылдарын орындайды;
5) музыкалық зал бойымен бағдарлайды;
6) қимылды және шеңбер бойымен қол ұстасып жүруді өлең мәтініне сәйкес еліктеу бойынша немесе педагогпен бірге орындайды;
7) музыкалық аспапты дыбысталу тембрі бойынша таниды.

13-параграф. «Әлеумет» білім беру саласы

180. «Әлеумет» білім беру саласының базалық мазмұны-әлеуметтік дамыту және еңбекке баулу (шаруашылық-тұрмыстық еңбек, қол еңбегі) ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.
181. Мақсаты жеке тұлғаның әлеуметтік дағдыларын жалпы адамзаттық норма мен ережелер негізінде қалыптастыру болып табылады.
182. Міндеттері:
1) ересектердің еңбегі туралы білімді, құрдастырымен және ерсесектермен өзара қатынас ережелері туралы білімді байыту;
2) құрдастарымен өзара достық қарым-қатынасты қалыптастыру;
3) нақты бір жағдайға: орындыққа отыру, сабақта отыру, өзінің төсегіне жату, серуенге шығарда киімін өзінің шкафынан алуға және салуға қатысты барабар тәртіпті қалыптастыру;
4) басқа баланың әрекеттерін және бірнеше құрдастарының ойынын бақылауға үйрету;
5) құрдасына эмоционалды жағымды ниет көрсетіп, онымен бірге әрекеттенуге үйрету;
6) ересектердің еңбектері туралы түсінікті қалыптастыру;
7) ересектердің тапсырмаларын орындауға үйрету;
8) еңбек әрекетіндегі белсенділікті дамыту;
9) ересектердің еңбегін құрметтеу сезімін тәрбиелеу;
10) бұйымдарды өз қолымен жасауға деген қалау мен қызығушылықты дамыту;
11) балалардың ірі, ұсақ қимыл-қозғалыстарын, сөйлеу тілін дамыту.

14-параграф. 1-жартыжылдық

183. Шаруашылық-тұрмыстық еңбек:
1) шамасы жететін еңбек әрекеттерін орындау; жеке тапсырмаларды орындау дағдыларын қалыптастыру;
2) өзіне-өзі қызмет көрсету (сыдырмалы немесе «жабысқақ» түймелікті салу және шешу); барлық әрекеттерді еліктеу бойынша немесе ересектің жартылай көмегімен орындау; асхана бойынша кезекшілік туралы түсінікті қалыптастыру;
3) ересектердің (тәрбиешінің көмекшісі, аула тазартушы) еңбегін бақылау; ересектердің еңбегіне құрметпен қарау;
4) өзін әрекеттену субъектісі ретіндегі түсінікті, өзінің эмоционалды жағдайы туралы, өзінің қажеттілігі, қалауы, қызығушылығы туралы түсініктерді қалыптастыру;
5) нақты бір жағдайға: орындыққа отыру, сабақта отыру, өзінің төсегіне жату, серуенге шығарда киімін өзінің шкафынан алуға және салуға қатысты дағдыны қалыптастыру;
6) қуыршақты жуындыруға, шешіндіру мен киіндіруге, ойыншық ыдыстармен дастарқан дайындауға, қуыршақтың төсегін салуға байланысты ойын әрекеттерінің дәйекті тізбегін орындау дағдыларын қалыптастыру.
184. Күтілетін нәтижелер:
1) ересектің көрсетуі және орындау мысалы бойынша қарапайым еңбек тапсырмаларын (алып кел, жина, орнына қой) орындайды;
2) жай мен ауланы жинау үшін қажетті құралдарды көрсетеді;
3) топ бөлмесіндегі тазалықты сақтай біледі: ойыншықтарды орнына жинайды және жуады, оларды орындарына қояды;
4) асханадағы кезекшілік туралы түсінігі болады;
5) ересектің басшылығымен қуыршақты жуындырады, шешіндіреді және киіндіреді, ойыншық ыдыстармен дастарқан жаяды, қуыршақтың төсегін салады;
6) ересектің жартылай көмегімен сыдырмалы немесе «жабысқақ» түймелікті салады және шешеді;
7) өзінің эмоционалды жағдайын, қалауын, қажеттілігін ым-ишарат, мимика арқылы білдіреді;
8) ересектің жартылай көмегімен орындыққа отырады, сабақта отырады, өзінің төсегіне жатады, серуенге шығарда киімін өзінің шкафынан алады және салады.
185. Қол еңбегі:
1) қағаздың әртүрлі түрлері туралы түсінікті қалыптастыру; қалдық материалдар (сіріңке қораптары, пластик шөлмектер) туралы түсінікті қалыптастыру;
2) ересектің әртүрлі материалдардан бұйым жасаған кездегі еңбегін бақылау; ересектің еңбек әрекетіне, бұйымдарына деген қызығушылықты дамыту;
3) құрлымы әртүрлі қағазды көру-жанасу арқылы қабылдауды дамыту.
186. Күтілетін нәтижелер:
1) қағаздың әртүрлі түрлері туралы, қалдық материалдар (сіріңке қораптары, пластик шөлмектер) туралы түсініктері болады;
2) қағазды, тастайтын материалды ажыратады;
3) ересектің әртүрлі материалдардан бұйым жасауын бақылайды.

15-параграф. 2-жартыжылдық

187. Шаруашылық-тұрмыстық еңбек:
1) практикалық еңбек дағдыларын қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындау дағдыларын қалыптастыру;
2) еңбек тапсырмаларын орындау, бір-біріне көмектесу дағдыларын қалыптастыру; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге үйрету;
3) ересектердің тапсырмасын (асханадағы кезекшілік) орындау дағдыларын қалыптастыру;
4) ересектің жартылай көмегімен сыдырмалы немесе «жабысқақ» түймелікті салу және шешу икемділігін қалыптастыру;
5) ересектердің (медбикенің) еңбегін бақылау.
188. Күтілетін нәтижелер:
1) еңбектік тапсырмаларды педагогтың сөздік нұсқауы бойынша орындайды;
2) ұжымдық тапсырмаларды орындайды-ойыншықтары бар сөрелердің шаңын сүртеді, қуыршақтың киімін жуады, ересектермен бірге үлескедегі қоқыстарды жинайды, жаппаның ішіндегі ойыншықтарды жинайды;
3) кезекшілердің міндеттерін орындайды-нан салғышты, майлық қағаз салғышты, ас ішетін құралдарды қояды;
4) ересектің жартылай көмегімен сыдырмалы немесе «жабысқақ» түймелікті салады және шешеді;
5) ересектің сөздік нұсқауы бойынша киімдерін шкафтағы өз орындарына салады;
6) педагогтың басшылығымен қарапайым тапсырманы және әрекетті орындайды;
7) денсаулықты күту үшін медбикенің жұмысының маңызы туралы («Аурухана» сюжеттік-рөлдік ойын арқылы) түсінігі болады.
189. Қол еңбегі:
1) қағаздың әртүрлі түрлері туралы түсінікті қалыптастыру;
2) қалдық материалдар (сіріңке қораптары, пластик шөлмектер) туралы түсінікті қалыптастыру;
3) табиғи материалмен (бүр, емен жаңғағы, жапырақ, тұқым, жаңғақтардың қабығы, жеміс сүйектері) танысу;
4) ересектің әртүрлі материалдардан бұйым жасаған кездегі еңбегін бақылау;
5) құрлымы әртүрлі қағазды көру-жанасу арқылы қабылдауды дамыту;
6) ересектің еңбек әрекетіне, бұйымдарына деген қызығушылықты дамыту.

(Жалғасы 20-бетте)

(Жалғасы. Басы 13-19-беттерде)

190. Күтілетін нәтижелер:
1) қағаздың әртүрлі түрлері туралы, қалдық материалдар (сіріңке қораптары, пластик шөлмектер) туралы, табиғи материалдар (бүр, емен жаңғағы, жапырақ, тұқым, жаңғақтардың қабығы, жеміс сүйектері) туралы түсініктері болады;
2) қағазды, қалдық материалды, табиғи материалды ажыратады;
3) ересектің әртүрлі материалдардан бұйым жасауын бақылайды.

5-тарау. Ересектер тобы (5-6 жастағы балалар)

1-параграф. «Денсаулық» білім беру саласы

191. «Денсаулық» білім беру саласының базалық мазмұны-дене шынықтыру, қауіпсіздік мінез-құлық негіздері ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.
192. Мақсаты: денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, баланың денсаулығын нығайту және сақтау, дене шынықтыруға қызығушылықтарын, қимыл икемділіктері мен дағдыларын қолдануға ұмтылысын дамыту, қауіпсіз тәртіп ережелері мен салауатты өмір салты туралы білімдерін қалыптастыру.
193. Міндеттер:
1) көрсетілімді жаттығуды өздігінен орындауға арналған үлгі деп қабылдауға үйрету;
2) қимыл техникасының негізгі элементтерін дұрыс орындау икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру;
3) жүру мен жүгірістегі, секіру мен лақтырудағы, лақтыру мен қағып алудағы, еңбектеу мен өрмелеудегі қимылдың негізгі түрлерін жетілдіру;
4) дене сапасын, икемділікті,ептілікті, төзімділікті, қимыл тепе-теңдігін сақтауды, үйлесімділікті қалыптастыру;
5) шапшаң қимылды ойындардағы ережелерді сақтай білуді қалыптастыру;
6) құрдастарының қимылын бағалауға және олардың қателерін байқауға үйрету;
7) дене жаттығуларын орындауға деген қызығушылыққа тәрбиелеу;
8) көшедегі, жолдағы, үйдегі, табиғаттағы қарапайым тәртіп ережелерін түсінуге көмектесетін ойын әрекеттеріне үйрету.

2-параграф. 1-жартыжылдық

194. Дене шынықтыру төмендегідей негізгі қимылдарды қамтиды:
1) жүру: бір-бірінің артынан қолдарына жалауша ұстап, залды айнала жүру; жүруді жүгіріспен кезектестіре отырып, жұптасып бірінің артынан бірі жүру; қолдың қимылын өзгерте отырып (жоғары, жанына қарай созу, белде), бағытты өзгерте аяқтың ұшымен, өкшемен, дыбыстық сигналдардың аяқталғанына қарай тоқтап жүру;
2) жүгіру: бірінің артынан бірі, бағытты өзгерте, әртүрлі кедергілерді айналып өтіп, дыбыстық сигнал бойынша тоқтап, тізе бүге отырып; жүгірісті жүрумен кезектестіре отырып, жан-жаққа шашырай жүгіру;
3) секіру: бір орнында тұрып, қолдарын белде ұстапсекіру; алға қарай жылжи отырып секіру; тақтайдың көтерілген ұшынан (биіктігі 10-15 см), ұзын орындықтан тізесін бүгіп өз бетінше секіру; бір орнында тұрып, арқаннан, гимнастикалық таяқшадан, еденнен 5-10 см биіктікте керілген жіптен секіру; бір орнында тұрып еденде сызылған (ені 20-30 см) «жылға» бау арқылы ұзындыққа секіру;
4) лақтыру, қағып алу, дәлдеп лақтыру: салмағы, көлемі, материалы әртүрлі доптарды лақтыру және қағып алу, допты қабырғаға, еденге соғу, екі қолымен ұстап алу; допты бір-біріне қашықтықтан (1,5-2 м) лақтыру; құм салынған допты нысанаға лақтыру, сақиналарды өзекке лақтыру;
5) еңбектеу, өрмелеу, асып түсу: керілген жіптің астынан (биіктігі 30-35 см) еңбектеп өту; гимнастикалық орындық бойымен еңбектеу; «Маймыл жүгірісі» (табаны мен қолын тірек ете отырып, жылдам қозғалу); еңкіш саты (биіктігі 1,5-2 м) бойымен өрмелеу; швед қабырғасы бойымен аралықтан аралыққа кезектескен қадаммен өрмелеу; еліктеу бойынша биіктіктері әртүрлі заттардың астымен жер бауырлап еңбектеп өту;
6) тепе-теңдік сақтау: тепе-теңдігін сақтай отырып, еңкіш тақтай бойымен жүру (20-30 см), соңында секіру қажет болатын гимнастикалық орындық, бөрене бойымен жүру; қол жағдайын (жоғары көтерілген, белде) өзгерте отырып, бірінің артынан бірі аяғының ұшымен жүру; басты оңға-солға бұру, алға қарай ию, артқа қарай шалқайту; бір орында тұрып аяғын кезектестіре басып айналу, дыбыстық сигнал бойынша тізесін бүге айналу;
7) сапқа тұру: аяқ ұшын теңестіріп, сызық бойымен сапқа тұру; бір-бірден сапқа тұру, үлкен және кіші шеңбер құрап тұру;
8) музыкалық-ырғақтық жаттығулар: музыкалық сүйемелдеуге сәйкес таныс дене жаттығуларын түрлі қарқында орындау;
9) спорттық жаттығулар: биік емес төбеден ересектің көмегімен шанамен сырғанау; ересектердің көмегімен мұзды жолдармен сырғанау; үш дөңгелекті велосипед, самокат тебу; оңға, солға қарай бұрылу;
10) спорттық ойын элементтері: кегль ойындарына үйрету: бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру, 1,5-2 м арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру;
11) жалпы дамытушы жаттығулар (затпен және затсыз): қолды алға, жоғары көтеру, жанына қарай созу, иыққа, белге қою, төмен түсіру; айқастырылған қолды бастан асыра, төмен қарай сермеу; қолдың қимылын бір мезгілде өзгерте отырып, қол басын айналдыру, бұлғау, жұдырық түю, жазу; қолды белде ұстап, денені оңға, солға бұру, алға қарай еңкею, артқа қарай шалқаю; қол жоғары, аяқ иық ендігіндегі бастапқы қалыптан қолды төмен түсіріп, жанына қарай түзулеп көтеріп, басынан асыра шапалақтау; «қайшы» (отырған, қолды артқа қарай тіреген бастапқы қалыптан аяқтың жоғары-төмен кезектестірілген қимылы); етпетінен жатқан бастапқы қалыптан еңкейіп, қолды артқа қарай айқастыру; қол жоғары көтерілген, білезіктен айналдыру; аяқты кезектестіре басып, тізе бүге отырып айнала бұрылу; аяқтың ұшымен айнала отырып секіру.
195. Күтілетін нәтижелер:
1) дене жаттығуларын орындауға қызығушылық байқатады;
2) жаттығуларды көрсету, еліктеу, сөздік нұсқау бойынша орындайды;
3) көлемі үлкен және орташа допты лақтырады және қағып алады;
4) допты бір-біріне береді;
5) затты (құм толтырылған дорба) нысанаға лақтырады;
6) гимнастикалық орындық арқылы еңбектейді, өрмелейді;
7) швед қабырғасы бойымен жоғары-төмен өрмелейді;
8) қолын жан-жағына қарай созған қылыпта, тақтай, орындық бойымен жүреді;
9) алға қарай секіріп жылжиды;
10) шапшаң қимылды ойындардың ережелерін сақтайды;
11) әртүрлі тапсырмаларды орындай отырып сапта бір-бірден жүреді;
12) ересек адамның көмегімен төбеден шанамен сырғанайды;
13) ересек адамның көмегімен үш дөңгелекті велосипед, самокат тебеді.
196. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері:
1) үйдегі (балабақшадағы) қауіпсіз тәртіп негіздері: балабақшадағы балалар үшін оңай және қолжетімді тәртіп ережелерімен (ойын кезінде бір-біріне бөгет жасамау, өзіне де басқаларға да ауыртатын әрекет жасамау) таныстыру; тыйым салатын тәртіп ережелерімен (жеуге жарамсыз заттарды аузына салмау, заттарды құлағына, мұрнына тықпау) таныстыру; топ бөлмесіндегі жиһаздардың арасымен ұқыптылықпен жүре білуге, баспалдақтан таянышынан ұстап түсуге жаттықтыру; ыстық судың шүмегін дұрыс пайдалана білу дағдысын қалыптастыру; үшкір заттармен әрекеттің қауіпсіз тәсілдеріне үйрету;
2) көшедегі қауіпсіз тәртіп негіздері: көшеге экскурсия кезінде жүргіншілердің тәртібін, көліктің қозғалысын бақылау; дидактикалық (көлемді) бағдаршаммен таныстыру; бағдаршамның сигналдары туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру; ойын әрекеттерін бағдаршамның сигналы бойынша (ересектің көмегімен) орындау: қолдарынан ұстасып бағдаршамның сигналын күту, көшеден жасыл сигнал бойынша өту, қызыл түсте тұру; көліктердің дыбыстық сигналдарын ажырату; көшеде бейтаныс адамдармен кездесуі мүмкін жағдайлар туралы түсінікті қалыптастыру, осындай жағдайларда өздерін дұрыс ұстауға (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, бейтаныс адамның мәшинесіне отырмау, олардың ұсынған ойыншықтар мен тәттілерді алмау) үйрету;
3) табиғаттағы қауіпсіз тәртіп негіздері: серуен кезінде әртүрлі өсімдіктерді қарап анықтау және қоршаған табиғат үшін қауіпсіз тәртіп ережелерімен (жапырақтарды, гүлдерді жұлмау, бұтақтарды сындырмау) таныстыру; серуен кезінде құстарды бақылау, өзара әрекеттенудің дұрыс тәсілдеріне (зиян келтірмеуге, үркітпеуге) үйрету; серуен кезінде жануарларды (ит, мысық) бақылау, өзара әрекеттенудің дұрыс тәсілдеріне (жануарлармен кездескенде абай болуға, жақын бармауға, ызаландырмауға, зиян келтірмеуге, үркітпеуге) үйрету.
197. Күтілетін нәтижелер:
1) балабақшадағы қарапайым тәртіп ережелері туралы түсінігі бар;
2) өмір мен денсаулық үшін қауіпті, тек ересектер ғана пайдалануға болатын заттарды біледі;
3) топ бөлмесіндегі жиһаздардың арасымен ұқыптылықпен жүре біледі, баспалдақтан таянышынан ұстап түседі;
4) ыстық судың шүмегін дұрыс пайдалана біледі;
5) үшкір заттармен әрекеттің қауіпсіз тәсілдері туралы түсінігі бар;
6) бағдаршамның сигналдары туралы бастапқы түсініктерді бар;
7) табиғаттағы дұрыс тәртіп (жапырақтарды, гүлдерді жұлмау, бұтақтарды сындырмау) туралы түсінігі бар.

3-параграф. 2 -жартыжылдық

198. Дене шынықтыру төмендегідей негізгі қимылдарды қамтиды:
1) жүру: бір-бірінің артынан қолдарына жалауша ұстап, қол созым арақашықтықты сақтап, залды айнала жүру; жүруді жүгіріспен кезектестіре отырып, жұптасып бірінің артынан бірі жүру; қолдың қимылын өзгерте отырып (жоғары, жанына қарай созу, белде), бағытты өзгерте аяқтың ұшымен, өкшемен, дыбыстық сигналдардың аяқталғанына қарай тоқтап жүру; заттарды аттап жүру; жүргізушінің артынан әртүрлі бағытта жүру; заттарды айнала, әртүрлі бағытта жыланша жүру;
2) жүгіру: бірінің артынан бірі, бағытты өзгерте, әртүрлі кедергілерді айналып өтіп,дыбыстық сигнал бойынша тоқтап, тізе бүге отырып жүгіру; жүгірісті жүрумен кезектестіре отырып шашырай жүгіру; бағытын (оңға, солға) өзгерте отырып, баяу және шапшаң қарқынмен жүгіру; бағытын өзгерте отырып, ұстап алу мен қашып құтылу мақсатына арналған шашырай жүгіру;
3) секіру: бір орнында тұрып, қолын белде ұстап секіру; алға қарай жылжи отырып секіру; қолын басынан асыра шапалақтап секіру; тақтай бойымен жүріп, көтерілген ұшынан (биіктігі 10-15 см) тізесін бүгіп өзі секіру; бір орнында тұрып, арқаннан, гимнастикалық таяқшадан, еденнен 5-10 см биіктікте керілген жіптен секіру; бір орнында тұрып еденде сызылған (ені 20-30 см) «жылға» бау арқылы ұзындыққа секіру; орнынан 30-40 см ұзындыққа секіру; шеңберден шеңберге секіру; заттарды айнала қос аяқтап және бір аяқпен секіру; секіртпе арқылы секіру;
4) лақтыру, қағыпалу, дәлдеплақтыру: салмағы, көлемі, материалы әртүрлі доптарды лақтыру және қағып алу, допты қабырғаға, еденге соғу, екі қолымен ұстап алу; допты қашықтықтан (1,5-2 м) бір-біріне лақтыру; құм салынған дорбаны нысанаға лақтыру, сақиналарды өзекке лақтыру; шариктерді қақпаға (биіктігі 10, 15, 20 см) домалату; допты екі қолымен баскетболдың торлы себетіне (төменнен 50 см қашықтықтан 4,5 м биіктікке) лақтыру; допты екі қолымен, бір қолмен еденге ұру; допты орындықтар арасымен (туннель) домалату;
5) еңбектеу, өрмелеу: керілген жіптің астынан (биіктігі 30-35 см.) еңбектеп өту; гимнастикалық орындық бойымен еңбектеу; көлбеу саты бойымен өрмелеу, аралығын тастап кетпей түсу; швед қабырғасы бойымен аралықтан аралыққа кезектескен қадаммен өрмелеу; еліктеу бойынша биіктіктері әртүрлі заттардың астымен жер бауырлап еңбектеп өту; үлкен орындықтың астынан еңбектеп өту; заттар (орындықтар, бөренелер) арқылы өрмелеп өту;
6) тепе-теңдік сақтау: тепе-теңдігін сақтай отырып, көлбеу тақтай бойымен (20-30 см), соңында секіру қажет болатын гимнастикалық орындық, бөрене бойымен кезектескен қадаммен бүйірлей жүру; аяқтың ұшымен сатының аралықтыры арқылы, текшеге басып жүру; қол белде тізе жоғары көтерілген бір-бірінің артынан жүру; аяқты кезектестіре басып бір орнында айналу; дыбыстық сигнал бойынша тізесін бүге айналу; екі қолын жанына қарай созып, бір аяқпен тұрғанда тепе-теңдігін сақтау;
7) сапқа тұру: аяқ ұшын теңестіріп, сызық бойымен сапқа тұру; бір-бірден сапқа, үлкен және кіші шеңбер құрап тұру, тәрбиешінің сигналы бойынша сапты қайтадан құру;
8) музыкалық-ырғақтық жаттығулар: музыкалық сүйемелдеуге сәйкес таныс дене жаттығуларын түрлі қарқында орындау;
9) спорттық жаттығулар: биік емес төбеден ересектің көмегімен шанамен сырғанау; ересектердің көмегімен мұзды жолдармен сырғанау; үш дөңгелекті велосипед, самокат тебу; оңға, солға қарай бұрылу;
10) спорттық ойын элементтері: кегль ойындарына үйрету: бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру, 1,5-2 м арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру; футбол. Берілген бағытта допты домалату; допты бір-біріне домалату; шөптегі хоккей. Берілген бағытта допты таяқпен домалату; допты қақпаға енгізу;
11) жалпы дамытушы жаттығулар (затпен және затсыз): қолды алға, жоғары көтеру, жағына қарай созу, иыққа, белге қою, төмен түсіру; айқастырылған қолды бастан асыра, төмен қарай сермеу; қолдың қимылын бір мезгілде өзгерте отырып, қол басын айналдыру, бұлғау, жұдырық түю, жазу; қолды белде ұстап денемен оңға, солға бұрылу, алға қарай еңкею, артқа қарай шалқаю, қол жоғары, аяқ иық ендігіндегі бастапқы қалыптан қолды төмен түсіріп, жанына қарай түзулеп көтеріп, басынан асыра шапалақтау; «қайшы» (отырған, қолды артқа қарай тіреген бастапқы қалыптан аяқтың жоғары-төмен қимылын кезектестіру); етпетінен жатқан бастапқы қалыптан еңкейіп, қолды артқа қарай айқастыру; қол жоғары көтерілген, білезіктен айналдыру; аяқты кезектестіре басып, тізе бүге отырып айнала бұрылу; аяқтың ұшымен айнала отырып секіру.
199. Күтілетін нәтижелер:
1) дене жаттығуларын орындауға қызығушылық байқатады;
2) жаттығуларды көрсету, еліктеу, сөздік нұсқау бойынша орындайды;
3) көлемі үлкен және орташа допты лақтырады және қағып алады;
4) допты бір-біріне береді;
5) затты (құм толтырылған қалта) нысанаға лақтырады;
6) гимнастикалық орындық арқылы еңбектейді, өрмелейді;
7) швед қабырғасы бойымен жоғары-төмен өрмелейді;
8) қолын жан-жағына созып, тақтай, орындық бойымен жүреді;
9) алға қарай секіріп жылжиды;
10) шапшаң қимылды ойындардың ережелерін сақтайды;
11) әртүрлі тапсырмаларды орындай отырып сапта бір-бірден жүреді;
12) ересек адамның көмегімен төбеден шанамен сырғанайды;
13) ересек адамның көмегімен үш дөңгелекті велосипед, самокат тебеді.
200. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері:
1) үйдегі (балабақшадағы) қауіпсіз тәртіп негіздері: топ бөлмесіндегі жиһаздардың арасымен ұқыптылықпен жүре білуге, баспалдақтан таянышынан ұстап түсуге жаттықтыруды жалғастыру; ыстық судың шүмегін дұрыс пайдалана білу дағдысын бекіту; үшкір заттармен әрекеттің қауіпсіз тәсілдеріне үйретуді жалғастыру; өмір мен денсаулық үшін қауіпті тұрмыстық құралдар туралы білімді бекіту, ондай заттармен (үтік, сіріңке, ток шәйнегі) аңғырттық жасау зардаптары туралы түсінік беру; терезеден, балконнан туындайтын қауіптер (тыйымдарды пайдалану) туралы түсінік беру; қауіпті сұйықтар туралы түсінік беру;
2) көшедегі қауіпсіз тәртіп негіздері: мәшинелер жүретін жолмен, жаяужолмен, өтпе жолмен және олардың қолданысымен таныстыру; балалардың көше қозғалысы ережелері туралы түсініктерін кеңейту: жолдағы мәшинелердің екі жақты қозғалысы, адамдар жаяужолмен жүреді, көшеден бағдаршамның рұқсат беру сигналы бойынша өтпе жол арқылы өтеді; балаларға жолда және жол қиылыстарында ойнау қауіпті болады; көшедегі жүргіншілердің тәртіп ережелерімен таныстыру: жаяу жүргінші, жүргіншілердің өтпе жолы; бағдаршамның сигналдары туралы түсініктерді бекіту; ойын әрекеттерін бағдаршамның сигналы бойынша (ересектің көмегімен) орындау: қолдарынан ұстасып бағдаршамның сигналын күту, көшеден жасыл сигнал бойынша өту, қызыл түсте тұру; қала көшелерінде мүмкін болатын қауіпті жағдайлармен таныстыру; көшедегі тәртіп ережелерімен таныстыру; жол қозғалысының қарапайым ережелерімен таныстыру; ауладағы ойындардың қауіпсіздігі туралы (велосипедті қай жерде тебуге, допты қай жерде ойнауға болады) түсінікті қалыптастыру;
3) табиғаттағы қауіпсіз тәртіп негіздері: қоршаған табиғат үшін қауіпсіз тәртіп ережелерімен (жапырақтарды, гүлдерді жұлмау, бұтақтарды сындырмау) таныстыруды жалғастыру; адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті нысандармен және табиғат құбылыстарымен (улы саңырауқұлақтар, жидектер, бұралқы иттер, жуылмаған көкөністер мен жемістер, лас су) таныстыру; серуен кезінде жануарларды (ит, мысық) бақылау, өзара әрекеттенудің дұрыс тәсілдеріне (жануарлармен кездескенде абай болуға, жақын бармауға, ызаландырмауға, зиян келтірмеуге, үркітпеуге) үйрету; серуен кезінде құстарды бақылау, өзара әрекеттенудің дұрыс тәсілдеріне (зиян келтірмеуге, үркітпеуге) үйрету.
201. Күтілетін нәтижелер:
1) балабақшадағы қарапайым тәртіп ережелері туралы түсініктері бар;
2) өмір мен денсаулық үшін қауіпті, тек ересектер ғана пайдалануға болатын заттарды біледі;
3) топ бөлмесіндегі жиһаздардың арасымен ұқыптылықпен жүре біледі, баспалдақтан таянышынан ұстап түседі;
4) ыстық судың шүмегін дұрыс пайдалана біледі;
5) үшкір заттармен әрекеттің қауіпсіз тәсілдері туралы түсінігі бар;
6) бағдаршамның сигналдары туралы бастапқы түсініктерді бар;
7) көшедегі қозғалыс ережелері туралы түсінігі бар;
8) адамдардың жаяу жолмен жүретінін, көшеден бағдаршамның рұқсат беретін сигналы бойынша өтетінін біледі;
9) қай жерде велосипед теуіп, доп ойнауға болатынын біледі;
10) табиғаттағы дұрыс тәртіп (жапырақтарды, гүлдерді жұлмау, бұтақтарды сындырмау) туралы түсінігі бар;
11) жануарлармен дұрыс тәртіп туралы түсінігі бар.

4-параграф. «Коммуникация» білім беру саласы

202. «Коммуникация» білім беру саласының базалық мазмұны – сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.
203. Мақсаты балаларда лексикалық-грамматикалық тіл құралдарын қалыптастыру, түрлі жанрдағы әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдай білуін және түсіне білуін дамыту, балалар көркем әдебиет және халық ауыз әдебиет шығармаларына эмоционалды ілтипатын дамыту, оптико-кеңістік бағдарланулар, фонема талдау дағдылары, графикалық-моторлық дағдыларды меңгерту болып табылады.
204. Міндеттері:
1) қарапайым жалаң сөйлемдерді пайдалануды үйрету;
2) балаларға кішігірім әңгімелерді құрастыруды үйрету;
3) зат есімдер мен етістіктердің жеке және көпше сандарын түсіну мен пайдалануды үйрету;
4) ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және ондағы оқиға желісін қадағалауға үйрету;
5) тақпақтар мен өлеңдерді саналы жаттауға үйрету;
6) таныс ертегілердің сюжет реттілігін қадағалауға, педагогтың көмегімен кейіпкердің мінез-құлқын жеткізуге үйрету;
7) сөйлеу тілінің дыбыстық мәдениетін дамыту;
8) дыбыстық сипаты бойынша заттар мен құбылыстыарды тану біліктілігін қалыптастыру;
9) сөздердің қарапайым дыбыстық талдауын жүргізе алуын қалыптастыру;
10) сөйлемде сөздерді ажырата білуіне оқыту;
11) сөздің буындық құрылымын анықтауға үйрету;
12) ырықты зейіні мен есту арқылы есте сақтауын дамыту.

5-параграф. 1-жартыжылдық

205. Сөйлеуді дамыту:
1) ересек адамның көмегімен модель бойынша қарапайым сөздерді құрастыру дағдысын бекіту («Кім? Не істеп тұр? Не? Немен?»);
2) біртекті бастауыштарды, баяндауыштарды, толықтауыштарды енгізу арқылы жайылма сөйлемдерді пайдалану икеміне үйрету; балаларды ойыншықтарды пайдалана отырып, диалог түрінде шағын әңгімелерді құрастыру икеміне үйрету;
3) сөз сөйлеуде грамматикалық санаттарды пайдалану дағдысын қалыптастыру: зат есімдер мен етістіктердің сандары;
4) балаларды заттардың, жануарлардың, құстардың атауларын оларды сипаттау бойынша танып табу икеміне үйрету;
5) балаларды ересек адамның көмегімен негізгі кеңінен тараған материалдардың атауларын пайдалану икеміне үйрету (ағаш, темір, тас);
6) диалог жүргізудің дағдыларын бекіту: сұрақтарға сәйкес жауап беру және сұрақты жолдасына жолдау икемдері;
7) балаларды сөздерді түрлі тәсілдермен құрастыру икеміне үйрету;
8) балаларды заттардың кеңістіктегі орналасуын анықтаумен байланысты сөздерді пайдалану икеміне үйрету.
206. Күтілетін нәтижелер:
1) ересек адамның көмегімен қарапайым сөйлемдерді құрастырады;
2) ересек адамның көмегімен ойыншықтарды пайдалана отырып, диалог түрінде шағын әңгімелерді құрастырады;
3) сұрақтарға адекватты жауап береді және басқа адамға сұрақты жолдай алады;
4) заттардың, жануарлардың, құстардың атауларын олардың сипаттары бойынша танып таба алады.
207. Көркем әдебиет:
1) тыңдау және түсіну: шығарма мазмұнындағы оқиға желісін қадағалауға, сұрақтарды қоюға және оларға жауап беруге үйрету; шығарма кейіпкерлеріне жай сипаттама (мейірімді-ызақор) беру біліктілігін дамыту; шығарманың интонациялық ырғағын қабылдау: интонацияны қабылдауға үйрету, ертегілердегі, әңгімелердегі, тақпақтардағы бейнелердің кереғарлығын түсінуге үйрету; ертегілерді көркем әдебиеттің басқа жанрларынан ажырата білуге үйрету;
2) әңгімелеу және жаттау: сұрақтарға және көрнекіліктерге сүйене отырып, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету; кішігірім тақпақтарды жатқа мәнерлеп оқуды үйрету; жақсы таныс шағармалардағы сөздерді/фразаларды жалғастырып айту біліктілігін, ойыншықтарды, үстел үсті театрын қолдана отырып, ертегілердің кішігірім үзіндісін ойнау/сахналау біліктілігін дамыту.
208. Күтілетін нәтижелер:
1) көркем шығармаларды эмоциональді түрде қабылдай біледі;
2) шығарма мазмұнына эмоциональді түрде ілтипатын білдіреді;
3) мәтіннің мазмұны бойынша қарапайым сұрақтарға жауап береді;
4) педагогтың көмегімен шығарма кейіпкерлеріне жай сипаттама (мейірімді-ызақор) береді.
209. Сауат ашу негіздері:
1) естіп қабылдауы: тілдік емес дыбыстарға көңіл аударту; балаларда дыбысқа назар аударуын қалыптастыру; балаларды тұрмыстық шулармен таныстыру (телефон қоңырауы, шаңсорғыш шуы, автокөлік сигналы) және оларды ажырата ала білуге үйрету; есту тітіркендіргіштеріне әрекет ету икемін балаларға оқыту; әртүрлі музыкалық аспаптардың дыбыс шығаруын тани білуін қалыптастыру (балалар күйсандығы, металлофон, дабыл); балаларды дыбыстық сипаттамалары бойынша табиғат құбылыстарын және тұрмыстық шуларды ажырата алуға үйрету(жауын шуы және теңіздің соқпа толқынының дыбысы, құстар сайрауы және желдің гуілдеуі, қосылу тұрған шаңсорғыш дыбысы және кір жуғыш мәшиненің дыбысы); балаларды таныс заттар мен құбылыстарды дыбыстық сипаттамалары бойынша анықтай білуге үйрету («Мен неде ойнап жатқанымды, тапшы»); бір-біріне жақын және қарама-қарсы тілдік емес дыбыстарды салыстыра білуге үйрету; дыбыс шығып жатқан орынды анықтай білуге үйрету;
2) дыбысқа еліктеу, музыкалық аспаптар, шиқылдайтын ойыншықтарды қолдану арқылы түрлі дауыс қаттылығы(қатты-ақырын), жоғарылағындағы (жоғары-төмен) дыбыстарды қабылдау кезіндегі есту зейінін дамыту; музыкалық аспаптарды қолдану арқылы «ұзын» және «қысқа», «қатты» және «ақырын дауыс шығару» түсініктерін қалыптастыру; балаларды тірі табиғат дыбыстарымен таныстыру (торғайдың шырылдауы, қарғаның қарқылдауы, бұлбұлдың сайрауы; сиырдың мөңіреуі, ешкінің бақылдауы, аттың кісінеуі); қозғалыс арқылы дыбыстың сипатына және оның өзгерісіне балалардың әрекет ете алуын бекіту (марш – маршпен жүреді, би билетін ән – айналып билейді, би күйі – секіреді және билейді); еліктеу бойынша жеңіл ырғақты шапалақтау арқылы жасау; берілген ырғақты (2-3) ересектің көмегімен жүзеге асыруға және есту арқылы оларды бір-бірінен ажырата алуға балаларды үйрету;
3) фонематикалық қабылдау: сөздің дыбыстық қабықшасына деген зейінді дамыту; сөйлеу дыбыстарын тануға, тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырата алуға үйрету; бір сөзді қатты және ақырын айтуға болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру;
4) қолды жазуға үйрету: балаларда қолдың аршынды қозғалысын қалыптастыру: солдан оңға, жоғарыдан төмен бағытта тақтадан аршынды қозғалыспен шүберекпен сүрте білу икемділігіне үйрету; қағаз бетінде қолдың буынымен белгілі бір қозғалысты орындай алуға үйрету: қағаз бетінің басынан аяғына дейін жолақша бойынша саусақпен жүргізе алуға үйрету (жолақша кеңдігі 2,5-1-ден 1,5-1 см дейін (еліктеу бойынша, өздігінен); жолақшаның басынан аяғына дейін қарындашпен үздіксіз сызықты сыза алуға балаларды үйрету; балаларды солдан оңға, жоғарыдан төмен белгілі бір нүктеге дейін нүктелі сызықтар бойынша түзу сызықтарды жүргізе алуға үйрету («Жаңбыр»); қарындашты қолдана отыра саусақпен және білезікпен қозғалысты орындай алуға балаларды үйрету, еліктеу бойынша (үстел үстінде алдымен әр қолмен жеке, кейін екі қолмен бірмезгілде, алақан арасында ойлы-қырлы қарындашты сырғыту, үлкен және сұқ саусақ жастықшалары арасында сырғыту).
210. Күтілетін нәтижелер:
1) айналадағы дыбыстарды тұрмыстық шуларға және табиғат құбылыстарының дыбыстарына ажырата алады;
2) қарапайым заттарды және дыбыстық сипаттамасы бойынша құбылыстарды тани алады;
3) дыбыс шығып жатқан заттың кеңістіктегі орнын таниды және қабылдайды;
4) шиқылдайтын ойыншықтарды қолдану арқылы түрлі қаттылық (қатты-ақырын) және күштіліктегі (жоғары-төмен) дыбыстарды қабылдайды;
5) тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажыратады.

6-параграф. 2-жартыжылдық

211. Сөйлеуді дамыту:
1) балалардың сөздік қорының тұрмыстық электротехника, ұлттық заттардың атауларымен молаюы; балаларды қимыл-әрекетіне қарай зат есімдерді таңдап алу икеміне үйрету (пісіру – көже, тебу – велосипед, ұшу-ұшақ);
2) диалогты пайдалана отырып балаларды шағын әңгіме құрастыру икеміне үйрету;
3) педагогтың бастаған сөйлемін аяқтау икемін қалыптастыру; екі-үш сөзден тұратын фразаны құрастыру икемін бекіту;
4) ересек адамның бақылауында кейбір көбінесе жиі пайдаланатын сөз алды қосымшалы етістіктерді түсіну және пайдалануды үйрету (жеп болды, ішіп болды, ұйықтап болды);
5) зат есімдерді барыс және көмектес септігінде қолдануға үйрету;
6) ересек адамның бақылауымен сөздің жалпылаушы мәнін пайдалану дағдысын дамыту;
7) балалардың сөздік қорының заттар бөліктері мен бөлшектерін, сапасы мен қасиеттерін білдіретін сөздермен молаюы;
8) балаларды ересек адамның бақылауында тамақ өнімдеріне (алма, жүзім), өсімдіктерге (гүлді), түрлі материалдарға (ағаш, резеңке) қатысы барлығына мәні бар қатысты сын есімдерді құрастыру икеміне үйрету.
212. Күтілетін нәтижелер:
1) өзі, отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары жөнінде сұрақтарға жауап береді;
2) ересек адамның бақылауында кейбір көбінесе жиі пайдаланатын сөз алды қосымшалы етістіктерді түсінеді және пайдаланады;
3) сөз сөйлеуде қатысты сын есімдерді пайдаланады (ересек адамның бақылауында);
4) ересек адамның бақылауында сөздердің жалпылаушы мәнін пайдаланады.
213. Көркем әдебиет:
1) тыңдау және түсіну: шығарма мазмұнындағы оқиға желісін қадағалауға, мазмұны бойынша қойылған қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету; шығарма кейіпкерлеріне қарапайым мінездеме (мейірімді-ызақор) беру біліктілігін дамыту;
2) шығарманың интонациялық ырғағын қабылдау: интонацияны қабылдауға үйрету, ертегілердегі, әңгімелердегі, тақпақтардағы бейнелердің кереғарлығы екенін түсінуге үйрету; ертегілерді көркем әдебиеттің басқа жанрларынан ажырата білуге үйрету;
3) әңгімелеу және жаттау: сұрақтарға және көрнекіліктерге сүйене отырып, қысқа ғана мазмұндауға, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету; кішігірім тақпақтарды жатқа мәнерлеп оқуды үйрету; жақсы таныс шағармалардағы сөздерді/фразаларды жалғастырып айту біліктілігін, ойыншықтарды, үстел үсті театрын қолдана отырып, ертегілердің кішігірім үзіндісін ойнау/сахналау біліктілігін дамыту.
214. Күтілетін нәтижелер:
1) ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді;
2) көркем шығарма мазмұнына эмоционалды түрде ілтипатын білдіреді;
3) педагогтің көмегімен шығарма кейіпкерлеріне қарапайым мінездеме (мейірімді-ызақор) береді;
4) мәтіннің мазмұны бойынша қарапайым сұрақтарға жауап береді;
5) шығарманың кішігірім сюжетін сахналауға қатысады.
215. Сауат ашу негіздері:
1) естіп қабылдауы: балалардың дыбыстық ұғымдарын кеңейту (қағаз сыбдырлауы, жапырақтардың сыбдыры; темір кілт немесе тиын, пластмасса ойыншықтың немесе резеңке доптың дыбысы); балаларды дыбыстық сипаттамалары бойынша заттарды және құбылыстарды саралауға үйрету (қағазбен жасалып жатқан әрекетті есту арқылы тану – жырту, бүктеу, жаныштау; табиғаттың үш-төрт дыбысты біріздігін анықтауға үйрету); ойыншықтармен және тұрмыстық заттармен әрекет ету барысында шыққан, дыбыстар бойынша құрбыластардың әрекетін анықтауға балаларды үйрету; дыбыстың орнын және қарқындылығын анықтау бойынша балалардың икемділігін бекіту (жақын, алыс, жанында; жоғарыда, төменде; оң жақта, сол жақта); екі-үш ырғақтағы сигналдар материалында есту зейінінің және естіп есте сақтауын дамыту; ауызша нұсқау және үлгі бойынша жүзеге асыруда ырғақты қабылдауға және бағалауға үйрету; ауызша нұсқау және үлгі бойынша жүзеге асырударғы, қысқа және ұзын паузамен бөлінген ырғақтық құрылымдарды бағалауға және қабылдауға үйрету; балалар әндерінің ырғағын соғу; ырғақтық және музыкалық-ырғақтық ойындарда ырғақ сезімін дамыту;
2) фонематикалық қабылдауы: сөйлеу дыбысын қабылдауға бағытталған, дыбыстарды тануды жетілдіру; сөйлеу материалын дұрыс естуін және тыңдауын бекіту; дыбыстың нақты есту образын қалыптастыру; берілген сөйлемдегі аталған сөзді таба алуды балаларға үйрету; сөз тіркесінде немесе сөйлемде аталған сөзді ести сала, қимыл-қозғалыспен (шапалақтау, орнынан тұру, қолын көтеру) әсер етуді балаларда қалыптастыру; сөздер бірдей және әртүрлі дыбыстала алатындығын жайлы түсініктерін қалыптастыру; «дос» сөздерді ажырата алу икемділігін балаларға үйрету(жастық-қастық, жапырақ-топырақ, әзір-мәзір, үйшік-күшік); дыбысталуы бойынша жақын сөздерді ажырата алуға үйрету: мысық – қасық, жастық-қастық; балаларды дыбыстың мағыналық қызметімен таныстыру: кейбір сөздер бір-бірінен бір ғана дыбыспен ажыратылатынын түсіндіру (бант-қант, бас-тас, жол-қол) заттар, ойыншықтар және суреттерді қолдана отыра берілген дыбыспен сөздерді топтай алуға балаларды үйрету; сөздегі орнын ескерусіз берілген дыбыспен сөздерді келтіріп айтуға балаларды үйрету (ересектің көмегімен); балаларда аталған сипаты бойынша сөздерді топтауға және атауға икемділігін қалыптастыру (ұзын-қысқа); берілген дыбысты ересектің интонациямен белгілеу көмегімен сөздердегі бірінші екпінді дауысты дыбысты анықтай алуды балаларға үйрету;
3) қолды жазуға үйрету: қағаз бетінен қарындашты үзбей отыра, бірқалыпты үздіксіз сызықты жүргізе алуды балаларда қалыптастыру; балаларды үздіксіз ирек сызықты айналдырып сызуға үйрету (алдымен саусақпен, кейін берілген үлгі бойынша ересектің бақылауымен қарындашпен сызу); иілімін қайталай отыра, үздіксіз сынық сызықты айналдырып сызуға балаларды үйрету (алдымен саусақпен, кейін берілген үлгі бойынша қарындашпен сызу).
216. Күтілетін нәтижелер:
1) ересектің қадағалауымен сөз ағымындағы жеке сөздерді анықтайды;
2) ересектің қадағалауымен жеке сөздердің құрамындағы дыбыстарды анықтап көрсетеді;
3) сөздегі дыбыстың мағыналық рөлі жайлы түсінігіне ие;
4) ересек адамның көмегімен сөздегі бірінші екпінді дауысты дыбысты анықтайды;
5) екі қатар сызық арасында үздіксіз бірқалыпты сызықты саусақпен және қарындашпен жүргізе алады;
6) иілімін қайталай отыра, сынық және ирек сызықты айналдырып сыза алады.

7-параграф. «Таным» білім беру саласы

217. «Таным» білім беру саласының базалық мазмұны – қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, сенсорика, құрастыру, жаратылыстану ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.
218. Мақсаты сенсорлық эталондар жүйесін меңгерумен қамтамасыз етуге көмектесетін бағдарлау әрекетін, перцептивтік әрекеттерді қалыптастыру; балаларды салыстыру, сәйкестендіру икемділіктеріне, әртүрлі көптіктер мен көптіктердің элементтерімен арасындағы сәйкестікті табуға үйрету; құрастыру процесіне, құрылыс материалдарымен ойынға деген жағымды қатынасты және қызығушылықты қалыптастыру; қоршаған әлеуметтік, заттық және табиғат әлеміне деген танымдық қызығушылықты дамыту болып табылады.
219. Міндеттері:
1) көру, есту, тактильді – қимылдық қабылдауы мен зейінін дамыту;
2) жалпы фоннан жеке заттарды қабылдауға үйрету;
3) саналуан түрлі балалардың әрекетіндегі заттардың таныс қаситтері мен сапасын практикалық тұрғыда пайдалану үшін жағдай тудыру;
4) көрнекілік-бейнелік ойлау қабілетін дамыту;
5) төрт және бес көлеміндегі көптіктерді санау және олармен әртүрлі операцияларды (қайталап санау, салыстыру, түрлендіру) орындауға үйрету;
6) бес көлемінде көрнекілік материалмен арифметикалық есептерді шығаруға үйрету;
7) қарапайым өлшеу: шартты өлшем көмегімен созылмалы, сусымалы және сұйық заттарды өлшеу және салыстыру дағдыларын қалыптастыру;
8) геометриялық пішіндер туралы түсініктерді қалыптастыру;
9) заттардың көлемі туралы түсініктерді қалыптастыру;
10) кеңістіктік және мезгілдік түсініктерді қалыптастыру;
11) үлгі бойынша құрылыс материалынан құрылыстарды және құрылымдарды орындауды үйретуді жалғастыру;
12) ауа райыныңжағдайы туралы түсініктерді қалыптастыру;
13) көкөністер мен жемістер туралы түсініктерді кеңейту.

8-параграф. 1-жартыжылдық

220. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру:
1) сандық түсініктер және санау: 4 көлеміндегі заттарды саусақтардың санымен сәйкестендіру, қорытынды санды атай отырып санау; көп заттың ішінен 4-уін еліктеу, үлгісі, сөздік нұсқау бойынша бөлектеп шығару; 4 саны көлеміндегі көптіктермен әрекеттену (арттыру, кеміту, теңестіру), үздіксіз көптікті түрлендіру(тең еместен теңді және керісінше жасау); сандардың түске, көлемге және кеңістікте орналасуына тәуелсіздігі туралы түсінікті қалыптастыру; сұйық және сусымалы денелердің ыдыстардың көлемі мен пішініне тәуелсіздігі; заттарының саны 4 көлеміндегі, қашықтықта тұрған екі топ заттарын саны бойынша салыстыру, тексерудің әртүрлі тәсілдерін пайдалана отырып, қайталап санау негізінде суреттегі бейнеленген заттар тобын салыстыру; 2-4 сандарының жеке бірліктерден және екі кіші саннан құралған құрамы;
2) шама: белгілі бір берілген қасиеттері бар заттардан топ құру; заттарды ұзындығы, биіктігі, жуандығы бойынша салыстыру: ұзын-қысқа, ұзындықтары бірдей: жуан-жіңішке, жуандығы бірдей;
3) геометриялық фигуралар: әртүрлі геометриялық фигураларды ажырату (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш); геометриялық фигураларды түрлендіру, бөліктерден құру; геометриялық фигуралардың жалпы белгілері (дөңгелек, бұрышты) бойынша салыстыру;
4) кеңістікте бағдарлау: қимылды сөздік немесе көру белгісі бойынша өзгерту; қағаз бетіндегі жазықтықта бағдарлау: «жоғарыда», «төменде», «ортасында», «сол жақта», «оң жақта»; кеңістіктік түсініктер: «алда», «артында», «жақын», «алыс», «үстінде», «астында», «жанында»;
5) мезгілдік бағдарлау: жыл мезгілдері (күз, қыс, көктем, жаз); мезгілдік түсініктер (жылдам-ақырын; алдымен, содан кейін); тәулік бөліктері (түн, таңертең, күндіз, кешке, бүгін, кеше, ертең).
221. Күтілетін нәтижелер:
1) 4 саны көлеміндегі заттарды санайды, қорытынды санды атайды немесе көрсетеді;
2) бір текті және әртүрлі текті көптіктерден 4 көлемінде берілген сандағы заттарды ерекшелейді, ересектің өтініші бойынша қайтадан санау арқылы тексереді;
3) 4 саны көлеміндегі зат топтарын «артық» және «жетіспейтін» санды тірек ете отырып салыстырады;
4) еліктеу немесе педагогтың тапсырмасы бойынша көптіктерді әртүрлі әрекеттерді (арттырады, кемітеді, теңестіреді) орындайды;
5) ересек адам ынталандырған кезде алған білімін еркін ойында және практикалық әрекетте пайдаланады;
6) қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң, сол жақтарын, ортасын) бағдарлайды;
7) геометриялық пішіндерді (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, тікбұрыш) ажыратады;
8) бөліктерден геометриялық пішіндерді құрастырады;
9) заттарды ұзындығы, биіктігі, жуандығы (ұзын-қысқа, ұзындықтары бірдей; биік-аласа, жуан-жіңішке, жуандығы бірдей) бойынша салыстырады;
10) мезгілдік түсініктерді меңгерген: түн, таңертең, күндіз, кешке, бүгін, кеше, ертең.
222. Сенсорика:
1) көріп қабылдау мен зейінді дамыту: үлгі бойынша құрастыру процесінде көлемді пішіндерді (шар, текше, призма, овоид) ажырату; жазық пішіндерді (дөңгелек, шаршы, тікбұрыш, сопақша) жіктеу; көлемді және жазық пішіндерді (шар-дөңгелек, текше-шаршы, кірпіш-тікбұрыш, овоид-сопақша) салыстыру; бағдарлаудың іздеу тәсілдерін (байқап көру, өлшеп көру) қалыптастыру; негізгі түстерді (қызыл, сары, көк, жасыл, ақ, қара) салыстыру, үлгі бойынша таныс түсті ерекшелеу; берілген түстерді қоршаған кеңістіктен табу; заттарды пішіні, көлемі, түсі бойынша топтастыру; заттарды көлемінің кемуі, артуы тәртібінде қатарға жүйелеу; 3-5 құрамды матрешканы практикалық өлшеп көру тәсілі арқылы құрастыру; 5 сақиналы пирамидканы сақиналарының көлемін есепке ала отырып, практикалық өлшеп көру тәсілі арқылы құрастыру; заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастармен (жоғарыда, төменде, ортасында) практика жүзінде таныстыру;
2) естіп қабылдау мен зейінді дамыту: тұрмыстық шулармен және табиғат құбылыстарының дыбыстарымен (телефонның қоңырауы, шаңсорғыштың дыбысы, құстардың әні, ағып жатқан судың сылдыры) таныстыру; таныс заттар мен құбылыстарды олардың дыбыстық сипаттары бойынша ерекшелеу; буындық құрылымы жағынан жақын сөздерді жіктеу; дыбыс көзін көру талдауышын тірек етпей анықтау;
3) тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: педагогтың сөздік нұсқауы бойынша заттардың көлемі мен пішінін сипай отырып қабылдауды жалғастыру; пішіндері әртүрлі заттарды (төртеуінің ішінен таңдау) сипай отырып жіктеу; көлемі әртүрлі заттарды (үшеуінің ішінен таңдау) сипай отырып жіктеу; таныс заттардың сыртқы бетін (тікенекті, тегіс, кедір-бұдыр) сипай отырып тану; әртүрлі сусымалы материалдармен және сұйықпен (құм, жарма, су, бояу, май, крем) танысу;
4) дәм сезуді дамыту: ұсынылған тағам өнімдерінің ішінен ащы дәмі бар тамақтарды таңдау; ұсынылған тағам өнімдерінің ішінен қышқыл дәмі бар тамақтарды таңдау; тамақты дәміне (тәтті-ащы-қышқыл) қарай жіктеу; тамақты температуралық белгісі бойынша (ыстық, суық, жылы) жіктеу.
223. Күтілетін нәтижелер:
1) негізгі түстерді (6 түсті) сәйкестендіреді;
2) көлемді пішіндерді (шар, текше, кірпіш, үшбұрышты призма, овоид) ажыратады;
3) жазық пішіндерді (дөңгелек, шаршы, тікбұрыш, сопақша) ажыратады;
4) заттарды берілген сенсорлық белгілері (пішін, көлем, түс) бойынша топтастырады;
5) заттарды көлемінің кемуі мен артуына қарай жүйелейді;
6) 5 сақиналы пирамидканы жинастырады;
7) 3-5 бөліктен құралатын матрешканы жинастырады;
8) 4 бөліктен құралатын заттық кесінді суретті құрастырады;
9) тұрмыстық шулармен және табиғат құбылыстарының дыбыстарын ажыратады;
10) таныс заттар мен құбылыстарды олардың дыбыстық сипаттары бойынша ерекшелейді;
11) буындық құрылымы жағынан жақын сөздерді жіктейді;
12) заттардың көлемі мен пішінін сипай отырып жіктейді;
13) қатты және жұмсақ нысандарды сипай отырып жіктейді;
14) заттардың сыртқы беті (тегіс, кедір-бұдыр) бойынша ажыратады;
15) сусымалы материалдармен және сұйықты ажыратады;
16) тамақты температуралық белгісі бойынша (ыстық, суық, жылы) жіктейді;
17) тамақты дәміне (тәтті-ащы-қышқыл-тұзды) қарай анықтайды.
224. Құрастыру:
1) балаларды үлгі бойынша заттарды көлемі, пішіні, түсі бойынша практикалық әрекет арқылы салыстыруға үйрету; әртүрлі материалдардан құрылыс салу; құрылыстарды шынайы нысандармен және олардың суреттегі бейнелерімен сәйкестендіру;
2) негізгі түстер (қызыл, сары, көк, жасыл, қара) туралы, түстерді салыстыру; заттардың көлемі (үлкен, кіші, бірдей, ұзын, қысқа) туралы; заттардың пішіні (текше, кірпіш, пластина, призма, цилиндр) туралы; ағаштан, пластмассадан жасалған құрылыс материалдарының қасиеттері туралы білімдерді қалыптастыру;
3) құрылыс материалдарынан құрастыру: әртүрлі құрылыс материалын пайдалана отырып, үлгі бойынша қарапайым құрылыстарды құру; үлгі бойынша, еліктеу бойынша құрылыс материалдарының бөліктерінен (жиһаз, үй, орындық, көпір) құрастыру; қандай да бір нысанды (үй, дуал, орындық) әртүрлі етіп құру; көлемге деген қажеттілікті ескере отырып, көлемі әртүрлі құрылыстарды құру (жүк машинасына және жеңіл көлікке арналған гараждар; биік және аласа дуал; ұзын, қысқа жолдар); құрылымдармен ұжымдық немесе жұптық ойындар ұйымдастыру;
4) заттық емес құрастыру: үлгі бойынша қозғалмайтын нысанға қатысты құрылыс жиынтығының 3 элементінің алдымен бір элементінің, содан кейін 2 элементінің орнын (жоғарыда, төменде жанында) ауыстыру; жазық үлгі бойынша заттардың арасындағы кеңістіктік қатынасты (балалар көлемді материалдармен үлгілейді) үлгілеу;
5) таяқшалардан құрастыру: педагогтің атаған пішіні бойынша таяқшалардан геометриялық пішіндерді салу; таяқшалардан елестету бойынша қарапайым құрылыстарды орындау;
6) құрамалы-жиналмалы ойыншықтарды құрастыру: 2-3 бөліктерден құралатын кеспелі заттық суреттерді құрастыру; текшелерден (4 бөліктен) сурет құрастыру;
7) құрылыс материалдарының бөліктерін бірін-бірінің үстіне қою, қатарластырып қою тәсілдерін пайдалану; екі бөлікті үшіншісімен біріктіріп, қарапайым жабын жасау; конструктордың бөліктерін тігінен, қатарынан, көлденеңінен бір-бірінен қандай да бір қашықтықта, бірін-біріне тигізіп қоя отырып, жазықтықта орналастырудағдыларын бекіту.
225. Күтілетін нәтижелер:
1) құрылыстарды салуға және олармен бірге ойнауға деген қызығушылық танытады;
2) алған дағдыларды пайдалана отырып, құрылыс материалдарынан және таяқшалардан қарапайым құрылыстар салады;
3) құрылысты заттардың көлемін ескере отырып салады;
4) қандай да бір нысанның құрылысын әр түрлі нұсқада салады;
5) таныс құрылыстарды таниды және көрсетеді;
6) таяқшалардан геометриялық пішіндерді салады;
7) кеңістіктік қатынастарды (жоғарыда-төменде, алда-артта) ажыратады;
8) 2-3 бөліктен құралатын заттық кесінді суреттерді құрастырады;
9) құрылыстарды ойында пайдаланады.
226. Жаратылыстану:
1) табиғат құбылыстары: өлі табиғат нысандары (құм, саз) туралы білімді қалыптастыру; су туралы білімді қалыптастыру; табиғат құбылыстары (жаңбыр, қар) туралы білімді қалыптастыру; күз бен қыс және олардың қарапайым белгілері туралы түсініктерді қалыптастыру; ауа райы жағдайы (ашық, бұлтты, жаңбырлы, аязды) туралы түсініктерді қалыптастыру; тірі және өлі табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу;
2) өсімдіктер әлемі: көкөністер туралы; жемістер және жидектер туралы білімдерін кеңейту; көкөністер, жемістер мен жидектерден дайындалатын тағамдармен танысу; бөлме өсімдіктері туралы түсініктерді қалыптастыру; жабайы өсетін өсімдіктер туралы түсініктерді қалыптастыру; ағаштармен таныстыру; ағаштардың құрамдас бөліктері (жапырақ, бұтақ, дің) туралы түсініктерді қалыптастыру;
3) жануарлар әлемі: үй жануарларымен және олардың төлдерімен танысу; үй құстарымен және олардың балапандарымен танысу; жәндіктермен танысу.
227. Күтілетін нәтижелер:
1) тірі және өлі табиғатқа ұқыптылықпен қарайды;
2) өлі табиғат нысандары (құм, саз) туралы түсінігі болады;
3) су туралы түсінігі болады;
4) табиғат құбылыстары (жаңбыр, қар) туралы түсінігі болады;
5) суреттерді тірек ете отырып, жыл мезгілдерін (күз, қыс) ажыратады;
6) ауа райы жағдайы туралы туралы түсінігі болады;
7) көкөністер мен жемістерді ажыратады, оларды өсіретін жерлер туралы түсінігі болады;
8) кейбір ағаштар және ағаштардың құрамдық бөліктерін ажыратады;
9) кейбір үй жануарлары мен олардың төлдерін, үй құстары мен олардың балапандарын атайды және көрсетеді;
10) педагогтың көмегімен кейбір жәндіктерді ажыратады.

9-параграф. 2-жартыжылдық

228. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру:
1) сандық түсініктер және санау: 1, 2, 3, 4 цифрлармен танысу, әрбір цифрды саусақтардың санымен, көру және жанасу арқылы қабылданатын заттармен, орындалған әрекеттердің дыбыстарының санымен сәйкестендіру; 2 және 3 сандарының бірліктік құрамдары; есте сақтау бойынша атау жаттығулары: киімдердің бөліктерінің саны (көйлектің неше жеңі бар), көліктердің бөліктерінің немесе негізгі бөліктерінің саны, адам мен жануарлардың дене мүшелері; 4 көлеміндегі заттардың санын елестету бойынша салыстыру; 1-4 сан қатарындағы дәйектілік, 4-ке дейінгі реттік санау, «санағанда нешінші?», «барлығы қанша?» сұрақтарына жауап бере білу; 4-тен көрнекі материалды, саусақтарды тірек ете отырып кері ретте санаутоптағы заттар санының түстен, пішіннен, заттардың арасындағы қашықтықтан және санау бағытынан тәуелсіздігі туралы түсінікті қалыптастыру; соңғы санның соңғыға емес, барлық заттар тобына қатысты екенін түсіну; 4 көлеміндегі қорытынды санды атай отырып, заттарды бір-бірлеп санау және қайтадан санау: «барлығы қанша?», «қанша қалды?»; сан мен заттар санын сәйкестендіру;
2) шама: белгілі бір берілген қасиеттері бар заттардан топ құру; заттарды ұзындығы, биіктігі бойынша салыстыру: ұзын-қысқа, ұзындықтары бірдей: жуан-жіңішке, жуандығы бірдей; бір немесе бірнеше параметрлері бойынша ерекшеленетін заттарды салыстыру;
3) геометриялық фигуралар: әртүрлі геометриялық фигураларды (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш) ажырату; геометриялық фигураларды түрлендіру, бөліктерден құру; геометриялық фигуралардың жалпы белгілері (дөңгелек, бұрышты) бойынша салыстыру; геометриялық фигуралардың жалпы белгілері (дөңгелек, бұрышты) бойынша ажырат;
4) кеңістікте бағдарлау: қимылды сөздік немесе көру белгісі бойынша өзгерту; қағаз бетіндегі жазықтықта бағдарлау: «жоғарыда», «төменде», «ортасында», «сол жақта», «оң жақта»; кеңістіктік түсініктер: «алға», «артқа», «жақын», «алыс», «үстінде», «астында», «жанында», «артында»;
5) мезгілдік бағдарлау: жыл мезгілі (күз, қыс, көктем, жаз); мезгілдік түсініктер(жылдам-ақырын; алдымен, содан кейін); тәулік бөліктері(түн, таңертең, күндіз, кешке, бүгін, кеше, ертең).
229. Күтілетін нәтижелер:
1) 4 саны көлеміндегі заттарды көрсету ишаратын пайдаланып санайды, қорытынды санды атайды немесе көрсетеді;
2) бір текті және әр түрлі текті көптіктерден 4 көлемінде берілген сандағы заттарды ерекшелейді, ересектің өтініші бойынша қайтадан санау арқылы тексереді;
3) 4 саны көлеміндегі зат топтарын «артық» және «жетіспейтін» санды тірек ете отырып салыстырады;
4) еліктеу немесе педагогтың тапсырмасы бойынша көптіктерді әр түрлі әрекеттерді (арттырады, кемітеді, теңестіреді) орындайды;
5) 1, 2, 3, 4 цифрларын, олардың сан қатарындағы орнын біледі, заттарды, дыбыстарды, әрекеттерді сәйкес сандармен сәйкестендіреді;

(Жалғасы 21-бетте)

(Жалғасы. Басы 13-20-беттерде)

6) 4 көлемінде тура және кері ретте санайды;
7) ересек адам ынталандырған кезде алған білімін еркін ойында және практикалық әрекетте пайдаланады;
8) альбом бетінде және қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң, сол жақтарын, ортасын) бағдарлайды;
9) мезгілдік түсініктерді (түн, таңертең, күндіз, кешке, бүгін, кеше, ертең, алдымен, содан кейін) меңгерген.
230. Сенсорика:
1) көріп қабылдау мен зейінді дамыту: суретте бейнеленген әрекетті шынайы әрекетпен сәйкестендіру; басқа белгілеріне (түс, көлем) назар аудармай, үлгі бойынша берілген пішіндегі заттарды таңдау; көлемді және жазық пішіндерді (шар-дөңгелек, текше-шаршы, кірпіш-тікбұрыш, овоид-сопақша) сәйкестендіру; үлгі бойынша 3 ұсынылған нысандардың ішінен шаманы таңдау, практикалық өлшеп көру тәсілімен тексеру; негізгі түстерді (қызыл, сары, көк, жасыл, ақ, қара, қоңыр) сәйкестендіру, үлгі бойынша таныс түсті ерекшелеу; берілген түстерді қоршаған кеңістіктен табу; заттарды пішіні, көлемі, түсі бойынша топтастыру; заттарды көлемінің кемуі, артуы тәртібі бойынша қатарға жүйелеу; пішінді қиылған 4 бөлікті кесінді заттық суретті жинастыру; бейненің сұлбасын тірек ете отырып бүтінді толықтыру; 5 құрамды матрешканы практикалық өлшеп көру тәсілі арқылы құрастыру; 5-7 сақиналы пирамиданы сақиналарының көлемін есепке ала отырып, практикалық өлшеп көру тәсілі арқылы құрастыру; заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастармен (жоғарыда, төменде, ортасында, сол жағында, оң жағында) практика жүзінде таныстыру;
2) естіп қабылдау мен зейінді дамыту: тұрмыстық шулармен және табиғат құбылыстарының дыбыстарын (ашылған есіктің сықыры және жыртылған қағаздың дыбысы, ересек адам мен баланың жүрісінің дыбысы) жіктеу; таныс заттар мен құбылыстарды олардың дыбыстық сипаттары бойынша ерекшелеу; ұсынылған тіркестен берілген сөзді табу; дыбыс көзін көру талдауышын тірек етпей анықтау; берілген ырғақты (2-3) шығару және оларды өзара есту арқылы жіктеу;
3) тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: заттарды көру-тактильді (ұстап көру) және көру-қимыл (сұлбасы бойымен жүргізу) тәсілдерімен тексеруге үйрету; пішіндері әртүрлі заттарды (төртеуінің ішінен таңдау) сипай отырып жіктеу; сыртқы бетінің (тікенекті, тегіс, кедір-бұдыр) сапасы бойынша топтастыру; әртүрлі сусымалы материалдармен және сұйықпен (құм, жарма, су, бояу, май, крем) жіктеу;
4) дәм сезуді дамыту: ұсынылған тағам өнімдерінің ішінен ащы, қышқыл, тәтті, тұзды дәмі бар тамақтарды таңдау; ұсынылған тағам өнімдерінің ішінен тәтті, ащы, қышқыл, тұзды дәмі бар тамақтарды таңдау; тамақ өнімдерін екі түрлі дәмі бойынша сұрыптауға арналған шартты белгіні пайдалану; тамақты температуралық белгісі бойынша (ыстық, суық, жылы) жіктеу.
231. Күтілетін нәтижелер:
1) негізгі түстерді сәйкестендіреді;
2) көлемді пішіндерді (шар, текше, кірпіш, үшбұрышты призма, овоид) ажыратады;
3) жазық пішіндерді (дөңгелек, шаршы, тікбұрыш, сопақша) ажыратады;
4) заттарды берілген сенсорлық белгілері (пішін, көлем, түс) бойынша топтастырады;
5) заттарды көлемінің кемуі мен артуына қарай жүйелейді;
6) 6-7 сақиналы пирамиданы жинастырады;
7) 5 бөліктен құралатын матрешканы жинастырады;
8) 4 бөліктен құралатын заттық кесінді суретті құрастырады;
9) бүтінді бейненің сұлбасын тірек ете отырып толықтырады;
10) сипап ұстай отырып заттардың пішіні мен көлемін жіктейді;
11) таныс тұрмыстық шулармен және табиғат құбылыстарының дыбыстарын ажыратады;
12) дыбыс көзін көру талдауышын тірек етпей анықтайды;
13) берілген ырғақты (2-3) шығарады;
14) заттарды материалы (ағаш-темір) бойынша, сыртқы бетінің (тікенекті, тегіс, кедір-бұдыр) сапасы бойынша ажыратады;
15) сусымалы материалдармен және сұйықты ажыратады;
16) тамақты температуралық белгісі бойынша (ыстық, суық, жылы) жіктейді;
17) тамақты тәтті-ащы-қышқыл-тұзды дәмдеріне қарай таңдайды;
18) тамақты дәмі бойынша анықтайды «тәтті-ащы-қышқыл-тұзды».
232. Құрастыру:
1) балаларға үлгі бойынша заттарды көлемі, пішіні, түсі бойынша практикалық әрекет арқылы салыстыруды; әртүрлі материалдардан құрылыс салуды; құрылыстарды шынайы нысандармен және олардың суреттегі бейнелерімен салыстыруды үйрету;
2) негізгі түстер (қызыл, сары, көк, жасыл, қара, ақ) туралы, түстерді салыстыру; заттардың көлемі (үлкен, кіші, бірдей, ұзын, қысқа) туралы; заттардың пішіні (текше, кірпіш, пластина, призма, цилиндр, брусок) туралы; ағаштан, пластмассадан жасалған құрылыс материалдарының қасиеттері туралы; бөліктердің, заттардың тұрақтылығының әртүрлі деңгейлері туралы білімді қалыптастыру;
3) құрылыс материалдарынан құрастыру: бір құрылыс үшін әртүрлі құрылыс материалын пайдалана отырып, үлгі бойынша қарапайым құрылыстарды құру; заттардың көлемін есепке ала отырып, әртүрлі көлемдегі құрылыстарды құру (үлкен және кіші қуыршақтарға арналған жиһаз), құрылыстарды бірі-бірімен салыстыру (үстел және орындық); таныс құрылымдарды жазық үлгі бойынша құрастыру; сюжеттік ойындарды құруға арналған таныс құрылыстар мен құрылымдарды біріктіру (машинамен ойынға арналған: гараж, жол, қақпа);
4) заттық емес құрастыру: үлгі бойынша қозғалмайтын нысанға қатысты құрылыс жиынтығының 2-4 элементінінің орнын (жоғарыда, төменде, жанында, артында, алдында) ауыстыру; үлгілерді графикалық үлгілер бойынша (3-5 элемент) құрастыру;
5) таяқшалардан құрастыру: педагогтың атаған пішіні бойынша таяқшалардан геометриялық пішіндерді салу; таяқшалардан елестету бойынша қарапайым құрылыстарды орындау;
6) құрамалы-жиналмалы ойыншықтарды құрастыру: 3-5 бөліктерден құралатын кеспелі заттық суреттерді құрастыру; құрастырылған кеспелі суретке сәйкес ойыншықтар мен заттарды таңдау; текшелерден (4 бөліктен) сурет құрастыру;
7) тәсілдерді қолдану дағдыларын бекіту: құрылыс материалдарының бөліктерін бірін-бірінің үстіне қою, қатарластырып қою; екі бөлікті үшіншісімен біріктіріп, қарапайым жабын жасау, кеңістікті тұйықтау; конструктордың бөліктерін тігінен, қатарынан, көлденеңінен бір-бірінен қандай да бір қашықтықта, бірін-біріне тигізіп қоя отырып, жазықтықта орналастыру.
233. Күтілетін нәтижелер:
1) құрылыстарды салуға және олармен бірігіп ойнауға деген қызығушылық танытады;
2) алған дағдыларды пайдалана отырып, құрылыс материалдарынан және таяқшалардан қарапайым құрылыстар салады;
3) құрылысты заттардың көлемін ескере отырып салады;
4) қандай да бір нысанның құрылысын әртүрлі нұсқада салады;
5) таныс құрылыстарды таниды және көрсетеді;
6) таяқшалардан геометриялық пішіндерді, қарапайым құрылыстарды салады;
7) кеңістіктік қатынастарды (жоғарыда-төменде, алда-артта, жанында, артында, алдында) ажыратады;
8) заттық кесінді суреттерді, 4 бөліктен текшелерді құрастырады;
9) құрылыстарды сюжеттік ойын барысында пайдаланады.
234. Жаратылыстану:
1) табиғат құбылыстары: өлі табиғат нысандары (құм, саз, тас) туралы білімді қалыптастыру; судың маңызы туралы білімді қалыптастыру; табиғат құбылыстары (жел, тұман, жаңбыр, қар) туралы білімді қалыптастыру; көктем мен жаз және олардың қарапайым белгілері туралы түсініктерді қалыптастыру; ауа райы жағдайы (ашық, жылы) туралы түсініктерді қалыптастыру; тірі және өлі табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу;
2) өсімдіктер әлемі: гүлдермен (көкнәр, түймедақ) және олардың құрамдас бөліктерімен танысу; бұталармен танысу; ағаштар мен бұталарды жіктеу; көкөністертуралы білімді қалыптастыру; жемістер және жидектер туралы білімді қалыптастыру; көкөністер, жемістер мен жидектерден дайындалатын тағамдар туралы білімді жетілдіру; бақша мен бақ туралы білімдерін жетілдіру;
3) жануарлар әлемі: үй құстарымен және олардың балапандарымен (үйрек, бәпке, қаз, балапан, күркетауық, күркетауықтың балапаны) танысу; үй жануарлары мен жабайы жануарларды жіктеу; жабайы құстармен (ұзақ, қараторғай, қарлығаш) танысу; Қазақстанның фаунасымен (кірпі, тасбақа) танысу; жәндіктермен (шыбын, маса) танысу; табиғаттағы тәртіп ережелері туралы білімді қалыптастыру; «Қызыл кітап» туралы білімді қалыптастыру; өсімдіктер мен жануарлардың күтімі туралы білімді қалыптастыру.
235. Күтілетін нәтижелер:
1) тірек суреттер бойынша жыл мезгілдерін (көктем, жаз) ажыратады;
2) ауа райы жағдайы туралы түсінігі болады;
3) өлі табиғат нысандары (құм, саз, тас) туралы түсінігі болады;
4) судың маңызы (адам үшін, өсімдік үшін, жануарлар үшін) туралы түсінігі болады;
5) табиғат құбылыстары (жел, тұман, жаңбыр) туралы түсінігі болады;
6) кейбір гүлдерді және олардың құрамдас бөліктерін ажыратады;
7) тірек суреттер бойынша бұталарды және олардың құрамдас бөліктерін көрсетеді;
8) ағаштар мен бұталарды жіктейді;
9) көкөністерді, жемістерді, жидектерді атайды және көрсетеді;
10) бақша мен бақта не өсетіндерін сөйлеу тілінің даму мүмкіндігіне қарай атайды және көрсетеді;
11) үй және жабайы жануарларды жіктейді;
12) кейбір жабайы құстарды атайды немесе көрсетеді;
13) педагогтің көмегімен кейбір жәндіктерді ажыратады;
14) табиғаттағы қарапайым тәртіп ережелері (ағаштардың жапырақтарын жұлмау, гүлді жұлмау, көгалды баспау, ұяны бұзбау, қоқысты тастамау) туралы түсініктері болады;
15) топтағы және үлескедегі өсімдіктерді күтеді.

10-параграф. «Шығармашылық» білім беру саласы

236. «Шығармашылық» білім беру саласының базалық мазмұны – сурет салу, мүсіндеу, аппликация, музыка ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.
237. Мақсатыбейнелеу әрекетіне деген қызығушылықты қалыптастыру, қоршаған заттарды, табиғат нысандарын, музыканы эстетикалық тұрғыда қабылдауын дамыту болып табылады.
238. Міндеттері:
1) бейнелеу әрекетіне эмоционалдық әсер мен қызығушылық тудыру;
2) өнер шығармаларын (көркем сурет өнері, графика, сәндік-қолданбалы өнер) қабылдау қабілетін қалыптастыру;
3) кеңістіктік ұғымдарын дамыту;
4) қарапайым заттардың, құбылыстардың ертегі кейіпкерлерінің пішінін, түсін, бөліктерінің орналасуын бере отырып, бейнелеу икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру;
5) мүсіндеу, аппликация, сурет салу барысында түрлі тәсілдерді қолдануды бекіту;
6) өзінің жұмыс нәтижелерін дұрыс бағалай білуге үйрету;
7) тыңдаған музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдау және есте сақтауға үйрету;
8) музыка аспаптарында қарапайым орындаушылық дағдыларын қалыптастыру;
9) ынтымақтастық, ұжымда жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру.

11-параграф. 1-жартыжылдық

239. Сурет салу:
1) балаларды әртүрлі бейнелеу құралдарын және құрылғыларын пайдалану; түстердің әдемі үйлесуіне эмоционалды әсерін білдіру; әртүрлі пішінді заттарды қарындашпен, бояумен, бормен салу техникасын жетілдіру; өзінің және басқаның өнімін дұрыс бағалай білу; бір-біріне бөгет жасамай, қатарласып жұмыс істей білуге үйрету;
2) заттық сурет салу: қағаз бетін ары қарай аппликацияны немесе суретті орындау үшін жалпақтығы әртүрлі қылқаламдармен, поролоннан жасалған тампонмен, губкамен айналдыра, тік, көлденең бағыттағы қимылдармен бояу; дөңгелек, бұрышты пішінді заттардың суретін салу; тікбұрышты пішінді заттардың суретін салу; пішіні бірдей, бірақ көлемі әртүрлі бөліктерден құралған заттардың суретін салу; таныс заттарды алдын ала көру-қимыл тәсілімен зерделеуден кейін олардың суретін салу; заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуын (тұру, жату) бере білуге үйрету;
3) сюжеттік сурет салу: бір заттың бейнесін қайталай («үлескедегі шыршалар») және оларға басқаларын (күн, жауған қар) қоса отырып күрделі емес сюжеттік композициялардың суретін салу; бейнені парақтың төменгі жағындағы жолаққа, бүкіл парақ бетіне орналастыруға үйрету; әдеби шығармалар тақырыбына сюжеттік композиция құрастыру – ұжымдық сурет салу; сюжеттегі әр түрлі заттардың көлемі (үйлер үлкен, ағаштар биік және аласа) бойынша арақатынасына назар аударуға үйрету;
4) сәндік сурет салу: сәндік өрнектерді құрастыру, элементтерін белгілі бір дәйектілікпен жолақта орналастыра отырып, өрнек (қазақ оюы, хохлома суретінің элементтері) құрай білу; өрнек элементтерін дөңгелекке, шаршыда симметриялық орналастыру ережелерімен таныстыру; өрнектің қайталанатын элементтерін (жағынды, нүкте, доға, жолақ) ырғақпен салу дағдыларын; өрнектерді шаршының төрт бұрышына дәйектілікпен құрастырумен таныстыру; ыдысқа сурет салу; қағаз сұлбасына, ойыншықтарға сурет салу;
5) негізгі түстер, негізгі түстерді (қызыл, сары, көк, жасыл, қара, ақ) салыстыру туралы; бейнеленетін заттарға сәйкес түстерді таңдауға үйрету; заттардың көлемі (үлкен, кіші, орташа) туралы; заттардың пішіндері (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, тікбұрыш, сопақша) туралы білімдерін қалыптастыру;
6) дағдыларды қалыптастыру: үстелде дұрыс отыру; оң қолмен сурет салу, сол қолмен парақты ұстау; қарындашты, қылқаламды дұрыс (үш саусақпен) ұстау; басу күшін реттеу, қарындаш ұстаған қол қимылының еркін болуына қол жеткізу; қарындашқа түсетін күшті реттей отырып, түс реңктерін бере білу; қылқаламды бояуға батыру, құтының шетіне тигізу арқылы артық тамшыны алып тастау; басқа түсті бояуға батырмас бұрын, қылқаламды жуу; қылқаламмен әртүрлі тәсілде сурет салу: жалпақ сызықтар – қылқаламды жалпитып басу, жіңішке – қылқаламның ұшымен, қылқаламды қағазға барынша тигізіп жағынды түсіру, қылқаламның ұшымен ұсақ дақтарды салу; майлық қағазды пайдалану.
240. Күтілетін нәтижелер:
1) бояумен және қарындашпен заттың суретін затқа қарап салады;
2) үлгі бойынша ыдысқа, ойыншыққа, қағаз сұлбаларына сурет салады;
3) түстері мен пішіндері әртүрлі заттардың суреттерін салады;
4) қағаз бетінде бағдарлайды, суреттің элементтерін педагогтың сөздік нұсқауына сәйкес орналастырады;
5) затқа қарап салған суреттерде заттардың сыртқы басты белгілерін бере біледі;
6) қарапайым сюжеттік композицияларын құрастырады;
7) сәндік өрнектерді құрайды, элементтерді белгілі бір дәйектілікпен жолаққа, дөңгелекке орналастырады;
8) әрекет нәтижесіне қызығушылық байқатады, өзінің және басқа балалардың суреттерін қарайды.
241. Мүсіндеу:
1) балаларды өзінің жасаған бұйымдарымен (жануар, құс) ойнату; мүсіндеу алдында зерделеу арқылы көлемді пішінді заттарды қабылдау: заттарды сипау, негізгі бөліктерін ерекшелеу, пішінін анықтау, көлемі, кеңістікте орналасуын салыстыру; түсі бойынша салыстыру; педагогтың көмегімен бұйымды үлгімен салыстыру арқылы бағалау;
2) саздан, қамырдан жасалаған бұйымдарды бояу үшін бояу түстерін таңдау; кеңістікте бағдарлау: жоғарыда, төменде, сол жақ, оң жақ;
3) негізгі түстер, негізгі түстерді (қызыл, сары, көк, жасыл) салыстыру туралы; заттардың көлемі (үлкен, кіші, орташа, ұзын, қысқа) туралы; заттардың пішіндері (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, тікбұрыш) туралыбілімдерін қалыптастыру;
4) жаю, созу, басу, жапсыру, тегістеу, шымшу тәсілдерін қолдану дағдыларды дамыту; мүсінделген заттардың, пішіндердің үстіңгі жағын саусақпен тегістеу;
5) доғал, дөңгелек пішіндегі заттардың заттық мүсінделуі, тәсілдерді қолдану: заттарды (көкөністер, жемістер, саңырауқұлақ) жаю, созу, басу, жапсыру тәсілдерін пайдалана отырып, шынайы түрден мүсіндеу; еліктеу бойынша шардың, цилиндрдің ортасын басу арқылы қуыс жасап, домалақ пішінді заттарды (ыдыс) мүсіндеу; үлгі бойынша бір бөлікті басқасына қыса, саусақтардың көмегімен кейбір бөліктерді соза (құс) отырып бұйым бөліктерін біріктіру; құсты, жануардың денелерінің негізгі мүшелерін (бас, дене, аяқ, құйрық, тұмсық) ерекшелей отырып мүсіндеу; заттардың ұсақ бөліктерін (мысықтың құлағы, құстың тұмсығы) шымшу тәсілін пайдалана отырып мүсіндеу;
6) сюжеттік мүсіндеу; заттардың шағын топтарын, пішіндерді қарапайым сюжеттерге (ұжымдық композиция) біріктіру;
7) созылымды материалмен жұмыстың қарапайым ережелерімен таныстыруды жалғастыру (жұмысты тақтайшада ғана орындау, жеңді түру, сазды (қамырды, ермексазды) шашпау, мүсіндеуден кейін қолды жуу).
242. Күтілетін нәтижелер:
1) мүсіндеу алдында затты зерделеу дағдысы бар, пішінін, көлемін және түсін ерекшелейді;
2) мүсіндеу кезінде басу, жалпайту, созу, бөліктерін біріктіру тәсілдерін пайдалана отырып, заттардың басты белгілерін бере біледі;
3) жануарлардың пішіндерін мүсіндейді, таныс ертегілердің сюжеттері бойынша ойнайды;
4) заттардың негізгі бөліктерін (бас, дене, аяқ, құйрық, тұмсық) ерекшелей отырып, заттардың басты белгілерін бере біледі;
5) үлгі бойынша заттарды саздан, қамырдан және ермексаздан құрылымдық тәсілмен мүсіндейді;
6) көлемі әртүрлі 2-3 бөліктен тұратын заттарды мүсіндейді;
7) педагогпен бірге бұйымдарды үлгімен салыстырады;
8) үстелде жеңін түріп, дұрыс отырады, жұмысты арнайы тақтайша үстінде орындайды, мүсіндегеннен кейін педагогтың бақылауымен қолын жуады;
9) жұмыс процесінде эмоциясын байқатады.
243. Аппликация:
1) ересектің аппликация құруға деген ұсынысына эмоционалды жағымды жауап беру; пішіні, мөлшері, түсі әртүрлі заттарды зерделеу; қайшыны дұрыс ұстау және оны пайдалану, қысқа және ұзын түзу сызықтар бойынша қию, жолақтардан әртүрлі заттардың (дуал, ағаш, саты) бейнелерін құрастыру; аппликацияны шынайы нысандармен салыстыру; құрастырылған бейнені үлгі бойынша бағалай білу; бір-біріне бөгет жасамай, қатарласа жұмыс істей білу;
2) негізгі түстер (қызыл, сары, көк, жасыл, қара) туралы; заттардың мөлшері (үлкен, кіші, орташа) туралы; заттардың пішіні (дөңгелек, шаршы, тікбұрыш, сопақша, үшбұрыш) туралы білімдерін қалыптастыру;
3) заттық аппликация: сөздік нұсқау бойынша заттарды түсі, пішіні, мөлшері бойынша кезектестіре отырып жапсыру (шыршаға арналған моншақтар, жалаушалар, үлкен, кіші шыршалар); қағаз бетіне 2-3 бөліктен құралатын таныс заттардың (аққала, аю) дайындамаларын орналастыру және жапсыру; жырту тәсілімен орындалатын заттық аппликация;
4) сәндік аппликация: жолақта дайын пішіндерден сәндік өрнектерді құрастыру және жапсыру; үлгі бойынша элементтердің қағаз бетіндегі кеңістіктік орналасуына (жоғары, төмен, ортасы, оң жағы, сол жағы) бағдарлай отырып, сәнді өрнектерді (сүлгі, орамал, майлық) жапсыру;
5) сюжеттік аппликация: үлгі бойынша заттарды алдын ала дайындалған сюжетке жапсыру; ертегілердің басты кейіпкерлерінің пішіндерін сюжетке сәйкес жапсыру; табиғаттағы бақылау нәтижесі бойынша ұжымдық аппликация құрастыру;
6) дағдыларды қалыптастыру: сабақ уақытында үстелде дұрыс отыру; қайшыны дұрыс ұстау және оны пайдалану, қысқа және ұзын түзу сызықтар бойынша қию; қылқаламды пайдалану; дайындамаға клейстерді жағу, дайындаманы аудару; артық клейстерді алып тастау үшін майлықты пайдалану; қағаз бетіне дайындамаларды орналастыру және жапсыру.
244. Күтілетін нәтижелер:
1) алдын ала заттың өзін талдау немесе зерделеу негізінде таныс заттардың заттық аппликациясын орындайды;
2) заттарды пішіні мен түсі әртүрлі бөліктерден құрастырады;
3) дайын бөліктерден сюжетті аппликация құрастырады;
4) табиғаттағы бақылау нәтижесі бойынша ұжымдық аппликация құрастырады;
5) өрнектерді жолаққа, дөңгелекке жапсырады;
6) үлгі бойынша сәндік аппликацияның өрнектерін құрастырады;
7) жыртық аппликация тәсілдерін меңгерген;
8) ұжымдық аппликацияны орындауға қатысады;
9) заттарды мөлшері (кіші, үлкен, орташа) бойынша ажыратады;
10) негізгі түстерді (қызыл, сары, көк, жасыл) біледі;
11) заттарды пішіні (дөңгелек, шаршы, тікбұрыш, сопақша) бойынша ажыратады;
12) қылқаламды, қайшыны пайдаланады, артық желімді алып тастау үшін майлықты пайдаланады;
13) аппликация жұмысы кезінде үстелде дұрыс отырады;
14) педагогтің көмегімен өзінің және басқаның өніміне баға береді.
245. Музыка:
1) музыканы тыңдау: музыканың эмоционалды мазмұнын, түрін анықтау; музыкалық жадыны дамыту;
2) ән салу: ересекпен бірге ән салу икемділіктерін қалыптастыру, өлеңнің сөздерін айту, байыптылықпен ән салу, ән салған кезде дұрыс тыныс алу, әнді уақытында бастау және аяқтау; ересектің дауысы мен аспаптың дыбысталуына құлақ салу; қарапайым дыбысқа еліктей білу; өлең мен маршты ажырату;
3) музыкалық-ырғақтық қимылдар: жүру (сергек, байыпты), аяқты ересекпен бірге өкшеге, ұшына қою арқылы серпінді жеңіл қимылдармен жүгіру, маршпен жүру; қарапайым қимылдарды өлең мәтінімен үйлестіру; ересектің көмегімен заттармен (жалаушалар, жапырақтар, орамалдар, шарлар, ойыншықтар) әрекеттену; қазақ би элементтері бар қимылдар дағдыларын қалыптастыру;
4) музыкалық-дидактикалық ойындар: шулы құралдардың дыбысталуына қарапайым ырғақтық қимылдарды ересектің көмегімен орындауға ынталандыру; дыбысты аспапты (бубен, сылдырмақ, қоңырау, металлофон, домбыра, фортепиано) тембрі бойынша анықтау; дыбыс динамикасын (ақырын-қатты) ажырату.
246. Күтілетін нәтижелер:
1) өлең мен маршты ажыратады;
2) аяқты ересекпен бірге өкшеге, ұшына қою арқылы серпінді жеңіл қимылмен жүреді (сергек, байыпты), жүгіреді, маршпен жүреді;
3) музыканы сипатына қарай ажыратады;
4) еліктеу бойынша қарапайым әндердіорындайды;
5) ересектің көмегімен қарапайым би қимылдырын орындайды;
6) ересектің көмегімен заттармен әрекет жасайды;
7) өлең мәтініне сәйкес қимылды және шеңбер бойымен қол ұстасып жүруді, еліктеу бойынша немесе педагогпен бірге орындайды;
8) музыкалық аспапты (қоңырау, дағыра, сыбызғы, металлофон) дыбыс тембрі бойынша таниды.

12-параграф. 2-жартыжылдық

247. Сурет салу:
1) балаларға әртүрлібейнелеу құралдарын және құрылғыларын пайдалануға; түстердің әдемі үйлесуіне эмоционалды әсерін білдіруге; қағаз бетінде (жоғары, төмен, ортасында) бағдарлауға; бейнелердегі көлемі бойынша, олардың бір-біріне қатысты орналасуы бойынша салыстыруға; өзінің және басқаның өнімін дұрыс бағалай білуге; бір-біріне бөгет жасамай, қатарласып жұмыс істей білуге үйрету;
2) заттық сурет салу: дөңгелек, бұрышты, тікбұрышты пішінді заттардың суретін салу; сопақша пішінді заттардың суретін салу; әртүрлі бөліктерден құралған заттардың суретін салу; таныс заттарды алдын ала көру-қимыл тәсілімен зерделеуден кейін олардың суретін салу; заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуын бере білуге үйрету; адамның, жануарлардың дене құрылыстарының (пішіндердің қимылы) ерекшеліктерін бере білуге үйрету;
3) сюжеттік сурет салу: күрделі емес сюжеттік композициялардың суретін салу; бейнені парақтың төменгі жағындағы (жерді білдіретін) жолаққа, бүкіл парақ бетіне орналастыруға үйрету; әдеби шығармалар тақырыбына сюжеттік композиция құрастыру – ұжымдық сурет салу; балаларды сюжеттегі әртүрлі заттардың көлемі (үйлер үлкен, ағаштар биік және аласа) бойынша арақатынасына назар аударуға үйрету; құрған бейнелерін безендіру тәсілдерімен таныстыру;
4) сәндік сурет салу: сәндік өрнектерді құрастыру, элементтерін белгілі бір дәйектілікпен жолақта орналастыра отырып, өрнек (қазақ оюы, хохлома суретінің элементтері) құрай білу; өрнек элементтерін дөңгелекке, шаршыда симметриялық орналастыру ережелерімен таныстыру; өрнектің қайталанатын элементтерін (жағынды, нүкте, доға, жолақ) ырғақпен салу дағдыларын; өрнектерді шаршының төрт бұрышына, шаршының ортасына дәйектілікпен құрастырумен таныстыру; ыдысқа сурет салу; қағаз сұлбасына, ойыншықтарға сурет салу;
5) негізгі түстер, негізгі түстерді (қызыл, сары, көк, жасыл, қара, ақ) салыстыру туралы; бейнеленетін заттарға сәйкес түстерді таңдауға үйрету; заттардың көлемі (үлкен, кіші, орташа) туралы; заттардың пішіндері (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, тікбұрыш, сопақша) туралы; қазақ оюының, хохлома, дымковтық сурет салудың негізгі элементтері туралы білімді қалыптастыру;
6) үстелде дұрыс отыру; оң қолмен сурет салу, сол қолмен парақты ұстау; қарындашты, қылқаламды дұрыс (үш саусақпен) ұстау; басу күшін реттеу, қарындаш ұстаған қол қимылының еркін болуына қол жеткізу; қарындашқа түсетін күшті реттей отырып, түс реңктерін бере білу; қылқаламды бояуға батыру, құтының шетіне тигізу арқылы артық тамшыны алып тастау; басқа түсті бояуға батырмас бұрын, қылқаламды жуу; қылқаламмен әр түрлі тәсілде сурет салу: жалпақ сызықтар – қылқаламды жалпитып басу, жіңішке – қылқаламның ұшымен, қылқаламды қағазға барынша тигізіп жағынды түсіру, қылқаламның ұшымен ұсақ дақтарды салу; тік және көлденең сызықтардың суретін салудың дұрыс тәсілін; майлық қағазды пайдалану дағдыларын қалыптастыру.
248. Күтілетін нәтижелер:
1) заттың суретін бояумен және қарындашпен затқа қарап салады;
2) үлгі бойынша ыдысқа, ойыншыққа, қағаз сұлбаларына сурет салады;
3) түстері мен ішіндері әр түрлі заттардың суреттерін салады;
4) қағаз бетінде бағдарлайды, суреттің элементтерін педагогтің сөздік нұсқауына сәйкес орналастырады;
5) салған суреттерде заттардың сыртқы басты белгілерін бере біледі;
6) қарапайым сюжеттік композицияларын құрастырады;
7) сәндік өрнектерді құрайды, элементтерді белгілі бір дәйектілікпен жолаққа, дөңгелекке, шаршыға орналастырады;
8) әрекет нәтижесіне қызығушылық байқатады, өзінің және басқа балалардың суреттерін қарайды, үлгімен салыстырады.
249. Мүсіндеу:
1) балаларды өздерінің жасаған бұйымдарымен (жануар, құс) ойнату; мүсіндеу алдында зерделеу арқылы көлемді пішінді заттарды қабылдауға үйрету: заттарды сипау, негізгі бөліктерін ерекшелеу, пішінін анықтау, көлемі, кеңістікте орналасуын салыстыру; түсі бойынша салыстыру; педагогтың көмегімен бұйымды үлгімен салыстыру арқылы бағалау;
2) заттық мүсіндеу: мүсіндегенде заттардың негізгі белгілерін бере білу, денелерінің негізгі мүшелерін: бас, дене, аяқ, құйрық, тұмсық ерекшелей отырып, құсты, жануарды бейнелеу; адам мен жануарлардың қозғалыс кезіндегі фигурасын мүсіндеу; мүсінделген заттарды қарапайым бір сюжетке біріктіру;
3) саздан, қамырдан жасалған бұйымдарды бояу үшін бояу түстерін таңдау; кеңістікте бағдарлау: жоғарыда, төменде, сол жақ, оң жақ;
4) негізгі түстер, негізгі түстерді: қызыл, сары, көк, жасыл, қоңыр сәйкестендіру туралы; заттардың көлемі (үлкен, кіші, орташа, ұзын, қысқа) туралы; заттардың пішіндері (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, тікбұрыш) туралы білімдерін қалыптастыру;
5) дағдыларды дамыту: пішін жасау қимылы – жаю, созу, басу, жапсыру, тегістеу, шымшу; үлгі бойынша сопақша, домалақ пішінді заттарды (көкөністер, жемістер, саңырауқұлақ) жаю, созу, басу, жапсыру тәсілдерін пайдалана отырып, шынайы түрден мүсіндеу; ыдысты тұтас кесек саздан және ермексаздан лентальқ тәсілмен мүсіндеу; құсты, жануардың денелерінің негізгі мүшелерін (бас, дене, аяқ, құйрық, тұмсық) ерекшелей отырып мүсіндеу; заттардың ұсақ бөліктеріне (мысықтың құлағы, құстың тұмсығы) шымшу тәсілін пайдалана отырып мүсіндеу; пішіндерді қойғышқа, аяғына орнату; еліктеу бойынша пішіндерді, заттарды қырнауыштың және жапсырудың көмегімен безендіру; мүсінделген заттардың пішіндерінің үстіңгі жағын саусақпен тегістеу;
6) сюжеттік мүсіндеу: заттардың шағын топтарын, пішіндерді қарапайым сюжеттерге (ұжымдық композиция) біріктіру;
7) созылымды материалмен жұмыстың қарапайым ережелерімен (жұмысты арнайы тақтайшада ғана орындау, жеңді түру, сазды (қамырды, ермексазды) шашпау, мүсіндеуден кейін қолды жуу) таныстыруды жалғастыру.
250. Күтілетін нәтижелер:
1) мүсіндеу алдында затты зерделеу дағдысы бар, пішінін, көлемін және түсін ерекшелейді;
2) мүсіндеу кезіндебасу, жалпайту, созу, бөліктерін біріктіру тәсілдерін пайдалана отырып, заттардың басты белгілерін бере біледі;
3) жануарлардың пішіндерін мүсіндейді, таныс ертегілердің сюжеттері бойынша ойнайды;
4) заттардың негізгі бөліктерін (бас, дене, аяқ, құйрық, тұмсық) ерекшелей отырып, заттардың басты белгілерін бере біледі;
5) үлгі бойынша заттарды саздан, қамырдан және ермексаздан құрылымдық тәсілмен мүсіндейді;
6) еліктеу бойынша адамның пішінін мүсіндейді;
7) көлемі әртүрлі 2-3 бөліктен тұратын заттарды мүсіндейді;
8) жұмыста қырнауышты пайдаланады;
9) педагогпен бірге бұйымдарды үлгімен салыстырады;
10) үстелде жеңін түріп, дұрыс отырады, жұмысты арнайы тақтайша үстінде орындайды, мүсіндегеннен кейін педагогтың бақылауымен қолын жуады;
11) жұмыс барысында эмоциясын білдіреді.
251. Аппликация:
1) ересектің аппликация құруға деген ұсынысына эмоционалды жағымды жауап беру; пішіні, мөлшері, түсі әртүрлі заттарды зерделеу; аппликацияны шынайы нысандармен салыстыру; аппликацияны кейбір бөліктер мен дайындамаларды өзі қиып ала отырып құрастырады; қатпарлап бүктелген қағаздан бірдей пішіндерді немесе бөліктерді (гирлянда) қиып алу; ортасынан бүктелген қағаздан симметриялық бейнені кесіп алу (гүл, гүл сауыт); құрастырылған бейнені үлгі бойынша бағалай білу; бір-біріне бөгет жасамай, қатарласып жұмыс істей білу;
2) негізгі түстер (қызыл, сары, көк, жасыл, қара, қоңыр) туралы; негізгі түстерді салыстыру; заттардың мөлшері (үлкен, кіші, орташа) туралы; заттардың пішіні (дөңгелек, шаршы, тікбұрыш, сопақша, үшбұрыш) туралы білімдерін қалыптастыру;
3) заттық аппликация: кейбір бөліктер мен дайындамаларды өзі қиып ала отырып жапсыру (көкөністер, жемістер, саңырауқұлақ); қағаз бетіне 3-5 бөліктен тұратын жануарлардың бейнесін (түлкі, қоян, қасқыр), олардың негізгі элементтерін ерекшелей отырып жапсыру; суретті аяқтау тәсілін пайдалана отырып бірнеше бөліктен (тұмсық, көз, аяқ) құралатын құстың (торғай, суықторғай) бейнесін жапсыру; жырту тәсілімен орындалатын заттық аппликация;
4) сәндік аппликация: жолақта дайын пішіндерден сәндік өрнектерді құрастыру және жапсыру; үлгі бойынша сәндік өрнектерді элементтердің қағаз бетіндегі кеңістіктік орналасуына (жоғары, төмен, ортасы, оң жағы, сол жағы) бағдарлай отырып жапсыру;
5) сюжеттік аппликация: бойынша заттарды алдын ала дайындалған сюжетке жапсыру; ертегілердің басты кейіпкерлерінің пішіндерін сюжетке сәйкес жапсыру; табиғаттағы бақылау нәтижесі бойынша ұжымдық аппликация құрастыру;
6) дағдыларды қалыптастыру: сабақ уақытында үстелде дұрыс отыру; қайшыны пайдалану, түзу сызық бойымен, шаршыны қиғаш сызық бойымен кесу, тікбұрыштың бұрыштарын кесу, қиғаштап кесу; екіге бүктелген қағаздан қарапайым пішіндерді қиып алу; қылқаламды пайдалану; дайындамаға клейстерді жағу, дайындаманы аудару; артық желімді алып тастау үшін майлықты пайдалану; қағаз бетіне дайындамаларды орналастыру және жапсыру.
252. Күтілетін нәтижелер:
1) алдын ала заттың өзін талдау немесе зерделеу негізінде таныс заттардың заттық аппликациясын орындайды;
2) дайын бөліктерден сюжетті аппликация құрастырады;
3) табиғаттағы бақылау нәтижесі бойынша ұжымдық аппликация құрастырады;
4) үлгі бойынша өрнектерді, симметриялық өрнектерді жолақта, дөңгелекте, сопақшада құрастырады;
5) заттарды пішіні мен түсі бойынша әртүрлі бөліктерден құрастырады;
6) жануарлардың және ертегі кейіпкерлерінің пішіндерін жапсырады;
7) суретті аяқтау тәсілін пайдалана отырып бірнеше бөліктен (тұмсық, көз, аяқ) құралатын құстың (торғай, суықторғай) бейнесін жапсырады;
8)қайшымен жұмыс істейді (түзу сызық бойымен, шаршыны қиғаш сызық бойымен кеседі, тікбұрыштың бұрыштарын кеседі, қиғаштап кеседі).
253. Музыка:
1) музыканы тыңдау: музыкалық шығарма сипатына эмоциялды әсер білдіру; ересектің көмегімен әуенді есте сақтау және тану;
2) ән салу: ән айту дағдыларын қалыптастыру: қаттылығы бойынша (ақырын-қатты), қарқыны бойынша (жылдам және баяу); әртүрлі сипаттағы әндерді педагогпен бірге орындау;
3) музыкалық-ырғақтық қимылдар, жаттығулар: дағдыларды қалыптастыру: ырғақты тепкілеуді кезектестіру; педагогтың көмегімен қимылдардың біріздігін орындау; бидегі таныс қимылдарды («қайық», «серіппе») орындау; дыбысталған музыка сипатындағы қимылдарды орындау; қазақ және орыс билерінің элементтері бар қимылдарды орындау;
4) музыкалық-дидактикалық ойындар: әртүрлі аспаптырды дыбысталу (бубен, сылдырмақ, қоңырау, металлофон, домбыра, фортепиано) тембрі бойынша анықтау; дыбысталу динамикасын (ақырын-қатты) ажырату. 1-2 дыбыстардан құрылған жеңіл әуендерді педагогтың көрсетуі бойынша балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақты ойнау.
254. Күтілетін нәтижелер:
1) ән мен маршты ажыратады;
2) зал бойымен маршпен жүре алады;
3) әуенді таниды;
4) жақсы таныс әнді қимылды ілестіре отырып, қатты және ақырын, жылдам және баяу орындайды;
5) музыканың сипатына сәйкес қозғала алады;
6) биде «қайық», «серіппе» қимылдарын және аяқпен тебінуді кезектестіре пайдаланады;
7) педагогтің басшылығымен қарапайым би элементтерін меңгереді;
8) музыкалық аспапты (қоңырау, дағыра, сыбызғы, металлофон, домбыра, фортепиано) дыбысталу тембрі бойынша таниды;
9) балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгереді.

13-параграф. «Әлеумет» білім беру саласы

255. «Әлеумет» білім беру саласының базалық мазмұны – әлеуметтік дамыту және еңбекке баулу (шаруашылық-тұрмыстық еңбек, қол еңбегі) ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.
256. Мақсаты әлеуметтік дағдыларды қоршаған әлеммен танысу, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас негізінде қалыптастыру және дамыту болып табылады.
257. Міндеттері:
1) балаларды дербестікке ұмтылуға ынталандыру және қолдау;
2) қарапайым еңбек дағдыларын дамыту;
3) ересектің аздаған көмегімен киіну және шешіну дағдыларын қалыптастыру;
4) еңбек әрекетіне деген қызығушылықты қалыптастыру;
5) ересектің бақылауымен және көмегімен қарапайым тапсырмаларды (заттарды сөреге қою, қоқысты жинау) орындауға, бір-біріне көмектесуге үйрету;
6) қабылдауды, ойлауды, зейінді, жадты, сөйлеу тілін дамыту;
7) ересектердің кәсіптері туралы түсінікті қалыптастыру;
8) әртүрлі материалдардан бұйым жасау процесінде қарапайым құралдық әрекеттерді қалыптастыру;
9) еңбек мәдениетінің негізін, шаруашылық-тұрмыстық әрекеттер процесінде үнемділікті, ұқыптылықты қалыптастыру;
10) жалпы және қол қимыл-қозғалысын, екі қол қимылының үйлесімділігін, еңбек әрекеті процесіндегі көру-қимыл үйлесімділігін дамыту;
11) бұйымдарды өз қолымен жасауға деген қызығушылық пен ынтаны дамыту;
12) еңбек әрекеттері процесінде өзара көмек көрсетуге, көмек үшін бір-біріне алғыс айта білуге тәрбиелеу;
13) еңбек әрекеттерін орындаған кезде бір-бірімен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.

14-параграф. 1-жартыжылдық

258. Шаруашылық-тұрмыстық еңбек:
1) дастарқан басындағы тәртіп ережелері туралы білімді қалыптастыру;
2) еңбек етуге деген ынта мен икемділікке тәрбиелеу;
3) икемділіктерді қалыптастыру: топта тәртіпті сақтау; өзінің киіміндегі ретсіздікті байқау; ұсақ заттарды (қол орамал) жуу; ересектің сәл көмегімен киіну және шешіну; кезекшінің міндетін атқару – нан салғышты, майлық қағаз салғышты, ас ішетін құралдарды салады; ересекпен бірге қар күрейді; балалар ұжымында жұмыс істеу;
4) табиғат бұрышындағы жұмысты (гүлдерді суғару, ірі жапырақтарды сүрту) педагогпен бірлесе орындаудағы әрекетті жетілдіру.
259. Күтілетін нәтижелер:
1) ересектің аздаған көмегімен жеке және ұжымыдық тапсырмаларды орындайды;
2) асханадағы және табиғат бұрышындағы кезекшілік міндеттерін орындайды;
3) педагогтың өтініші бойынша ойын бұрышын тәртіпке келтіреді;
4) табиғат бұрышындағы жұмысты педагогпен бірге атқарады;
5) ересекпен бірге қар күрейді;
6) дастарқан басында өзін қалай ұстау керектігін біледі;
7) киім шкафтарын жинастырады;
8) ойыншықтары бар сөрені сүртеді;
9) педагогтың көмегімен ойыншықтарды жуады, еңбек тапсырмаларын орындауда бір-біріне шамалары келгенше көмек көрсетеді;
10) бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді.
260. Қол еңбегі:
1) дағдыларды қалыптастыру: қағазбен жұмыс істеу (қағазды ортасынан, түзу сызықпен бүктеу, желімдеу, жырту, мыжғылау), түрлі пішіндегі қағаздарды бүктеу (шаршы, тікбұрышң үшбұрыш, дөңгелек) бүктеу сызығымен саусақпен жүргізу, қырлары мен бұрыштарын сәйкестендіру, ересек адамның көрсетуі мен нұсқауы бойынша ұжымдық жұмыс жасау біліктілігін қалыптастыру;
2) еңбек әрекеттеріне, өзінің бұйымдарына деген қызығушылықты дамыту;
3) сынғыш материалдармен жұмыс дағдысын қалыптастыру – жұмыртқа қабығы (қандай да бір ойыншықты жасау үшін белгілі бір бөліктерді жапсыру);
4) қалдық материалдармен (қораптар, пластик шөлмектер) жұмыс дағдысын қалыптастыру; табиғи материалдармен (бүр, емен жаңғағы, жапырақ, тұқым, жаңғақтардың қабығы, жеміс сүйектері) жұмыс дағдысы мен икемділігін қалыптастыру;
5) жұмысты ұқыпты істей білу, майлық қағазды пайдалану, өзінің жұмыс орнын жинау икемділігін қалыптастыру;
6) бұйымдарды көрсету және бірлесе әрекеттену бойынша әртүрлі материалдардан жасау кезіндегі қарапайым дағдыларды қалыптастыру;
7) педагогтың көмегімен өз жұмысын табу және бағалау икемділігін қалыптастыру.
261. Күтілетін нәтижелер:
1) бұйымдарды еліктеу және бірлесе әрекеттену бойынша жасайды;
2) ересектің басшылығымен әр түрлі табиғи материалдармен (бүр, емен жаңғағы, жапырақ, тұқым, жаңғақтардың қабығы, жеміс сүйектері) жұмыс істейді;
3) сынғыш материалдармен (жұмыртқа қабығы) жұмыс істей біледі;
4) сіріңке қораптарын жапсырады және жиһаз жасай біледі;
5) майлық қағазды және желімді пайдаланады;
6) жұмысты орындауға қызығушылық байқатады;
7) педагогтің сұрақтарына (алдымен не? содан кейін не?) жауап береді;
8) ересектің көмегімен жұмысты талдауға тырысады, қай жұмыстың ұнағаны туралы педагогтің сұрағына жауап береді.

15-параграф. 2-жартыжылдық

262. Шаруашылық-тұрмыстық еңбек:
1) дастарқан жая білуді (майлық қағаздарды қою, балалардың санына қарай тәрелке, қасықтарды қою) қалыптастыру;
2) педагогтің көмегімен табиғат бұрышындағы жұмыс (гүлдердің топырағын қопсыту, аквариумдегі балықтарды күту) дағдыларын бекіту; еңбек міндеттерін, кезекшілік міндеттерді бөлу, бір-біріне көмектесу;
3) қарды күреу және жолды тазарту икемділігін қалыптастыру;
4) өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын (мойынорағышты, бауды байлау, түймені және сыдырмалы немесе «жабысқақ» түймелікті салу және шешу), өзінің киімін орындықтың арқалығына ілу, аяқ киімін кереуеттің астына ұқыптылықпен қою дағдыларын қалыптастыру;
5) өзінің шкафын тәртіпке келтіру икемділігі мен дағдысын жетілдіру;
6) ересектің көмегімен ойын бұрышын жинау (әртүрлі ойыншықтарды жуу және сүрту, оларды өз орындарына қою, қуыршақтардың киімін жуу) дағдысын бекіту;
7) үлескені тәртіпте ұстау, ересектің көмегімен жерді қопсыту, суғару, гүлді күту дағдылары мен икемділіктерін бекіту;
8) бір-біріне, өзінің заттарына құныттылықпен қарау мен ұқыптылыққа тәрбиелеу.
263. Күтілетін нәтижелер:
1) еліктеу немесе әрекеттену тәсілін көрсету бойынша киіну және шешіну;
2) үстел басында өзін қалай ұстау керектігін біледі;
3) ересек адамның өтініші немесе сөздік нұсқауы бойынша өз денесін күте біледі;
4) ересек адамның сәл көмегімен киімінің түймелерін (түймені және сыдырмалы немесе «жабысқақ» түймелікті салу және шешу) салуды біледі;
5) құрдасына түймесін салуға мойынорағышты байлауға көмектеседі;
6) шкафының ішін тәртіпке келтіреді;
7) ересектің нұсқауы бойынша заттарын салады;
8) кезекшінің міндетін атқарады;
9) ересектің өтініші бойынша ойыншықты жуады және орнына қояды;
10) ересекпен бірге өсімдіктерді (табиғат бұрышындағы, үлескедегі) күтеді;
11) ересекпен бірге қар күрейді, жолды тазартады.
264. Қол еңбегі:
1) дағдыларды қалыптастыру: қағазбен жұмыс (ортасынан, түзу сызық бойымен бүгу, жапсыру, жырту, умаждау); әртүрлі пішіндегі (шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек) қағазды бүктеу, бұрыштары мен қабырғаларын түйістіріп, бүгу сызығы бойымен саусақпен жүргізу,ересек адамның көрсетуі мен нұсқауы бойынша ұжымдық жұмыс жасау біліктілігін қалыптастыру;
2) баланың сөйлеу тілінің мүмкіндігіне қарай байланыстырылған сөйлеу тілін (сен бізге айт және істе, қалай екенін көрсет және айт) дамыту;
3) табиғи материалмен (бүр, жапырақ, емен жаңғағы) жұмыс дағдысын жетілдіру;
4) қалдық материалмен (сіріңке қораптары, пластик шөлмектер) жұмыс дағдысын қалыптастыру;
5) ұқыптылыққа, материалды үнемдеп ұстауға, әрекетке қызығушылық танытуға тәрбиелеу.
265. Күтілетін нәтижелер:
1) әрекетке қызығушылық танытады;
2) өзінің әрекетін қадағалайды;
3) еліктеу бойынша, әрекеттену тәсілін көрсету бойынша бұйымдар жасайды; ересектің көмегімен үлгіні талдайды;
4) педагогтің сұрақтарына (алдымен не? одан кейін не?) жауап береді;
5) бұйымдарды жасауға арналған құралдарды пайдаланады;
6) әрекетті сөзбен айтып отырады (сөйлеу тілінің мүмкіндігіне қарай);
7) ересек адамның басшылығымен қағазбен, табиғи және қалдық материалдармен жұмыс істей алады;
8) бұйымдарды жасаған кезде құрдастарына шамасы жеткенше көмектеседі;
9) ересекпен бірге ұжымдық жұмысты құрады.

6-тарау. Мектепалды даярлық сыныбы (6 -7 (8) жастағы балалар)

1-параграф. «Денсаулық» білім беру саласы

266. «Денсаулық» білім беру саласының базалық мазмұны – дене шынықтыру, қауіпсіз мінез-құлық негіздері ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

2-параграф. Денешынықтыру

267. Мақсаты: баланың денсаулығын нығайту және сақтау, дене шынықтыруға қызығушылықтарын, қимыл икемділіктері мен дағдыларын денсаулықты сақтау технологиясын қолдана отырып қолдануға ұмтылысын дамыту.
268. Міндеттері:
1) көрсетілімді жаттығуды өздігінен орындауға арналған үлгі деп қабылдауға үйрету;
2) қимыл техникасының негізгі элементтерін дұрыс орындау икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру;
3) жүру мен жүгірістегі, секіру мен лақтырудағы, лақтыру мен қағып алудағы, еңбектеу мен өрмелеудегі қимылдың негізгі түрлерін жетілдіру;
4) дене сапасын, икемділікті, ептілікті, төзімділікті, қимыл тепе-теңдігін сақтауды, үйлесімділікті қалыптастыру;
5) шапшаң қимылды ойындардағы ережелерді сақтай білуді қалыптастыру;
6) құрдастарының қимылын бағалауға және олардың қателерін байқауға үйрету;
7) дене жаттығуларын орындауға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.
269. «Дене шынықтыру» сабағының мазмұны оқыту мақсаты мен күтілетін нәтижені қамтитын бөлімшелерден құралатын оқыту тараулары бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікпен ұйымдастырылған оқыту мақсаттары педагогтарға өз жұмыстарын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оқытудың келесі кезеңдері туралы хабарлауға мүмкіндік береді.
270. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:
1) денсаулық және дене қалпы;
2) қозғала білу және сенімділік.
271. «Денсаулық және дене қалпы» бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:
1) денсаулықты нығайту.
272. «Қозғала білу және сенімділік» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) қимыл-қозғалыс;
2) дене сапасы.
273. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1-кесте

1-бөлім. Денсаулық және дене қалпы	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1.1 Денсаулықты нығайту	0.1.1.1 қолға арналған жалпы дамытушы жаттығуларды затсыз орындау
	0.1.1.2 денеге арналған жалпы дамытушы жаттығуларды затсыз орындау
	0.1.1.3 аяққа арналған жалпы дамытушы жаттығуларды затсыз орындау
	0.1.1.4 тепе-теңдікке арналған жалпы дамытушы жаттығуларды затсыз орындау
	0.1.1.5 дұрыс қалыпты қалыптастыруға бағытталған жалпы дамытушы жаттығуларды затсыз орындау
	0.1.1.6 жалпы дамытушы жаттығуларды затпен орындау

274. «Денсаулықты нығайту» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) жалпы дамытушы жаттығуларды орындайды: қолды көтереді, бүгеді, жазады, айналдырады; қол қимылымен бір мезгілде (жоғары, екі жаққа) отырырып, тұрады; етпетінен жатып қолын екі жаққа, жоғары созады; шалқасынан жатып, екі аяғын көтереді, айқастырады; шалқасынан етпетіне аунап түседі және керісінше, әртүрлі қалпында тұрып солға, оңға, алға, артқа еңкейеді; бір орнында тұрып топылдату, аяқтың ұшымен, өкшемен кезектестіре қадам басады;

(Жалғасы 22-бетте)

(Жалғасы. Басы 13-21-беттерде)

2) тепе-теңдікті сақтауды дамытуға арналған жаттығуларды орындайды: тепе-теңдігін сақтай отырып, көлбеу тақтай бойымен (20-30 см), соңында секіру қажет болатын гимнастикалық орындық, бөрене бойымен кезектескен қадаммен бүйірлей жүреді; аяқтың ұшымен сатының аралықтыры арқылы, текшеге басып жүреді; қол белде тізе жоғары көтерілген қалыпта бір-бірінің артынан жүреді; аяқты кезектестіре басып бір орнында айналады; дыбыстық сигнал бойынша тізесін бүге айналады; екі қолын жанына қарай созып, бір аяқпен тұрғанда тепе-теңдігін сақтайды;

3) дұрыс мүсінді сақтауға арналған жаттығуларды орындайды: көлбеу тақтай үстінде етпетінен жатып, қолын тіреп кеудесін көтереді; отырған қалыпта табанымен арқанды домалатады; ішімен жатқан қалыпта допты бір-біріне домалатады; кілем үстінде еңбектейді;

4) заттар, дене шынықтыру снарядтары пайдаланылатын жаттығуларды орындайды: гимнастикалық таяқты ұстап жүреді; шеңберді алдында, басынан асыра ұстайды; кіші допты ұстап қолын бүгеді және жазады; қол басын айналдырады; допты лақтырады және ұстап алады.

2-кесте

2-бөлім. Қозғала білу және сенімділік	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
2.1 Қимыл-қозғалыс	0.2.1.1 бір орындағы және қозғалыстағы қайтадан құру түрлерін орындау
	0.2.1.2 жүріс пен жүгірістің негізгі түрлерін орындау, оларды кезектестіру, қарапайым дене жаттығуларымен үйлестіру
	0.2.1.3 әртүрлі секіріс түрлерін орындау
	0.2.1.4 өрмелеу мен еңбектеуді, өрмелеп өтудің әр түрлі түрлерін орындау
	0.2.1.5 тік және көлденең нысанаға лақтыру
	0.2.1.6 допты домалату, лақтыру және қағып алу, екі қолмен, оң қолмен еденге ұру, екі қолмен бастан асыра лақтыру және бір қолмен кедергі арқылы лақтыру
2.2 Дене сапасы	0.2.2.1 дене сапасын көрсету: әртүрлі дене әрекетіндегі икемділік, ептілік, тепе-теңдік, үйлесімділік, күш, жылдамдық пен реакция
	0.2.2.2 құрдастарының шағын тобымен таныс ойынды ұйымдастырудағы дербестік пен ынталықты дамыту
	0.2.2.3 кеңістіктік бағдарлауды, мезгілде бағдарлауды, берілген жағдайлар мен орындық, бөрене бойымен жоғары және төмен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау

275. «Қимыл-қозғалыс» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) бір-бірінің артынан қолдарына жалауша ұстап, қол созым арақашықтықты сақтап, залды айнала жүреді; жүруді жүгіріспен кезектестіреді; қолдың қимылын өзгерте отырып (жоғары, жанына қарай созу, белде), бағытты өзгерте аяқтың ұшымен, өкшемен, дыбыстық сигналдардың аяқталғанына қарай тоқтап жүреді; заттарды аттап жүреді; жүргізушінің артынан әртүрлі бағытта жүреді; жыланша, залдың диагоналы бойымен жүреді;

2) бірінің артынан бірі, бағытты өзгерте, әртүрлі кедергілерді айналып өтіп, жүгіреді; жүгірісті жүрумен кезектестіре отырып шашырай жүгіреді; бағытын (оңға, солға) өзгерте отырып, ұстап алу мен қашып құтылуға арналған тәсілде шашырай жүгіреді;

3) бір орнында тұрып секіру; алға қарай жылжи отырып секіреді; қолын басынан асыра шапалақтап секіреді; тақтай бойымен жүріп, көтерілген ұшынан (биіктігі 10-15 см) тізесін бүгіп өзі секіреді; бір орнында тұрып, арқаннан, гимнастикалық таяқшадан, еденнен 5-10 см биіктікте керілген жіптен секіреді; бір орнында тұрып еденде сызылған (ені 20-30 см) «жылға» бау арқылы ұзындыққа секіреді; шеңберден шеңберге секіреді; заттарды айнала қос аяқтап және бір аяқпен секіреді; секіртпе арқылы секіреді;

4) салмағы, көлемі, материалы әртүрлі доптарды лақтырады және қағып алады, допты қабырғаға, еденге соғады, екі қолымен ұстап алады; допты бір-біріне лақтырады; құм салынған допты нысанаға лақтырады, сақиналарды өзекке лақтырады; шариктерді қақпаға домалатады; допты екі қолымен, бір қолмен еденге ұрады; допты орындықтар арасымен домалатады;

5) гимнастикалық орындық бойымен еңбектейді; көлбеу саты бойымен өрмелейді, аралығын тастап кетпей түседі; швед қабырғасы бойымен аралықтан аралыққа кезектескен қадаммен өрмелейді; биіктіктері әртүрлі заттардың астымен жер бауырлап еңбектеп өтеді; заттардың астынан, заттардың үстінен өрмелеп өтеді;

6) аяқ ұшын теңестіріп, сызық бойымен сапқа тұрады; бір-бірден сапқа, үлкен және кіші шеңбер құрап тұрады, тәрбиешінің сигналы бойынша сапты қайтадан құрайды.

276. «Дене сапасы» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) икемділіктерді дамытуға арналған жаттығуларды орындайды: пішіні, фактурасы әртүрлі заттармен орындалатын жаттығулар, қимылдың қарқыны мен ырғағын өзгертеді;

2) күш сапасын дамытуға арналған: арқанды тарту, гантельмен әртүрлі жаттығуларды орындайды;

3) ептілікті дамытуға арналған жаттығулар: еңкею, теңселу, сермеу қимылдарын орындайды;

4) төзімділікті дамытуға арналған: бағытын өзгерте отырып, шеңбер бойымен 5 минут жүгіреді, заттарды тасмалдаумен орындалатын әртүрлі эстафеталарға қатысады, әртүрлі шапшаң қимылды ойындарға қатысады;

5) көзбен шамалауды дамытуға арналған жаттығуларды орындайды: «Нысанаға дәл тигіз», «Асық», кегль.

3-параграф. Қауіпсіздік мінез-құлық негіздері

277. Мақсаты тұрмыстағы, әлеуметтегі, табиғаттағы қолжетімді қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру болып табылады.

278. Міндеттері:

1) қолжетімді қауіпсіздік ережелерін түсіну үшін сюжетті қимыл ойындары кезінде үйрету;

2) жаяу жүргінші ретінде және көлік ішіндегі адам ретінде қарапайым жол жүру ережелерімен таныстыру;

3) есту зейінділігін дамыту: дыбыстың шығу көзін анықтау;

4) балалардың көшедегі, табиғаттағы әрекеттерін бейнелейтін жағдаяттарды ойнап көрсетуге үйрету;

5) адам мен қоршаған орта үшін қауіпті жағдаяттарға абай болуға баулу;

6) тұрмыстағы, әлеуметтегі, табиғаттағы қолжетімді қауіпсіздік ережелерін жетілдіру.

279. «Қауіпсіз тәртіп негіздері» сабағының мазмұны оқыту мақсаты мен күтілетін нәтижені қамтитын бөлімшелерден құралатын оқыту тараулары бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікпен ұйымдастырылған оқыту мақсаттары педагогтарға өз жұмыстарын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оқытудың келесі кезеңдері туралы хабарлауға мүмкіндік береді.

280. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімді қамтиды:

1) қауіпсіздік ережелері.

281. «Қауіпсіздік ережелері» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) үйдегі (балабақшадағы) қауіпсіздік;

2) көшедегі қауіпсіздік;

3) табиғаттағы қауіпсіздік.

282. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

3-кесте

1-бөлім. Қауіпсіздік ережелері	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1.1Үйдегі (балабақшадағы) қауіпсіздік	0.1.1.1 балабақшадағы тәртіп ережелерімен (ойын кезінде бір-біріне бөгет жасамау, өзіне де басқаларға да ауыртатын әрекет жасамау) таныстыру
	0.1.1.2 тыйымға (болмайды, қауіпті) адекватты әсер шақыру, сөйлеу тілімен және сөйлеу тілсіз білдірілетін реакция
	0.1.1.3 топ бөлмесіндегі жиһаз заттары арасымен жүруге жаттықтыру
	0.1.1.4 баспалдақтан таянышынан ұстап түсуге жаттықтыру
	0.1.1.5 үшкір заттармен әрекеттегі қауіпсіз тәсілдерге үйрету
	0.1.1.6 ересектер ғана пайдалануға болатын тұрмыстық құралдарды (ток шәйнек, үтік) қарастыру, бұл құралдарды неге өздігінен пайдалануға болмайтынын түсіндіру
	0.1.1.7 өрт шығару қауіпі бар заттармен таныстыру
	0.1.1.8 өрт қауіпі, тыйым салу және көшіру туралы (шығуды көрсету, ауыз су, отпен пайдалануға тыйым салу) белгілермен таныстыру
	0.1.1.9 пиктографиялық кодтармен, белгілермен, көрсеткіштермен таныстыру
1.2 Көшедегі қауіпсіздік	0.1.2.1 экскурсия кезінде көліктердің қозғалысын, жүргіншілердің тәртібін бақылау
	0.1.2.2 ойын әрекетін бағдаршамның сигналы бойынша орындау (ересектің көмегімен)
	0.1.2.3 бағдаршамның түстерін ажырату
	0.1.2.4 әр түрлі жағдайлар бейнеленген сюжеттік суреттерді қарау: «Ұл бала көшеде нені дұрыс (дұрыс емес) істеді?»
	0.1.2.5 «жүргіншілердің өтпе жолы» белгісін ерекшелеу
	0.1.2.6 көлік шуын ажырату: жүріп келе жатқан мәшиненің дыбысы, автомобиль сигналының дыбысы
	0.1.2.7 қоғамдық көліктегі, көшедегі қарапайым тәртіп ережелері туралы әңгімелерді тыңдау
	0.1.2.8 жедел сатыны, эскалаторды пайдалануға жаттықтыру
	0.1.2.9 сюжеттік ойында көшедегі қауіпсіз тәртіп ережесін бейнелейтін әрекеттерді орындау (педагогтың көмегімен)
1.3 Табиғаттағы қауіпсіздік	0.1.3.1 серуен кезінде әртүрлі өсімдіктерді қарау, табиғаттағы тәртіп ережелерін бекіту
	0.1.3.2 табиғат жағдайының (аптап, жаңбыр, қар, жел) өзгеруіне сәйкес қауіпсіздік ережелерін білу
	0.1.3.3 судағы қауіпсіздік ережесін білу
	0.1.3.4 жануарларды, құстарды бақылау, жануарлармен қатынастағы қауіпсіздік ережелерін пайдалану
	0.1.3.5 педагогтің басшылығымен сюжетті ойындарда өсімдіктерге және жидектерге қатысты қауіпсіздік ережелерін пайдалану
	0.1.3.6 педагогтің басшылығымен сюжетті ойындарда жәндіктерге қатысты қауіпсіздік ережелерін пайдалану
	0.1.3.7 үй және жабайы жануарлармен әртүрлі қауіпсіз тәртіп ережелері бейнеленген сюжетті суреттерді қарау
	0.1.3.8 сюжетті ойында табиғаттағы қауіпсіз тәртіпті бейнелейтін әрекеттерді орындау (педагогтің көмегімен)

283. «Үйдегі (балабақшадағы) қауіпсіздік» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) балабақшадағы қарапайым тәртіп ережелері туралы түсінігі бар;

2) топ бөлмесіндегі жиһаз заттары арасымен жүре біледі, баспалдақтан таянышынан ұстап түсе алады;

3) ересектер ғана пайдалануға болатын, өмір мен денсаулық үшін қауіпті заттарды біледі;

4) үшкір заттармен әрекеттегі қауіпсіз тәсілдерді біледі;

5) өрт қауіпі, тыйым салу және көшіру туралы белгілер туралы түсінігі бар.

284. «Көшедегі қауіпсіздік» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) көше қозғалысы ережелері түсінігі бар, адамдардың жаяужолмен жүріп, көшеден бағдаршамның рұқсат беретін сигналы бойынша өтетінін біледі;

2) бағдаршамның сигналдарының мағынасын біледі;

3) кез келген жүріп келе жатқан көліктің адамға қауіп төндіретінін біледі;

4) қай жерде велосипед теуіп, қай жерде доп ойнайтынын біледі.

285. «Табиғаттағы қауіпсіздік» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) табиғаттағы тәртіп ережелерін (жапырақтарды, гүлдерді жұлмау) біледі;

2) жануарларға қатысты қауіпсіз тәртіп ережелерін біледі;

3) көшедегі, бөтен үйдегі жануарлармен қатынаста сақтық ережелерін сақтайды;

4) жәндіктердің (шыбын, маса, тарақан) зияны, олардың алдын алу шаралары туралы түсінігі бар;

5) табиғаттағы тәртіп ережелерін: ересек адамсыз саңырауқұлақты, жидектерді жеуге болмайтындығын біледі;

6) ауа райы өзгергенде (қар, жаңбыр жауғанда, аптап ыстықта, суықта) өзін қалай ұстау керек екендігін біледі.

4-параграф. «Коммуникация» білім беру саласы

286. «Коммуникация» білім беру саласының базалық мазмұны– сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

5-параграф. Сөйлеу тілін дамыту

287. Мақсаты: балаларда тілдік дағдыларын, ерікті және қисынды пайдалану дағдысын дамытуды.

288. Міндеттері:

1) балалардың эмоционалды, тұрмыстық, заттық және ойын тәжірибесі мазмұнымен байланысты сөздік қорын кеңейту;

2) сөз жасау және сөз өзгерту дағдыларын дамыту;

3) сөз сөйлеуде түрлі типтегі сөйлемдерді (қарапайым және күрделі) пайдалану дағдысын дамыту;

4) ересек адамдармен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.

289. «Сөйлеу тілін дамыту» сабағының мазмұны бөлімдерден тұрады және күтілетін нәтижелер түріндегі оқыту мақсаттары бар оқу бөлімшелерінен ұйымдастырылды. Әр бөлімшенің ішінде дәйекті түрде ұйымдастырылған оқыту мақсаттары педагогтарға өз жұмысын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оқытудың келесі кезеңдері жөнінде ақпараттандыруға мүмкіндік береді.

290. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) лексика;

2) грамматикалық құрылымы;

3) байланыстырып сөйлеу тілі.

291. «Лексика» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) сөйлеу тілін түсінуді дамыту;

2) тілдің лексикалық құралдарын дамыту;

292. «Грамматикалық құрылымы» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) тілдің грамматикалық құралдарын дамыту;

2) фразалық тілді дамыту.

293.«Байланыстырып сөйлеу тілі» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) диалогті сөйлеуді дамыту;

2) монологты сөйлеуді дамыту.

294. Оқытумақсаттарының жүйесі:

4-кесте

1-бөлім. Лексика	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1.1 Тілдің түсінуін дамыту	0.1.1.1 сөздердің лексикалық маңызы мен мәні бар екендігі туралы түсініктің қалыптасуы
	0.1.1.2 күнделікті, жалпылама сөздердің лексикалық мәні мен маңызын түсіну дағдыларының қалыптасуы
1.2 Тілдің лексикалық құралдарын дамыту	0.1.2.1 мағынасы бойынша жақын және қарама-қарсы сөздері жайында түсініктің қалыптасуы.
	0.1.2.2 заттардың тілдік белгісі, олардың сапалары және қызметтік дағдыларының қалыптасуы

295. «Сөйлеу тілін түсінуді дамыту» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) жолданған сөз сөйлеуді тыңдау;

2) күнделікті пайдаланатын, жалпылама, абстрактылы мағынасы бар қарапайым сөздердің (қуаныш, қыс) лексикалық маңызы мен мәнін түсінеді;

3) мағынасы жақын және қарама-қарсы сөздердің мағынасын түсінеді;

4) ауыспалы мағынасы бар сөздерді түсінеді.

296. «Тілдің лексикалық құралдарының дамуы» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) тұрмыста жиі кездесетін заттардың атауларын атайды;

2) заттардың қасиеттерін және олармен жасайтын негізгі қимыл-әрекеттерді атай алады;

3) ассоциативті-ситуативті ұстаным бойынша аталған сөзге сөзді таңдай алады (шана-қыс, кеме-теңіз);

4) ересек адамның көмегімен қарама-қарсы мәні бар антонимдерді қолжетімді сөздерді таңдап алады;

5) түсінеді және ересек адамның бақылауында жалпылама сөздерді пайдаланады.

5-кесте

2-бөлім. Грамматикалық құрылымы	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
2.1 Тілдің грамматикалық құралдарын дамыту	0.2.1.1 қарапайым грамматикалық санаттар жөнінде түсініктің қалыптасуы
	0.2.1.2 сөз жасау мен сөз өзгертудің қарапайым дағдыларының қалпытасуы
2.2 Фразалық сөз сөйлеуді дамыту	0.2.2.1 қарапайым сөз құрамдары мен сөйлемдерді құрастыру туралы түсініктің қалыптасуы
	0.2.2.2 қарапайым жайылма сөйлемдерді құрастыру дағдыларының қалыптасуы

297. «Тілдің грамматикалық құралдарының дамуы» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) қарапайым грамматикалық санаттарды пайдаланады: зат есімдердің саны және тегі, кейбір қарапайым көмекші сөздер мен септіктер;

2) сөз жасау мен сөз өзгертудің қарапайым дағдылары бар.

298. «Фразалық сөз сөйлеудің дамуы» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) қарапайым сөз құрамдары мен сөйлемдерді құрастырады;

2) қарапайым жайылма және одан күрделі сөйлемдерді пайдаланады;

3) айтуы бойынша сөйлемдерді ажырата алады (хабарлы, сұраулы, лепті) және оларды сөйлеу кезінде пайдаланады.

6-кесте

3-бөлім. Байланыстырып сөйлеу тілі	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
3.1 Диалогті сөйлеудің дамуы	0.3.1.1 қарым-қатынас жасаудың түрлі жағдайында сөйлеу этикетінің сөздері жөнінде түсініктің қалыптасуы
	0.3.1.2 диалогтік қарым-қатынас жасау дағдыларының қалыптасуы
3.2 Монологты сөйлеудің дамуы	0.3.2.1 байланысқан монологтік сөз сөйлеулердің құрылымы жөнінде түсініктің қалыптасуы
	0.3.2.2 шығармашылық әңгіме айтудың қарапайым дағдыларының қалыптасуы

299. «Диалогті сөйлеудің дамуы» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) адамдар арасындағы мәдени қарым-қатынастың негізгі ережелері жөніндегі түсініктің қалыптасуы;

2) қарапайым өтініштер, жолдаулар арқылы өз қажеттіліктері мен тілектерін білдіреді;

3) ересек адамның бақылауында естіген және көрген жайында сұрақтар қояды;

4) оқылған немесе айтылған мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.

300. «Монологты сөйлеудің дамуы» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) сөйлеу арқылы оқиғалардың бірізділігін жеткізеді;

2) ересек адамның бақылауында тірек суреттер бойынша ертегіні, әңгімені баяндайды;

3) екі-үш сөйлемнен шағын сипаттамалы әңгімелерді құрастырады (педагогтің сұрақтары көмегімен);

4) қарапайым өлеңдерді, санамақтарды, тақпақтарды жаттайды.

6-параграф. Көркем әдебиет

301. Мақсаты балалар көркем әдебиеті мен халық ауыз әдебиет шығармаларын талдау негезінде тұлғаның әлеуметтік қасиеттерін қалыптастыру, кітапқа және оқуға тұрақты қызығушылығын дамыту болып табылады.

302. Міндеттері:

1) түрлі жанрдағы шығармаларды тыңдау қабілетін дамыту;

2) таныс ертегілерді мазмұндау барысында сюжет реттілігін сақтауға, педагогтің көмегімен кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге үйрету;

3) көркем әдебиетті оқуға қызығушылығын қалыптастыру.

303. «Көркем әдебиет» сабағының мазмұны бөлімдерден тұрады және күтілетін нәтижелер түріндегі оқыту мақсаттары қамтылған бөлімшелерден ұйымдастырылды. Әр бөлімнің ішінде дәйекті түрде ұйымдастырылған оқыту мақсаттары педагогтерге өз жұмысын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оқытудың келесі кезеңдері жөнінде ақпараттандыруға мүмкіндік береді.

304. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) тыңдалған/көріп шыққан материалды түсінуі;

2) талдау және интерпретациялау.

305. «Тыңдалған/көріп шыққан материалды түсінуі» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) көркем шығарма мазмұнын түсіну;

2) жатқа оқу;

3) педагогтың көмегімен тыңдалған мәтінді мазмұндау;

4) жауаптарды құрастыру.

306. «Талдау және интерпретациялау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) әдеби шығарманың жанрын анықтау;

2) кейіпкерлерді сиппаттау.

307. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

7-кесте

1-бөлім. Тыңдалған/көріп шыққан материалды түсінуі	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1.1 Көркем шығарма мазмұнын түсіну	0.1.1.1 кішігірім мәтіндердің, ертегілердің, балалар өлеңдерінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; 0.1.1.2 шығармадағы оқиға желісін қадағалауға, кейіпкерлерді өзара қарапайым қатынастарын анықтауға, иллюстрация бойынша әңгімелеуге үйрету; 0.1.1.3 өзінің эмоциональді күйін сөзбен айта білу, ертегілердегі, өзінің эмоциональді күйін жеткізуге; 0.1.1.4 әңгімелердегі, тақпақтардағы бейнелердің кереғарлығын қабылдау
1.2 Жатқа айту	0.1.2.1 кішігірім тақпақтарды жатқа мәерлеп айту; 0.1.2.2 жақсы таныс шығармалардағы фразаларды жалғастырып айта білу
1.3 Мазмұндау	0.1.3.1 иллюстрация бойынша тыңдалған шығарманы мазмұндау; 0.1.3.2 мазмұндау барысында оқиға желесінің реттілігін сақтай білу
1.4 Жауаптарды құрастыру	0.1.4.1 иллюстрация бойынша сұрақтарды құрастыру; 0.1.4.2 оқылғанның мазмұны бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беру

308. «Көркем шығарма мазмұнын түсіну» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) көркем шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;

2) кейіпкерлердің өзара қарапайым қатынастарын анықтайды;

3) иллюстрация бойынша әңгімелейді және өзінің эмоциональді күйін айта алады.

309. «Жатқа айту» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) кішігірім тақпақтарды жатқа мәнерлеп оқиды;

2) естігенін баяндап береді;

3) ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардің мазмұнын тыңдайды, түсінеді,шығарма мазмұнына эмоционалдік түрде ілтипатын білдіреді.

310. «Мазмұндау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) иллюстрация бойынша тыңдалған шығарманы мазмұндайды;

2) өзіне таныс ертегілердің оқиға желесінің реттілігін бұзбай мазмұндайды.

311. «Жауаптарды құрастыру» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) шығарма мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға (сөйлеу мүмкіндіктеріне қарай, суреттерді тірек ете отырып) жауап береді.

8-кесте

2-бөлім. Талдау және интепретациялау	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары
2.1 Әдеби шығарманың жанрын анықтау	0.1.2.1 жанрларды ерекшеліктері бойынша (жұмбақ, ертегі, тақпақ): ойдан құрастырылған, сипаттау, ұйқастығын (рифма) тани білу
2.2 Кейіпкерлерді сипаттау	0.2.2.1 кейіпкерлердің әрекеттеріне қатынасын білдіру; 0.2.2.2 көркем шығарма кейіпкерлеріне қарапайым сипаттама беру біліктілігін дамыту (жақсы-жаман, мейірімді-ызақор)

312. «Әдеби шығарманың жанрын анықтау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) ертегіні, жұмбақтарды, тақпақтарды оларға тән ерекшеліктері бойынша тани біледі;

2) суреттері бойынша таныс шығармаларды тани біледі.

313. «Кейіпкерлерді сипаттау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) көркем шығарма кейіпкерлеріне қарапайым сипаттама (жақсы-жаман, мейірімді-ызақор) береді.

7-параграф. Сауат ашу негіздері

314. Мақсаты балаларды кейінгі оқу және жазу дағдыларын меңгеруге дайындау болып табылады.

315. Міндеттері:

1) сөздің дыбысталуын тыңдау икемділігін, ішінен дыбыстық кешендер мен жеке дыбыстарды анықтауды және тануды дамыту;

2) дыбысталуы және айтылуы бойынша жақын дыбыстарды ажырата алуды бекіту;

3) «сөйлем», «сөз», «буын», «дыбыс» түсініктерін дифференциациялауға үйрету;

4) сөйлемдегі сөздерді естуге ажырата алуға үйрету;

5) қарапайым дыбыстық талдау дағдыларын дамыту;

6) сөйлемдегі сөздерді анықтай алуды үйрету;

7) сөздердің буындық құрылымын анықтауға үйрету;

8) қағаз бетіндегі кеңістікте бағдарлануын дамыту;

9) қолды жазуға дайындау;

10) мектептегі оқуға уәждемесін қалыптастыру.

316. Сауат ашу негіздеріне оқыту процесінде келесі шарттар ескеріледі:

1) оқыту дұрыс айтылатын дыбыстар мен сөздерде ғана жүргізіледі;

2) барлық дыбыстарды өту қарқыны біршама баяу;

3) барлық ауызша сөйлеу материалы балаларға таныс;

4) сөйлеу материалын жүйелі қайталау және бекіту жүреді;

5) дыбыстық анализ келесі реттілікте жүзеге асырылады: екі дауысты дыбыс ұйқасында; тұйық буындағы дауыстының дауыссызбен ұйқасында; ашық буындағы дауыссыздың дауыстымен ұйқасында; дауыссыз-дауысты-дауыссыз түрі бойынша бір буынды сөз; ашық буындардан құралған екі және үш буынды сөздер; ашық және бітеу буыннан құралған екі және үш буынды сөздер.

317. «Сауат ашу» сабағы мазмұны күтілетін нәтижелер түрінде берілген оқыту мақсаттарын қамтылған бөлімшелерден тұратын бөлімдер бойынша ұйымдастырылған. Бөлімшелердің ішінде берілген әр оқыту мақсаттары педагогтің өз жұмысын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сонымен бірге оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпараттандыруға мүмкіндік береді.

318. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) фонематикалық есту;

2) жазуға дайындау.

319. «Фонематикалық есту» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) сөйлеудің дыбыстық жағында бағдарлау;

2) сөздің буындық құрылымында бағдарлау;

3) сөйлем құрылымында бағдарлау.

320. «Жазуға дайындау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) қолды жазуға дайындау;

2) қағаз бетіндегі кеңістікте бағдарлауын дамыту.

321. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

9-кесте

1-бөлім. Фонематикалық есту	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1.1 Сөйлеудің дыбыстық жағында бағдарлау	0.1.1.1 сөйлеудегі дыбыстарды естуге қабылдау
	0.1.1.2 сөздердегі дыбыстарды анықтау және оларды дауысты және дауыссыздарға дифференциациалау
	0.1.1.3 сөздердің және буындардың дыбыстық талдауын жүгізу
	0.1.1.4 сөздің дыбыстық құрамының модельдерін келтіру
1.2 Сөздің буындық құрылымында бағдарлау	0.1.2.1 сөздерді буындарға бөлу
	0.1.2.2 сөздегі буындардың санын және ретін анықтау
1.3 Сөйлем құрылымында бағдарлау	0.1.3.1 сөйлем ішінде сөздерді естуге ажырата алу; 0.1.3.1 сөйлемдегі сөздердің ретін және санын анықтау

322. «Сөйлеу тілінің дыбыстық жағында бағдарлау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) дыбыстың және сөздің ақырын және қатты, жоғары және төмен айтылу ерекшеліктеріне талдау жасай алады;

2) ересек адамның көмегімен сөздегі дыбыстардың орнын анықтай алады;

3) сөздегі дыбысты ересектің дыбысты интонациямен белгілеген жағдайда және бақылау барысында анықтай алады;

4) екпінді дауысты дыбысты сөздің басында анықтай алады;

5) бейтарап түсті текшелерді: ақшыл сары немесе сұр дыбыстың санын және реттілігін белгілеу үшінқатарластырып қояды;

6) ересек адамның көмегімен сөздегі дыбыстардың реттілігін орната алады;

7) сөздердің және сөз тіркестерініңфонематикалық талдауын және жинақтауын ересектің көмегімен жүзеге асыра алады;

8) сыртқы әрекетіне сүйене отыра фонематикалық талдаудың әрекетін орындай алады;

9) «дауысты» және «дауыссыз» дыбыстарды ажырата алады;

10) ересектің көмегімен «дауысты дыбыс» және оның белгіленуі – қызыл текшені қолданады және түсінеді;

11) «дауыссыз» дыбыстар жайлы түсінігі бар.

323. «Сөздің буындық құрылымында бағдарлау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) ересектің интонациямен айтуында екпінді дыбысты естиді және көрсете алады;

2) бір буынды және екі буынды сөздерді ажырата алады;

3) сөздің созылыңқылығын (сөздің буындық құрылымын) шапалақтау, аяқты арқылы анықтайды;

4) сөздерді буынға (бөліктерге) бөле алады, сөздегі буындардың санын анықтай алады;

5) буындық құрамы бойынша сөздерді салыстырады;

6) сызбалар және модельдер бойынша (ересектің көмегімен) сөздерді іріктеп таңдай алады;

7) карточкаға сүйене отыра дыбысталуы бойынша бірдей буындарды және ұқсас дыбысталуы бар буындық қатарларды ажырата алады;

8) жеке буындарды көрнекі бейнелейтін, көмекші құралдарды – ұсақ текшелер, ойыншықтар қолдана алады.

324. «Сөйлем құрылымында бағдарлау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) «сөйлем», «сөз», «дыбыс» терминдері жайлы алғашқы түсініктерге ие;

2) интонация бойынша сөйлемдерді ажыратады;

3) сөйлеу ағымын сөйлемдерге, сөйлемдерді-жеке сөздерге бөле алады;

4) белгілі бір әрекетпен көрсете отыра(шапалақ, жалаушаны көтеру) берілген сөзді ұсынылған сөйлем ішінен ажырата алады;

5) сөйлемдегі сөздердің санын және олардың ретін анықтайды;

6) 3-5 сөзден құралатын сөйлемдерді талдау дағдысын меңгерген;

7) сөйлемдердің құрылымының сызбасын біледі.

10-кесте

2-бөлім. Қолды жазуға дайындау	
Бөлімшелер	Оқыту мақсатттары
2.1 Қолды жазуға дайындау	0.2.1.1 жазу кезінде қарындашты немесе қаламды дұрыс ұстау дағдысының болуы
	0.2.1.2 үзілмейтін сызықтарды сыза алу
2.2 Қағаз бетіндегі кеңістікте бағдарлануын дамыту	0.2.2.1 қағаз бетінде бағдарлану
	0.2.2.2 «жұмыс» жолағында бағдарлану

325. «Қолды жазуға дайындау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) түрлі заттарды әртүрлі бағытта сызықпен түрлейді (солдан оңға, жоғары-төмен);

2) геометриялық фигураларды және таяқшалардан сызықшаларды құру, бауларды және мозаикаларды құрастырып салу, ауада және ұнтақ жарманың жұқа қабатында сурет салу дағдысы бар; шектеуішке сүйене отыра және оның көмегінсіз трафарет көмегімен сызықшаларды салу дағдысы бар;

3) жұмыс жолына сызықшаларды жаза алады;

4) жазу және сурет салу үшін заттарды дұрыс қолданады (бор, фломастерлер, қалам, парақ қағаз, тақта); жазу кезінде қарындашты дұрыс ұстайды;

5) қағаз бетінен қарындашты үзбей отыра, пішіні бойынша заттарды және салынған қарапайым гоеметриялық фигураларды қоршап сыза алады; нүктелер бойынша біршама ірі геометриялық фигураларды біріктіре алады, трафарет бойынша айналдырып сыза алады; ересектің көмегімен үздіксіз қимылдармен нүкте сызық бойынша заттарды айналдырып сыза алады; нүкте сызық бойынша орамаларды қоршап сызады; қарапайым шиеліністер бойымен үздіксіз сызықтармен жүргізе алады;

6) пішіні бойынша әріптерге ұқсас келетін заттарды: «тамшы», «ілгек», «кірпі» салады.

326. «Қағаз бетіндегі кеңістікте бағдарлануын дамыту» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) қағаз бетінде заттарды орналастыра алады (жоғарыда, төменде, жан-жақта);

2) ересектің бақылауында қағаз бетінде бағдарлайды;

3) берілген сызықтарға бағдарлана отыра, қағаз бетінде графикалық бейнелерді дұрыс орналастыра алады;

4) дәптердегі ірі торға бағдарлана алады;

5) торларды айналдырып сыза алады, түрлі графикалық өрнеуліктерді орындай отырып, көлденең және тігінен сызықтарды сыза алады;

6) қағаз бетінің жазықтық бейнесінде заттар арасындағы кеңістіктегі қарым-қатынасын аудару бойынша арнайы жаттығуларды ересектің бақылауында орындай алады;

7) жазу кезінде жол үстіндегі қолдың қимыл-қозғалысын үйлестіре алады.

8-параграф. Драма

327. Мақсаты театр өнеріне қызығушылығын тәрбиелеу; ересектермен және құрбыларымен өзара әрекеттесу біліктілігін қалыптастыру; ересектің жетекшілігімен рөлге енуге үйрету; қойылым жасау кезінде дұрыс тәртіп дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

328. Міндеттері:

1) театрлардың әртүрлі түрлерін пайдалана отырып, ертегі кейіпкерінің рөліне енуді қалыптастыру;

2) «бала – бала», «бала – ересек» типі бойынша қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;

3) дұрыс тыныс алу дағдысын жетілдіру;

4) негізгі психикалық процестер мен сапаларды (қабылдау, жад, зейін, қиялдау) дамыту;

5) кейіпкерлерді интонациясы бойынша тануды, кеңістікте бағдарлай білуді қалыптастыру;

6) дауыс биіктігін ажырату;

7) сөйлеу тілдік интонацияны дамыту; ересек адамның көмегімен ым-ишарат және мимика арқылы тіршілік иелерінің бейнесін құру;

8) сезімдермен таныстыру: сезімдер және қуаныш, күлкі, қорқыныш, жылау эмоционалды жағдайларды ажырату;

9) практикада қарым-қатынастың сөйлеу тілдік емес құралдарын пайдалана білуді және оларды әрекетте пайдалану икемділігін дамыту;

10) тәртіп мәдениеті дағдыларын қалыптастыру;

11) музыкалық сигналды (бубен) және команда (шапалақ) қабылдау арқылы есту зейінін дамыту;

12) таныс ертегілер бойынша қойылымдарды қойған кездегі дұрыс тәртіп дағдыларын қалыптастыру.

329. «Драма» сабағының мазмұны оқыту мақсаты мен күтілетін нәтижені қамтитын бөлімшелерден құралатын оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікпен ұйымдастырылған оқыту мақсаттары педагогтарға өз жұмыстарын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оқытудың келесі кезеңдері туралы хабарлауға мүмкіндік береді.

330. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) артикуляциялық дағдылар;

2) қимыл-қозғалыстыңүйлесімділік дағдылары;

3) коммуникативтік-сөйлеу тілдік және ойын дағдылары.

331. «Артикуляциялық дағдылар» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) тыныс алу және артикуляция;

2) интонация.

332. «Қимыл-қозғалыстың үйлесімділік дағдылары» бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:

1) қимылдың ырғағы мен үйлесімділігі сезімі.

333. «Коммуникативтік-сөйлеу тілдік және ойын дағдылары» бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:

1) өзара әрекеттесу тәсілдері.

334. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

11-кесте

1-бөлім. Артикуляциялық дағдылар	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1.1 Тыныс алу және артикуляция	0.1.1.1 тыныс алудың ұзақтығы мен күшін жетілдіру
	0.1.1.2 буындар қатары мен сөздерді бір тыныста айту
	0.1.1.3 ауыз және мұрын арқылы тыныс алуды жіктеуді жетілдіру
1.2. Интонация	0.1.2.1 интонацияны ажырату (хабарлау және сұрақтық), оларды ересектің көрсетуі бойынша шығару
	0.1.2.2 ересектің көрсетуімен әр түрлі эмоциялар мен сезімдерді білдіру үшін күші әр түрлі дауысты (қатты, ақырын, мейіріммен, қатаң) пайдалану
	0.1.2.3 дауыстың биіктігін (төмен, жоғары дауыс) ажырату
	0.1.2.4 ақырын және қатты дауысты пайдаланау икемділігін дамыту

335. «Тыныс алу және артикуляция» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) үрлеуге берілген тыныс алу жаттығуларын, сөйлеу тілдік аппаратты дамытуға арналған артикуляциялық жаттығулардыорындайды;

2) тыныс алғанда ауа ағынын дұрыс пайдалана біледі;

3) дұрыс тыныс алу мен тыныс шығаруды бақылай біледі;

4) буындар қатары мен сөздерді бір тыныста айта алады;

5) ауыздық және мұрындық тыныс алуды жіктей біледі.

336. «Интонация» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) ересек адамның мысалында дыбыстарды, сөздерді, сөз тіркестерін дауыстың күші мен қарқынын сақтай отырып, дұрыс айта алады;

2) кейіпкердің эмоционалды жағдайын мимика, ым-ишаратты пайдалана отырып бере біледі;

3) ересектің көрсетуімен сан алуан түрлі эмоционалды жағдайларды (көңілсіз, қуанышты, ызалы, таңданған, аянышты) бейнелейтін интонацияны сақтайды;

4) дауыс күшін (төмен, биік) ажыратады;

5) ақырын және қатты дауысты пайдалана біледі.

12-кесте

2-бөлім. Қимылды үйлестіру дағдылары	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары
2.1 Ырғақ сезімі мен қимыл үйлесімділігі	0.2.1.1 дене мүшелерінің кеңістіктік орналасуы туралы түсінікті қалыптастыру: таныс кейіпкерлерді маңызды белгілер бойынша қабылдау және тану
	0.2.1.2 командаға (шапалақ) немесе музыкалық сигналға (ересектің сигналы бойынша: бубенді соғу, дағыра, сылдырмақ) сәйкес әрекеттену
	0.2.1.3 кеңістікте бағдарлау (музыка залында, топта), ересектің көмегімен әр түрлі қарқында (жылдам, ақырын) қозғалу
	0.2.1.4 өзінің әрекеттерін серіктесінің әрекеттерімен үйлестіру (ересектің сөздік нұсқау және көрсетуі бойынша)

337. «Ырғақ сезімі мен қимыл үйлесімділігі» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) мәнерлі және ырғақты қимылдау дағдылары бар;

2) педагогтың көмегімен музыканың сүйемелдеуімен өз қимылын басқара алады;

3) қимылын музыкамен сәйкестендіреді, қимылын ырғаққа сәйкес үйлестіреді;

4) педагогтің көрсетуі бойынша өзінің қимылдарын серіктесінің әрекеттерімен сәйкестендіре алады;

5) ым-ишарат, мимика арқылы тіршілік иелері мен заттардың бейнелерін құрайды;

6) топта және музыка залында бағдарлай алады;

7) педагогтың көрсетуі бойынша әртүрлі қарқында қозғалады.

13-кесте

3-бөлім. Коммуникативтік-сөйлеу тілдік және ойын дағдылары	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары
3.1 Өзара әрекеттену тәсілдері	0.3.1.1 ересектің көмегімен сюжеттік-рөлдік ойындарға қатысу
	0.3.1.2 ересектің пікіріне құлақ салу
	0.3.1.3 үлгі бойынша ойыншық заттармен таныс әрекеттерді ойын жағдайына көшіру
	0.3.1.4 ойыншықтарды, костюмдерді, декорацияларды ұқыптылықпен пайдалану
	0.3.1.5 сөздік нұсқау бойынша басқа кейіпкерлермен өзара рөлдік әрекеттену
	0.3.1.6 ересектің басшылығымен мимиканы, интонацияны, ым-ишаратты, ойын атрибуттарын пайдалана отырып, таныс әдеби сюжеттер бойынша кейіпкерлердің бейнесін құру
	0.3.1.7 эмоционалды жағдайды ым-ишаратты, қалыпты және мәнерлі қимылдарды ілестіре отырып, бет-әлпеттің мимикалық қимылымен беру
	0.3.1.8 ересектің көмегімен ым-ишарат және мимика арқылы тіршілік иелері мен заттардың бейнесін құру
	0.3.1.9 сезімдермен таныстыру: сезімдерді және қуаныш, реніш, қорқыныш, ауру, күлкі, жылау сияқты эмоционалды жағдайларды ажырату
	0.3.1.10 практикада сөйлеу тілдік емес қарым-қатынас құралдарын пайдалана білуді және оларды әрекетте дұрыс шығара білуді қалыптастыру
	0.3.1.11 тәртіп мәдениеті дағдыларын қалыптастыру

338. «Өзара әрекеттену тәсілдері» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:

1) қойылымда және дарамалауда ересекпен бірге өзінің рөлін ойнайды;

2) кейіпкерлерге тән тәртіп ерекшеліктерін көрсетеді;

3) театр қойылымына қызығушылық танытады;

4) қандай да бір тіркесті немесе ойын өлеңді үлгі бойынша әртүрлі интонациямен айтады;

5) ұжымдық шағын театр қойылымдарына қатысады;

6) мәнерлеу құралдарының көмегімен таныс емес аудиторияда (мерекеде, ересектер отырғанда, басқа топта) көрсетеді;

7) бейнелейтін кейіпкерінің мінезін және оның белгілі бір жағдайдағы әрекеттерін ересектің көмегімен және мәнерлеп айту тәсілдерімен (интонация, мимика, ым-ишарат) бере біледі;

8) кейіпкердің эмоционалды жағдайын ым-ишаратты, қалыпты және мәнерлі қимылдарды ілестіре отырып, бет-әлпеттің мимикалық қимылымен бере біледі;

9) ересектің көмегімен ым-ишарат және мимика арқылы тіршілік иелері мен заттардың бейнесін құрады;

10) сезімдерді және қуаныш, реніш, қорқыныш, ауру, күлкі, жылау сияқты эмоционалды жағдайларды ажырата алады;

11) сөйлеу тілдік емес қарым-қатынас құралдарын пайдалана алады;

12) заттарды, қуыршақтарды, костюмдерді, декорацияны ұқыптылықпен пайдаланады;

13) театрланған ойындарға қызығушылық танытады.

(Жалғасы 23-бетте)

(Жалғасы. Басы 13-22-беттерде)

9-параграф. «Таным» білім беру саласы

339. «Таным» білім беру саласының базалық мазмұны – қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, сенсорика, құрастыру, жаратылыстану ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

10-параграф. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру

340. Мақсаты балаларды салыстыру, сәйкестендіру икемділіктеріне, әртүрлі көптіктер мен көптіктердің элементтерімен арасындағы сәйкестікті табуға үйрету.
341. Міндеттері:
1) математикалық түсініктерді әрекеттің басқа түрлерімен (бейнелеу, құрастыру және ойын) өзара әрекетте қалыптастыру;
2) балалардың сабақта алған математикалық білімі мен икемділіктерін өздігінен ойын кезінде және практикалық әрекетте пайдалануы үшін жағдай тудыру;
3) балалардың танымдық қабілеттерін: талдай, жіктей, қорытындылай алуын, салыстыра отырып заңдылықты, байланыс пен қатынасты табуын, алдағы әрекетті жоспарлай білуін дамытуды жалғастыру;
4) арифметикалық есептерді шығарғанда, арифметикалық әрекеттерді орындағанда шартты таңбаларды (цифрларды) пайдалануға үйрету;
5) бес көлеміндегі цифрлармен таныстыру;
6) ауызша онға дейін тура санауға және жетіден кері санауға үйрету;
7) сандардың дәйектілігі мен әрқайсысының сан қатарындағы орны туралы түсінікті қалыптастыру;
8) он саны көлемінде берілген саннан берілген санға дейін санауға үйрету;
9) өлшеу дағдыларын қалыптастыру, құрылымды өлшемдерді пайдаланумен таныстыру.
342. «Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру» сабағының мазмұны оқыту мақсаты мен күтілетін нәтижені қамтитын бөлімшелерден құралатын оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікпен ұйымдастырылған оқыту мақсаттары педагогтарға өз жұмыстарын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оқытудың келесі кезеңдері туралы хабарлауға мүмкіндік береді.
343. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:
1) кеңістікте бағдарлау;
2) сан мен санау;
3) геометриялық пішіндер.
344. «Кеңістікте бағдарлау» бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:
1) заттардың кеңістікте орналасуы.
345. «Сан мен санау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) заттарды санау;
2) көптік;
3) дәйектілік;
4) көлемдер.
346. «Геометриялық фигуралар» бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:
1) фигуралар.
347. Оқыту мақсаттарының жүйесі

14-кесте

1-бөлім. Кеңістікте бағдарлау	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1.1 Заттардың кеңістікте орналасуы	0.1.1.1 қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң, сол жақтарын, ортасын) бағдарлау
	0.1.1.2 кеңістікте (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде, алда, артта, жақын, алыс, арасында, жанында) бағдарлау
	0.1.1.3 өз дене мүшелерінде бағдарлау: жоғарыда – бас, мойын, кеуде, төменде – аяқ, алдында – бет, іш, артында – арқа, сол, оң қол;
	0.1.1.4 педагогтың көрсетуі бойынша заттарды өзіне қатысты (алыс-жақын, жанында, анда, мұнда) орналастыру
	0.1.1.5 көрсету бойынша, сөздік нұсқау бойынша қозғалыстыөзіне қатысты берілген бағытта (алға-артқа, жанына қарай, жоғары-төмен, оңға-солға) орындау

348. «Заттардың кеңістікте орналасуы» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) қағаз бетінде бағдарлайды, жоғары, төмен, оң, сол жақтарын, ортасын ажыратады;
2) өз дене мүшелерінде бағдарлайды;
3) мағынасы қарама-қайшы жұптық түсініктерді: «оңға-солға», «алға-артқа» ерекшелейді;
4) көрсетілгенбағытта қозғалады, заттарды үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша орналастырады.

15-кесте

2-бөлім. Сан және санау	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
2.1 Заттарды санау	0.2.1.1 5 сан көлеміндегі заттарды санау, қорытынды санды саусақ санымен сәйкестендіру
	0.2.1.2 5 көлемінде реттік санау: «Саны бойынша қайсы?»
	0.2.1.3 сан қатары, санның сан қатарындағы орны: көрші сандар, түсіп қалған сан, санау нәтижесінің заттардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, олардың кеңістіктік орналасуына және санау бағытына тәуелсіздігі
	0.2.1.4 көрші сандардың арасындағы қатынасты, көрнекілік үлгілеуді пайдаланып 2 саны 1-ден үлкен екенін анықтау
	0.2.1.5 4, 5 цифрларымен көру және тактильдік-қимылдық тексеру арқылы таныстыру
	0.2.1.6 5 көлемінде берілген саннан берілген санға дейін кері тәртіпте санау
	0.2.1.7 5 көлеміндегі кез-келген саннан бастап, сандардың тура және кері тәртіптегі дәйектілігін шығару
	0.2.1.8 5 көлеміндегі сандардың жеке бірліктерден және екі кіші саннан құралатын құрамы
	0.2.1.9 сандарды салыстыру, заттарды қосу және алу тәсілімен топтағы заттардың арасындағы теңдік пен теңсіздікті анықтау
2.2 Көптік	0.2.2.1 еліктеу, үлгі бойынша, педагогтың сөздік нұсқауы бойынша көптіктен бес затты ерекшелеу
	0.2.2.2 5 көлеміндегі көптіктерді (арттыру, кеміту, теңдестіру) түрлендіру
	0.2.2.3 екі топ заттарын саны бойынша салыстыру
	0.2.2.4 5 көлеміндегі көптіктен берілген сандағы заттарды санап алу
	0.2.2.5 шартты өлшем көмегімен созылмалы, сұйық және сусымалы көптіктерді өлшеу
	0.2.2.6 көптіктегі заттарды белгілі бір қасиеті бойынша біріктіру
	0.2.2.7 үздіксіз шартты өлшемді пайдалана отырып көптікті өлшеу, салыстыру және түрлендіру
2.3 Шамалар	0.2.3.1 заттарды көлемі (үлкен-кіші, мөлшері бойынша бірдей, ең кіші (үлкен) бойынша ерекшелеу, салыстыру
	0.2.3.2 заттарды биіктігі (биік-аласа, биіктігі бойынша бірдей, ең аласа (биік) бойынша ерекшелеу, салыстыру
	0.2.3.3 заттарды ұзындығы (ұзын-қысқа, ұзындығы бойынша бірдей, ең қысқа (ұзын) бойынша ерекшелеу, салыстыру
	0.2.3.4 заттарды жуандығы (жуан-жіңішке, жуандығы бойынша бірдей, ең жіңішке (жуан) бойынша ерекшелеу, салыстыру
	0.2.3.5 заттарды тереңдігі (терең-таяз, тереңдігі бойынша бірдей, ең таяз (терең) бойынша ерекшелеу, салыстыру
	0.2.3.6 шартты өлшем көмегімен қоршаған заттардың ұзындығын, енін, биіктігін және жуандығын өлшеу
	0.2.3.7 шартты өлшем көмегімен сұйық және сусымалы заттардың көлемін анықтау
	0.2.3.8 зат топтарын берілген қасиеттері бойынша құрау
	0.2.3.9 ойын, заттық әрекетте заттардың көлемін есепке алу
2.4 Мезгілдік түсініктер	0.2.4.1 жыл мезгілі: күз, қыс, көктем, жаз
	0.2.4.2 мезгілдік түсініктер: бүгін, кеше, ертең.
	0.2.4.3 тәулік бөліктері: түн, таңертең, күндіз, кешке
	0.2.4.4 апта, апта күндері, кеше аптаның қай күнінің болғанын, бүгін қай күні екенін, ертең қай күні болатындығын анықтау
	0.2.4.5 түзімдік сәттердің (алдымен, содан кейін) дәйектілігі

349. «Заттарды санау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) 5 көлеміндегі заттарды санайды, қорытынды санды саусақ санымен сәйкестендіреді;
2) 5 көлемінде реттік санауды меңгерген, «саны бойынша қайсы?» сұрағына жауап береді;
3) сан қатары, санның сан қатарындағы орны, көрші сандар, түсіп қалған сан туралы түсінігі бар;
4) санау нәтижесінің заттардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, олардың кеңістіктік орналасуына және санау бағытына тәуелсіз екендігі туралы түсінігі бар;
5) 5 көлеміндегі кез-келген саннан бастап, сандардың тура және кері тәртіптегі дәйектілігін шығарады;
6) 1-ден 5-ке дейінгі цифрлар туралы түсінігі бар;
7) заттарды қосу және алу тәсілімен топтағы заттардың арасындағы теңдік пен теңсіздікті анықтайды;
8) 5 көлеміндегі сандардың құрамын біледі.
350. «Көптік» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) еліктеу, үлгі бойынша, педагогтың сөздік нұсқауы бойынша көптіктен бес затты ерекшелейді;
2) 5 көлеміндегі көптіктерді (арттыру, кеміту, теңдестіру) түрлендіреді;
3) екі топ заттарын саны бойынша салыстырады, 5 көлеміндегі көптіктен берілген сандағы заттарды санап алады;
4) шартты өлшем көмегімен созылмалы, сұйық және сусымалы көптіктерді өлшейді;
5) үздіксіз шартты өлшемді пайдалана отырып, көптікті өлшейді, салыстырады және түрлендіреді.
351. «Көлемдер» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) бірінің үстіне бірін салу, қабаттастырып қою тәсілдерімен заттарды көлемі, ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады;
2) шартты өлшемді пайдалана отырып, қоршаған заттардың көлемін, ұзындығын, енін, биіктігін, жуандығын өлшейді;
3) зат топтарын берілген қасиеттер бойынша құрайды.
352. «Мезгілдік түсініктер» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) жыл мезгілдері (күз, қыс, көктем, жаз), тәулік бөліктері (түн, таңертең, күндіз, кешке) туралы түсінігі бар;
2) апта күндері туралы түсінігі бар;
3) мұғалімнің көмегімен кеше аптаның қай күнінің болғанын, бүгін қай күні екенін, ертең қай күні болатындығын анықтайды;
4) балабақшадағы түзімдік сәттердің дәйектілігін біледі.

16-кесте

3-бөлім. Геометриялық фигуралар	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары
3.1 Пішіндер	0.3.1.1 геометриялық фигураларды (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш) ажырату
	0.3.1.2 трафарет, қимаүлгінің көмегімен геометриялық фигуралардың бейнесінің суретін аяқтау
	0.3.1.3 геометриялық фигуралардың құрылымдық элементтерін (қабырға, бұрыш) ерекшелеу
	0.3.1.4 геометриялық фигураларды үлгі бойынша құрастыру

353. «Фигуралар» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) геометриялық фигураларды (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш) ажыратады;
2) трафарет, қимаүлгінің көмегімен геометриялық фигуралардың бейнесінің суретін аяқтайды;
3) геометриялық фигуралардың құрылымдық элементтерін (шаршының қабырғалары, үшбұрыш, тікбұрыштың бұрыштары) ерекшелейді;
4) геометриялық фигураларды үлгі бойынша бөліктерден құрастырады.

11-параграф. Сенсорика

354. Мақсаты сенсорлық эталондар жүйесін меңгерумен қамтамасыз етуге көмектесетін бағдарлау әрекетін, перцептивтік әрекеттерді (қарау, тыңдау, ұстап көру) қалыптастыру болып табылады.
355. Міндеттері:
1) көріп, естіп қабылдау мен зейінді дамыту;
2) тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту;
3) жеке заттарды жалпы ортадан ерекшелей отырып қабылдауға үйрету;
4) практикалық немесе ойын міндеттерін шешу кезінде бағдарлаудың іздеу тәсілдерін (байқап көру, өлшеп көру) қалыптастыру;
5) заттардың бүтін бейнесін, таныс заттар туралы бейнелік түсініктерді, олардың қасиеттері мен сапалары туралы түсініктерді қалыптастыру;
6) заттар туралы тұтас түсінікті қалыптастыру, қандай да бір заттың әртүрлі қасиеттерінің болатындығын түсінуге көмектесу;
7) жазық және көлемді пішіндерді салыстыруға, көлемді пішінді жазық бейне бойынша таңдауға үйрету;
8) заттарды пішіні, көлемі бойынша салыстыруға, таңдаудың дұрыстығын практикалық өлшеу тәсілімен тексеруге үйрету;
9) түстерді жіктеуге және өнімді әрекетте түс туралы түсінікті пайдалануға үйрету;
10) көлемнің қатыстылығы туралы түсінікті қалыптастыру: қандай да бір зат бір затқа қатыстыкіші болады, ал басқа затқа қатысты үлкен (ұзындау-қысқалау, биіктеу-аласалау) болады;
11) өзінің денесінің сызбасында бағдарлауды қалыптастыру, кеңістікте бағдарлауды қалыптастыруды жалғастыру;
12) заттардың көру, тактильді-қимылмен, есту және дәм сезу арқылы оңай жіктеуге болатын қасиеттерін жіктеуге үйрету;
13) қолдың көру-қимылдық үйлесімділігін дамыту;
14) алуан түрлі балалардың әрекетіндегі заттардың таныс қаситтері мен сапасын практикалық тұрғыда пайдалану үшін жағдай тудыру.
356. «Сенсорика» сабағының мазмұны оқыту мақсаты мен күтілетін нәтижені қамтитын бөлімшелерден құралатын оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікпен ұйымдастырылған оқыту мақсаттары педагогтарға өз жұмыстарын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оқытудың келесі кезеңдері туралы хабарлауға мүмкіндік береді.
357. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:
1) көріп қабылдау және зейін;
2) естіп қабылдау және зейін;
3) тактильдік-қимылдық қабылдау;
4) дәмдік қабылдау.
358. «Көріп қабылдау және зейін» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) заттың тұтас бейнесін қабылдау;
2) пішінді қабылдау;
3) көлемді қабылдау;
4)түсті қабылдау;
5) кеңістіктік қатынасты қабылдау.
359. «Естіп қабылдау және зейін» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) заттар мен құбылыстардың дыбыстық сипатын қабылдау;
2) фонематикалық қабылдау.
360. «Тактильдік-қимылдық қабылдау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) нысандарды тактильдік-қимылдық тану;
2) температуралық (жылулық) сезіну.
361. «Дәмдік қабылдау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) дәмдік сипаттама;
2) иіс сезуді қабылдау.
362. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

17-кесте

1-бөлім. Көріп қабылдау және зейін	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1.1 Заттың тұтас бейнесін қабылдау	0.1.1.1 педагогтың нұсқауы бойынша ұсынылған суреттер қатарынан алынған суретте бейнеленген белгілі бір әрекетті таңдау
	0.1.1.2 3-4 элементтерден жетіспейтін бөлікті таңдай отырып, заттың тұтас бейнесін құру
	0.1.1.3 затты «puzzle (пазл)» түріндегі ойылып кесілген суреттерден жинастыру
	0.1.1.4 өрнектердің, геометриялық пішіндер мен заттардың суреттерін аяқтау
	0.1.1.5 затты құрамдық бөліктерге бөлу
	0.1.1.6 затты оның сұлбалық бейнесімен салыстыру
1.2 Пішінді қабылдау	0.1.2.1 көлемді пішіндерді үлгі бойынша құрастыру кезінде жіктеу
	0.1.2.2 парктикалық әрекет барысында көлемді және жазық пішіндерді (шар-дөңгелек, текше- шаршы, кірпіш-тікбұрыш, овоид-сопақша) салыстыру
	0.1.2.3 кабинеттен оқылып жатқан геометриялық пішінді табу
	0.1.2.4 көлемді пішінді екі немесе одан да көп бөліктерден құрастыру (мысалы, екі жарты шардан шар құрастыру)
	0.1.2.5 біртекті заттарды көлемі бойынша топтастыруға, зейінді олардың көлеміне шоғырландыруға үйрету, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табудың қарапайым тәсілдерін қалыптастыру
	0.1.2.6 жазық пішінді тірек нүктелер бойынша жаңадан сала отырып, трафарет бойымен жүргізу процессінде қабылдау
	0.1.2.7 суреттен жазық пішінді тану
	0.1.2.8 геометриялық пішіндерді заттармен салыстыру (сопақша – жұмыртқа, домалақ – бауырсақ, күн)
	0.1.2.9 екі геометриялық пішіннен біреу құрау (екі үшбұрыштан шаршы құрау)
	0.1.2.10 ересектің сөздік нұсқауы бойынша сақиналарды бір-біріне сала отырып 5-6 сақиналы пирамидканы жинастыру
	0.1.2.11 4-5 құрылымды матрешканы көру арқылы салыстыру немесе матрешканың бөліктерін өлшеп көру арқылы жинастыру
1.3 Көлемді қабылдау	0.1.3.1 қатыстық көлеммен, «артық-кем» анықтамалармен таныстыру
	0.1.3.2 бір текті заттарды көлемі (4 мөлшер – үлкен, кішірек, кіші, ең кіші) бойынша топтастыру
	0.1.3.3 берілген көлемдегі затты бір текті заттар көптігінен таңдау
	0.1.3.4 берілген көлемдегі нысанды ерекшелеу (биік, аласа)
	0.1.3.5 биіктігі әртүрлі 2-5 нысаннан топтамалық қатар (үй, адам және т.б.) құрау
	0.1.3.6 заттың биіктігін шартты өлшемдермен – таяқшалармен, брусоктармен өлшеу
	0.1.3.7 жуандығы бойынша қарама-қаршы екі нысанды бір-біріне қою, қатарластырып қою тәсілдерімен салыстыру
	0.1.3.8 бір-бірінен салмағы бойынша қатты ерекшеленетін екі нысанды алақанға салып өлшеу арқылы салыстыру (ауыр-жеңіл)
	0.1.3.9 екі заттың массасын салыстыру, массаның көлемге тәуелсіз екендігі туралы түсінікті қалыптастыру
1.4 Түсті қабылдау	0.1.4.1 негізгі түстердіажырату: қызыл, сары, көк, жасыл, ақ, қара, қоңыр, қызғылт сары
	0.1.4.2 қоршаған ортадан таныс түстерді табу
	0.1.4.3 жазық бейнеден белгілі бір түстегі нысанды ерекшелеу
	0.1.4.4 түс туралы түсінікті шынайы заттар туралы түсінікпен біріктіру
	0.1.4.5 берілген түстегі екі нысанды мүмкін болатын төртеуінің ішінен таңдау, әр текті заттарды түсі бойынша салыстыру икемділігін бекіту
	0.1.4.6 заттарды орналастырғанда түстерді біркелкі етіп кезектестіру (екі, үш, төрт)
1.5 Кеңістіктік қатынастарды қабылдау	0.1.5.1 үлгі бойынша құрастрығанда элементтер арасындағы кеңістіктік қатынаста бағдарлау (төменде, жоғарыда, жанында, ортасында, сол жағында, оң жағында)
	0.1.5.2 үстеу сөздердің «үстінде, астында, жанында» көмегімен кеңістіктік қатынасты шығару
	0.1.5.3 таныс жай кеңістігінде бағдарлау, оны дәйектілікпен қарау
	0.1.5.4 өзінің денесіне қатысты кеңістікте бағдарлауға үйрету
	0.1.5.5 қағаз бетінің кеңістігінде бағдарлау
	0.1.5.6 өз денесінің сызбасында: сол жақ, оң жақ бағдарлау

363. «Заттың тұтас бейнесін қабылдау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) педагогтың нұсқауы бойынша ұсынылған суреттер қатарынан алынған суретте бейнеленген белгілі бір әрекетті таңдайды;
2) 3-4 элементтерден жетіспейтін бөлікті таңдай отырып, заттың тұтас бейнесін құрады;
3) затты puzzle (пазл) түріндегі ойылып кесілген суреттерден жинастырады, өрнектердің, геометриялық пішіндер мен заттардың суреттерін аяқтайды, затты құрамдық бөліктерге бөледі;
4) затты оның сұлбалық бейнесімен салыстырады.
364. «Пішінді қабылдау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) көлемді пішіндерді үлгі бойынша құрастыру кезінде жіктейді;
2) практикалық әрекет барысында көлемді және жазық пішіндерді (шар-дөңгелек, текше-шаршы, кірпіш-тікбұрыш,овоид-сопақша) салыстырады;
3) көлемді геометриялық пішіндерді (шар, текше, кірпіш, үшбұрышты призма, овоид) біледі;
4) көлемді пішінді екі немесе одан да көп бөліктерден құрастырады;
5) біртекті заттарды көлемі бойынша топтастырады, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табады;
6) трафарет бойынша жазық пішін бойымен жүргізеді;
7) геометриялық пішіндердізаттармен сәйкестендіреді;
8) екі басқадан геометриялық пішіндіқұрайды;
9) ересектің сөздік нұсқауы бойынша сақиналарды бір-біріне сала отырып 5-6 сақиналы пирамидканы жинастырады;
10) 4-5 құрылымды матрешканы көру арқылы салыстыру немесе матрешканың бөліктерін өлшеп көру арқылы жинастырады.
365. «Шаманы қабылдау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) қатыстық көлем (артық-кем) туралы түсінігі бар;
2) бір текті заттарды көлемі (4 мөлшер – үлкен, кішірек, кіші, ең кіші) бойынша топтастырады;
3) берілген көлемдегі нысанды (биік, аласа) ерекшелейді;
4) биіктігі әртүрлі 2-5 нысаннан топтамалық қатар (үй, адам) құрайды;
5) заттың биіктігін шартты өлшемдермен – таяқшалармен, брусоктармен өлшейді;
6) жуандығы бойынша қарама-қарсы екі нысанды бір-біріне қою, қатарластырып қою тәсілдерімен салыстырады, заттарды массасы бойынша салыстырады.
366. «Түсті қабылдау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) негізгі түстердіажыратады: қызыл, сары, көк, жасыл, ақ, қара, қоңыр, қызғылт сары;
2) қоршаған ортадан таныс түстерді табады;
3) жазық бейнеден белгілі бір түстегі нысанды ерекшелейді;
4) берілген түстегі екі нысанды мүмкін болатын төртеуінің ішінен таңдайды, әр текті заттарды түсі бойынша салыстырады, заттарды орналастырғанда түстерді (екі, үш, төрт) кезектестіреді.
367. «Кеңістіктік қатынастарды қабылдау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) үлгі бойынша құрастырғанда элементтер арасындағы кеңістіктік қатынаста (төменде, жоғарыда, жанында, ортасында, сол жағында, оң жағында) бағдарлайды;
2) таныс жай кеңістігінде, өзінің денесіне қатысты кеңістікте, қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жағы, сол жағы) бағдарлайды.

18-кесте

2-бөлім. Естіп қабылдау және зейін	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
2.1 Заттар мен құбылыстардың дыбыстық сипаттамасын қабылдау	0.2.1.1 әртүрлі дыбыс көздерін: табиғат құбылыстарының шуын, музыканы (жаңбыр шуы, жел шуы, аяқ астындағы жапырақтардың сыбдыры) қабылдау және ажырату
	0.2.1.2 дыбыстарды тану және нақты бейнелермен (сыбдыр, ысқырық, тасыр, тықыл, музыка) салыстыру
	0.2.1.3 дыбыстың орналасу орны мен қарқынын (жақын-алыс, жоғарыда, оң жақта, сол жақта) тану
	0.2.1.4 құрдасының әрекетін тұрмыстық заттармен және ойыншықтармен әрекеттену процесінде (доптың тарсылы, секіріс) шыққан дыбыстар бойынша анықтау
2.2 Фонематикалық қабылдау	0.2.2.1 3-4 сөздің ішінен дыбыстық құрамы жағынан басқалардан (мак-бак-так-банан) ерекшеленетін сөзді анықтау
	0.2.2.2 дыбыс көзінің (бубен, дағыра) дыбысталу ырғағын, жиі және сирек соғысын ажырату
	0.2.2.3 сөздерді берілген белгі (ұзын-қысқа) бойынша топтастыру
	0.2.2.4 буындық құрылымы ұқсас сөздерді (ат-от, бала-дала) жіктеу
	0.2.2.5 сөздерді берілген дыбысқа топтастыру
	0.2.2.6 берілген сөзді сөз тіркесінен естігенде әрекетпен (алақанын шапалақтау) жауап беру

368. «Заттар мен құбылыстардың дыбыстық сипаттамасын қабылдау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) әртүрлі дыбыс көздерін: табиғат құбылыстарының шуын, музыканы қабылдайды және ажыратады;
2) дыбыстарды таниды және нақты бейнелермен сәйкестендіреді;
3) дыбыстың орналасу орны мен қарқынын (жақын-алыс, жоғарыда, оң жақта, сол жақта) таниды;
4) құрдасының әрекетін тұрмыстық заттармен және ойыншықтармен әрекеттену процесінде (доптың тарсылы, секіріс) шыққан дыбыстар бойынша анықтайды.
369. «Фонематикалық қабылдау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) 3-4 сөздің ішінен дыбыстық құрамы жағынан басқалардан (мак-бак-так-банан) ерекшеленетін сөзді анықтайды;
2) дыбыс көзінің (бубен, дағыра) дыбысталу ырғағын, жиі және сирек соғысын ажыратады;
3) сөздерді берілген белгі (ұзын-қысқа) бойынша топтастырады;
4) буындық құрылымы ұқсас сөздерді (ат-от, бала-дала) жіктейді;
5) сөздерді берілген дыбысқа топтастырады;
6) берілген сөзді сөз тіркесінен естігенде әрекетпен (алақанын шапалақтау) жауап береді.

19-кесте

3-бөлім. Тактильдік-қимылдық қабылдау	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
3.1 Заттарды тактильдік-қимылдық тану	0.3.1.1 тактильдік-қимылдық тексеру процесінде заттардың пішінін, түсін, материалын анықтай отырып, сипап ұстау арқылы заттарды тану
	0.3.1.2 педагогтың сөздік тапсырмасы мен көру үлгісі бойынша пішіні әртүрлі (төртеудің ішінен таңдау) заттарды сипап ұстау арқылы жіктеу
	0.3.1.3 ересектің сөздік нұсқауы бойынша көлемі әртүрлі (үшеудің ішінен таңдау) заттарды сипап ұстау арқылы жіктеу
	0.3.1.4 сыртқы беті әр түрлі немесе әр түрлі материалдан жасалған заттарды сипап ұстау арқылы ажырату
	0.3.1.5 заттарды «дымқыл-құрғақ» белгісі бойынша жіктеу
	0.3.1.6 үлгі бойынша сипай отырып жұмсақ және қатты заттарды таңдау
	0.3.1.7 сусымалы материалда тығылған таныс заттарды табу және тану
	0.3.1.8 заттың тактильдік-қимыл бейнесін көру бейнесімен салыстыру – сипау арқылы анықталған затты атау
	0.3.1.9 сипай отырып жұп заттарды (дәл осындайды тап) табу
	0.3.1.10 сипау арқылы қабылданған әр түрдлі заттардың қатарын (текше, қуыршақ, лента, машина) есте сақтау
3.2. Температуралық (жылулық) сезіну	0.3.2.1 суық және ыстық заттарға саусағын тигізе отырып зерделеу және тану
	0.3.2.2 тамақты температуралық белгілері бойынша жіктеу
	0.3.2.3 заттардың жағдайын температуралық параметрдер (суық шәйнек, жылы шәйнек, ыстық шәйнек) бойынша ажырату
	0.3.2.4 сыртқы беттегі сапасы әртүрлі материалдармен (темір – суық, ағаш – жылы) таныстыру
	0.3.2.5 сөздік нұсқау бойынша жылы, суық, ыстық заттарды табу

370. «Заттарды тактильдік-қимылдық тану» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) тактильдік-қимылдық тексеру процесінде заттардың пішінін, түсін, материалын анықтай отырып, сипап ұстау арқылы заттарды таниды;
2) педагогтың сөздік тапсырмасы мен көру үлгісі бойынша пішіні әрүрлі (төртеудің ішінен таңдау) заттарды сипап ұстау арқылы жіктейді;
3) ересектің сөздік нұсқауы бойынша көлемі әртүрлі (үшеудіңішінен таңдау) заттарды сипап ұстау арқылы жіктейді;
4) сыртқы беті әртүрлі немесе әртүрлі материалдан (тегіс, тікенекті, кедір-бұдыр) жасалған заттарды сипап ұстау арқылы ажыратады;
5) заттарды «дымқыл-құрғақ» белгісі бойынша жіктейді;
6) үлгі бойынша сипай отырып жұмсақ және қатты заттарды таңдайды;
7) сусымалы материалда тығылған таныс заттарды табады және таниды;
8) заттың бейнесін тактильдік-қимылдық көру бейнесімен салыстырады, сипау арқылы анықталған затты атайды;
9) сипай отырып жұп заттарды (дәл осындайды тап) табады;
10) сипау арқылы қабылданған әртүрлі заттардың қатарын (текше, қуыршақ, лента, мәшине) есте сақтайды.
371. «Температуралық (жылулық) сезіну» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) суық және ыстық заттарға саусағын тигізе отырып зерделейді және таниды;
2) тамақты температуралық белгілері (суық-ыстық-жылы) бойынша жіктейді;
3) заттардың жағдайын температуралық параметрлер (суық шәйнек, жылы шәйнек, ыстық шәйнек) бойынша ажыратады;
4) сыртқы беттегі сапасы әртүрлі материалдар (темір – суық, ағаш – жылы) туралы түсінігі бар;
5) сөздік нұсқау бойынша жылы, суық, ыстық заттарды табады.

20-кесте

4-бөлім. Дәмдік сезіну	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
4.1 Дәмдік сипаттамалар	0.4.1.1 тамақты дәмдік белгілер (тәтті-тұзды; тәтті-ащы-тұзды-қышқыл) бойынша жіктеу
	0.4.1.2 тамақты температуралық белгісі (суық-ыстық-жылы) бойынша жіктеу
	0.4.1.3 тамақты консистенциясы (сұйық-қатты-желе тәрізді) бойынша жіктеу
	0.4.1.4 тамақ өнімдерін екі дәмдік белгі бойынша топтастыру
	0.4.1.5 тамақ өнімдерін берілген екі дәмдік сипаттама бойынша сұрыптауға арналған шартты таңбаларды пайдалану (қызыл дөңгелектер – тәті тағамдарға арналған; жасыл дөңгелектер – қышқыл тағамдарға арналған)
	0.4.1.6 заттарды белгілі бір дәмдік белгі (жеуге болады – жеуге жарамсыз) бойынша топтастыру
4.2 Иіс арқылы қабылдау	0.4.2.1 жағымды және жағымсыз иістерді ерекшелеу
	0.4.2.2 әртүрлі топ иістерін (хош иісті заттектер, тамақ өнімдерінің иістері) жіктеу
	0.4.2.3 иістің (хош иістің) «қозғалысын» бақылау
	0.4.2.4 иіске деген өз қатысын білдіру
	0.4.2.5 иісі бойынша тамақ өнімдерін, жемістерді, хош иісті заттарды анықтау

372. «Дәмдік сипаттамалар» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) тамақты дәмдік белгілер (тәтті-тұзды; тәтті-ащы-тұзды-қышқыл) бойынша жіктейді; тұзды дәмі бар тамақтарды біледі;
2) тамақты температуралық белгісі (суық-ыстық-жылы) бойынша жіктейді;
3) тамақты консистенциясы (сұйық-қатты-желе тәрізді) бойынша жіктейді;
4) тамақ өнімдерін екі дәмдік белгі (тәтті-тұзды; тәтті-ащы; тұзды-қышқыл) бойынша топтастырады;
5) тамақ өнімдерін шартты таңбаларды (қызыл дөңгелектер – тәтті тағамдарға арналған; жасыл дөңгелектер – қышқыл тағамдарға арналған) пайдаланып, берілген екі дәмдік сипаттама бойынша сұрыптайды;
6) жеуге болатын және жеуге жарамсыз тамақ өнімдерін ажыратады.
373. «Иіс арқылы қабылдау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) жағымды және жағымсыз иістерді ажыратады;
2) әртүрлі топ иістерін: хош иісті заттарды (иіссу, крем, дезодорант), тамақ өнімдерін (сарымсақ, пияз, қияр) жіктейді;
3) иіске деген өз қатысын (ұнайды-ұнамайды) білдіреді;
4) иісі бойынша таныс тамақ өнімдерін, жемістерді, хош иісті заттарды анықтай алады.

12-параграф. Құрастыру

374. Мақсаты құрастыру процесіне, құрылыс материалдарымен ойынға деген жағымды қатынасты және қызығушылықты қалыптастыру болып табылады.
375. Міндеттері:
1) құрастыру әрекетіне, құрылыс материалдарымен, құрамалы-жиналмалы ойыншықтармен ойынға деген жағымды қатынасты және қызығушылықты қалыптастыру;
2) үлгі бойынша құрылыс материалынан құрылыстарды және құрылымдарды орындауды үйретуді жалғастыру;
3) балалардың құрылыстары мен құрылымдарын сюжеттік ойын мағынасына ендіру үшін жағдай тудыру;
4) құрылыстар мен құрылымдарды жазық бейнесі бойынша орындауға үйрету;
5) конструктордың бөліктерін жазық бейнеге және оларды үлгінің жанына орналастыру тәсілін пайдаланып, құрастыралатын зат туралы түсінікті қалыптастыру;
6) құрастыру әрекетін меңгеруге, құрылыс материалдарының, конструктор бөліктерінің атауымен байланысты сөздік қорын кеңейту;
7) кеңістіктік түсініктерді қалыптастыру;
8) өзінің құрылысын үлгімен салыстыруға үйрету, өзінің құрастыру әрекеті мен құрдастарының құрылысының нәтижелеріне қатысты бағалау қатынасын тәрбиелеу.
376. «Құрастыру» сабағының мазмұны оқыту мақсаты мен күтілетін нәтижені қамтитын бөлімшелерден құралатын оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікпен ұйымдастырылған оқыту мақсаттары педагогтарға өз жұмыстарын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оқытудың келесі кезеңдері туралы хабарлауға мүмкіндік береді.
377. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:
1) материалдар және қауіпсіздік;
2) құру және жасау.
378. «Материалдар мен қауіпсіздік» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) материалдарды зерделеу;
2) қауіпсіздік пен еңбек мәдениеті.
379. «Құру және жасау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) құрастыру техникасы мен тәсілдері;
2) жұмыс кезеңдерін жоспарлау.
380. Оқыту мақсаттарыныңжүйесі:

21-кесте

1-бөлім. Материалдар мен қауіпсіздік	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1.1 Материалдарды зерделеу	0.1.1.1 құрылыс материалдарының түрлерін (ағаштан, пластмассадан, металдан жасалған конструкторлар, көлемді жұмсақ модульдер)
	0.1.1.2 материалдың әр түрлі түрлерін: мозаика, құрамалы-жиналмалы ойыншықтар, кесінді суреттер, пазлдар
	0.1.1.3 құрылыс материалдарының қасиеттерін ажырату
	0.1.1.4 заттарды көлемі бойынша топтастыру
	0.1.1.5 заттарды түсі бойынша топтастыру
	0.1.1.6 заттарды пішіні бойынша топтастыру
1.2 Қауіпсіздік пен еңбек мәдениеті	0.1.2.1 материалдармен және құралдармен жұмыста қауіпсіздік техникасы ережелерін орындау
	0.1.2.2 құрылыс материалдарын қолданысы бойынша пайдалану
	0.1.2.3 жұмыс орнын, материалдарды жұмыс барысында тәртіпке келтіру

381. «Материалдарды зерделеу» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) құрастыруға арналған материалдарды ажыратады: құрылыс конструкторлары (ағаштан, пластмассадан жасалған), көлемді жұмсақ модульдер, мозаика, құрамалы-жиналмалы ойыншықтар, кесінді суреттер, пазлдар;
2) заттарды көлемі бойынша топтастырады: үлкен-кіші, артық-кем, биік-аласа, жоғары-төмен, ұзын-қысқа, жуан-жіңішке;
3) заттарды пішіні бойынша топтастырады: дөңгелек, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, сопақша;
4) көлемді пішіндерді ажыратады: шар, кірпіш, текше, пластина, призма, брусок;
5) заттарды түсі бойынша топтастырады: қызыл, сары, көк, жасыл, қара, ақ.
382. «Қауіпсіздік пен еңбек мәдениеті» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) материалдармен және құралдармен жұмыста қауіпсіздік техникасы ережелерін орындайды,материалдарды қолданысы бойынша пайдаланады;
2) құрылыс материалдарын балалардың әрбір бөлікті алуы үшін оңай болатындай бөліктердің әрбір түріне арналған бөлімшелері бар арнайы қорапта сақтайды;
3) балалар өзінің жұмыс орнын тәртіпте ұстауға үйренеді: құрылыс материалын үстелде педагог көрсеткен тәртіпте орналастырады;
4) ойын аяқталғаннан кейін, бөліктерді орындарына салады,еңбекке арналған құралдарды, үшкір заттарды дұрыс пайдаланады.

22-кесте

2-бөлім. Құру және жасау	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
2.1 Құрастыру техникасы мен тәсілдері	0.2.1.1 құрастыру түріне сәйкес құрастырудың әр түрлі техникалары мен тәсілдерін пайдалану
	0.2.1.2 құрылымның қарапайым сызбасында бағдарлау
2.2 Жұмыс кезеңдерін жоспарлау	0.2.2.1 еліктеу бойынша, үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша құрастыру
	0.2.2.2 құрастырудың алдында салыстыру, топтастыру. Бөліктердің дұрыс орналасуын талдау, үлгі бойынша, еліктеу бойынша,, есте сақтау бойынша әрекеттену
2.3 Жұмысты бағалау	0.2.3.1 орындалған құрылыстар мен құрылымдарды педагогтың жетелеу сұрақтары бойынша талдау
	0.2.3.2 салынған құрылысты үлгімен салыстыру

383. «Құрастыру техникасы мен тәсілдері» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) заттарды тексереді; белгілеуге, құрастыруға және құрылымның негізгі бөліктері мен оған тән бөліктерді ерекшелейді;
2) ұсынылған тақырыпқа еліктеу бойынша, сөздік нұсқау бойынша, құрылымды құрады;
3) құрылыс жиынтығының бір элементтерін басқаларымен (ірілі ұсаққа, ұзын брусокты екі қысқасына) ауыстырады;
4) шағын жазықтықтарды бір үлкенге біріктіреді;
5) құрылысты мықты етеді, күрделі биік құрылысты бөледі, құрастыру ережесін сақтайды (кіші затты үлкенге салу; бөліктерді біркелкі етіп бөлу арқылы құрылыстың мықтылығын қамтамасыз ету);
6) құрылыс конструкторының бөліктерін графикалық бейнелерімен салыстырады (педагогтың сәл көмегімен);
7) үлгі бойынша, еліктеу бойынша, сөздік нұсқау бойынша, графикалық үлгі бойыншатаныс құрылымдарды (тұрғын үй, жиһаз) құрастырады;
8) құрылыстарды конструктордың әртүрлі түрлерінен әрүрлі жағдайларда (үстелде, еденде) салады;
9) қандай да бір құрылымды көлемі бойынша әртүрлі нұсқада салу икемділігін бекіту; ірі және ұсақ құрылыс материалынан ұжымдық құрылыстарды құрастырады;
10) құрамалы-жиналмалы ойыншықтар бөліктерінен құрастырады («лего», құрамалы-жиналмалы қағида бойынша жасалаған жиынтықтар); пазлдарды, кесінді суреттерді, текшелерді құрастырады; үлгі бойынша, елестету бойынша таяқшалардан қарапайым құрылыстарды құрастырады.
384. «Жұмыс кезеңдерін жоспарлау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) өз жұмыстарын педагогтың көмегімен жоспарлай біледі;
2) құрылысты салмас бұрын оның қандай болатыны туралы түсінікті қалыптастырады;
3) педагогтың бағыттау көмегімен қажетті материалды таңдайды;
4) бастаған ісін соңына дейін жеткізу икемділігін қалыптастырады.
385. «Жұмысты бағалау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) құрылысты үлгімен салыстыру арқылы бағалайды;
2) педагогтың бағыттау сұрақтары бойынша орындалған құрылыстар мен құрылымдарға талдау жүргізеді.

13-параграф. Жаратылыстану

386. Мақсаты заттар мен табиғат құбылыстары туралы бастапқы түсініктерді, физикалық құбылыстар туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру болып табылады.
387. Міндеттері:
1) оқылатын заттар мен құбылыстарды бақылауды, негізгі белгілерін ерекшелей білуді қалыптастыру;
2) балада қоршаған жақын орта заттары мен құбылыстары туралы түсініктер мен білімді қалыптастыру;
3) сөздік қорын толықтыру;
4) өмірдегі әлеуметтік құбылыстармен, әлемдегі адамның қолымен жасалған заттармен таныстыру.
388. «Жаратылыстану» сабағының мазмұны оқыту мақсаты мен күтілетін нәтижені қамтитын бөлімшелерден құралатын оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікпен ұйымдастырылған оқыту мақсаттары педагогтарға өз жұмыстарын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оқытудың келесі кезеңдері туралы хабарлауға мүмкіндік береді.
389. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:
1) тірі табиғат;
2) өлі табиғат;
3) табиғатты қорғау.

(Жалғасы 24-бетте)

(Жалғасы. Басы 13-23-беттерде)

390. «Тірі табиғат» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) әлемді танудың қарапайым тәсілдері;
2) өсімдіктер әлемі;
3) жануарлар әлемі.
391. «Өлі табиғат» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) өлі табиғат денелері мен заттары;
2) табиғат құбылыстары.
392. «Табиғатты қорғау» бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:
1) табиғат туралы қамқорлық.
393. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

23-кесте

1-бөлім. Тірі табиғат	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1.1 Әлемді танудың қарапайым тәсілдері	0.1.1.1 табиғат құбылыстарына бақылау жүргізу
1.2 Өсімдіктер әлемі	0.1.2.1 ағаштарды, бұталарды, гүлдерді, көкөністерді, жемістерді, жидектерді ажырату
	0.1.2.2 ағаштарды (үйеңкі, қарағаш, қарағай, емен) атау немесе көрсету
	0.1.2.3 ағаштардың құрамдас бөліктерін (жапырақ, бұтақ, дің) атау немесе көрсету
	0.1.2.4сөйлеу тілінің мүмкіндігіне тәуелді көкөністерді, жемістерді, жидектерді атау немесе көрсету
	0.1.2.5 бөлме және жабайы өсетін өсімдіктерді атау немесе көрсету
	0.1.2.6 бадаңалармен көбейетін өсімдіктердің өсуі мен дамуын бақылау
1.3. Жануарлар әлемі	0.1.3.1 үй және жабайы жануарларды, олардың төлдерін атау немесе көрсету
	0.1.3.2 құстармен таныстыру
	0.1.3.3 теңіз әлемінде мекендейтіндермен (балық) таныстыру
	0.1.3.4 жәндіктермен таныстыру
	0.1.3.5 Қазақстан фаунасымен: қар ілбісі, ақбөкенмен таныстыру

394. «Әлемді танудың қарапайым тәсілдері» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) сан алуан түрлі заттар мен табиғат құбылыстары туралы түсініктері болады;
2) ересектің көмегімен табиғаттағы мезгілдік өзгерістерді бақылайды, атайды немесе көрсетеді.
395. «Өсімдіктер әлемі» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) өсімдіктер туралы, өсімдіктің өмірі үшін қажетті талаптар туралы түсініктері болады;
2) ересектің көмегімен және сөздік нұсқау бойынша тән белгілеріне қарай ағаштар мен бұталардың бірнеше түрлерін ажыратады;
3) ағаштың (жапырақ, бұтақ, дің) құрамдас бөліктерін атайды немесе көрсетеді; бөлме және жабайы өсетін өсімдіктерді көрсетеді;
4) ересектің көмегімен көкөністерді, жемістерді және жидектерді атайды, ажыратады;
5) табиғатты бақылау күнделігін жүргізеді, педагогпен бірге бадаңалармен (пияз, бүршақтар) көбейетін өсімдіктердің өсуі мен дамуын бақылайды.
396. «Жануарлар әлемі» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) Қазақстанда мекендейтін жабайы жануарлар, қыстап қалатын құстар (қарға, шымшық, торғай, сауысқан) және жыл құстары (қарлығаш, қараторғай, ұзақ) туралы түсінігі болады;
2) жәндіктер (инелік, көбелек, жұлдызқұрт, құмырысқа) және теңізде мекендейтіндер (балық) туралы түсінігі болады.

24-кесте

2-бөлім. Өлі табиғат	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
2.1 Өлі табиғат денелері мен заттары	0.2.1.1 өлі табиғат нысандары (құм, саз, тас) туралы түсінігін қалыптастыру
	0.2.1.2 судың қарапайым маңызын түсіндіру
2.2 Табиғат құбылыстары	0.2.2.1 табиғат құбылыстарын (жел, тұман, жаңбыр) сипаттау

397. «Өлі табиғат денелері мен заттары» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) өлі табиғат нысандары: құм, саз, тас (ірі, ұсақ) туралы түсініктері болады;
2) ересек адамның көмегімен суреттер бойынша өлі табиғат нысандарының қарапайым қасиеттеріжәне қолданысы,судың маңызы туралы түсініктері болады.
398. «Табиғат құбылыстары» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) көрнекілікті тірек ете отырып, тірі және өлі табиғаттағы мезгілдік өзгерістер туралы біледі;
2) суреттерді тірек ете отырып, табиғат құбылыстары: жел, жаңбыр, тұман, қар, қырау, сүңгі туралы түсініктері болады.

25-кесте

3-бөлім. Табиғатты қорғау	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары
3.1 Табиғатты қорғау	0.3.1.1 табиғаттағы тәртіп ережелері туралы түсіндіру
	0.3.1.2 «Қызыл кітаппен» таныстыру
	0.3.1.3 өсімдіктерді және жануарларды күту тәсілдері туралы түсіндіру, оларды атай білу

399. «Табиғатты қорғау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1)табиғаттағы қарапайым тәртіп ережелерін (ағаштардың жапырақтарын жұлмау, гүлді жұлмау, көгалды баспау, ұяны бұзбау, қоқысты тастамау) орындайды;
2) «Қызыл кітап» және кейбір олардың өкілдері туралы түсінігі болады; адам жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғауға міндетті екенін біледі.

14-параграф. «Шығармашылық» білім беру саласы

400. «Шығармашылық» білім беру саласының базалық мазмұны – сурет салу, мүсіндеу, аппликация, музыка ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

15-параграф. Сурет салу

401. Мақсаты балаларды бейнелеу әрекетіне қатыстыру арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, қоршаған заттарды, табиғат нысандарын эстетикалық қабылдауды дамыту болып табылады.
402. Міндеттері:
1) сурет салуға эмоционалды әсер мен қызығушылық шақыру;
2)қарапайым заттардың пішінін, түсін, бөліктерінің орналасуын бере отырып бейнелеу икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру;
3) қағаз бетінде бағдарлай білу: жоғарыда, төменде, ортасында, оң жағы мен сол жағы
4) суреттерді шынайы нысандармен сәйкестеуге үйрету;
5) сюжеттік бейнелерді (үлгі бойынша, ойындағысындай) құру;
6) аппликация пен сурет салудың элементтері үйлескен бейнені құру;
7) қазақ халқы мен басқа да халықтардың сәнді-қолданбалы өнер шығармаларымен таныстыруды жалғастыру;
8) үстелде отырып жұмыс істеген кезде дұрыс қалыпты сақтай білуді бекіту, ұқыптылыққа және жұмыс орнынтаза ұстауға үйрету;
9) өзінің жұмысын және құрдастарының жұмыстарын бағалай білуге үйрету;
10) үлкендермен және құрдастарымен ынтымақтастықта болуға үйрету;
11) ұжымда жұмыс істеу икемділіктерін қалыптастыру.
403. «Сурет» сабағының мазмұны оқыту мақсаты мен күтілетін нәтижені қамтитын бөлімшелерден құралатын оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікпен ұйымдастырылған оқыту мақсаттары педагогтерге өз жұмыстарын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оқытудың келесі кезеңдері туралы хабарлауға мүмкіндік береді.
404. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:
1) сурет негізі;
2) материалдар және құрал-саймандар.
405. «Сурет негізі» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) түзулер және түзу түрлері;
2) пішін және пропорция;
3) түс;
4) композиция.
406. «Материалдар және құрал-саймандар» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) құрал-саймандармен және көркем материалдармен жұмыс тәсілдері;
2) еңбек гигиенасын, құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік техникасын сақтау.
407. Оқыту мақсаттарыныңжүйесі:

26-кесте

1-бөлім. Суреттің негізі	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1.1 Сызықтар және түрлері	0.1.1.1 сызықтардың түрлерін (түзу, қисық, толқынды, тұйық, иір-иір, ирек) пайдалана отырып, қарапайым заттарды мен сұлбалардың суретін салу
	0.1.1.2 әртүрлі сызықтардың көмегімен қарапайым сәндік өрнектерді және қазақ оюының элементтерінің суретін салу
1.2 Пішін және пропорция	0.1.2.1 біртұтас сюжеттік желіден сурет салуға арналған қарапайым заттарды/олардың бөліктерін бейнелеу үшін негізгі геометриялық пішіндерді пайдалану
	0.1.2.2 көлемі бойынша әр түрлі бір текті заттарды, бөліктерді суретте симметриялық орналастыра отырып бейнелеу
	0.1.2.3 геометриялық пішіндер мен өсімдіктік элементтерді өрнекте 1-2 элементтен кезектестіре отырып ырғақты орналастыру
1.3 Түс	0.1.3.1негізгі түстерді ажырату
1.4 Композиция	0.1.4.1 заттардың жерге, суға, аспанға қатысы бойынша, олардың пішінін, пропорциясын, заттарының және олардың бөліктерінің түстерін есепке ала отырып, заттардың кеңістіктік қатынасын бейнелеу
	0.1.4.2 суреттегі бейненің көңіл-күйін жеткізу үшін үлгі бойынша қағаз фонын және түс үйлесімін таңдайды

408. «Сызықтар және сызық түрлері» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) сызықтың түрлерін (түзу, қисық, толқынды, тұйық, иір-иір, ирек) сала біледі;
2) ою элементтерін ажырата алады; түзу сызықтардың түрлі үйлесімімен келтірілген қазақ оюларының элементтерін салады;
3) қарапайым пішіндегі оюларды салады;
4) түзу, қисық, толқынды, тұйық, иір-иір, ирек, жіңішке, жалпақ түзулерді, көлемі әртүрлі дөңгелектерді, жағындыларды, нүктелерді ырғақты орналастырады.
409. «Пішін және пропорция» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) негізгі пішіндерді салады, пропорцияларды сақтайды;
2) көлемі әртүрлі біртектізаттар мен бөліктерінің суретін салады;
3) мұғалімнің көмегімен біртұтас сюжет желісімен сурет құрайды;
4) ағаш бұтақтарына, жапырақты бұталарға қарап отырып суретін салады; гүлдердің суретін салады.
410. «Түс» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1)негізгі түстерді сәйкестендіреді(қызыл, сары, көк, жасыл, қара, ақ);
2) үлгі бойынша қағаз түстігін таңдайды;
3) колоритті беру үшін бояуларды үйлестіреді;
4) негізгі түстерді ажыратады.
411. «Композиция» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1)мұғалімнің көмегімен заттардың болмысынан суреттер композицияларын құрастырады;
2) үлгі бойынша оюлар мен өрнектер құрастырады;
3) үлгі бойынша бейнелерді қағазда орналастырады;
4) заттардың кеңістіктік қатынасын бере біледі: парақтың төменгі жағындағы бір жолақта, бүкіл парақта.

27-кесте

2-бөлім. Материалдар және құрал-саймандар	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
2.1 Құралдар-саймандармен және көркем материалдар-мен жұмыс тәсілдері	0.2.1.1 қарындашпен, бормен саусақтарды шиырықтырмай, қарындашты (борды) сәл еңкейте, жеңіл қимылмен бір бағытта, бейненің нобайынан шықпай, штрихты біркелкі етіп сала отырып сурет салу
	0.2.1.2 жіңішке сызықтарды салғанда қылқаламды қағазға қарай сәл еңкейте, ал нүктені салғанда тік ұстау
	0.2.1.3 жапырақтардың және гүлдердің суреттерін салғанда қылқаламды қағазға басу тәсілін пайдалану
	0.2.1.4 суретті қылқаламды бір бағытта, солдан оңға, жоғарыдан төмен жүргізе отырып бояу
	0.2.1.5 үлгі бойынша сюжетке, композицияға, бейненің мөлшері мен түсіне тәуелді қажетті көркем материалдарды және құралдар-саймандарды таңдау
2.2 Құрал-саймандармен жұмыс барысында еңбек гигиенасы мен қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау	0.2.2.1 жұмыс процесінде жұмыс орны мен құралдарды тәртіпке келтіру, материалдарды үнемдеп пайдалану
	0.2.2.2 үшкір құралдармен жұмыс кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау, жеке бас гигиена ережелерін орындау

412. «Құралдармен және көркем материалдармен жұмыс тәсілдері» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) қарындаштарды (графитті және түрлі түсті), бояуларды (гуашь, акварель), борларды пайдаланады;
2) қарындашпен саусақтарды шиырықтырмай ұстап,сәл еңкейте, штрихтарды біркелкі етіп, жеңіл қимылмен бір бағытта, бейненің нобайынан шықпай сурет салады;
3) қылқаламды бояуға жақсылап малу; қылқаламмен жалпақ және жіңішке сызықтарды салады; қылқаламды қағазға қарай қарай еңкейте ұстайды, жіңішке сызықтарды салғанда қылқаламды тік ұстайды;
4) суретті бояғанда қылқаламды еңкейте ұстап бір бағытта солдан оңға жоғарыдан төмен қарай жүргізеді;
5) қылқаламды қағаз бетіне жалпайта басу тәсілін қолданады.
413. «Құрал-саймдармен жұмыс барысында еңбек гигиенасы мен қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) педагогтың нұсқауы бойынша тапсырманы орындаудың дәйектілігін жоспарлайды, қажетті материалдарды дайындайды;
2) жұмыс процесінде жұмыс орны мен құралдарды өздігінен тәртіпке келтіреді: құрал-саймандардарды, қарындаштарды, бояуларды, қағаздарды орнына жинайды.

16-параграф. Мүсіндеу

414. Мақсаты мүсіндеу процесіне қызығушылықты қалыптастыру, бұйымдардың шынайы нысандардың бейнесі екені туралы түсініктерді қалыптастыру болып табылады.
415. Міндеттері:
1) мүсіндеуге эмоционалды әсер және қызығушылық шақыру;
2) ересектің әрекетін бақылауға, әрекетті еліктеу бойынша орындауға үйретуді жалғастыру;
3) мүсіндеу алдында заттарды зерделеу тәсілдерін, заттардың пішінін, көлемін түсін анықтауды қалыптастыру;
4) мүсіндеген кезде заттардың негізгі қасиеттері мен қатысын бере білуге үйрету;
5) кеңістіктік қатынасты қалыптастыруды жалғастыру;
6) цилиндр, домалақ, сопақша пішінді заттарды мүсіндеу дағдысын бекіту;
7) мүсіндеу кезінде әртүрлі тәсілдерді пайдалану дағдысын бекіту: жаю, басу, жалпайту, созу, жабыстыру, тегістеу, шымшу;
8) 2-3 бөліктен тұратын пішіндер мен заттардымүсіндеу дағдысын қалыптастыру;
9) сюжеттік мүсіндеудің қарапайым дағдыларын қалыптастыру;
10) сәндік мүсіндеу туралы түсінікті қалыптастыру;
11) ұжымдық бұйымдарды орындауға үйрету;
12) дайын бұйымды үлгімен салыстыруға үйрету;
13) мүсінделіп жасалған бұйымдармен ойынға деген қызығушылықты қалыптастыру;
14) созылымды материалдармен жұмыстың қарапайым ережелері туралы білімді бекіту;
15) жұмысты ұқыптылықпен орындауға тәрбиелеу.
416. «Мүсіндеу» сабағының мазмұны оқыту мақсаты мен күтілетін нәтижені қамтитын бөлімшелерден құралатын оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікпен ұйымдастырылған оқыту мақсаттары педагогтерге өз жұмыстарын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оқытудың келесі кезеңдері туралы хабарлауға мүмкіндік береді.
417. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:
1) мүсіндеудің бағыты;
2) еңбек гигиенасын, құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік техникасын сақтау.
418. «Мүсіндеудің бағыты» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) заттық мүсіндеу;
2) сюжеттік мүсіндеу;
3) сәндік мүсіндеу.
419. «Еңбек гигиенасын, құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік техникасын сақтау» бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:
1) мүсіндеуге арналған материалдармен және құрал-саймандармен жұмыс.
420. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

28-кесте

1-бөлім. Мүсіндеудің бағыты	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1.1 Заттық мүсіндеу	0.1.1.1 қарапайым геометриялық пішіндердің негізінде пішіні, мөлшері, көлемі әртүрлі жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың үлгілерін, басқа да таныс заттарды пластилин мен саздың кесегінен үзіп ала отырып, шынайы түрінен мүсіндеу
	0.1.1.2 қозғалғанадам мен жануардың денелерінің қарапайым пішіндерін пропорцияны есепке ала, пішінге тік немесе көлденең қалыпты бере отырып, пішіндердің бөліктерін бір-біріне жабыстырып біріктіре, біріктірілген орнын қырнауышпен тегістей отырып мүсіндеу
	0.1.1.3 кейіпкерлерге тән бөліктерді (құлақ, аяқ, қанат) пропорцияны сақтап, қарапайым тәсілдерді (жаю, домалату, қырнауыштың көмегімен басу, жалпайту) пайдаланып, бөліктерін құрамдастырылған тәсілмен біріктіре отырып мүсіндеу
1.2 Сюжеттік мүсіндеу	0.1.2.1 ертегілер мен әңгімелердің сюжеттері бойынша бір текті заттармен бейнелік және сюжеттік композицияны құру(ұжымдық мүсіндеу)
	0.1.2.2 бір тұғырда бірнеше пішіндерді орналастыра отырып, бұйымды тұғырға қою техникасын пайдалану
1.3 Сәндік мүсіндеу	0.1.3.1 Қазақстанның және әлем халықтарының халықтық кәсіптерінің әуені бойынша ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу
	0.1.3.2 мүсін бейнесін әлемнің әртүрлі халықтарының халық ойыншықтарының үлгілері бойынша шынайы түрден сәндеу тәсілдерін пайдалану (жабыстыру, қырнауышпен кесу немесе тырнау)

421. «Заттық мүсіндеу» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың пішіндерін, таныс заттарды пластилиннің бір кесегінен мүсіндей алады;
2) мүсіндеудің әртүрлі тәсілдері мен қосымша материалды пайдаланады;
3) бөліктерінің шамалық қатысын сақтайды, мүсінделінген пішін бөліктерін біріктіреді, оларды бір-біріне қысып, жабыстырады және біріктірілген жерін тегістейді, пішіннің үстіңгі жағын саусақпен және қырнауышпен тегістейді.
422. «Сюжеттік мүсіндеу» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) еліктеу бойынша қоршаған өмір, таныс ертегілер мен әңгімелердің сюжеттерінің тақырыбы бойынша сюжеттік композиция құрастырады;
2) мүсіндеу барысында көлем, түс, пішін қатынастарын береді;
3) қырнауышты пайдалана отырып, пішіннің үстіңгі жағын безендіреді;
4) бұйымды тұғырға орналастыру техникасын пайдаланад;
5) бірнеше пішіндерді бір тұғырға орналастыру арқылы бір текті заттармен сюжет құрайды;
6) ойынға арналған, мерекелік күндері үйді, жаппаны, жайды және үлескені безендіруге арналған жасалымдарды пайдаланады.
423. «Сәндік мүсіндеу» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) сәндік мүсіндеу туралы түсінігі бар;
2) заттың пішінін өсімдіктік немесе геометриялық өрнекпен безендіреді;
3) табиғи материалдардың сәндік элементтерін пайдаланады.

29-кесте

2-бөлім. Еңбек гигиенасын, құрал-саймандармен жұмыстағы қауіпсіздік техникасын сақтау	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары
2.1 Мүсіндеуге арналған материалдармен және құрал-саймандармен жұмыс	0.2.1.1 мүсіндеуге арналған материалды тиімді пайдалану
	0.2.1.2 үшкір және кесетін құралдармен жұмыстағы қауіпсіздік техникасын, сондай-ақ еңбек гигиенасын сақтау
	0.2.1.3 жұмыс процесінде жұмыс орнын, құрал-саймандарды ретке келтіру

424. «Мүсіндеуге арналған материалдармен және құралдармен жұмыс» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) мүсіндеуге арналған созылымды материалдармен жұмыс істей алады;
2) қырнауышты (ағаштан, пластмассадан жасалған) пайдаланады;
3) көркем және табиғи материалдармен жұмыстағы қарапайым еңбек дағдыларын меңгерген;
4) пайдаланылатын материалдар мен құрал-саймандарға ұқыптылықпен қарайды;
5) жұмыс орнын және құрал-саймандарды ретке келтіреді;
6) жеке бас гигиенасын сақтайды: қолын жуады, жеке сүлгісін пайдаланады, киімін (алжапқыштар) жинайды.

17-параграф. Аппликация

425. Мақсаты аппликацияны орындауға деген жағымды эмоционалды қатынас қалыптастыру, аппликацияның шынайы нысандардың бейнесі екені туралы түсінікті қалыптастыру болып табылады.
426. Міндеттері:
1) аппликацияны орындауға деген жағымды қатынасты және қызығушылықты қалыптастыруды жалғастыру;
2) ересектің әрекетін бақылауға және әрекетті үлгі бойынша орындауға үйретуді жалғастыру;
3) үлгі бойынша аппликацияны түсі, көлемі, пішіні әр түрлі заттарды жапсыру арқылы орындауға үйрету;
4)сюжеттік және сәндік аппликация дағдыларын бекіту;
5) кеңістіктік түсініктерді бекіту: қағаз бетінде бағдарлау(жоғары, төмен, ортасы, оң жағы, сол жағы);
6) көру-қимыл үйлесімділігін дамыту;
7) аппликацияны шынайы нысандармен салыстыруға үйрету;
8) өзінің және құрдастарының жұмысына бағалай қарай білуді қалыптастыру, үлгімен салыстыра білуді қалыптастыру.
427. «Аппликация» сабағының мазмұны оқыту мақсаты мен күтілетін нәтижені қамтитын бөлімшелерден құралатын оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікпен ұйымдастырылған оқыту мақсаттары педагогтарға өз жұмыстарын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оқытудың келесі кезеңдері туралы хабарлауға мүмкіндік береді.
428. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:
1) аппликация бағыттары;
2) материалдармен және құрал-саймандармен жұмыс тәсілдері және еңбек гигиенасы мен қауіпсіздік техникасы.
429. «Аппликация бағыттары» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) заттық аппликация;
2) сюжеттік аппликация;
3) сәндік аппликация.
430. «Материалдармен және құрал-саймандармен жұмыс тәсілдері және еңбек гигиенасы мен қауіпсіздік техникасы» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) қайшымен жұмыс тәсілдері;
2) материалдармен және құрал-саймандармен жұмыс тәсілдері.
431. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

30-кесте

1-бөлім. Аппликация бағыттары	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1.1 Заттық аппликация	0.1.1.1 үлгі бойынша жырту, кесіп алу тәсілімен қарапайым заттардың аппликациясын орындау
	0.1.1.2 бөліктерді жапсырудың дәйектілігін пайдалана отырып, аппликацияны үлгі бойынша, қима үлгі бойынша құрастыру, заттарды түсі, пішіні, көлемі бойынша салыстыру
	0.1.1.3 бөліктерді жапсырудың дәйектілігін пайдалана отырып, аппликацияны геометриялық пішіндердің негізінде бірнеше бөліктерден құрастыру
	0.1.1.4 қағаз бетіне негізгі элементтерін ерекшелей отырып, 3-5 бөліктен құралатын жануарлардың бейнелерін жабыстыру
	0.1.1.5 суретті аяқтау (тұмсығын, көзін, аяғын) тәсілін пайдалана отырып, бірнеше бөліктен (бас, дене, құйрық) құралатын құстардың бейнесін жабыстыру
	0.1.1.6 педагогтың сөздік нұсқауы бойынша аппликация элементтерін орналастыру (үй ортасында, шырша сол жағында, оң жағында қайың, жоғарыда күн, төменде шөп)
	0.1.1.7 орындалған бейнені талдаған кезде бір-біріне сұрақ қоюға үйрету
1.2 Сюжеттік аппликация	0.1.2.1 ұжымдық сюжеттік композиция құрастыру, заттардың кеңістіктік қатынасын, түсін, пішінін, мөлшерін есепке ала отырып, оларды жерге, суға, аспанға қатысы бойынша орналастыру
	0.1.2.2 таныс ертегілер желісі және табиғаттағы бақылау бойынша қарапайым сюжеттік аппликацияны құрастыру
1.3Сәндік аппликация	0.1.3.1 аппликацияның Қазақстан халқының сәндік-қолданбалы өнерінің желісі бойынша геометриялық пішіндер, өсімдік элементтері негізіндегі өрнектерден құрастыру
	0.1.3.2 өрнектерді аппликациядағы өрнектің кеңістіктік қатынасын есепке ала отырып, оюдың пішіндері мен элементтерін кезектестіре отырып, симметриялы, ырғақты орналастыру
	0.1.3.3 қуыршақтарға арналған бұйымдарды және ойыншықтарды, сондай-ақ бұйымдар мен шырша ойыншықтарын қазақ халқы оюларының желісі негізінде безендіру

432. «Заттық аппликация» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) қағаздан пішіндер кесіп алады;
2) заттарды қағазға желімдейді;
3) қағазды бүгу сызығы бойынша түзу қияды;
4) шаршының, тікбұрыштың, үшбұрыштың ұштарын дөңгелете кесе отырып дөңгелек пішіндерді қияды;
5) бірнеше рет қабаттап бүктелген қағаз бетінен пішіндерді қиып алады;
6) симметриялық қию тәсілдерін пайдаланады (көбелек, бәйшешек, зымыран);
7) ұжымдық аппликацияға қатысады;
8) жасалымдарды ойынға, мереке күндері жайды безендіруге қолданады.
433. «Сюжеттік аппликация» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) әртүрлі заттарды тақырыпқа немесе сюжетке сәйкес кесіп алады және желімдейді;
2) заттарды негізге дәйектілікпен жапсырады;
3) нысандардың көлемі, пішіні, түсі бойынша өзара қатынасын есепке алады.
434. «Сәндік аппликация» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) безендірудің әртүрлі элементерін(геометриялық, өсімдік тектес пішіндерді) қиып алады және біріктіреді;
2) үлгі бойынша өрнек оюларын құрайды;
3) түстік кеңістігін (жолақты, дөңгелекті, шаршыны) жеке элементтермен біркелкі толтырады.

31-кесте

2-бөлім. Материалдармен және құрал-саймандармен жұмыс ережелері және еңбек гигиенасы мен қауіпсіздік техникасының негіздері	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
2.1 Қайшымен жұмыс тәсілдері	0.2.1.1 геометриялық пішіндердің негізінде қарапайым заттарды қиып алу (жолақтардан тікбұрыштарды, шаршыдан үшбұрыштарды қиып алу, шаршының, тікбұрыштың, үшбұрыштың ұштарын дөңгелете кесе отырып дөңгелек және сопақша пішіндерді алу)
	0.2.1.2 симметриялық емес заттарды бейнелеуге арналған сұлбаны суреті бойынша қиып алу
	0.2.1.3 екіге бүктелген қағаздан әртүрлі симметриялық пішіндерді, қатпарлап бүктелген қағаздан әр түрлі заттарды қиып алу
2.2 Материалдармен және құралдармен жұмыс	0.2.2.1 аппликацияға арналған материалдарды (тығыздығы, түсі, текстурасы әр түрлі қағаз түрлері) пайдалану
	0.2.2.2 бірнеше қабаттап бүктелген қағаздан бірнеше геометриялық сәндік элементтерді қиып алу, геометриялық пішіндерді (шаршы, тікбұрыш, дөңгелек, сопақша) ортасынан және қиғаштап кесу
	0.2.2.3 екіге бүктелген қағаздан орта мен бұрышты безендіруге арналған симметриялық пішіндерді, қатпарлап бүктелген қағаздан грилянда, шілтер, қаршық, гүл қиып алу
	0.2.2.4 жұмыс барысында жұмыс орнын, құрал-саймандарды ретке келтіру

435. «Қайшымен жұмыс тәсілдері» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) қиып алудың техникалық тәсілін меңгерген;
2) қайшыны дұрыс пайдаланады.
436. «Материалдармен және құрал-саймандармен жұмыс» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) материалды өңдеумен байланысты құралдар (қайшы, желім, қылқалам, майлық) қолдана алады;
2) бүктеу, қиып алу, жапсыру икемділіктерін меңгерген;
3) сабақтарда әртүрлі материалдарды қағаз, ермексаз, мата, кептірілген жапырақтарды пайдаланады;
4) әртүрлі материалдардың қасиеттерін ажыратады;
5) жұмыс орнын тәртіпке келтіреді; жұмыс барысында құрал-саймандарды дұрыс пайдаланады;
6) қайшымен жұмыс істеу қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

18-параграф. Музыка

437. Мақсаты баланың музыкалық қабілетін дамыту болып табылады.
438. Міндеттері:
1) балаларды әр түрлі жанрдағы (марш, өлең) музыкалық шығармаларға деген тұрақты қызығушылық пен ықыластылыққа тәрбиелеу;
2) музыкалық әсерді, қарапайым ұжымдық өлеңдерге, билерге, жаттығуларға қатысуды қалыптастыру.
439. «Музыка» сабағының мазмұны оқыту мақсаты мен күтілетін нәтижені қамтитын бөлімшелерден құралатын оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікпен ұйымдастырылған оқыту мақсаттары педагогтарға өз жұмыстарын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оқытудың келесі кезеңдері туралы хабарлауға мүмкіндік береді.
440. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:
1) музыкалық сауаттылық;
2) ән салу және балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнау;
3) музыкалық шығармашылық.
441. «Музыкалық сауаттылық» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) музыкалық мәнерлілік құралдары(әуен, ырғақ, қарқын, динамика);
2) музыкалық жанрлар.
442. «Ән салу және балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) ән салу;
2) аспаптарда ойнау.
443. «Музыкалық шығармашылық» бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:
1) музыкалық-ырғақтық қимылдар.
444. Оқыту мақсаттарының жүйесі

32-кесте

1-бөлім. Музыкалық сауаттылық	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1.1 Музыкалық мәнерлілік құралдары(әуен, ырғақ, қарқын, динамика)	0.1.1.1 педагогтың көмегімен таныс өлеңдер мен әндетудің әуенін тану
	0.1.1.2 педагогтың көмегімен өлеңдер мен әндетудің сипатын (көңілді, мұңды, баяу, жылдам) ажырату
	0.1.1.3 музыкалық дыбысты қаттылығы бойынша (қатты-ақырын), тембрі бойынша (жылдам-баяу) тану
	0.1.1.4 есту түсінігін, ырғақ сезімін, тембрін, динамикасын қалыптастыру
1.2 Музыкалық жанрлар	0.1.2.1 музыкалық жанрларды ажырату(өлең, марш)

445.«Музыкалық мәнерлілік (әуен, ырғақ, қарқын, динамика, регистр) құралдары» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) әуеннің сипатын (көңілді, асықпай, жылдам) ести біледі;
2) музыкалық дыбысты тембрі бойынша (жылдам-баяу), қаттылығы бойынша (қатты, ақырын) таниды.
446. «Музыкалық жанрлар» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) музыкалық жанрларды (өлең, марш) ажырата біледі;
2) таныс өлеңдердің, әндетудің әуендерін, тыңдаған музыкалық шығармалардың (өлеңдер, әндетулер, музыкалық ойындар) сипатын ажыратады.

33-кесте

2-бөлім. Ән салу және балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнау	
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
2.1 Ән салу	0.2.1.1 ересектің басшылығымен оңай әуендерді, таныс әндерді айту
	0.2.1.2 ересектің көмегімен музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, қуанышты және мұңды) сәйкес әндету
2.2 Аспаптарда ойнау	0.2.2.1 оңай ырғақтық әуендерді фортепианоның сүйемелдеуінде балаларға арналған музыкалық аспаптармен оркестрде ойнау
	0.2.2.2 кейбір музыкалық аспаптарды (домбыра, фортепиано), сондай-ақ балаларға арналған музыкалық аспаптарды (бубен, дағыра, металлофон, сылдырмақ, қоңырау) дыбысталу тембрі бойынша ажырату

447. «Ән салу» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) таныс өлеңдерді педагогпен бірге айтудың бастапқы дағдылары бар;
2) әндерді ересекпен бірге орындайды.
448. «Аспаптарда ойнау» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1)музыкалық аспаптарды ажыратады: бубен, дағыра, металлофон, сылдырмақ, қоңырау, домбыра, фортепиано;
2) топтағы жұмыс дағдысы бар, бірін-бірі, музыканы тыңдай біледі;
3) музыканың сипатын таниды;
4) таныс музыкалық аспаптардың дыбысталу тембрі бойынша ажыратады;
5) фортепианоның сүйемелдеуінде балаларға арналған музыкалық аспаптармен оркестрде ойнаудың бастапқы дағдылары бар.

34-кесте

3-бөлім. Музыкалық шығармашылық	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары
3.1 Музыкалық-ырғақтық қимылдар	0.3.1.1 музыканың сүйемелдеуімен қарапайым ырғақтық қимылдарды орындау
	0.3.1.2 марштың сипатын жүріспен бере білу
	0.3.1.3 би музыкасының сипатын қарапайым, ырғақты би қимылдарымен бере білу
	0.3.1.4 жүрелеп отыруды («серіппе») орындау
	0.3.1.5 қарапайым би қимылын («қайық») орындау
	0.3.1.6 педагогтың көрсетуі бойынша қазақ, орыс би қимылдарының элементтерін орындау

449. «Музыкалық-ырғақтық қимылдар» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) педагогтың көрсетуі бойынша театрлық қойылымдарда, өлеңдерді сахналағанда әртүрлі бейнелерді бимен орындау дағдыларын байқатады;
2) марш сипатын жүріспен, би музыкасының сипатын қарапайым, ырғақтық би қимылдарымен бере біледі;
3) жүрелеп отыруды («серіппе») орындайды, педагогтың үлгісі бойынша қимылын музыкамен үйлестіреді;
4) қарапайым би қимылын-қайық, педагогтің көрсетуі бойынша қазақ, орыс би қимылдарының элементтерін орындайды.

19-параграф. «Әлеумет» білім беру саласы

450. «Әлеумет» білім беру саласының базалық мазмұны – «Әлеуметтік дамыту және еңбекке баулу» (шаруашылық-тұрмыстық, қол еңбегі) ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.
451. Мақсаты балалардың еңбектегі шаруашылық-тұрмыстық дағдыларын және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту; бұйымдарды жасау дағдыларын қалыптастыру болып табылады.
452. «Әлеуметтік дамыту және еңбекке баулу(шаруашылық-тұрмыстық, қол еңбегі)» сабағының мазмұны оқыту мақсаты мен күтілетін нәтижені қамтитын бөлімшелерден құралатын оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікпен ұйымдастырылған оқыту мақсаттары педагогтарға өз жұмыстарын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оқытудың келесі кезеңдері туралы хабарлауға мүмкіндік береді.
453. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімді қамтиды:
1) әлеуметтік дамыту және еңбекке баулу.
454. «Әлеуметтік дамыту және еңбекке баулу» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) мен және қоршаған орта;
2) өзіне-өзі қызмет көрсету;
3) шаруашылық-тұрмыстық еңбек;
4) табиғаттағы еңбек;
5) қол еңбегі.
455. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

35-кесте

1-бөлім. Әлеуметтік дамыту және еңбекке баулу	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1.1 Мен және қоршаған орта	0.1.1.1 сезімі мен толқуын байқату үшін жағдай туғызу: топқа келгендегі қуаныш, жаңа ойыншықтың пайда болғанына шаттану, таныс затты, ойыншықты пайдаланудың жаңа тәсіліне таңдану, жылаған құрдасына жанашырлық байқату; 0.1.1.2 суреттерден және фотосуреттерден адамдардың сан алуан түрлі сезімдерін тану(қорқыныш, таңдану, қуаныш, мұңдану); 0.1.1.3 адамның сан алуан түрлі эмоциясын сөзбен және мимикамен бере білу және олардың туындау себебін анықтау (әдеби шығармаларды пайдалана отырып); 0.1.1.4 топтағы және жанұядағы балалардың тұрмысымен байланысты оңай тапсырмаларды орындау, бастаған ісін аяғына дейін жеткізу; 0.1.1.5 құрдастарының тапсырманы орындауын жақсы, жаман, тырысты, тырысқан жоқ деген сөздерімен бағалау; 0.1.1.6 құрдастарымен және ересектермен белгілі бір жағдайға байланысты қарым-қатынасқа түсу(өтініш білдіру, басқа адамды тыңдай білу); 0.1.1.7 жаңа өмірлік жағдайларға сәйкес келетін тәртіп түрлерін қалыптастыру
1.2 Өзіне-өзі қызмет көрсету	0.1.2.1 өздігінен киіну және шешіну; 0.1.2.2 өзінің заттарын ұқыптылықпен қаттап салу; 0.1.2.3 өзінің киіміндегі ретсіздікті жою; 0.1.2.4 киімінің түймеліктерін шешу және салу, бауларын байлау
1.3 Шаруашылық-тұрмыстық еңбек	0.1.3.1 кезекшінің міндеттерін орындау; 0.1.3.2 топтағы еңбектік міндеттемелерді орындайды (тұрмыстық заттарды, ойыншықтарды жуу, кітаптарды жөндеу); 0.1.3.3 үлескеде шамасы жететін жұмыстарды орындау(қоқысты жинау, жолды қардан тазарту, қардан әр түрлі бұйымдарды жасау, қалау);
1.4 Табиғаттағы еңбек	0.1.4.1 бөлме өсімдіктерін күту (терезе алдындағы бақша, суғару, топырағын қопсыту, жапырақтарды сүрту); 0.1.4.2 үлескедегі өсімдіктерді күту (отырғызу, суғару, арам шөбін жұлу)
1.5 Қол еңбегі	0.1.5.1 қағаз бен қатырмақағаздан бұйымдар жасау; 0.1.5.2 қалдық материалдардан бұйымдар жасау(қораптар, пластик шөлмектер, тығында, қақпақтар); 0.1.5.3 табиғи материалдардан бұйымдар жасау (бүр, талшын, жапырақ, мүк, емен жаңғағы, жеміс сүйектері, тұқымдар); 0.1.5.4 белсенді сөздік қорын, қолдың ұсақ қимылдарын дамыту

456. «Мен және қоршаған орта» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1)таныс ересектермен және құрдастарымен кездескенде амандасады, кеткенде қоштасады;
2) тамақ ішкеннен кейін алғысын айтады; таныс және таныс емес жағдайларда өзін сол жағдайларға сәйкес ұстайды, таныс және бейтаныс адамдарға достық ниет білдіреді;
3) өмірлік жағдайларға сәйкес өзінің сезімін – қуанышын, таңдануын, ашулануын білдіре біледі;
4) өзінің істері мен әрекеттерін қарапайым тұрғыда бағалай біледі;
5) айналасындағылардың өзіне қатысты тілектестік және теріс ниетті қарым-қатынастарына сәйкес әсерін білдіреді;
6) жақын ересек адамның көңіл күйін байқайды.
457. «Өзіне-өзі қызмет көрсету» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) педагогтың сәл көмегімен киінеді және шешінеді, өзінің киімін тәртіпке келтіреді;
2) түймеліктері әртүрлі (сырма, түйме, батырма, «жабысқақ») киімдерді шешеді және киеді; ересектің сәл көмегімен аяқ киімінің бауын байлайды;
3) өзінің заттарын ұқыптылықпен қаттап салады, өзінің шкафын, үстелін, кереуетін біледі.
458. «Шаруашылық-тұрмыстық еңбек» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) асхана бойынша кезекшінің міндетін орындайды: дастарқан жаяды (майлық қағазды, ас ішетін құралдарды, нан салғышты);
2) сабаққа арналған құралдарды қояды; сыныптағы еңбек міндеттемелерін және тапсырмаларды (ойыншықтарды, шкафтарды, орындықтарды жуады, кітаптарды жөндейді) орындайды;
3) үлескедегі шамасы жететін тапсырмаларды орындайды: ойыншықтарды және ұсақ қоқыстарды жинайды, жолды қардан тазартады; ересектің көмегімен қардан әртүрлі заттарды қалайды.

(Жалғасы бар)